




Анбаз
Қаражігітов

МАЙҚОНДЫР



НИИЦ «Мұраттас»

Анбаз
Қаражігітов



МАЙҚОНДІР



роман

Алматы — 1993 ж.

Редакторы: М. ЖАРМҰХАМЕДОВ.

Қаражігітов А.
Қ 41 Майқоңыр: Роман — Алматы: «Мұраттас» ғыл. зерттеу орталығы, 1993. — 216 бет.

Жазушының бұл шығармасына 1985 жылдың сәуірінен буырқана соққан алтынсүрек жылы ағыстан бастау алған қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі ұлы өзгерістер арқау болған.

Ауыл шаруашылығындағы жаңашылдық, еңбек адамдары бойындағы патриотизм, жаңа адамгершілік сананың, туған жерге сүйіспеншілік, қоғамдық мүддеге адалдық қасиеттердің қалыптасуы, аға ұрпақтың жастарға игілікті үлгі-өнегесі Алышбек, Жәнібек, Бекен, Бөйтк, Сәрсен, Айгүл бейнелері арқылы ұтымды жеткізіледі. Шығарманың оқиғасы қою, тілі көркем, жеңіл оқылады. Ауыл өмірі нанымды, әрі тартымды берілген.

Қ 4702250200—00
60(05)00

ББК 84 Қаз. 7-44

ISBN 5-7667-05-73-5

© «Мұраттас» орталығы.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТАРТЫС

Аспаң үлбіреген көкжібектей тұнып тұр. Апта бойы тынбай құйған нәсерлі жауыннан соң, дала көгілдір тартып, манаурап бусанып жатыр. Дала төсінде ойдым-ойдым қаңылтырдай жарқырап тұнған қақ суына бір сөміп, бір тұтанған от-нұр мұз бетінде жанған жанармай тәрізді. Енді сонау будақтан бұрқыраған бұлт бауырындағы қып-қызыл шоқ әп-сәтте табы басылып, қоңырқошқыл реңге бояла қалған. Көк күмбезінің бір тұсы ғана бұрқ етіп атылған жаңар-таудай бұрқыраған жалын, аласапыран ағыс па, шұғыла шаша қалыпты. Дөңбекшіп, тасып, сеңдей соғылысқан алапат самала құйыла ағып, жөңкіле толқиды.

Жапандағы жалғыз үйдің желкесіне шыққан ұрадай ғана төбесіне дейін қия тас өрмелеген, етегін тобылғы мен сыңсыған боз жусан, қызыл балақ изен басқан қарауыл шоқының басында тұрған Жәнібек: «Тәңірім-ау, не көрін тұрмын», — деп селт етіп, өз көзін өзі сұрткіштей берді. Айны қатесіз мыс елі ғой мынау, тасқын ғой мынау! Дәл сол, әне, әне деп бұлт бауырын жүлгелеп жөнелген батар күннің қызыл жалқынына сұқтана көз тікті де, піскен мыс балқыма! Мыс балқыма! — деп оқыс даусының қатты шығып кеткенін өзі де аңғармады. Екі алақанын кезек ысқылап, аяқ асты өбігерге түсті де қалды. Осында келгелі бері екі-үш күнгі іш пысты, құлазыған бойы да қолма-қол сергіп сала берді. «Апыр-ау, мұндай бейуақыттағы көріністі кім байқап, көз салған, ғажап мұнда екен-ау...»

— Пай, пай! Осы кісіні-ай, қайтерсің бұған, бар дүниені бір өзі түгел әкететіндей — деп мұның қасына самбырлап дауыстай сөйлей жеткен бәкене бойлы жұқалтаң сары:

— Сәлем бердік. Жәке, мұнда кеп қалған екенсіз ғой, — деп жаялықтай аузын рақаттана аша күліп, қос қолын ұсынды да, Жәнібектің жауабын күтпестен, екі көзіп даладан алмаған күйі, ымырт жабылғанша әлі жоқ, бұл ма, бұл күннің ұзақтығы жиырма төрт сағат болса, сонша уақыт мал соңында отуге бір жалықпас, — деп тұн туырлығын жамылып қарауыта түскен атырапқа шүйіле назар тікті. Әлгі бір әдемі көрініске — сел, мыс селі боп ағысы тасыған, батар күн шұғыласына телміріп, көзі боталап рақат сөзіміне беріл-

гөн Жәнібек жұқалтаң сарыға жақтырмай алара қарады. Бар айтқаны:

— Келер. Далаға түнемес! — болды.

— Туһ! Мұндай адамды бірінші көруім, — деді біржола түңілген үнмен ол. Өзінен-өзі күйіп-пісіп болып тұр. «Соншалық несі күйіп барады екен. Айдаладағы, қой соңындағы шалмен ұстасып несі бар, ей, мұның?! Сөйлеуік ауыз жыбырлауық деп әйтеуір бірдеңе айтып тұру ләзім болғаны ма?» — деп іштей ыза бұған Жәнібек тұр.

— Келетінін білем ғой. Ағатай-ау, уақыт өтін барады. Уақыт! Ол сағатына қарады. Міне, — деп сағат таққан қолын Жәнібекке қарай созып тез келе қойса да, ырғалып-жылғалып тағы бір сағат отырып алады. Көрерсіз енді. Совхозға барғанша не заман, — әлі ауызы тыным тапқан жоқ. Өз сөзін Жәнібекке мақұлдатқысы келгендей жалғыз осы кісі ме, жолда мен баратын қаншама ауыл жатыр. Олар қайбір лып етін: «Әшір қарағым, асығып жүр екеп деуші еді». Бәрі бір шетінен жәйбасар, шәу тартқан бірдеңе. Қойыңыз енді, мың салсаң бір баспайтын мойынтұрықтың астында желкесін мүйіз басқан баяғы колхоздың қызыл қасқа өгізі сияқты. Әй-әй-й-й, — өбден осылар-ақ зығырданды қайнатып бітті, — деп түгесіліп, таусылып, мұнан сөз ала алмаған ол, «мен не айтып тұрмын осыған» деген кісіше бұған жалт-жалт қараған күйі үйге беттеді. Салдырлап сөйлеп бір өзі дүйім әлемге сыймай жүрген біреу.

— Әже, сәләматсыз ба? — деп су болған тамызығы жанбай бықсыған самауырды түртпектеп әуреленген кейуананың бойын жаздырды.

— Дәуренім келіп қалар ма деп, жүрегім аузыма тығылып... Әшірмісің? Амансың ба? Ел-жұрт аман шығар, — деп шұбырта жөнелген анаға:

— Әкем қайда, әке-ем? — деп бастырмалатып дауысын созған ол — Жонда өлейін деп жүр ме өзі. Қойды біржола түнде жаюға көшкен бе? Әй-әй, осы мінезі-ай, — деді қолын жосықсыз сермеп, түңілген бейнедегі оған:

— Тек, балам, апақ-сапақта, не болса соны сөз деп аузыңа келгенді айта берме. Не шаршас сенікі. Мал баққан кісі өзі біледі. Мал соңына бүгін ерді деп не ең әкенді, — деп анық жақтырмаған сыңайда қабағын кіржің еткізді ана.

— Жайшылық па, — өзі, — деп оның соңынан ілесе келген Жәнібек те тұңғыш рет оған тіл қатты. Әшір сасқалақтап үндей алмай қалды. Өйткені қарт ана да, Жәнібек те едәуір қобалжыған түстерін өзгерте шошына қарап еді.

— Жұмыс... жұмыс бабы, — деген оның сөзін отардың маңыраған, пысқырған дыбысы бөлді.

— Әне, келді, соншама сағынған әкең. Оны не қылушы едің. Тойға шақыра келіп пе ең. Бұл күнгінің жастарына адал еңбек етсең де жақпайсың. Енді «қойды ұзақ жаясың, көш әкелесің», —

деп ұрсатындар да шықты-ау! Қайтіп, жағарсың бұларға! — деп ұзақ сөйлеп шалуытдап кеткен анаға Әшір жауап берген жоқ.

— Ассалаумағалейкө-өм! — деп үнін шүйкедей созып — енді сөз болғанда шешем сазамды берейін деп жатыр еді. Құдай оңдап өзіңіз кіріп келгеніңізді қарашы. — Қане, о кісі таяқтамай тұрғанда, тез аттанып кете қояйық. Жүре қойыңыз, әкедай. Әдейі ұшап шеттегі сізден бастадым. Жолда қаңшама адам тосып отыр. Әрқайсысына осыншама қидіре берсем, — деп көзін алаң еткізіп, кіршің тікireйткен ол — бүгін түгілі ертең де, жетпеспін, — деп мардамсып иығын қомдады. Онысы үйдегілерге ірілік пе, әлде өкімгершілік пе, тіпті басынғандықтай тәрізденіп те кетіп еді. Соңғы кезде сонарда із кескен аңшыдай бір ойдан бір ой, бір тұспалдан бір тұспал қиялға бой алдырған Бекен күйгелек болып алды. Кіммен сөйлессе де бұрынғыдай байсалды, ұстамды, ақжаркын мінезінен гөрі ашушан, шалт теріс ыңғай танытатын болды. Оны өзі де біледі. Себебі де аян. Бірақ, оның мән-жағдайы мынандай еді деп тіс жарып басқаға шешілін сыр ақтарған емес. Құба жон көң өріс далада қалған аузы құлыптаулы қара сандық тәрізді. Оның ішінде не бар, қандай қазына байлық жатыр өзінен басқаға тағы беймәлім. Сонда «Оу, Беке, дер еді, сенен кім ақыл сұрап жатыр. Жаныммен жавылып ақтарылып көпті көрдің, осынау сахараның төсінде бүкіл саналы өміріңді өткіздің, мына ұрпағыңа қуатың мен ақыл, парасатыңның толысқан шағында не айтар ақыл-кеңесің бар, — деп тұрған тірі пенде бар ма? Өзіңе-өзің қылбұрау салып шыбыңды шырқыратасың көп! Ал, аямашы жаныңды! Сонда Бекен мына туған жер намысы үшін шыр-пыры шығып, ел намысы үнін аттандап жүр дейтін еті тірі азамат таба алар ма екенсің. Әй, шалым-ай! Орттен соңғы қалың орманның орнында қалған күйген томардай халінді түсінбейсің-ау! Басқа басқа, ал тәңір берген жеті жапырақ еттен қалған маңдайымдағы жалғыз тірі без Дәуренім, иә, Дәуренім тілімді алды ма? Ой, ең алдымен соны бір саралап, салмақташы өзің! Бүкіл жұртты ақылыма көндірем, соңымнан ертем, Майқоңыр өңірін дүр сілкінтем, сөйтіп, қайраң абызым-ай, сендей батагөй қартымыздың барына мақтанамыз дегізем деп күні-түні аттан түспей, тепектеп қой соңында жүрген түрің мынау! Адақандай отыңның басындағы үш жан өмірі басы бірікпейтін ошақтың үш бұты тәрізді үш жерде, үш қазық боп өзіңмен өзіңсің. Бала — анау. Кемпір... Әй сонда қалған ел сені қайтеді? Кімге дәрікөрі едің сені!». Осындай ой үстінде оны ыза буа ма, атына оқыс қамшы басың жорта жөнелетін. Барып барып, атының басын тартып, сап-сап көңілім! — деп тоқырайтын. Бірақ әлгі аласапыран, мұны шапқа түртетін кілкіген шапыраң ойы қайта табатын. Сондағы биігі басқаның жанын төбірөнтер деп өзін-өзі мықтап шегелейтіні тек намыс, азаматтық намыс еді. Әй, — дейтін тағы кіжініп, «Әлгі «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді», — дегенді бұрынғылар неге айтты. Ал, сол намыс біздің ауыл жігіттерінің бойында жоқ па? Бар! Бар! Өзі-

нен-өзі тентек кісідей айқай салады. Сонда астындағы аты да құлағын қайшылап, ұран естігендей елеңдеп қалатын. Міне, осы мәзек құрлы есі, құлағы жоқ па шіркіндердің. Бар! Бар! — деп бір мезет барқадар тауып, жадырап, марқайып өсер еді. Іле шала: «Әне, қой екем қой да шөптің шүйгініне ұмтылып, бірінен-бірі оза жайылып барады. Ал, бұлар адам, адамзат, саналы, мектеп көрген, тәрбиелі, ұлы мақсаттың иелері емес пе? Келешек биігіне бұдан да жарқын болашақ өмір үшін күрес тек осылардың үлесі. Әй, шама-сы айту, түсіндіру жетпейді-ау! Ей, ата-мекен, сені қадірлемеген, сенің рухыңды көтермеген, даңқыңды ұнпаққа жеткізбеген ұрпағыңа нағлет! Менің дәуірім ақ нық қыран сияқты. Самғауды таңдайды, — деп ойын қорытатын. Сөйте-сөйте «ей, бұлар неге ойланбайды, бар салмақты азғана шалға салып қойы-ып, өздері астамек жүре бөре ме?». Міне, осы тұста қарт қатты қиналатын. Ұзақ күндер бойы өзегін өртеген осындай сағыз ойдың үстінде оралған Бекенге Әшірдің дікілдей қалғаны еріксіз ашу шақыртты. Шопанның теке көзі ұясынан шығып кете жаздады.

— Әй, атшабар, не боп қалды. Айтып әлтірсейші! Аузыңды ашпай жатып «Жүр кеттік!». Немесе, мен сенің жөл айдаған қаңбағың ба едім! Әкеңнің жаназасы өтіп бара ма, әлде, — деп ақырын жіберді. Едәуір кейін қапа боп, түсін суытын айтты.

— Әдеті емес пе бұлардың бірдеңе болар алдында қарабуралап ұрандап, санын сабалап, зөре-құтыңды ала келетін. Тағы бірдеңе болған шығар. Ел тыныш па, әйтеуір, соны айтшы, — деп Тазагүл де шалдың қоламтасына су бүрікті. Ойламаған жерде өзіне бәсе салған мыналарға Әшір не дерін білмегендей, қыбыжықтап қарады. Аузы ашылып келіпті.

— Бұлар сөйтеді енді, — деді бар амалы таусылғандай, жаутаң-жаутаң ұрлық қылған балаша жапақтап — шорт біле ме, барлық еңбекке жарайтын ересек адамды жина деді. Бірін қалдырма деп, қайталап, қадап тапсырғаны тағы бар. Менің міндетім — сол бұйрықты екі өтпеу. Ал, бұлар болса шетінен керенау, жатқан бір дөкейлер! — деп бір жағынан кекетіп, бір жағынан өзінің кім екенін де астарлап, байқатып өткен ол, өзіне жүктелген аса төтенше міндеттің жауапкершілігі есіне түскендей, — мен ерігіп шапқылап жүргем жоқ. Уақыт өткізбеңіз босқа, болыңыз тез! — деді де: — Сіз, әке енді есіп біліп келе жатқан бала емессіз ғой, бір өзіңіз бір елдің басы емессіз бе? Ал, егер... — деп кірпігін жиі қағып, ерні салбырап тұрып қалды.

— Әшіржан, — деді шопан жайымен, — әңкір-міңкір емес шығарсың, ат үстінен түскенім жаңа, көзің көрді. Аз мұрсат берші, ең болмаса бел жазайын. Ұзақ күнге көлік үстінде қалтылдаған көрі сүйек сырқырап, буын-буыным сықырлап, шаруы тозған кеседей қаусап келдім. Мені бекер қажама, менен басқа ел жетер. Бара бер. Қозғалар шамам жоқ. — Ойына аяқ астында бірдеңе оралғандай, жақ жүні сақал-мұртына қосыла үркіп үрпиісіп, тек көзі ойнай

Қалған қарт — Әй, артында сүйреткен сойылы бардай әлгі «ал, егерің не?» ол қай дотың, қай құбыжығы, менің ауылымның сыртынан көп баспалап тұрған? Қорқытқың келе ме өзі. Сөзіңнің төркіні сол-солай екен. Бар! Бара бер! Мойныма қылшыбыр түскейше мен де бір қаракет жасармын! Зор болса, бұйрық бергендеріңе айтып құлағымды кестіретің. Енді қалғаны сол еді, әлгі көр дей ме, қабір дей ме, тағы неменесі еді, сонысына шұнақ Бекең атанып-ақ барайың, — тұтанып, ілезде аңуға булығып шалқасынан түскен Бекеннің мына түрінен Әшір шынымен састы.

— Ойбай, әкетай, мені аяңыз мені! Оныңыз болмайды. Мен де ешқандай доқ та, басқа да жоқ. Ойбай, мен кигіз қазық емеспін бе, басшының тоқпақ жұдырығы қалай ұрса, содай жерге иретін. О не дегеніңіз, сізге күш көрсетіп, Әшір өле алмай жүр деп не едіңіз. Атай көрмеңіз, тіпті ондай пікір өмірі қаперіңізде болмасын! Ал, бүгін сапхозға бару-бармау мәселесі тіпті менің еркімде емес. Басқа тірі жан бармаса да, сіз барасыз. Сіздің есіміңізді бір емес, үш қайталап қалайда қалдыра көрме деп ескерткен. Ендеше, менде тұрған не гәп бар? — деп енді бұта түбінен жалт бұрылған түлкідей айлаға көшкен Әшір мөйменкеге басты.

— Ал, «егер» дегенім, мені жеп жүрген нанымнан қақпасаңыз дегенім еді ғой. Бар жазығым, әлгі сойылын сүйреткен құбыжығым сол болса, оның тұқымын біржола құртайын. Жер асырықтан өткізем, — тамағын қайта-қайта кенеп, бірдеңеге түйілген кісіне — әкесіне күш көрсеткен бала оңған ба, жо-жоқ, аузына бір тайпа ел қараған батағәй әкеңе күш көрсетін... ондайым жоқ, — деп ілезде-ақ бөзер болған одаң көз алмаған қарт қарқылдап көп күлді. Басқалар аң-таң. Ашуы мен күлкісінің арасы қасқағым, қартқа қарап қалысқан.

— Әй, тақылдама, — болды ендігі сөзі оның. — Әшір болғалы тауып айтқан сөзің еріксіз күлдірді. Жантайып жатқан қарт басын көтеріп, қолына шай құйылған кесені алып, сабырлы қалыпқа түсіп, — өзіңді кигіз қазықпын, басшының тоқпақ жұдырығы қалай ұрса солай жерге кірем дегенің бұл енді ақиқат, бар шындығың. Өзіңе берген мінездемең. Енеңді ұрайың, өзіңнің кім екеніңді, кім көрінгеннің қолындағы майлық-сулығы екеніңді біліп, жүріп те адаммың, азаматпын, жер басып, ел қатарлы өмір кешіп жүрмін дейсің, ә? Әне, менің итім де айт десем, сені түпетегіңнен ала түскелі тұр, — деп кигіз үйдің есігі алдында көзі қып-қызыл боп етпетінен жүрелеп жатқан барақ жүнді ірі сүйекті төбетіне бір қарады. Әшірдің маңдайынан мұздай тер білінді. Итке теңегеніне қоржанып кетті. Бірақ адуын қартқа қарсы келер қайраны болмай, амалы таусылып, иығы түсіп, едеуір қиналып-ақ қалды. Бар тапқаны жапақтап қарай берді оның бетіне. — Болмаса осың не жүріс, не тірлік, осымен де жайсаң өмірге келдім, елмен бірге ғұмыр кештім деп өз ұрпағыңа айтамысың, аузың сондай сөзге қалай барар екен сонда! Кембағал дейін десем, қол-аяғың балғадай, ақыл-

өсімде кәмі жоқ, қайратың темір үзеді, тілің тас жарады. Ал, өмір өрекетің кигіз қазық! Әшір манағы жүрелеп тізе бүкпеген қалпында қатып қалған. Ләм деп жақ апудан біржола бас тартқан түрі бар тәрізді.

Бекен қарт едәуірге дейін ыстық шайды сораптай тартып, үнсіздікті қайта өзі бұзды. Көзін Жәнібекке бір қысып қойып «Аузына бір тайпа ел қараған батағөй әкесің» дедің жаңа. Оны мейлі ел айтсын, мейлің сен айт, әйтеуір айтылды ғой. Мен ешкімді аузыма қаратқалы, өзіме тәуелді еткелі жүргем жоқ. Ал, расымды айтсам, алдымдағы бір отар қойдан бөтен тілімді екі етпейтін, айтқаныма ағынан жарылып, көнетін тіріні көрсем көзім шықсын!

— Әкетайым-ау, ел айтқан сөзді айтсам да кінәлімін бе? Әшірдің дауысы жалынышты шықты.

— Кінәлісің! Ол жәй ғана кінә, мін емес, тіпті, қылмыстысың! Қылмыс болғанда да ешбір заң, ожданға сыймайтын, ешқандай ақтауға болмайтын басқаның қол ұшын беруге зәредей құқы жоқ масқара қылмыс ол! — Әшірдің көзі бақырайып барады.

— Ойбай, не жазып едім, қара жерді басып жүргенім де қылмыс болды ма? — Тірі пендеге тілім тиіп, біреудің бетін жыртқан жерім жоқ еді ғой, — оның дауысы бейуақытта боздаған ботадай күдіреніп шықты. — Сонда мен... сонда мен, — деп бір сөзін екі қайталап, не үшін ел бетіне қарағысыз қылмысты болдым, ө? — деген ол екі алақанын жайып, қарттың алдына ентелей таянды.

— Кет, әрі! Оңбаған! Сүйек дәмектен ит сияқтапбай, о несі-ей! Біржола аптығын басып алайын деген кісіше, даусын әлгіден де көтере түскен Бекен: — мөңтеңдеп соншама, әбден дағдыланған өмір әдетін қарашы жексұрынның. Айнымаған ит мінез! — Қарттың зәрілі үні мысын басқан Әшірдің бет-аузы жыбырлап, еріндері діріл қақты. Сен де бір, көл ортасында оққа жығылған құсты иесіне аузымен тістеп жеткізген ит те бір.

— Тұр, жоғалт қараңды болды ендігі кесімді сөзі шопанның.

— Ең бөлмаса, әлгі ел бетін көргісіз масқара қылмысымды айтсаңызшы, өкежан-ау! — деп қайта тебіренді Әшір.

— Саған айтты не, айтпады не? Жүр осылай, «атшабар, барып кел, алып кел атанып! Саған лайық ат на, осы?! Ұятсыз, санасыз Одан өткен дауа қонбас қылмыс болған ба?..

Бекен қарт Әшірге сөйлей жүрін, тез жиналды. Есіктен шығып бара жатып артына бұрылып, кідірген ол:

— Жәнібекжан, бүгін шешенде серік бол! Әйтеуір ұйықтап қала көрме! Әбден мелжеңдеп тойған мал өзі де тапжылмас. Әйтсе де ит-күс деген жазым бар екенін ұмытуға болмайды, — деген. Үйден сөйлеп шыққан бетінде.

— Әй, Әшір, сен мені әкетуін әкеттің, ал, албасты да алғанын орнына салады демекші, қай уақытта қайтатынымды айтшы. — Оны бара көресіз. Менде ерік болса сізді осы түнде жеткізем.

— Бұл не төтенше шақырыс? Соның жөнін айтшы? — деп тағы

кідірді Бекен. Қырсық шалдың қитығына тиіп қалам ба, деп сасқан Әшір мана әлдекімдерден естігенін сол қалпы жайып салды.

— Совхозға жаңа директор сайлайды дейді.

— Жаңа директор сайлайды?

— Солай дейді, — деп айтарын айтса да, не астынан, не үстінен кетермін деп көкейін күмен бұғаң Әшір тап басып сене алмай тұрғанын аңғартты.

— Оу, мынауың жаңалық екен. Кәдімгі совхоздың директорын сайлайды дей ме? Сонда? — деп ойда жоқта төгеннен естілген сөны хабарға едәуір елеңдай қалды Бекен. Бар әейінін аударып, Әшірден жауап тосқан сыңайы бар.

— Сойтіп, — деп құлана жымың еткен Әшір аузың ашып, арқасын басып, сүйегіне дейін көріп, ақыл-есін таразылап қолайыңызға толса ғана ел басқаруға жарайды екенсің дейтін боласыз.

— Әй, сен қылжақты қашан қоясың? Сол директрді таңдайтын мен деп тұрмысың.

— Әрине, сіз, сіздей ел ақсақалдары, халықтың жеті қабат жер астына сіңген тамырындай батагөйлері, ұйытқылары таңдайды. Біз қостаймыз.

— Қоштағышың бұл неменің, мәшиненің бәрәнкасынан қолы бо-самай жүрін... Екеуі жол үстінде көкке дейін үнсіз келе жатты. Кенет Бекен:

— Әй, бұл ақылды қайдан таптың? — деп Әшірге бар денесімен бұрыла қарады.

— Қай ақылды? — деді қарсы сауал қойған ол ештемеге түсінбей.

— Әлгі директр сайлайды дегенінді айтам.

— Түу, әке-ай, сіз де қызық екенсіз. Қазір бара анық-қанығын білмейсіз бе? Менің сырт естуім. Райком секретары келді. Олай болады екен, былай болады екен деп жұрт дүрліктіріп жүрген. Менімен кім ақылдасты дейсіз. Естіген құлақта жазық жоқ, естігенімді айттым. Бір пәлеге қалдырарсыз, түге, — деп айтарын айтса да Әшір анық сасуға айналды.

— Саған келер пәле бұ сөзде емес, — деп тағы бір көзге көрінбеген қауіп-қатердің шекесін қылтитқан қарт: — «Бәсе, сол жоғары жатқан бір күн түспесе, бекерден бекер ел даурыға ма, шамасы бір ізгілік ой оріс алғалы тұр-ау! — деп ойлы қалыпқа түсіп бар назарын Әшірге бұрды да:

— Әшір сен, осы сөзге түсінесің бе? Кісі айтқан ойды зерделейсің бе? Жоқ, жел соққандай өтті кетті ме саған бәрі, — деген оның теке көәі ойнай қалған.

— Е, мені таза неше көремісіз. Түсінем. Ойлаймын. Ана тілінде сөйлеген сөзге иланбасам, сорымның қайнағаны да...

— Ә, дұрыс екен оның. Мен сені таза осы жолыңдағы сай-сала, шұңқырдан басқа түкті білмейтін, әшейін көзге көрінгенді ғана қара тұтар пенде көрсем, кешір онда.

— Сіздер сөйдейсіздер ғой, — деп әдеуір қабаржып, реяжіп қалды Әшір.

— Әй, ақымақ, босқа қана болма! Егер менің айтқанымға түсіп-сөң, айтшы, қане, ертең мен өлем, амау Бәйтік те өледі, қысқасы, шал біткен құриды. Сонда осы елдегі шаруаға ие кім? Кімдер?! — шалдың даусы түнгі далаға жаңғырығып шықты. Әшір Бекеннің бетіне жауаңдап қарай берді. Қолы баранқада. Көзі қартта. Аузына жөпелдемеде сөз түсер емес. Шақшиып шал отыр. Бекеннің тосын сауалы Әшірдің жаңын жеп барады. Қазір мың тарау жолдың үстінде келе жатқандай. Қай бағыты дұрыс, қайсысына түскені жөн. Түнгі жарықта бозжыландай претіле, бұлтара қапқан шаңдақ жол лайсаң судай көзіне бұлдырап кетті. «Рас-ау, біз әлі өштеме ойламаймыз. Егер солай болса...» деп тебіренді ол іштей.

...Совхоз еңбекшілерінің бас қосуы қызу басталды. Көнтөн осындай келелі кеңесті аңсап күткендей естияр еңбек адамы түгел келіпті. Шағындау зал демін ішінен алып, болғанын, әлі де боладысы қызық, тосын, сырлы жиналыстың мән-мазмұнына аңтарыла құлақ тұре қалған. Жиналысты ашқан партком хатшысы Сапар ойын қысқа түйді. Әдеттегідей кіріспесін де сағыздай созбады. Соаді бірден аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына берді. Маңдайы қасқалана бастаған дөңгелек жүзді, өткір қоңыр көзді, кісі айтар ойын салмақпен жүйелеп, жіліктеп жеткізді. Айтар пікірінен қойған сауалы көбейіп барады. Әр сөзін екшеп, қолмен қаққан шегедей нақтап, тыңдаушыларын тапжылтпай ұйытып тастады. Биязы дауысы бірте-бірте салмақтана түскен.

— Өздеріңіз айтыңыздаршы, — ол болар болмас қана мүкі дауыспен тамағын кенеп, залға бар ынта-пейілін аударып тігіле қарады. Көпшілік сілтідей тынған күйі жаудыраған қалпынан өзгермей үнсіз қалған, — осы өздеріңіз мекен еткен Майқоңыр өлкесінде бүкіл ата-баба, одан кейінгі ұрпақтың, бүгінгі мына сіздердің, ғажап атақ-даңққа бөленген өмірлеріңіз хатқа түскен жазудаы сайрап жатқан жоқ па?! Туған жер тарихы сыр шертсе, оның өшпес шырағы сәуле шашса, делебесі қозбас ұрпағы болады деп ойлау маған қылмыс боп елестейді. Көпшілік қозғалақтап, сендей сықырлап кетті. Әсіресе қарттар кірпіктерін жиі қағып, зордың күшімен сабыр сақтап отырған тәрізді. Алдыңғы қатардан орын алған Бекен қасындағы Бәйтікті шынтағымен оқыс түртіп-түртіп қалды. «Тыңда, етіңнен өткен ащы сөз енді сүйегіңе де жетер», — деп күле құлағына күбір етті. Қабағы түсіп кеткен.

— Ендеше қасиетті туған жер мен ел қадірінен асыл, одан қымбат не бар? Оны атамекен — деп тәуеп етіп, бір уыс топырағына, кіндік қаны тамған жерге бас имей өткен аға, өке-шеше, батағай ата-баба болған ба? Туған жерден береке жетсе, әлінен абырой кетеді демей ме халық, — ол жай сөйлесе де сөздің майын тамызып, тыңдаушының шымбайына шымшымдап батырып бара жатты. Ұшқан шыбын ызылы естілер тыныштық орнағалы қашан. Әлі де

айтыңқыраса, жеріне жеткізіп, күл басқан, қоқысы көмілген ойсыздардың санасына сәуле құйса дегендей, қас қақпай отыр көпшілік.

— Соноу жылдарда, мен елуінші жылдарды айтам, атағы бүкіл Отанымызға жайылған іргемі, берекесі тасыған ел, тамаша шаруашылық соңғы аз жылдар ішінде құрдымға кез болған өзендей арыны басылып қалғаны несі? Мемлекетке үш миллион сом қарыз болуының себебі неде? — Оның өткір көзі бүкіл залды өзіне қаратып, аз кідірген.

— Еңбек тәртібінде!

— Жауапсыздықта!

— Әлсіз басшылықта!

— Ысырапқоршылықта! — Әр жерден суга күмүз-күмүз түскен ауыр тастай зілді дауыстар бірінен бірі асып, жаңғырығып, жұрт қозғалақтап кетті. Аудандық партия комитетінің хатшысы оң қолын көтеріп, аузы сөз ашылған бойы, залдан көз алмаған қалпы аң-таң тұрып қалған. Көп жылдар бойы жауапты қызметте бола жүріп, дәл осы сәттегідей жаны езіліп, толқып көріп пе, сірә. Өзіне күні-түні тыным бермей, іштей жегідей жөп келген бері тіс сауалына дәл осындай нақты жауапты, пышақпен кескендей етіп кім, қашан беріп еді. Қас қағымда осы ой көкейін жарып, жүргі елжіреген ол қапелімде шынайы сезімін білдіретін оңтайлы сөз аузына түспей сасқалақтап та қалғандай еді. Өзі өз болып, қанша ма беделді жиын, белгілі мәслихат кеңестерде, бас қосуларда көп алдында сөйлей жүріп, тап осындай асыл ләззат демін татып па! Манадан бері айтылған өзекті ойы бір тайпа жұртшылықтан бұған салмағы қорғасындай, түйні айнымас анттай төрт-ақ сөзбен, төрт-ақ ауыз сөзбен жетті. Төрт-ақ ауыз сөз! Мына сөздер жанартаудай атылған өрге сүйрер қуат күш, ырыс несібе, өршіл талап болып, енді бірде бұған дейінгі етекбасты ездiк, берекесіздік, сүттей іріген тұрлаусыздықтың түп төркіні де осы болып көрінді оған. Көп жылғы тәжірибесі адастырмапты. Осылай болар-ау деген жорамалы, топшылауы, күткені алдынан шықты. Ақиқат қашан жасырылған! Бар шындық қолға түскен ұрыдай қарсы алдында тұр. Едәуір тежеліп қалыпты. Іле сергіп:

— Ағынан жарылған, дөп басып, тауып айтылған шындық бұларыңыз. Өте тәптімін, — деген ол өзінде бұрын-соңды болмаған тың әдет тауып, сөзінен озып басын қайта-қайта изеп те қалды. — Кеселді анықтаған білгір дәрігер оны жазбай қоймайды. Ендігі жерде әлгі өздеріңіз тап басып, төбесінен түскен олқылықтан қалай тез арылуға болады? Залға қараған назарында манағыдан өзгеше ажар бар, ол бетіне күлкі тұндырды да:

— Ол ерікті осы көптің өзіне береміз. Халық өзі шешсін, — деп ендігі жердегі бар салмақты көптің өзіне аудары бергендей сынай аңғартты.

Ұзаққа созылған қыстағы сіреу мұз, сұр қары қатты нәсерден

жұрт сөгіліп асты-үстіне шығып енді іркіліп байланған сендей жұрт тына қалған. Көкіректерде жылы ағыс, баз-жүздерде ыстық сезім.

Әр уақыттың өз өлшемі, өз шешімі бар. Бүгінгі өмір талабына кешегі көзбен қарау қателестіреді. Бізге, қателесуге, жаңсақ, алдамшы сағым елеске жол беруге ешқандай кешірім жоқ. Әрбір адамды қоғамнан, қоғамды дәуір көшінен бөліп қарауға еш қақымыз жоқ. Жеке адам, еңбек адамы — шешуші күш, ол бүгінгі қоғамдық қуат. Сондықтан партиямыз еңбек адамының көкейіндегі асыл мұраттың, орындалуы тең өмірді жаңаша құруда деп біледі. Еңбек — адам, адам — еңбек. Екі құдірет, егіз құдырет қана дүниені жаңартып, тарихи ұлы оқиғалар жасай алады. Партиямыздың өміршең нұсқауы сіздерге бүгін әлгіде өздеріңіз айтқан төрт ауыз сөздің бірі әлсіз басшылықты іскер қабілетпен, ойлы, білгір ұйымдастырушы тың тәсілмен айырбастау еркін беріп отыр.

— Рахмет!

— Нұр жаусын сізге.

— Көп жаса!

— Міне, халық тілегі.

— Баяғыдан бері осылай болса ғой...

— Айналайын, парасатты көрегенім-ай.

— Сенің құрбаның болайын партиям! — деп бірінен бірі өктем шыққан үндер жамырап кетті. Жырақ шалғайдан күркірі естілмей жалт-жұлт ойнаған жасылдай жеке дара дауыстар зал ішін кернеп алған. Аудандық комитет хатшысы көпті бағып көз алмай тұр. Оған мына дабыр-дұбыр, оқыс қимыл үстінде өзара қауқылдасқан көптің ажары әлемге толып алаулап шығып келе жатқан күннің нұрын елестеткен. Қарға аунаған түлкідей қызалаң жүз, ақжарқын бейнелерден өзгеше жаңа тың серпін, сезім аңғарған. Басқаша бір самал желіп өткендей ме, көп желініп кетті. Іле сап тынды. Көпшіліктің ойлы пішінін бұрын көріп аңғармағты-ау! Хатшының жанарына бетін күн шуағы шалған тау алып денесімен шайқалып тұрғандай ма, толғатқан аяулы ана тұлғасы ма, әйтеуір, бір соны көрініс елестеп еді. Әркім өз отауының түңдігін ашып, төріне көз жүгірткен. Әр жүреkte ат басындай алтын жатыр қазір. Бірінен-бірі қымсынады, бірінен-бірі жасқанады. Суырыла шығып, көз алдында, менің ұсынысым осы, халық көкейінен шығады, үмітімізді ақтайды деп кесіп айтуға, көшілдік беруге, ағынан жарылуға жүрексінетін тәрізді. Не астынан, не үстінен кетем бе деп абыройсыз жаңсақ, ауыз күйер ұсыныстан қашқалақтаған жұрт өз ойларына малтығып қалды. Толқыны басылған айдындай тұнып, қыбырсыз отыр. Осы өлі тыныштықты тағы хатшының өзі бұзды. — Партия мен халық егіз. Сіздер кібірткітеп, жүрексінетіндей ештеме жоқ. Әркім ұйымдастыру қабілетіне сай іскерлік пен қоғамдық мүддеге адал, бүгінгі өмір талабын зергерлікпен түсінеді деген білікті азаматты совхоз директоры қызметіне ұсынуға толық қақылы, — деп кеп түйткілді таратып, төте бағдар берді. Айтарын айтса да, қалай

болар екен деген жылымыш, суғанақ қауіптен де ада емес-ті. Біреу оны, біреу мұны, жақын туыс, қимас жолдас-жора, көңіл жақындарын тықпалап, жаяу көкпарға салып кетпесе неғылсын деп те ойлаған: Халық айтса, қалып айтпайды. Көп адаспас болар. Көп алдында адасқан оңбас. Адасқанды жөнге келтіретін де осы — көп. Ендеше, халықтың бағытын, шешімін тосқан жөн деп түйген ол. Өздері таңдасын, толғансын...»

Манадан жап-жағына қараңқырап, жайтақтап отырған Бәйтік жасқаншақтап барып, қолын көтерді. Өзі де созалаңдап орнынан өрең тұрды.

— Сөз қарт коммунист, шопан Бәйтік Садыровқа беріледі, — дегенде ол іле сайрап сөйлеп кетті. Айтарын жаттап алған кісі тәрізді. Бірақ мінбеге бармады. Бетін көпке бұрып тұрып:

— Қадірлі ауылдастарым, құрметті райком Бақыт Батыровыш, — деп артына хатшыға бар денесімен бұрыла бір қарап алды да: — Бізге шешуі қиын жұмбақ тастады. Өзі өте қызық, мән-мазмұны жаныңды жадыратып, жүрегіңді ерітіп барады. Ал, бірақ... сәл кідіріп — шешуші қиын жұмбақ дейтінім мына — ол қолын сермеп ұлан байтақ көң етек, мол пішілген бір кездегі дәулетті дәриядай тасыған, ал соңғы жылдары көзін өлік басқан бұлақтай өлусіреген шаруашылықты, шаруашылықты емес-ау, осынау көзі жәудіреген ақшаңырақ дарқан елдің жанын түсініп, ойын оқып, көңілін тасытатын, оны басқара білетін сегіз қырлы білікті адам тап дейді. — Қарт желкесін қасып, қолын сиғызатын жер таппағандай сақалына жармасты. — Бұдан қиын жұмбақ болар ма? Ел басшысын өзің сайла, бірақ ол бірегей болсын! Аузы күйген үрлеп ішеді.

— Бәйтік осы сөзге түйіліп қалғандай едәуір кідірді. — Бұған дейін не, бұған дейін осы совхозды басқаруға, соңғы он жылдың бедерінде бес директор кепті. Олардың өрге басқанды кері кетіріп, кері кеткенді омақастыра құлатқанын қайсың көрмедің, қане, ойланшы! Бәрін мына көз көрді, бәріне кеудеден шықпаған жан бейбақ төзді. Соның кесірі емес пе, таудай даңқың төбедей, төбедей адамың кенедей болдың! Ауылыңнан сәулет, жеріңнен дәулет безді. Енді аянар нең қалды. Ар-намыс атойлап алдыңа келді, көтер басыңды, сілкін!

Айналайын партия ел басшысын таңдауды еркіңе берген екен, несіне тосыласың. Таңда, тайсалма! Атын өзің ата! Ағыңнан жарыл! Бірақ ол әлгі сулы жерде асып, сусыз жерде қуырып жейтін болмасын. Көзі жетіқат жердегіні көретін, зейіні жетіқабат жердегіні сезетін, ақыл-тегеуіріні темір үзетін таңмен атып, күнмен шығатын, жақсының мерейін асырып, зұлымдықты жер қылатын, көптің көкейіндегіні көзінен, ойындағысын қимылынан танытын өзі майлық, өзі сулық кісі болсын. Сондай басшың болғанда сенің даңқты ел атағың қайта дүрілдейтініне күмән жоқ. Ондай азаматың бар. Бі-

рақ оны, уа, халайық өзің тап, есімін өзің ата, — деді орнына бөттеп.

— Оныңыз кім?

— Қайда отыр?

— Өзіңіз-ақ атып атаңыз енді.

— Қайран абызым-ай, ен-таңбасына дейін ағады-ау!

— Неге ғана өзі ұсына қоймады екен, — деген қадау-қадау жалқы дауыстар қатты қаумалай берді.

— Мен, оу, ағайындар, болашақ басшының қандай болуы керектігін, оның бойына тән қасиеттерді санадым. Ендігі ерік өзіңде, таңдау сендердікі, — болды оның жікжапар болған көпке айтқан тоқтамы.

Көпшілік желсіз күңгі мұхиттай қайта тына қалды. Мына сөзден кейін сан-соқты ағаттықтан жасқана ма, олар бір-біріне қарайлап, батыл тәуекелге бара алмай, қипақтап қозғалақтай берді. Ашып атып атап, мынауым деп біреуге айдар тағар түрі жоқ. Биік жардың басына кеп «Ал, көр!» деп секіруге батылы жетпей тұрған тобыр тәрізді. Зал ішін қайта-қайта тінте қарап, сөз ала қояр ешкімді көре алмаған Бекен қолын көтерген бойы орнына жіті тұрды. Ол жедел басып, баяндама жасайтын кісіше Бақыт Батыров тұрған мінбеге таяп барды. Қалтасынан орамалын алып, төршіген бет-аузын, мойнын ысқылап аз тоқтады.

Ұшқан шыбын дыбысы естілер мүлгіген тыныштық орнады. Бекең асығар емес. Орамалын бір сілкіп, төрт бүктеп қалтасына сүйгітті. Қолына бірдеңе жұғып қалғандай екі алақанын ысқылап, теке көзін бақырайта залға қарады.

— Оу, әлеумет — деп сілтідей тынған жұртты өзіне серпілтіп алып, қарағым Бақытжан — деп хатшының ықпалын зерделеп-жанымызды жадыратып, еңсемізді шырқауға көтеріп тастадың-ау! Бүгін аузыма тас салып шығып ем. Сөйлемеспін-ақ деп бекініп келген жайым бар еді. Сөйтсем оным ағаттық екен. Ел мен жер тағдыры сөз болып уақыттың тұлпары арқырап, ауыздығын қарш-қарш шайнап, ұлан асып бара жатса, шаң жұтып, бөстек қағарың мен болғаным ба? Жоқ, жоқ! Қарашы міне, уақыт ұраны атойын салып, делебемді қоздырып жіберді. Дәуірің үн қатқанда керең боп, кеше боп меңірейіп қалу сорлылық! Сорлылықтың артында не бар? — Көзі от болып қарады да: — халықты данышпан партиям кеңеске, ақылға, жаңаша ойлауға шақырса, неге сөйлемеске! — Осы мен ағат кетіп бара жатқан жоқпын ба дегендей зал ішін бір барлап сұраулы бейнеде, — әр дәуірдің көктемі бар. Тоң бұзылмай, шөп бойлап еспейді. Жаңа Бақыт Батыровты осы елдің мойнындағы мемлекетке қарыз үш миллион сомға жетті дегенде қара жерден кірерге тесік таппадым. Шыбын жаным шықпай, құр сүйегім отырды. Айтындаршы, ағайындар, мемлекетке қарыз болу деген не сұмдық! Одан өткен масқараны тапшы? Иә, оның саған бермегені бар ма, сенің алмағаның бар ма! Сонау, отызыншы жылдардағы қолхоз кезінде

де мұндай масқараны естіген емесін ол түніліп, мұқап жасып қалды. Теке көзі ежірейін, қайтадан шығын кезек қозғап. — Еңсенді көтер елім, дүр-дүр сілкінер шағың туды. Ал совхозға жаңа басшы ұсынуға келсек, мен адам танысам, партияның, халықтың сенімін ақтау, ол жас демесеңіздер, анау отырған деп қайратты шашы маңдайын жапқан қара торы жігітті нұсқап; — шопан Алыпбектің қолынан келетініне сенем! Дапа халқымызда «Отыңды шапқанға жаққыз, малды тапқанға баққыз» деген ұлағатты сөз бар. Жан бақпаған ар бағады, арлы адам абыройлы адам. Абыройлы кісі — өл қадірлісі, — деп тақпақтап барып тоқтады.

— Алыпбек?

— Алыпбек дей ме?

— Тапты, тапты!

— Шопаннан директор қоя ма?

— Қойса не, істей алмайды деймісің! — Бекен екі қолын бірдей көтеріп дабырлап, шуылдай жөнелген көпшілікті тоқтатып — мен өзім ұсынған Жапдыбаев туралы екі-ақ ауыз кепілдік айтам. Берер мінездемем де сол. Алыпбек — он алты жасынан, әкесі марқұмның шопан таяғын ұстаған өнегелі жас. Одан бері он жыл өтпті. Осы жылдар ішінде оның отарынан бір бас мал өлді ме? Жоқ! Ал, өнім ше? Әр жүз аналықтан 115—120 қозы! Жүн төгіні өз алдына. Етке Алыпбек тапсырған қозы қойдың салмағын береді. Сондағы оның құпиясын қайсың білесің, айтшы, қане!? Зал ішін көзімен сүзіп шықты. Сол Алыпбек шопан таяғын ұстап жүріп инстот бітірді. Өзіміз партия қатарына алдық. Асыл — таста, өнер — жаста! — оның бойындағы әдбек сүйгіштік қасиет, елгезектік, аспас-саспас мінез үлкен шаруашылықты басқара алады деген сенім артуға жүрегімді кәміл көндірді. Қалауыңды көпшілік өзің біл, — деген ол орнына отырды. Зал желпіне дүр сілкініп қол соқты. Көпке дейін өзара сөйлесіп, сөз қуған жұрттың дабыр-дұбыры басыла қоймады. Дүрлігіп, еті қызып, алыстан шабыс көріп келген жүйріктей біреу ден біреу оза сөйлеп кеткен. Аудандық партия комитетінің хатшысы мінбеден түсіп, президиум столына жайғасқан. Көпшіліктің кемерге ұрған толқындай қазіргі қимылын, шат күлкі аралас өзік-күлкісін бағып қана отыр. Жиналыс тізгінін қолына алған партком хатшысы Сапардың үні шықты.

— Тағы кімде ұсыныс бар? — Зал тына қалды. Мына түрінде, басқадай ұсыныс айтатын сыңай таңытпаған көпке қолқа сала беруден жалыққандай Сапар:

— Уақытты бекерге өткізбейік, ертеңгі жұмысты да ойлайық, — деп келер күн қамынан хабар берген боп өзіпше емеуірін танытты. Онысы сыпайы шықса да, іштей «не бөгеліс, бұл, өздеріңе ерік бергендегі халіміз осы болғаны ма, әй, шіркін, көпшілік-ай, осындай бық-бық қазанда қайнаған бөкпендей болатының қиын-ау», — деп едәуі қапаржып та қалған еді. Әрине, ол ойын жария етуден аулақ. Осындай дағдарысты анық байқаған біреудің «Бір директор

ұсынылды емес пе, бір орынға енді қанша кісі талапқа», — деген жауап өктем дауысы шықты.

— Болды, болды ғой. Не қосарланатыны бар, — деген оны қоспаған үндер де әр тұстан естілген. Осы алашабыр бұлттай әлі де орнықтаған көпшіліктің назарын қолын көтерген Алыпбек бөлді. Сөз сұрағаны. Жұрт оған аңтарыла қарап қалды. Шалқақ иықты, орта бойлы нығыз денелі, күн қақты қоңыр жүзді, қара көзі шоқтанған ол залға қарсы қарап, сөйлеп кетті.

— Құрметті әлеумет, мені бәлсініп, өзінің бағасын асырғалы тұр деп ойлай көрмеңіздер. Халық — семімі — зор жауапкершілік, салмақты міндеттен тұратынын түсінем. Сенімнің қасиетті ұғым екені өз алдына. Пейілдеріңізге басымды иің тағызым етем. Қазір қысқа сөзбен көңілімдегі сырымды айтсам, маған артылар сенім — алдыма түсетін күн сайынғы бір отар қой емес. Қыруар саласы, қиян асуы, нелер тоспа, сарқырамасы, толарсақтан саз, тізеден су кешер тұзы мен соры, яғни ащысы мен тұщысы аралас қияпат өмір! Ол — көлемді, күнде жас терідей созылатын ірі шаруашылық. Ал, оны басқару, күні бұрын айтайын алдарыңыздан өткенім, өтінгенім, қолымнан келмейтінін ескерткім келеді. Сенімге не бола алмағанымға кешірім сұраймын.

— Әй, не дейді мынау?

— Лағып кетті.

— Құрметті білмегені ме? — деп бірсыпыра көпшілік шоқ басқандай үрке қалды. Лап етіп жанып сенген қусақ шөптей селкеу, шаңжау естілген дауыстар өшіп, жұртшылық тым-тырыс отыр. Әсіресе Алыпбектің мына мінезі Бекенге қатты батты. Қара санына біреу біз тығып алғандай орнынан атып тұрды. Тіпті, сөз де сұрамады.

— Қошқар болар тоқтының маңдай жағы дөң келер, адам болар жігіттің етек-жеңі кең келер дегеннің, апырау расымен бекер болғаны ма? — Ол морт кетті. Сақал, мұрты діріл қағып, өзінен-өзі тұтанып тұр. — Әй, қарағым, сен алдымен көзіңді ашып, үлкенкішісі алдында отырған халыққа қара. Сосын адамдық, азаматтық арыңды таразыға сал. Арың жаныңнан жеңіл болса, бар қайда кетсең, онда кет, ел көзіне көрінбе, жоғал, жоғал! Не сауда болмаса! Білімің де, тәжірибең де, он жылғы шаруа бағып алған, жүрегіңе түйген дәрісің де жетеді. Бойыңдағы барыңды берсең, ел риза, міндет орындалады, сенім ақталады. Беталды, ол несі! Қиынқыстауда қиыншылықпен жекпе-жек шығатын азаматын көрін, ел сыйлағанға соншама шалқақтап! Түсіңсең бұл халық ұсынысы, партия ұсынысы. Халық екі сойлемейді, айтылды болды. Көптің шешімі — сен! Артық кеткен жоқ па дегендей Бекен көзі шақшиып, аудандық партия комитетінің хатшысына одыраға қарады. Ашуланғанын кім көрген, бет-аузы түктеніп, қалт-қалт денесін зорға ұстап тұр. Манадан тік тұрған Алыпбек ~~дәл осылай~~ бөл бетіне қаны теуіп, терлеп қоя берді.

— Обал-ақ, бұдан артық зорлық болар ма, төрт аяғынан тұра-лап, қарызға белшесінең батып, опқа құлап бара жатқан... дей берді аузына басқа сөз түспеген ол.

— Сол оштан алып шығасың. Халқың айтса қабағың шытпа! — Бекен кесіп тастады.

Осы бір аласапыран әрі тарт, бері тарт сәтті пайдаланды ма, арт жақтан:

— Менде бір ұсыныс бар, — деген барқыраған дауыс шықты. Көптің мойны солай бұрылған. Қаныбек екен. Түрегеп тұр.

— Алыпбек ағынан жарылып, кеудесін ашты. Аузынан ана сүті кетпеген, буыңы қатпаған жасқа бір тайпа елдің тағдырын сеніп тапсыру — отнең ойнау. Инстот бітіргеннің бәрі кемеңгер емес, қой баққаннның бәрі — құйма жүрек, жерөзек тұтқыр шаруа емес. Мұнымыз көпе-көріне қиынат деп жаны ашығансыған — жаңа өзі айтқан жоқ па, бір отар қой емес, бір совхоз бұл. Сап-хо-оз! Ендеше, қинамайық оны. Басқа адам да бар. Мен Шекербекті ұсынам. Көп жылдан осы шаруашылықтың ыстық-суығына күйіп-жанып келе жатқан зоотехник ол. Қолына берші билікті қалай жорғалатар екен. Міне, сенімді азамат. Мейіздей қатқан десең, мейіздей қатқан, сөктей қуырылған десең, сөктей қуырылған, — деген ол қалай қопарыла көтерілсе, солай жалп етіп отырды.

— Әне, ысылған кісі керек болса!

— Майлы шектей айналдырсын.

— Ыңыранып отырып-ақ бітіреді бәрін, — деп алып қашқан шыңы мен оспақ кекеесіні аралас дауыстар гүлдей жөнелді. Әлгіде ғана бір кісідей Бекеннің ұсынысына ду қол соғып бас шұлғыған көпшілік қас пен көздің арасында сабындай бұзылып жүре берді. Шекербек көзінің астымен төдірегін бір сүзіп өткен. Іші едәуір жылып қалды. Мұны жақтайтындар да аз емес сияқты. Бұған тілектес көздер күлмеңдеп, еріндері ашылып, тістері ақсиган, бастар изелген. Қаныбектің шоқтығы мүлдем биіктеп қапты. Аты бәйгеден келгендей алпамсадай кеудесін ашып, ақ көйлегінің түймесін ағытып жіберген. Терісіне сыймай алақ-жұлақ жан-жағына ұрына қаранып отыр. Қайта-қайта тамағын тас тұрғандай кенеп, іштей «Ә, бәлем аяқ астында директор бола қойғың келіп еді, ол есек дәмең бола қоймас. Көрсетейін мен саған тегін жатқан батпан күйрықты! Озат шопан дегеннің өзіне құдайдың кең даласына сыймай талтаңдап кетіп ең. Директор болсаң, төбемізде ойнарсың. Жо-жо-оқ, ол тықыр мен бұл тықыр үйлеспейді. Омақаса құлаған жерің осы шығар. Шекербек те ешкімнен кем емес. Сенің сенгенің анау ғой, иә, өзі өле алмай жүрген сорлылар кімге пана-а»... — деп бір тоқтаған. Алыпбекке атар оғы болмай кіжініп отыр.

Бақыт Батыров совхоз парткомы хатшысына қарады. Жиналыс алдында партбюро мүшелері бас қосып, совхоз директорына лайықты кандидатураны таңдау, оны сайлауды қалай өткізу едәуір талқыланып, сөз болған. Мүмкіндігінше бос жамырама сөзге жол бер-

меуге, бұқараға партиялық ықпал арқылы жаңа басшыны таңдауға барыпша кең ерік беруге келісілген. Жиналыс қанша кісі ұсынса, әрқайсысын жеке-жеке талдап, ерекше қабілет, іскерліктері, мінез, қарақетіне дейін саралап, саямақтап, көптің талғамы жеңгеніне тоқтау-тұжырым болған. Айрықша бір ғана келісім жоғарыдан ешқандай ұсыныс жасалмайтындығы еді. Халықтың өзі қалаған, таңдаған, ерекше сенім артқан кісісі ғана, онда да көпшіліктің жа-сырын дауысына түсіріп, көп дауыс алып, жеңіп шыққаны ғана ұсынылған қызметке лайық деп танылсын деп шешілген. Сөйтіп еңбекшілердің өз еркіне берілген сарапты кеңес тамаша басталып еді. Сол партбюро мәжілісі күткендей ұстамды ұйымшылдықпен өтіп келе жатқан беделді жиналыс, аяқ астында ащыған сүттей іріп жүре берді. Жамыраған қойдай дуылдасып кеткен көпті Сапар зорға тыныштандырды да:

— Жолдастар, естіп отырсыздар, кандидатура екеу болды. Тағы да ұсыныс бола ма, әлде осымен шектелеміз бе? — деп дауысын кө-терді. Қара көлеңкелеу бұрыш жақтан біреу қол көтерді. «Ұят болмаса нетті. Көпшілікке ерік берудің кейде осындай берекесіз жарыспасы болады. Қайтсем екен». Сапар қысылды. Әлгі қол көтерілген тұсқа жұрт жапырыла бұрылған. Белгілі тракторист «K-700» алыбын жүргізуші Сәрсен екен. «Керең Сәрсен», «Тонна Сәрсен» атаған ауыр денелі жігіт орынан тамырынан қопарылған теректей шұбатыла тұрды. Оны жақтырмай, ала көзімен шаншыла қараған Қаныбек бұқтырып тастамақ болып:

— О, ділмәрім, трибонаға бар. Сайрашы бір. Көптен үніңді есті-ген жоқ едік, — деп қағытып еді, Сәрсен:

— Трибона менің не теңім, жетеді осы ара — деп шегініпектен қозғала қоймады. Солбырап бей-жай тұр.

— Бар, барсайшы. Пенде боп сенің де сөйлегеніңді естіік, — деген әйел дауысы, сықшылықтаған күлкі естілді. Қайнысына әзіл-деп жатыр. Бірақ, тұрарын тұрса да, әлгі шаншудай қадалған сөз-дер қанша жанына батса да, Сәрсеннің аузынан жуырда сөз өріле қояр түрі байқалмады. Солбырайып, мойнына ашық аспанда су ке-тіп, маңдайынан шып-шып тер біліне қапты. Тойпаңдап айтар сөзін қалтасынан іздеген жандай, екі қолымен жанқалтасын тінткілеп тұрып алды. Оның анық қысылғанын, аузына сөз түспей тұрғанын көміл аңғарған Қаныбек кекетіп:

— Оу, Сәке, халқың аузыңа қарап қалды. Сөзбен айта алмасаң, қағазға жазып бер. Тіптен болмаса тілмәш па, немене еді әлгі, хатшы ма, аты құрғыры да тіліме оралмай жатыр, сөз жазатын се-нің ойыңды мына мүбәрәк жұртшылығыңа жеткізетін кісі іздейік. Оны да өзіңіз таңдаңызшы, — деп тақымдап еді. Мына құйтырқы сөзге әр жерден күлкі естіліп, бүкіл зал дүркірей күлді. Көптің төжікеге ұласқан күлкісі ме, әлде Қаныбектің кекесіні шымбайына батты ма, басын оқыс көтеріп, жан-жағына алара қараған Сәрсен-нің беті ісіне қалғандай екен. Булығып кеткен, ашу мен ыза буып-

ты. Мінезі томырық, қияс, морт жаратылған ол талтаң-талтаң басып, жиғалыс басқарушылар отырған столдың алдына келді.

— Мен орнымда тұрып-ақ, өзімді толғандырған ойымды айтамын деп едім. Бүгін сөйленбеген сөз жетім, айтылмаған ой сорлы! — Сәрсен ашына бастады айтпағын. — Қаныбек, сен мені түртпектеп, содымнан қалмай қойдың. Егер мен дұрыс ұқсам, милансам, осы жиғалыста біз директор сайлап қана қоймаймыз елдің елдігін қорғап, намысына ту тігеміз, ол ойыншық емес! Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ. Сенің Шекербегің совхозға директор бола алмайды. Оны мен болдырмаймын, халық сайламайды.

— О-ою! Ұзама, шегін, шегін! — деп баж өте қалды Қаныбек. Бәрі сенің қолыңда емес. — Сәрсен оған тігіле қарады.

— Әй, етженді Сәрсеннің бұғағы дір-дір қозғалып, дауысы барқырап шықты. — Шегінсең шегін. Сен өкеуін не істемедің. Ол күнің келмеске кеткен. Аңсама оны! Талай ту бие, ту қой... қоғамдікі, — ентігіп — обалы сендерді жібермейді. Ұмыттың ба? — төмен қарап ұнжұрғасы түсе қалған Қаныбекке. — Есіңе түсір, әй! Тырнадан жасауыл қойсаң төбеңнен қиқу кетпес деп, о несі, әй! Желкеме мініп алғаны.

— Оттапсың! Сен оттарды деп басқа халық, — деп күңкілдеген Шекербектің қасынан біреу:

— Ой, мынауың арамқалта жатып атардың өзі екен ғой, сабазың бәрін ішіне жинап-ақ жүр екен, ә? — деп қоштағаны, не ұнатпағаны белгісіз ұн қатты. Оны тыңдап тұрған Сәрсен жоқ. Мойын тамыры білеуленіп ежірейе түсті. Білгі құйрық сорған борсықтар елді аздырды. Болмайды, енді, әрнәрсенің шегі бар, жетті! — деп, байсалды күйге көшпін. — О, халайық, мені көбіңіз тоңмойын Сәрсен дейсіздер. Білем оны. Маған қойылмаған жалғама есім де қалмады. Оны да білем. Рас сөзуар кісі емеспін. Жаңа Бөкен қария өте дұрыс ұсыныс жасады. Ал, Бәйтік әкемнің тайға таңба басқандай ел басшысының ізгілік бейнесін көзімізге елестеткені қандай әсер қалдырды десеңіздер — сол белгінің басым көпшілігі күмәнім жоқ Алыпбек шопанның бойында бар. Әсіресе, адалдық пен әділдікті тұғыр етіп, ел намысын қорғау соның қолынан келеріне сенем. О, ағайындар, сенім азаматтың қанаты, адалдықтың атасы, әділдіктің бауыры емес пе! — деген Сәрсен еденді ойып жіберердей дүңкілдете басып, палуан жауырыны күжірейіп, орнына қайта жайғасты. Әлгіде осы не айтар екен деп, елендей қап, сәл менсіңкірмей тыңдаған зал кенет дүрілдете қол соқты.

— Кімнің адал, кімнің арамын таразылайтын Сәрсен емес шығар, уақыт корсетер, — деген Қаныбектің күркіреген зілді дауысы да қоса шықты.

Таразы басына Алыпбек пен Шекербек осылай қатар түсті. Екеуін де ұсынған осы — көпшілік. Қай жағы басады таразының, кімнің шылауынан тартып, қайсысын қолайттайды жұртшылық. Әйтеуір көзге көрінер қол көтеріс емес, жасырын дауыс, бюллетень-

ге екі өсім жазылған. Сызылғаны — өтпегені, қалғаны — жеңгені. Сырт көзге сездірмеген болғансығанымен белдескен соң оңай ма, алыссаң атая болса да алып соқ демекші, екеуі намыс тұғырына қатар шығып жауақтап жүр. Сын сағаты соғар сәтті тықырши тосып қалысқан. Атын бәйгеге әркім-ақ үмітпен қосады. Барлығы бірдей алдымен келген бәйге бәйге ме? Шаң жұтып жолда қалатындар қаншама! Дауыс қорытындысы шығар алдында екі үміткердің жүрегі кеуделерінде дүрс-дүрс алып ұшты. Сырт көзге сыр бермесе де, іштей алай-түлей. Бақталастық па әлде намыс па, көзге көрінбеген қара күшік шәуілдейді кеп. Бірақ жеңіске жеткенге не тосқауыл болған. Мәртебе биігі соныкі... Ақыры тықырши күткен сын сағат мәреге жеткен. Болмашы ғана басымдықпен Алыпбек директор болып сайланды. Жиналыс соңында сөз алған ол:

— Қадірлі ауылдастарым, — деп қобалжыңқырап тұрып, — маған көрсеткен сенімдеріңізге көп-көп рахмет! — Жүзі көреңкісіз, едәуір қысылып сөйледі. Мана айтқанымдай сіздердің сенімдеріңіз — ар мен намыстан, әділдік пен адалдықтан жаралған құдырет. Оны бір ғана салмақты жауапкершілік, еңбек жауапкершілігі деп түсіну — тым арзандық болар еді. Сенім бар жерде күннің нұры, жердің гүлі, халықтың сыры, мұң-мұқтажы, асыл мұраты жатыр. Менің азаматтық арыма осыншалық салмақ салдыңыздар. Ол сенімді ақтау жолында бар қабылет, күш-қуатымды аямауға уәде етем. Өздеріңіздің жүрегіңіздей қасиетті сенім атты құдыретке дақ түсірмейтін бір ғана кешілдік бар. Ол — жаным арымның садағасы деген халық даналығына бағыну. Көпшілік қас қақпай Алыпбекті ұйып тыңдап қалған, ол әрбір еңбек адамының өзі міндетіне деген шынайы адалдығы. Бәріңізден өтінер жалғыз тілегім — осы ғана! Егер жекелеген еңбекші өзіне тиісті міндетті ісіне бар ынта ықыласымен жанымен берілер болса, қиындық атаулы бордай үгіледі. Біз жеңіс құзарына еңбектің алқызыл туын тігеміз! Көпшілік тік тұрып көпке дейін қол соғып басыла алмады.

— Қажап! Он екі дауыспен де директор болып сайланды, ә?! — деп Қаныбек өзінің наразылығын білдірді. Онысы кейбіреулерге едәуір наразылық па, едәуір қышқыл тосын ой туғызды. Қорытындыда Алыпбектің Шекербектен он екі дауыс артық алғаны да рас еді. Көпшілік қақ жарылған. Шекербекті жақтаушылардың қарасы да елерлік боп шықты. Мәреге үзеңгі қағысып келген қос жүйріктің оң жағындағысының орамалын алғаны сияқты, осы он екі дауыс қана барлық тағдырды шешіп кетті. Әйткенмен, сайлануын сайланса да, Алыпбектің көңіліндегі түйткіл тарқар емес. Ол Шекербектің қордалы тобыр екенін осы жерде анық пайымдағандай еді...

Осы түнде екі адам шекара күзетіндегі сақшыдай тік тұрмаса да, көз ілген жоқ. Бірінен бірі жасқанғандай іштей «демалсыншы, мазасын алмайын, ұйықтасын» деп қыбыр етпей жатысты. Жиналыстан кейін де әдеуір шаруа жайына талдау жасап, онсыз да кеш жатқан бұлар сол әдепкі жастыққа бас тигізген қалыптарынан қозғалмады.

Алыпбек қанша ұйықтайыншы деп көзін жұмса да, ұйқы үдере көшкен елдей бел асып, таянбай ұзай берді. Байқаса, мұның төңірегі кіл «енді қайтер екен, жұмысты неден бастар екен? Аяқ астына кез болған дәреже ғой» деген мың сауал, сұрақ жауап болып, шулап барады. Өзіне үмітпен қараған қанша көз сын кірпігін қақпай қалған. Көбі сөнім, кейі күмән боп ортаға ала түсті. Құлағында бұрын-соңды естімеген шуыл, ызы-қызы сарнаған, дабыр-дұбыры ірі туралған, шала піскен еттей қатқыл үндер санасына сіңер емес. Тіпті, іле қандай қорытындыға келерін де білмей, аз дағдарған сыңайы бар. «Он екі дауыспен де директор болды, ә? Шопаннан шыққан кемеңгерді көріп қалдық. Қақпанға қалай тап болғанын білмей қалған қасқыр төрізді күні өртең-ақ ыза шынжырына буынып өзі-ақ қолға түседі». Жиналыстан шығып бара жатқан кейбір от ауыз, орақ тілдің удай ащы бұл сөздері қазір әрқайсысы адам жұтатын әбжыландай бас көтерін ысқырады көп. Сөз мазмұнына, мәніне үңілсе, іші қазандай қайнайды. Ауыз ашуға дәрмен жоқ. Кіммен салғыласпақ?! Оны намыс па, биік мәртебе дәреже әкелген «он екі дауыс па», «Ей, Алыпбек, алтықпа, саспа, нені болса да ойланып, ақылмен шеш! Жұмысты неден бастауды әбден жеріне жетіп, өзіңді сендірген шешімге келмей, ауыз ашушы болма! Басшының шешімі — істің кепілі. Сені қолдаушы аз емес. Сенім сағын сындырма — деп құлағына сыбырлайды. Мынаның лебізі қандай ыстық еді, бойы әлгіде мұздай қалып еді, қазір жылып жүре берді: «Дәл сондағыдай болды-ау». Бұдан әрі Алыпбек басынан кешкен сұрапыл түнді көз алдына келтірді.

Әкесі марқұмның дауысынан оянды. Далаға көзін уқалап жүгіре шығып, қалта қарап, тұра қалды. Аттың толарсағынан қар жауыпты. Бұған дейін көрмеген, сезінбеген сұлулық әлемді жайлап, ақ үлпек мақта тұнып тұр. Әлем аппақ жұмыртқадай уызы шайқалмаған күйі көк жиекке сыймай толықсиды кеп. «Одан әрі не болар екен? Барар ма еді» деп ойлаған мұны. «Балам, Алкен!» деген әке үні елең өткізген. — Мұндай сонарды, дәл осындай көрікті көріністі осы жасымда көргем жоқ. Құдырет салған сурет-ай. Шіркін, көздің жауын жеген мына көркемдікті қадір тұтпаған жан, оның сырын да ұқпас» деп айбарлы, толық денесін төңірекке төңкере бұрды. Түймедейі түйедей, ұңғыл-шұңғылы жазылған кең далам-ай деп көз талдырған көкжиекке сұқтана қарап:

— Ал, Алкен мән мал соңынан көттім. Ұзап барады, Сен де

бағынды сына. Мына сонарда жігіт адам үйде отырмас болар. Атың ертеулі, қарыңа менің ақ сойылымды іле сал. Шолақнұраға қарай аңда-саңда бір көкжал жортатын еді. Соның ізі бүгін кезіксе, — деген ат үсті жүре сөйлеп. «Сен де бағынды сына» деген несі екен деп ойлаған сонда.

Әкесі сезгендей-ақ айтқан екен. Көкдомбаққа жете бере табан ізі алақандай боп жаңа жортқан көкжал көбік қарды жосылтып кетіпті. Ізге Алыпбек желе түсті. Мұны биік басында жатқан қасқыр ерте көріп қашыпты. Бұ да ат басын босатқан. Неше күн жылы қолтық бусаумен мейіздей қатқан ақ танау кер төгіле жөнелді. Әке межелеген Шолақнұра төгілме суағар, жырынды сай-саласы көп, тықыр қабақ малта тасты шадыралы биік боп шықты. Оның ұшар басына бет алған көкжалдың қарасын да көрген. Шолақ құйрық, қоңыр жон түйедей көрінген көкжал сәл артына бұрыла қарап, қуғынды анық көріп, ілгері озған. Шапқан сайын үдеп, екінші жел қайырған ақ танау да барын салды. Көп ұзағанды. Күпсек, өскелең көкшулан жүнді қасқырды тез-ақ қуып жетті. Төр басып, түгі жығылған оның құйрығы қосеудей шолталаңдап, азу тісі ақсып, көзінен от шаша бұған бір қырындай берді. Құтылмасына көзі жетті ме, әлде айқасқа дайындалғаны ма, үйінді тастақтың үстіне шығып қарсы қарап жата кетті. Екі көзі екі уыс шоқ боп тұтанып, айбат шеге тігілді. Алыпбек ойлапты ат басын ірікпеді. Келген бетінде-ақ сойылды қара тұмсығы әлсіз болады деуші еді деп, тізгінін ерінің басына іле сап, қос қолдап сілтеп қалды. Сақ етіп тигені анық. Енді қараса оң көзі шарасынан шығып ағып түскен көкжал бүктетіле құлап барады екен. Өзіне-өзі тұңғыш рет разы болды. Бірақ атынан түсіп, әлі де денесі діріл қағып жатқан бөрінің қасына бара алмады. Күмәннен біржөла сейілгісі келді ме, шалажансар олжасын тағы бір соғып өтті.

Оны-мұнымен жүріп, тұңғыш қасқыр соғып алып-ұшқан мақтанның желігі ме, уақыттың кешке айналғанын байқамапты. Олжасын артына бөктеріп желе-жортып жүре бергені сол еді, тағдыр төлкегіндей күн алай-түлей боп ұйытқи жөнелді. Жай бұрқасын емес, қызылшұнақ ызғырық, дене күйдірген суық боп буды. Ол ол ма, өне міне дегенше-ақ түтек тулап, көз бермеуге айналды. Мана май тоңбас, маужыраған ақ шабырда ат үстінде шапқылап терлеп, тонын да қайтарда алармын деп шешіп тастап еді. Енді лезде қалтырағаны сондай, жаны бір тарының қауызына сыйды. Көзге көрінбес құдыретті күш иесі алып сыпырғымен дүниені шайқай жөнелгендей, көз берер емес. Дөңгелеп үйіре соққан боранның суық тілі сумаңдап қойын-қолтығын тіптіп, бұдан пана іздейтін сияқты. Бұл текіректен шауып, әйтеуір ызғытып желумен келеді. Қайда барады, беті ауып кеткен жоқ па, ешнәрсе пайымдамады. Мана бір байқағаны, жел сарыны желке тұсынан соғатын тәрізді еді. Содан да бетін желге беріп, не болса да қасқары тартып келеді. Сасқанда, асыққанда уақыт шіркіннің де тұлпары ауыздығымен

алдыса жөнелетін әдеті емес пе, қазір де қою түн қара бояуға айналып, манағы ақ жұмыртқадай атырапты құшағына алды. Көкжиегіне күн қонып, түн аунаған кең далада мың жылдан ысқырып, жүз айдаһар жылжып, бұрын соңды естімеген өзіне белгісіз ызы-қызы шуылға Алыпбек бірте-бірте ене берді. Боран үдей түсті. Ақтанаудан басқа сенері қалмады. Жануар әлі тың. Анда-санда пысқырын қойып күрс-күрс жедүмен келеді. Әлі де ауылға қазір жетермін деген үміті үзілген жоқ. Екі тақымынан басқа денесі едәуір мұздаса да, семіз аттың үстіңдегі жас, балғын дене, қызуы бұрқырап-ақ келеді. Әйтсе де суық ызғырық шаттауықтай қыса түсті. Атының қарқыны ма, манағыдай емес, бірте-бірте белі босай бастаған тәрізді. Алыпбектің басына қауіп-қатер анық төнді. Оны өзі мойындап келеді. «Не істеу керек?» деп тұңғыш рет ойға шомды. Рақымсыз ажал бар екенін енді ғана түсінгендей. «Шынымен-ақ далада үсіп өлгенім бе? Ит-құсқа жем болып, сүйегімнің айдалада қалғаны ма? Жалғызым деп кемсеңдеп қарт әке мен шеше соңымда ақыран қалар...» одан әрі оның ойлағысы келмеді. Басы айналып, жүрегі айшыды. Сұмдық ойдан шошынды ма, немесе өксік буды ма, оқпесі аузына тығылып, ішек қарыны қотарыла согіліп, құсардай боп лоқсыды кеп. Шатынаған аязы мен үскірік желі мақтадай қарды мұзға айналдырып, боран кетті. Боран үдей, ысқына дүлей күшпен ішін тартып соғады. «Анырау, бұл не боп кетті? Ақиқат өлім боп тіл бермес ажал боп жеткен тағдыр болса, не лажым бар. Болмаса неге бір әрекет етпеймін, қой Алыпбек, өзіңді-өзің қажытпа!» деп күш жиып, аз сергіп, атына қамшы басты. Ақтанаудың екпіні басылып, аяңға түсіпті. Боран болса толас табар түрі жоқ. «О, тәуба! Ауыл ма? Қараяды. Жоқ! Жалғыз төбелі там. Жүрегі шымыр етіп, денесі түршіге қалды. Тір қатқан аты ықтап моланы паналай берді. Өзі ұшып барады. Қаңбақтай домалап аттан түсті. Есіне сонда, әбден әл кетер, қуат таусылар шақта бөктеріншектегі көкжал терісі түсті. Дереву шеңіп төбелі моланың ішіне сүйреп ала кірді. Әкесінен көргені, мес қып сойғаны қандай жақсы болған. О да қатып сіресе қапты. Мазар ішінде олай-пұлай тепкілеп, әлі де тоң боп үлгермеген тоңазыған терінің жүнін ішіне жіберіп, айналдырып та алды. Дене түршігіп, қанша үріккеніне жан қаратсын ба, отқа түскен көбелектей, мұздай терінің ішінде Алыпбек өзінің қалай сыйып кеткенін де білмей қалды. Ақтанаудың шылбыры қолында. Ат жарықтық басын мазардың есігінен тығып ықтап тұр.

Алыпбектің қорқыныш қамалаған өмірі енді басталды. Бүкіл өн бойы қасқыр боп ұлып, дала бөрі боп шулап дүние ысқырып жүре берді. Тас қараңғы мола! Көзге түртсе көрінер ештеме жоқ. Бөрі ыс-ыс суылдап барады. Қол-аяғы бүрісіп, бар денесін қасқырдың тоңазыған терісі қысқан ол бүкіл мейірбан тіршіліктен мақұрым қазір. Түн түнек қап-қара боп ұйыды. Денесіне тиген бөрінің әр түгі инедей қадалатын тәрізді. Түнерген қою қараңғы-

лық рақымсыздық тұмшалап, аузымен мұз қаршып, лебімен қар шашып, жын ойнақ боп шулаған құба жондағы жалғыз мола ажалдың уысындай көрініп кетті. Шыбын шырқырап, біреу «һаһ!» десе жаны шығардай үрейдің қыл көпірінің үстінде қалт-құлт етеді. Денесі дір қағып, әлдеқалай бас жағына қолын созып қап еді, үйіншек! О, тәңірім, — деп бойын жинаған ол от ұстағандай қолын тартып алды. Тіктеліп, басын көтеріп отырды. Өлген адамның сүйегінің үстінде отырмын ба? — Атын тұрғысы келіп қонарыла көтеріле түсіп, қайтып басылды. Оны енді «ә, қолыма түстің бе?» — деген үрей тұншықтырды. Моланың ішінен «Әй, бала, неге әруағымды қорлайсың! Баспа кеудемді! Өлдім!» — деген бейтаныс біреудің барқыраған нар бурадай жап дауысы естілгендей болды. Екі құлағы, бүкіл рухани тәні азан-қазан. «Ә, ә, оңбағанды қарашы, оп-оңай құтылып кеткісі келіп отыр. Қашып құтыла алмайсың енді! Қолға түскенің түскен!» деп қырылдаған үн тағы шықты. Бұл жаны мұрнының ұшына келгендей бар күшін жиып, атып шыға беріп еді, қарсы алдынан маңдайында қос уыс шоқ боп әкі жанары қанталаған көкжал арс ете түсті. Құйрығын шапақтап атылғалы ұмтылып келеді...» Уһ! — деп Алыпбек орнынан атып тұрды. Әлі де әлгі сұрапыл бала кезде басынан кешкен қорқынышты жәйттен арыла алмаған Алыпбек «Әкем жарықтық сонда, сен де бағыңды сына», — деп өсиет еткені көп шырғалаң өмір хикметі екен-ау! Сол түнде әлемдегі барлық қорқыныш зіл боп неше бағпан салмағымен сүйегімді ұнтап жіберердей басқан еді-ау! Менің көкейім де не бар еді, сонда? Арманым не еді?! Тек тірі қалу, қаумалаған пәледен құтылу ғана болатын. Тәрден қорге жақындаған кәрі аке де сол түнде шыр-пыры шығып безек қақпады ма! Шешемнің не күй кешкенін атай көрме. Қайран ана!... Иә, одан өткен қиыншылықты кім көрген, кім сөзген. Ол күндер де тілегімді әке-шешем тілесе... бұл күнде қара ормандай халық, әке орнына Бәйтекең, Бекендер тұр... Кеше өзі құлағымен естін жанына түрпідей тиген сөздер тағы да қаумалап, алғашқы жұмыс күнін неден бастауы керектігі жайындағы ойлар оңашалай берді.

Алыпбек орнынан тұрып атшаптырым көң кабинеттің ішінде пенде бөлып, өзін қоярға жер таппағандай сенделіп ерсілі-қарсылы жүрді. Маңдайынан шышып тер шықты. Жүрген жері кабинет емес, мың тарау жолдың басы тәрізді қайсысына түсіп көтеріп білмей, аңтарылған жолаушыға ұқсайды. Беймағлұм бағытқа, адасудан сақтанады. Қайткенде алғашқы қадамының оңнан басталуы — тұсау кесер сәт деп нық түйген. Көзі терезеге түсті де кеңет ойына Бақыт Батыровичтің мана аттанып бара жатып, төбе басында тұрып айтқан сөзі оралды. Байсалды қалпын бұзбайтын дағдысымен: — Алыпбек Жандыбаевич, Сапар Садықович осы жерден совхоз орталығына бір назар салыңыздаршы. Бәлкім өздеріңіз жақсы білетін, әсіресе, — деп бар зейінін Алыпбекке аударып, өзің туып өскен, кіндік қаның тамған жерің болғандықтан, оның ұңғыл-

шұңғыл көп жағдайын мына бізден, — деп тағы Сапарды да өзіне қарай бөле тартып, мәселенің негізгі салмағын жас директорға ұғындыра түскен ол, — тереңірек сезінсең керек. Ендігі жерде біз «Майқоңыр» десе Жандыбаевты көз алдымызға келтіретін боламыз. Аудандық комитет бюросына солай деп баяндаймыз, — деген хатшы қазірдің өзінде мұны алға көсем салғаны бірден аңғарылды. Айтқан ойының бар мән-мазмұнын аңғартқан дауыс ырғағын «сезінсең керек» деген ұғымға қадай айтты. Алыпбек хатшы сөзін сөзін жібермей ынта қоя тыңдап, төбе басынан өзі өскен, енді басшылық жасайтын ауыл бейнесіне тұңғыш рет көз салып қарап еді. Өз көзіне өзі сенбей кідіріп қалды.

Негізі сонау жылдары қаланған, бұл күнде әлденеше мың ақтылы қой, үйір-үйір жылқы өсірген төрт жүзден астам шаңырағы бар елді мекен оның көзіне тіпті күйкі көрінді. Түтіні ықтап ұшып, ұйлыға бұрқырайды. Жалғыз ғана ғимарат, сыңар аққудай орта мектеп үйі ғана мен мұндалайды. Басқа... қалғаны өртенген, күйген маяның орны, қап-қара ыс бұған туырлық боп көрінеді. Алыпбектің көкірегі удай ашыды. Өзі көріп жүрген әр үйдің іргесіндегі тау-тау қорда қи, қоқыс, шом үйілген ыбырсыған көше, қамыс жабынды сымылтырлы қора, тоқал үйлер көз алдына кеп тұра қалды. Иығы түсіп кетті. Бақыт Батырович ұзаққа, елді мекенге аса қарап, көкжиектен көз алмай қалған. Не ойлап, не толғанып тұрғаны белгісіз, жүзінде сыр алдырмас байсалдылық қана бар. Көзінің қиығын салғаны болмаса Алыпбектің аузына сөз оралмай тыпыршып, шыбын қаққан адамдай өз бетін сипалақтай берді. Сапар су ұрттаған кісі тәрізді, түнеріп тұр. Екеуінің қазіргі көңіл күйін жақсы түсіпген хатшы:

— Жасыма, Алыпбек Жандыбаевич! Жігеріңді шыңда, еңбек адамына сүйен! Оның бойында жасампаз күш бар, ізгілік құдыреті бар деген сонда. — Ұйымдаса білген, ұта біледі. Ұйымдастыра білген мұратына жетеді. Табыс тілеймін. «Көз қорқақ, қол батыр» дейді атам қазақ. Намыс найзағайы жарқылдап, жүрегіңде шабыт күні күлімдесін! — деп қолын қысты. Бақыт Батыровичтің ыстық алақанының табы кетер емес. Қоңыр дауысы құлағында қалыпты. «Иә-ә», — деп көзін жұмған Алыпбек хатшының сөзін тағы бір ойша қайталап, кабинетінен адымдай басып шықты да:

— Мәрзия! Әу, Мәрзия — деп дауысын көтере қарсы алдындағы жас келіншектің жанына тапырақтап жетіп барғанына өзі де қысылып қалды.

— Не дейсіз аға мен, — деп сызылған Мәрзия аңтаң. Жаңа директордың, жас директордың бірінші шыққан үні қас қағымда ойландырып тастады. «Мұнысы несі үріккен тайлақтай тайрақтап. Осы да ел басқара ала ма? Бетім-ау, не дейін бұған» деп аяқ астынан міней қалған хатшы келіншек «не бұйырасыз» дегендей көз алмай қайта қарады.

— Бас зоотехникті шақырыңызшы, — дауысы бұйрықтан гөрі

өтініш пен жалыныштың арасында шықты. Келіншек жүгіре жөнелді. Жүгіріп бара жатып Алыпбекті де неше саққа жүгіртті. «Ойбүй, енді неміді айтайын, директор деген шайқайып отырып, шорт кеспей ме екен. Мына байқұстың ең болмаса ызғары да жоқ қой! Қабағының астымен жүгіртпесе бұл ел сені тыңдар ма? Ең болмаса алдындағы қоңырауды басып шақыруды да білмегені ме? Телефон анау. Қап!» — деп бірденесі күйе кеткендей өміңді. Көңілі Алыпбекке толмай қалды. Бұл іздеген Шекербек орнында болмай шықты. Оны хабарлай кірген Мәрзия піскен қарбыздың шопанындай қап-қара көзі күлім қағып, жіңішке қасын көріп, ұзын кіршігін дайқайта: —

— Аға, — деді дауысы үзіліп сіз мені бұйтып өзіңіз жүгіріп ауыз бөлмеден іздемеңіз. Онда қандай беделіңіз қалады, — деп жаны ашыған кісідей қамқорсып, алтын тісін көрсете наздана күліп. — Жұрт қазір сіздің әрбір қимылыңызды аңиды. «Қамысты бос ұстаса қолды қияды», — дегенді естімеп пе едіңіз. Ақырмаса бала да сыйламайды, — деп ақылгөйсіп екі мықынын кезек шайқап, былқ-сылқ басып, мұның столына еңкейіп, — міне, мына кнон-каны бассаңыз былай, — сымдай майысқан тырнағы қып-қызыл суи саусағын қадап, ауыз бөлмеге шыр-щыр еткізіп дыбыс берді.

— Мен сізге өзім жүгіріп келем. Мәрзия Алыпбектің бетіне үздіге жайнаңдай қарады. Жанары лып-лып ұшқын атып кетті. Өзінің сәл болса да жалын ата қалғанына ыңғайсызданған ол іле — ал мына телефондар, — деп алдымен ақ телефонды нұсқап — барлық бас мамандармен МТМ, гараж, мектеп, селолық кеңес, сауда, тегі бүкіл ауыл ішімен сойлеседі. Әрқайсысының терілетін саны мынау. Қызыл телефон тек аудан басшыларымен байланысарда ғана қажетіңізді өтейді, — едәуір түсінік берген хатшы келіншекті директор бар ықыласымен ұйып тыңдады. «Мен бұрын мұндай техникамен істес болғаным жоқ. Кең кабинетте отырған кісі емеспін. Өрісте мал бағын, сахарда бетімді самал жуып, тәнімді күн қақтаған жан едім. Бұл өміріңіздің құпиясы көп екен ғой», — деп әзілдегісі келсе де, сыр бермеді. Тұрып-тұрып артына жалт-жалт қараған Мәрзия ауыз бөлмеге шықты. Өзінен-өзі иығын қуштып, аузын қисайтты. «Түкке түсінбедім» дегені болса керек.

Өз отарын уақытша баға тұруға Жәнібекке тапсырған Алыпбек орталыққа сол түнде оралды. Көңілі қоныс таппай беймаза хал кешкен ол «қонақ үйі» аталған жатаған үйдің оңаша бөлмесінде түйімен сенделіп шықты. «Алыпбек қарағым, оңаша қой соңында талай жыл ошынып, неге былай, неге олай емес» деп кіжінген шопаның бірі болғаныңды ұмытпа. Егер малшы адамның мұң-мұқтажын орындай білсең, соңынан ерген жастарды, әсіресе өз жұмыртқасынан беағен кокектей қалаға тұра қашып жүргендердің

жүрегіне туған ауылына, ата-баба, әке-шеше кәсібiне шынайы сүйiспеншiлiк еге бiлсең бүкiл халқыңның аяғысына ие боласың. Ол үшiн iстi неден бастауды өзiң ойла», — деген Бекеннiң ақыл кеңесi, қарт шопанның тапсырмасы болып та естiлген. Бiр отар қойды бағатын адам табылмады. Қайда барсаң да белгiленген норма жобадан әлдеқайда көп, кейi екi еседен артық бас мал бағып қиыншылықта, орынсыз шығынға да ұшырап отырған шопанды көресiң. Малдың шұбырынды, шаң жұтты болудан ауруға шалдығатынын күнi кеше өз басыңнан өткiздiң, өзiң куә болдың. Басқа, әлгi ат үстiнде, қойды кiтап бетiнде оқу арқылы баққан директор емессiң. Көзiңдi қой соңында аштың. Сен бiлмейтiн жағдай жоқ. Мiне, биылғы төлiмен қорамыз мыңның үстiне шығып кеттi. Өргiзiп жiберсең шалқып жайылып жөнелгенде бiр шетi қараққа кетедi. Бөлiңнi қалып қасқыр қырып кете ме деп тепеңдеп ат үстiнен түспей шапқылап жүргенiң. Үкiмет бiлмей ме? Неге норма белгiлеген. Егер сол жобадан ауытқымай, әрi малдың жаз, күз, көктем, қықы жайылым орисiп жақсартып, шер суын бершi, бiр тұяқ шығындар ма екен? Өмiрi қой соңында өткен ата-бабаң естiп көрмеген «айналма», «өкпе», «сарыбуын» деген ауруды шығарған әлгi жағдайсыздық. Бiрiңнiң аузына бiрi түкiргендей шопан бiткеннiң айтары осы. Дұрыс бағым-күтiм, жайылым, қоныс көрген малдың, қандай өнiм беретiнiң, шығынға ұшырамайтынын бұл өзi тәжiрибесiнде талай жыл көрген. Бұған не жауап, не сылтау айтпақ. Бар пәленiң басы нақты iспен жауап беру орнына сырғытпа, құрғақ үде, «иә, көреміз де жатқан жоқ па?». Иә, Алыпбек, ойлан, халық тағдыры қолыңда тидi, арыңа таудай салмақ түстi. Қалай бұлқынасың, қалай сiлкiнесiң, қалай тулайсың. Тулап көр, көрсет, өнер жiгерiңдi! Сөзден iске көш! Өзiң баққан отарды сыйғыза алмай қаладан келген бiр зейнеткерге жалынып-жалпайып баққызған түрiң анау. Онда да уақытша. Бiр ай! Одан кейiн?.. Ал, тұтас алғанда, бүкiл совхоз бойынша?... Өзiң қазiргi iстiң жағдайын, бүгiнгi хал-ахуалдан нақты бiлетiн дерегiңдi салмақташы. Көз алдына елестетер нең бар? Ұйыққа батқан керуен арбасындай ошарылған шаруашылықтың сырт қарасыны ғана ма көргенiң. Шырғаладаға түстiң, жол iзде! Үңiл! Аш көзiңдi! — деп өзiне мың түрлi сауал қойып, оған жауап iздеп көп денделдi. «Кiммен сөйлессең де кемшiлiк айтады, одан шығар жолды көрмейдi, көрсете алмайды. «Басқадан ақыл сұраған, өзi соның жетегiңде кетедi: Ол үшiн мен ең алдымен осы совхозда бүгiн не бар, не жоқ, кедергi неде, iлгерi басу үшiн не керек? Неге талдау жасамаймын», — деп бiр түйген. Бар тоқтамы осы болды. Түн бойы сағыздай шайнап, сан толғап жұта алмаған сiңiрдей шым-шытырық ой оны ұйықтатпады.

Бұл кеңсеге келгенде сыртқы есiк жабық едi. Есiк алдында көлденеңдеп олай жүрдi, былай жүрдi, тiрi жан селт етiп, көзiне дөрiнбедi. Сағатына қараған. Жұмыс уақыты басталуға бес-ақ минут қалыпты. Күзетшi кемшiр жеттi мұны сыртынан көрiп.

— Тұрып қалдың-ау, құлыным-ай, өрістей қалып қоя ма деп сиыры құрғырды сауа қойып едім. Бүгін қара басып кеш тұрып, — деп қинала жүріп, есік ашқан. Бар сырын өзі айтып, өзі мәлімдеп жатыр.

— Ана, сізден бір ғана өтінішім, сыртқы есіктің кілті екеу болса, біреуін маған бере салыңыз, — деген Алыпбек күлін жай-барақат қана. Кейуана оның бетіне рас айтып тұр ма деп сенбей қарады. Сөйтсеізі сиырыңызды сауып, шаруаңызды жайлай бересіз.

— Неге өйтейін, «жұмыстан қудайын дегені-ау» деп шоңынған ол, өзім-ақ ерте кеп, бұдан былай ашып тұрам қарағым, бүгін қара басып, — деп едәуір абыржып қысылған Жәмилә Алыпбекті реңжіп тұрға санап.

— Апа, рас айтам, мен ерте келем, кепі кетем. Екінші кілт менде болса, сыртқы есікті жаба салу да, аша салу да маған қиын емес. Несіне қысыласыз, — деген. Оған риясыз сенген ана қалтасын ақтарып кілт беріп жатқанда:

— Ә, Жәкеңнен кілт алудан баетадыңыз ба бүгінгі жұмыс күнін, сәлематсыз ба? — деп Шекербек ыңыраана амандасты бұған. Дауысында кекету ме, әйтеуір сөл қышқылдық бар. Алыпбек тіксіне қалды. Бұрын-соңды өз бойында болмаған мінез. — Бүкіл совхоздың бар салмағы мен жауапкершілігін алғанда, кілт одан ауыр болып па? — деді оның бетіне тесіле қарап, ұйықтамағандық па, көзінің еті қып-қызыл еді. Қабағы түйіле қалған. Шекербектің де жауабы дайын екен.

— Кілт түрлі жанына иелік етсең де саған қарсы тұрар пенде көргем жоқ, — деді әр сөзін санап дауысын созып тұрып. — Онда несіне таңдана қалдың? Жаннан кілт қымбат болғаңыз ма? — деген Алыпбектің ыңғайын таныды ма, әлде одан әрі сөзді созбайын деді ме Шекербек кабинетіне беттеді. Сырт айналып жас директордың соңынан тағы бір көз жүгіртіп, «тым ширап, бойыңды жинап қалған екенсің. Апырықтама, жігітім. Шекербектің көрген жалғыз директоры сен емессің. Күн көріп, өмір алда», — деді кіжініп ішінен.

Осыдан бірнеше күн бұрын жұмсақ орындыққа қайсысы отырап екен деп сарапқа түскен бір совхоздың екі жігіті, қазіргі лауазымды екі басшысы алғашқы жұмыс күндерін осылай бастады. Кабинеттеріне тайынша көзденіп кірісті. Бір жақсысы бұлардың осы аз болса да сөз қақтығысын ешкім естімеген еді. Жәмилә кемпір аузын ашып, сөздің байыбына бара алмаған күйі тиссіз ерінін бір сылқ еткізіп жөніне кеткен. Бірақ одан кейін, өрттей қаулаған өсек тарарын кім біліпті. Оның әлпеті де, мазмұны да сұмдық еді. Анада Мәрзия көрсеткен қызыл түйме кнопкаға Алыпбектің сұқ саусағы тұңғыш рет тиді. Көбірек басып қалыпты. Әлгіде Шекербекке түйген қабағы ашылар емес. Соның салқыны ма, әйтеуір

аздап демі діріл қағып шығады. Басы төмен салбырап, еңсесімен столға төніп алған.

— Не дейсіз, не бұйырасыз, аға, — деген Мәрзияның сыңғырлаған дауысы естілді. Сонда ғана еңсесін көтерді. Алыпбек тесіле қарады. Бұған келіншектің көп шырыл қаққан қоңдырау үнінен едеуір қобалжи қалғаны аңғарылады.

— Бас экономист пен бас бухгалтер, — деп қысқа қайырған ол сөзінің соңын жұтты. Басын изең қана түсіндімін білдірген Мәрзия мысықтай жылжып шығып кетті. — Болмайды екен бұл! — болды енді оның аузынан шыққан сөз. Не болмайды, нені айтып отыр. Өзінен басқаға түсініксіз қорытынды еді онысы. Әйтеуір табан астында ширғып, тас бон бекініп алды. Мән екі оттың арасындағы адаммын. Күймеуім, жанбауым үшін жанталас, арпалыс керек! Оған күш-қуат бар! «Оты несі! Екі от дейді. Жанталас, арпалыс! Кімнен арпалысады? Неге жанталасады. Тағы басқаға беймәлім мәселе. Қайратты, маңдайына төгіле беретін қалың қара шашын саусағымен салалап қайырды. Желке тамыры құрысқандай басын шалқая көтерді.

— Ұлықсат етіңіз, — деген дауыс шықты. Бірінің соңынан бірі ілескен екі ұзын бойлы жігіт кірді. Егіздің сыңарындай күдіс бел. Алдыңғысының үстіңгі ерінін сетік, кейін тігілген қоян жырығы айқын көрінген, қызыл шырайлы жүзді. Балта есімді жігіт — бас бухгалтер. Соңғысы ұзын жағына пышақ жанығандай бүркіт тұрсық, қырым етсіз арық, «жарау» атанып кеткен қарасұр өңді Жал — бас экономист. Қабат ұмтылысып көп жармаса қол алысты. Алыпбек екеуіне кезек қарады. Бір қалыптай шыққандай жүдеубас, сида, бойлы жігіттерге отыр деуді ұмытып та кетті. Кешегі шопан болса да, бүгінгі бастығының алдында жалп етіп отыра кетуді мін көрді ме екеуі де түрөгеп тұр. — «Осылар ауру емес пе екен», — деген ойдың басына қайдан келгенін өзі де аңғармады. Екеуіне аңтаң тігіле қарап отырып қалған. Балтаның ыңғайсыздық сезгендей бұрынғы сетігі жыбыр ете түскенде, мырс етіп күліп жібере жаздаған директор, өзіне-өзі келгендей:

— Оу, жігіттер, бұ не тұрыс, қане, отыра қалыңдар! — деп тіл қатты. Екеуі екі орындыққа иретіле барып, имие отырысқан. Ләм жоқ. Жауаң-жауаң көздері Алыпбекте.

— Жігіттер, — деді Алыпбек екеуіне байынты үнмен, теңіз түбінен құрлыққа шыққан балықтай халде отырмын. Тыныстауыма ауа жетпей ме, әлде не, әйтеуір өкпемді бірдеме сығып қысып барады. Құйрығымен жер сабалап, желбезегі қып-қызыл боп ашылып-жабылған өлер қалдәгі балықты елестетіңдер көздеріңе. Ол өледі! — дауысы қатты шықты. Өзімен өзі сөйлескендей кабинеттің терезесінен сыртқа көз тастап, өлмес үшін, оны өлімнен ажалдан алып қалу үшін тек суға жіберу керек. Оны білесіңдер ме? Аңтаң, не жұмбақ бұл дегендей екеуі де иықтарын қушитып, мойындарын қисайтты. Экономикасы сол балықтың, судан шыққан балықтың

халін басынан кешіп отырған совхозды қашан, қай жерге жерлей-сіңдер? Соны айтыңдар, қазір «не пәлені шығарды тағы, совхозды жерлеу деген не сұмдық» деп жерге кірген қазықтай тұғжып, салбырап кетті екеуі де. Ауыз ашуға әлі ештемеге түсінген жоқ. Директордың отты жанары ұясынан шығардай, — болмаса оның ендігі жерде жан сақтайтын, өмір сүретін мекенін табыңдар, көрсетіңдер маған. Көзімді ашыңдар менің — дауысы қатты шығып кетті ме, есіктен Мәрзия сығалады. — Жап есікті! — бас өрі тығылды. Қабағынан қар жауған ол жаңағы сөзін қайталап. Менің көзімді аш деп отырмын сендерге! Мына елді ел, жерді жер ететін құдырет қайда?

— Оны сіз білесіз енді, — деді Балта тіл қатып.

— Бізден не көмек болса дайын! — деді Жал.

— Осыларың рас па?

— Рас, — деді екі дауыс қосылып.

— Онда үш күн мерзімде осы совхоздың барлық шаруашылық саласы бойынша экономикалық талдау көрсеткіш анализін беріңдер. Мен сол арқылы шаруашылық өмірін, тарихын, келешегін көретін болайын. Маған керек, көз сол! — деген бұл. «Құп! Құп!» — десті экономист те, бухгалтер де...

Қаныбек түнделетіп жетті. Бір ауылдың бар итін абалатып, жан-жағын көшіре дүрліктіре келді. Қарына ілген тал құрық соңынан шабалана үрген ақтос қаншықты оңдырмады. Қаңсылап әлі зытып барады. Бар кегін иттен алғандай «өтеңе нәлеттер, соңынан қалмайды-ей! Өз обалың өзіңе. Жау көргендей, зендамның о несі», — деп күңкілдеп қатар тігілген үш үйдің ортасындағы ақ туырлықты үзік жамылған үйге кеп ат басын тіреді. Аттан түспеді бірақ. — Шығар! Ә, Шығар! — деп дауысын тым көтермей дыбыс берді.

— Әу!

— Бері шығып кет! — деген. Үнсіз ілбіп соңынан ерген жаяуды ауыл сыртына алып шықты. Ай туып келеді. Дала ала көлеңке мол қарасын боп ұйыған түн. Қарабұйра тері жамылған атырап бірте-бірте тоқыма боз шүберектен өткен сәуледей себездеген айдың көмескі сүт шұғыласынан бозамықтана көрінеді. Әйтсе де қалыңдап жапқан түн-түнегі анау-мынауға сейіле қояр емес. Түкті қабағы жазылмай, түнере қараяды. Шығыр-шымыр денелі, аласа бойлы төртбақ кісі. Жасы қырықтың жуан ортасында. Кең маңдайының оң жағында жас кезінде құлып төшкен ай таңбасы бар. Жеңгелері «құлынтұяқ» атап кеткен ұршықтай үйірілген, лыпып тұрған елгезек жан. Сол аңқылдаған ақкөңіл, төгілме мінезін қазір қалай тежеп, өзін тас түйін ұстап тұрғанына қайрап қалды. Қаны-

бек ерекше маңызды оқиғаны хабарлағалы тұрғандай сыздап, атының тізгінін тұқыртып қыбыр еткізбей ұстап тұрып:

— Жерден жік шықты, екі құлағы тім шықты — деген осы деп, тамағын жыртардай күшене кенеп өзіне Шекең арнайы шаптырды. Тірі жанға көріпбе деді, көрінбедім, — Тұғырлы мойнын ауыл жаққа, артына бұрып — әнебір сенің итің шаужайлап қалмағасын, сәл өзін түрттіп жібергенім болмаса, басқа ала көзге шалынғам жоқ. Мәселе былай, боса да Алыпбек жиналыста жеңді. Директор болды. Оған қазір қолдан келер қайран жоқ. Бақырайып еңсемізді көтеріп, көтеріп, өңеш созып көргеніміз бар. — Онысы өзінің Шекербекті ұсынғандағысы — ештеме өндіре алмадық. Шиге тығылған қояндай болдың көбің. Ең болмаса жасырын дауыс беріп те ештемеге қарық қылған жанашырды, мәз болған шаруаны көрмедік, — деп ойын, айтар сөзін үзіп не ұғып тұрсың», — дегендей бозала түнде Шығырдың бетіне бетін тақап үңірейе үңілді.

— Айта берсеңізімі. Біз қолымыздан келгенді аянған жоқпыз ғой. Енді не қыл дейді Шекең, — деп бір жағы ыңғайына жығылған, екіншіден қосы сендер-ақ бүйректен сирақ шығарып өлтіретін болдыңдар-ауын ұнатиғанын салқын дауысымен аңғартқан Шығыр — осындай іріңгежектің ендігі жерде оңа бермейтімін ойлаған да теріс емес деп еді, анау.

— Сөйдеріңді білген екен ғой. Шөкең: бәсе «соның өзі жиналыстан соң үйге соқпай кетті. Ат құйрығын кессе, өзі де көмейін танытар, онда біз де басқаша ойланармыз, — деп еді. Сен өзі рәббіксірәббікті қойып, тау күйін, тас жанса да жөніңді танытшы, — деген. Шығыр шап ете түсті.

— Жеткен жоқ па осы иттартыс. Елден, жұрттан ұялатын мезгіл болды. Мынаның сөзіне Қаныбектің жүрегі тастай мұздап қоя берді. Бойын ашу буып, қаны басына шапты. «Осы тұрған жерінде не істесем екен. Ана қыңсылап, тұяғын жалап жатқан ақтөс қаншық сияқты жос-жосын шығарып, ат бауырына алып, ит тепкісін шығарсам ба? «Жеткен жоқ па осы иттартыс», — дейді. Ақыл айтады өле алмай жүріп. «Адам опасыз деген осы екен-ау, ә» деп едәуір күйзеліп, табан асты нойыс міпезіне бара алмай булығып үнсіз қалып еді. Өзі талай істес болып, олжа-оқымды бірге боліскен Шығырдың ферма басқарған соңғы бес-алты жылдарындағы қанша сойқанды әрекеттері есіне түсті. Тіпті, мына сөзден кейін ауыз жаласқан, жанааяспас досының қалай өзгере қалғанына таңданды. Қаныбектің неге түйіле сызданғанын қимылынан айтқызбай таныған Шығыр ойын жалғап:

— Ішкен-жеген бойға құт. Алыпбек бұрынғы директорлардай «келгінбай» емес, ауыл баласы. Оның тамыры осы жерде, халықта, — деп кесіп айтты.

— Оттаңсың! Бар білгенің осы ма? Біз бір жақтан ауып келіп пе едік. Шекербек осы ауылдың баласы емей, аспаннан түсті ме? —

деп Қаныбек бастырмалата жөнелді. Омыраулап қайткенде де Шығарды айтқанына көндірудің ыңғайына көпті.

— Қанеке, Шекербекке менен сәлем айтыңыз. Енді ат сабыдтып, кісі шаптырғанды қойсын. Жаңаша ойлап, уақыт талабына сай еңбөк етейік.

— Ой, сені бірдеме қаққан шығар. Бұған дейін уақыт бізге қандай талап қойын еді, — деді бұрқ етін.

— Оны басқа білмесе де сен екеуіміз тым жақсы түсінеміз. Енді заман өзгерді, ойлау өзгерді, өмірге көзқарас та жаңарды деп күрсінген. Шығыр ең болмаса ана шалдардың айтқан сөздерін, сол жиналыстағы райком секретарының не дегенін есіңе түсірші. Дүние тіпті басқа қырынан елес берсін көзіңе. Жоқ, Қанеке, мені пышақсыз бауыздама!

— Ә, сен ақыл айтуға, үйретуге көштім де! Сенің қоян жүрек жапың мына алдыңда тұрған Қаныбек пен анау ауылда жатқан Шекербектің жанқалтасына түскеніне биыл тура бес жыл! Фу-у! десем осы қазір-ақ күл боп ұшып кетесің. Бала-шаған сүйегінді таппайды. Сүйе-е-гінді! Естимісің?! — деп тепсіне таянды өған.

— Одан да жұтқалы келген обжыланмын деп біржолата тоқ етерін неге айтпайсың! Жылан жұтқан сүйек... Иә сүйек күл боп түседі деуші еді, — деді Шығыр тістеніп.

— Мен жұтпаймын, сені жұтатын жылан басқа. Қозіңнің еті өсіп, жан-жағыңда не барын коруден қалған сорлы екенінді қайдан білер едің — деп жер-жебіріне жете сөге берді Қаныбек. Мен сендей қарауындағы пәлен мың мал мен жанға жауап беретін кісі емеспін. Ағарса сенің көзің ағарады, шуласа сенің бала-шаған шулайды, менің түгім қисаймайды, менің қойшы ғана екенімді білмеуші ме едің? Қойшы-ы-мы-ын! Талай сүбені кере асатып, құйрыққа күпті еткен қойшы мына мен, атқан оқ, шапқан қылыштан сақтаған ақсауытың анау — Шекербек. Шекербе-ек! — деген Қаныбек енді Шығырдың ту сыртынан оралып, қайта төніп желе жатты. Аямасқа бекінген сыңайын бүкпесіз ашып айтып, қане мықты болсаң шыдап кор демекші. Шығыр басын көтерді. Ай иыққа шығып, көмескі қорғасын беттеніп тұр. Айқын көрінбесе де, қарсы алдында тастан соққандай соқталы Қаныбектің бетіне қабақ шытты. Одан әрі көзін жұмып, мойнын бұрған. Төңірегі қараңғыға түсті. Бәрі бұлдырап, көзіне түк шалынады. Бұйра дала сөнсең жамылған күйі әрі созыла шалқайып, ыбық-жыбық тасыған сүттің көбігіндей-ақ буырыл комескілене берді. Ойы да, сезімі де сағымға еніп, аузы су татып, «осы маған не айтқалы келді екен, соны неге білмедім, ә», — деп Қаныбектің соңғы сөзіне құлақ тосты.

— Егер осы айтқанды орындамасаң, айтпады деме, Шекербектен жақсылық күтпе! — деді анау.

— Осы не?! Менің құдайым Шекербек пе, соңша қоқайтып оны! — деген Шығырдың көзінің аласы айға шағылдысты. Бір емес, екі емес, неге айта бересің, ө?

— Сорлы екенсің ғой. Әлде, ессіз бе едің, мұншалық!

Егер сол Шекең болмаса, қай түрмеде нан жеп жүреріңді бір құдайың білер еді. Ә, опасыз пенде деген осы ма еді, — деп аспанда біреумен тілдескендей Қаныбек мұның басынан аса жоғары қарады. Шығырдың бүйрегі бүлк ете түсті. Жонынан тер білінді.

«Бар пәле осы әлекке келгірден басталды. Нем ғана бар еді. Мен бейшараға не жетпей жатыр еді. Өлсем оғаша неге ғана өлмедім. Өттегене-е-е! Ал, Шығыр, Шығыр болсаң айналып көр. Қалай деңгелесең де сені қозғалтатын құдырет осылардың қолында. Со-рыңның қайнаған жері сол әлекпе болғыр да, айтпесе...» Шығырдың іштей күйіп-жанып, өртеніп тұрғанын Қаныбек жазбай таныды. Қолын қалтасына салып, әлгіде өзі айтқан жанқалтадағы Шығырдың жаның одан әрі шырқырата бергісі келмей, тоқ етеріне бірден көшті.

— Ертең ана иесіз қалған отарын санап откізуге кешегі қойшы, бүгінгі директор келеді. Ди-рек-трр! — дауысында ащы запыран қыжыл бар. «Бырылдап тұрма өзі!» — деп ойлады Шығыр. Осы түнде соның отарына қасқыр болып шабасың! Түсіндің бе? Ол менің де қолымнан келетін іс. Бірақ маған басқа тапсырма бар. — Қаныбектің мына сөзінен селк еткен Шығыр:

— Не дейді? Қасқыр болып шабасың? Мына мен бе? Мен? — Шығырдың шыр-пыры шықты.

— Иә, мыпа сен! — деді Қаныбек әкесі сонда өледі оның!

— Адамның қасқыр болып малға шапқанын көргем жоқ! Және ешкімнің әкесін жазықсыз өлтіре алмаймын!

— Көрмесең көресің. Істейсің соны, — деп зілге көшті Қаныбек жазық-мазық деген не, алыссаң атаң да жау! Әркімнің шығар өз тауы биік! — деді гүр етіп, айттым біттісін үшінеп таптытып, — Бауырым-ай, мұндай масқараны қай құдай басыңа қамағап, — деп күдіренді жыларман болған Шығыр. — Бұл сұмдығың менің қолымнан келмейді. Өлсем отымның басыңда орнымен өлейіп. Айта көрме, мұныңды менен басқа тірі жаң естімесін, — деп ақ безер де көк безер болды.

— Сенен басқаның ыңғайы жоқ, бар сенетіміз де сен. Бұл тақ-сұл тақты қойып осы түнде аттан. Енді Қаныбек бұйрыққа көшті, тапжылтпай қара ниетін орындатпақ!

— Б-б-болмайды, — деді жағы қарысқандай аузын кекештеніп зорға ашып. — Бүгін екі күн болды. Бекен нағашың Қалима кемпірді баласының отарымен қасына көшіріп алған. Қос қора бір бастағы екі көздей болып отыр. Нағашыңды білесің өзің!

— Не-е? біреу бүйіріне пышақ сұғып алғандай барқ етіп. — Сонда ол отарды қосып бағын отыр ма Бекен? — деді Қаныбек. — Неге қоссын, Жәшібекке бақтырып отыр, қаладағы мына сенің жалғыз ағаң кешті демалысқа. Әне, қазіргі қойшы сөл.

— Ой, өзіңнің денің сау ма? Кім көрінгенге сеніп бере салатын қоғамның малы таза ойыншық болып кетті ме? Алым-бөрім әкті-

мен өткізіп пе? — деген ол үдірейе жұлып тастайтындай бұғал бір қадам тақала түсті.

— Онда менің не шаруам бар. Малға жауапты адам — Алыпбек. Итіне бақтыра ма, өзі баға ма, оның маған ыстық суығы бәрібір, — деп шалқая қалды Шығыр. Әлгідей емес Қаныбектің өкпіні басыла қалғанын байқап:

— Әй, опыраулайшы, оныңды тоқтат. Мал Алыпбектің мойнында. Сол жауап береді. Шығынына жауапты кісі де сол. Ендеше, бұл тақ-сылтақты қойып, әне құдай берерінде осылай болады, түн бұлтанып келеді, аттанып кет. Өз көзіммен көріп, Шәкеңе тынған істі баяндайын. Мен мына жағың дүрілдетіп жіберемін, — деді.

— Қанеке, шынымды айтсам, Бекеннен, Жолбарыстан қаймығам. Және ойласаңызшы, мына мен өзім басқаратын ферманың отарына түн жамылып, жып ұрған есалаңдай қасқыр болып шауын. Ойбай, енді естір құлақ, көрер көзге одан өткен сорақыны... Қалай дегің шыдап... Жо-жо, өлсем өлейін бірақ өйтіп өлуге тиісті емеспін, — деді жыларман болып, өз үніне өзі булыққан Шығыр.

— Әй, сенімен ырғасып, арбасып тұрар шамам жоқ. Қасқыр болып шабасың да, Алыпбектің отарын тоз-тоз ғып жібересің. Болмаса, — деді ызғарлы дауысын созған Қаныбек.

— Бара алмаймын.

— Барасың. Солай істейсін.

— Олай істей алмаймын. Ағатай-ау, бұл не ойын, не жасырынбақ? соны айтып өлтірші. Алдыңғы күні Шекербегің кеп: «сенің көмегің сол, Алыпбектің отарындағы қойды бірде-бір шопаң алмасын. Оның да малымыз сыймайды десін», — деді. Айтқанын өкі еттім бе? Өлмелі шешесіне бақтырсын ба, ақыры жалынып-жалпайып, онда да Бекеннің арқасында қаладан келіп жүрген өз ағаңа уақытша беріп кетті. Ендігі маған салып тұрған бұл қолқаларың, тек мені өлтіру! Оған бара алмаймын.

— Онда бар ғой, онда көйлек-дамбалыңды жуғызып, жолға жейтің азық-түлігіңді дайындап бер. Осы үш күннің ішінде түрмеден шығармаса Шекербектің Шекербек аты өшсін. Жүз лақ шөре-шөрелегенде өзіңнің де жаның жаһаннама жетер деді қолындағы қамшысымен керзі етігінің қонышын сабап. Қонышқа тиген қамшы арқасына тигендей Шығыр қайқаңдап кетті. Тынысы тарылып, ауын-буыны дірілдеп терлеп қоя берді. Қаныбек атына мінді. Ай туырлықтай түнерген бұлттың астына еніп барады.

— Өне, былай қара деген ол — айды көрдің бе, бұлтқа кіріп барады. Сол ай қайтадан көрінгенше сен де жетесің сол жерге. Бекен, Секен не керек. Сол қырт бәрін бүлдірген. Өз обалы өзіне. Менің ағама да обал жоқ неменеге жаны аши қалды, — деді кіжіне тіл қатып — ойранын шығар. Ал, өйтпедің ғой, өкпелеме! — деген ол желе жөнелді, атын борбайға тоса соғып.

Шығыр сілейіп тұрып қалды. Көзінің алды қарауытып, дүние дөңгеленіп бара жатқан тәрізді. - Іші от жалын жеген темір пештей

Алаулап жүрегі аузына тырылды. «Сорым қалың екен-ау! Мына-ларды адам деп... Қасқыр... жыртқыш... Бейбақ басым не көріп едің», — деп ентігін зорға басып ілгері жүрді. Бұдан да бар болған жөйтті түгін қалдырмай үкімет алдында жайып салып сотталсам сотталып-ақ кетсем қайтеді. Бүкіл түл денесі сот, түрме десе бегек тигендей қалтырай жөнеледі. Тағы сонысына бақты. Өліп қалам-ау, бір жерде. Түрме деген аты да үрейлі ғой. Ойпыр-ай, енді қайттім. Құдайым-ау, мендей аңғал сорлы пендеге берер дәреметің бар ма, сақтай көрші өзің! — деп жалбарынды бір сәт. Әйтпесе, нартәуекел! Ал, тартып кеттім!

Солармен бірге-ақ өлейіп. Жаным артық па? Бізбен бірге болсаң өлім жоқ дегені қайда? Бір сенері бар пығар. Бекерден бекер арыстан айға шауып мерт болды дей бермесе керек еді ғой. Мына сұмның түнде бірдемеге сенбесе бүйтіп шабуылдауының қисыны жоқ. Әйда, жұм көзіңді Шығыр!» деп бір толғанды. Әй, сонда қалай барам, жарайды жүйрік құланы-ақ мінейін. Қалай қасқыр болам? Қалай? Соны әлгі иттен неге сұрап қалмадым. Жолбарыс десе Жолбарыс қой, иті де. Атан түйені жарып өлтірер, түрі де суық пәденің. Оның аузына бір жерің...

Иә, онда о дүниеге кеткенің! Зәуінде ғой, Бекеннің қолына түсіп, әлдеқалай болсам, тірі өлгенім! Е, е, ол оңай кісі емес. Тірідей керіп қойып, отқа қақтасып! Оны да қойшы, жаздым, жаңылдым, есім дұрыс болмай қалыпты дермін. Ал, халық не дейді, аудан не айтады. Масқара-а-а!»...

Атын өкпеге теуіп дүрсілдетіп шауып келеді Қаныбек. Ойы — орманда, қиялы — қыратта. «Бұ Жәнібекті-ай, ә, не бар екен оған. Сол қу қақпастың үйінде не бар. Сонда барыш Алыпбектің қойын алын жүргені!

Әй, ана шал ма, өзәзілдің өзі! Бейбақтың миып ашытып, ақ үй де, көк үй де тікті-ау! Мейілдерің өз обалдарың өздеріңе. Егер ғой басқа жұрт алмаған отарымен бұрынғы жұртыңда отырғанда өзім-ақ жайғайтын едім. Енді мына қоян жүректің сөзі әлгі сонда не істеу керек? Атының басын сәл тартып ойлана қалды. Түн түшере қалған. «Қазір ғой, Бекен ауылы осы жерден көп болса он шақырым: Қоңыр белдің асты. Мен деп үш ұйықтаса ойына алмайды. Әйда, тарт, Қаныбек!»...

Алыпбектің директор болғалы бірінші жазған бұйрығы еді. Оның арты кейін белгілі натаққа анаарарын білген бе! Бұйрық аты бұйрық. Талқылау үшін емес, орындау үшін жазылады. Не бәрі екі параграфтан тұратын жалғыз бет қағаз бәрін тік тұрғызады. Бүгін екінші апта барлық басқару қызметіндегілер ат үстінде. Жаңа директордың тағайындалуына байланысты қоғамдық мал саналып, шопандардың мұң-мұқтажы, талап-тілегі есепке алынуда.

Әрбір сөз әсіресе малшының тұрмыс қажеті жайлы айтылған ой қағазға түсті. Күні бұрын жіп телефон арқылы бұл жайттен хабардар болған қойлы ауылдар өзінше алаң. Ертең айтар ұсыныс тілектерін алдын-ала дайындауда. «Мұнымызға не айтар екен, қандай жағдай жасайды» деген үміт пен күдік аралас түйткіл де аз емес еді. Әйтеуір алысқа кеткен мол олжалы қалашысын асыға күткендей жүректері лүп-лүп соққан.

Татаңбаевтың фермасындағы соңғы отарды санап болған соң, есепке отырған комиссия мүшелері тез аттанды. Бәрі-күні бұрынғы шопан кітабында көрсетілгендей артық-кем деген болмады. Осы жайында ма, әлде басқадай айтары бар ма Шекербек Алыпбектің бетіне жаутаңдап қарай берді. Бірнеше оқталып көп, бауғағарға келгенде тауы қайтып аузына сөз түспей, түйіліп, қабағы бір жазылмады. Соңғы ферма — Шығырдікі. Оның да бірнеше қорасы санақшылар алдынан өтті. Некен-саяқ кешелі бергі өлгені болмаса, түйдек шығын, ойсыраған кем бұдан да шыға қойған жоқ. Шопандар жаңа басшыға, соңынан «төрт көзін түгендеп» барлық қызмет көрсететін мекемелердің жауапты жетекшілерін ертіп жүрген басшыға, бүкіл мұқтажын айтып, оның нақты жүзеге асын шешілер мерзіміне дейін белгілетіп, «әйтеуір, бұрынғыдай ат өтті, есекдәме құрғақ уәде болмаса бопты» десіп, қауқылдасып қалып жатыр. Көңілдері көтеріңкі, сергек, дән риза ажар бар бәрінде. Бұрын өзі де талай кіжініп, қолға директор түссе, әй мынаны айтып, былай неге жасатпайсыз деп арылармын-ау. Ферма бастығы мен зоотехниктердің, басқа қосалқы қызмет адамдарының бәрін қарық қыламызына желбуаз боп қала қоймаспын дейтін Алыпбек өнді сол шопанның, күні-түні мал соңынан мойын бұра алмайтын еңбек адамының, қажетін өзі есепке алып келеді. «Қиқаңдай алмайсың, Жандыбаев! Қане, бұлтарып көр, бәрі өз басыңда болды, сен де біздей кешегі шопансың. Бүгін әкім болдым деп малшының тұрмысындағы ала-кұла олқылықты көрмей өтіп көрші», — деп тұрғандай қысылады. Ешкім осыншалық тереңге бармаса да, қалта дәптеріне тізген әрбір шопанның заңды талабы шашынан да көбейіп барады. Шындық! Олай емес, мына жерде бекерге өтініш айтасыз дейтін сылтау боларлық ештеме жоқ. Төңірегінде бүгін бұған не айтасыз деп елбек қаққан мәдени ағарту, тұрмыстық қызмет, сауда тағы басқа мекеме басшылары әшейін түкке тұрғысыз, бекерге жүрген жандайшаптар боп та кеткендей. Көбінің жұмысында өз міндетіне адалдық байқалмайтын тәрізденді. Осындай ой үстіндегі Алыпбекті Сарыжал биігінің басына жетіп тоқтаған Шекербек тосып алды.

— Алеке, меп өлгі ауылдағы тағамнан секем алдым ба, ұшынып қалдым ба, әйтеуір мазам болмай келем. Қасыңызда басқа жігіттер бар ғой. Шығыр ендігі қалған екі отарын өзі де саната алар. Маған ұлықсат етсеңіз, — деді түсі күреңітіп. — Қайда ұлықсат етем? — деді әлі де оның ойын түсінбеген Алыпбек бас зоотехникке қаба-

ғын көре қарап. — Үйге жетіп дәрігерге көрінсем деп өмі! Бойым қызулап, көтертпей, басым шағып келеді.

— Естіп тұрмын. Бірақ шыдаңыз Шеке, ең болмаса мына Қалыбектің отарын санасыңыз, — деді көңіліне әлдебір күмән кірген адамша:

— Шығыр, мына Шықаң да жететін еді ғой, — деді Шекербек майдалап.

— Шықаң, Шықаң, ал бас зоотехник осы бәрімізден жоғары жауапты кісі. Оның көзінен тыс, өзінсіз жерде қорасына түсер жайымыз жоқ, жігіттер солай емес пе? — деген Алыпбекке басқалар шу етіп:

— Әрине, Шекербексіз мал санап ұятқа қалай барамыз. Оның үстіне Қаныбектің отары болса... — деген олар да әзіл-шыны аралап күлісіп.

Шекербек машинасына асығыс отырды да есігін қатты жапты. Ой-шұқырға қарамай газды барынша басып, ағыза жөнелген. «Қара мұның аспаннан түскендей бола қалуын. Шекербектің көрген құқайы жалғыз сен емес. Жандыбаев! Неше күн тықырақтармын дейсің. Бір қора қой емес, басқаратының бір совхоз. Ертең-ақ мойныңа су кетер: — деді іштей. Қаныбек-те бұларды тықырши тосуда екен.

Алдымен жеткен Шекербекті күле қарсы алды. Бірақ зоотехниктің көңілі тым пәс екенін де жазбай таныған. Дүрдіп түскен оның бетіне бір екі рет көз қиығын қайталап тастады. Шекербек әдеттегідей ішімдегіні өзің тап демеді. Аналар келгенше ойын сарқып қалмақ. Тұяқты тұяқ жібере ме, олардың машинасының да гүрілі таяп кеп қалды.

— Әне, басатын албастыдай боп төніп келеді ауылыңа. Шығырдың жәйі өзіңе мәлім. Мен бұ жерде көріне алмаспын. Мені көйінгі сүре жарысқа таста. Белді өдің ғой, бетбақтырмай былай, — деді сөзін қысқа түйіп.

— Бетбақтырмағанда не деу керек? — иығына қара тұлып жамылын тұрған Қаныбек Шекербекке мұны жұтатын жалмауыздай боп кетті. Бойы дір ете қалды. Қаныбектің бетінің түгі желге қимылдап, ала көзі шоқтана түскен.

— Сен шопансың ғой. Еңбек адамымен арпалысқа түсетін ол кім? — Шекербектің дауысы «ұғамысың не айтқанымды» боп естілді Қаныбекке. Кейін бұрыла берген оған апыр-жапыр машинадан түскендер жабыла сәлемдесіп кетті.

— Қош келдіңіздер, — деді айра-жайра бар ықыласымен қуанған кісінің неіліні танытқан Қаныбек оларды қарсы алып, басқа сөзге келмей, үйіне бастап жөнелді. Күзектегі егіз үйі — қос киіз үйдің біріне піне темір пеш орнатылған. Қазір сексеуілдің жігеріне екі бүйірі қып-қызыл темір пеш тұсына кілем ілінген ұядай үйді жылытып жіберген. Тәрде қалың төсеніш. От басы таза. Көңірсіп тұр. Бір ауылдың, қалды бір совхоздың азаматы-бұлар бір фермада

Әйбек етсе де, Алыпбек Қаныбектің есігін бұған дейін ашпапты. От баспаң берекелі шаңырақтың белгілері бірден аңғарылған үй ішіне ол қалай көз жүгірткенін байқамады. «Көлдөң жатқан бір тал шөп жоқ. Жаңа ғана көшін кеп жас жұртқа қонған үй сияқты. От басы неткен қоңілді еді», — деп ойлаған ол нағ төрде неше түрлі пақыш, ою-өрнекпен безендірілген кілемнің үстіне ілінген қыз суретіне көз тікті. «Қасы қылып, қарақат көзі жаудырап, жұп-жұқа оймақтай еріні уылжып мұнан көз алмай қапты. «Ә, біздің үйге келдіңіз бе? Күтіп едім», — деп қас қақпай күлім қағып тұрғандай. «Айгүл ғой мынау... Иә, осы үйдің қызы» деп бір тоқтады.

— Оу, қонақтар, неге түрегеп тұрсындар. Төрге отырыңыздар, — деген Қаныбектің дауысынан соң ғана селт етіп, өзіне келген Алыпбек:

— Жұмысқа кірісейік, — деді баяу үнмен. Қабақтарда қатқылдық бар. Дауыстар да биязы емес, біреуге біреудің жауабы да ағаштан суырылған тот басқан шегедей ысқырып естіледі. Далада күздің қара суығы түнеріп шөп басы безектеп ызыл қақса, іште бет шарпыған ыстық лапылдайды. Әрине, ол мына темір пештен сыртқа ұрған жалын емес, көкіректердегі аптап жан ыстығы, ушыққан шулыққан, өкініш пе, жылымшы бірдеңе. Жаңағы директордың ұсынысына жауап кешігіп қалды. Дәл соны күткендей әсікті айқара ашып, екі беті піскен алмадай қызарып, мойыл көзі күлім қаққан әдемі мүсінді әйел ене берді.

— Сәлематсыздар ма? — деп едәуір қысыла амандасқан әйел, әлі де түрегеп тосырап қалғандардың жауабын күтпестен бетімау, мұ несі, — деп әйелге тән аңғал бейкүнә бейнеде ернін сылт еткізіп, — төрге отырмаушы ма еді. Бәрі түрегеп тұрғаны несі, — деді. Бір түрлі қобалжып әлгідегі күлім қаққан көздерінде үріккен еліктей елегізу пайда бола қалды.

— Отырмаймыз дейді бұ кісілер. Директор отырмаған жерге басқа кім тізе бұге алады? — деді жұлып алғандай Қаныбек. Үні зілді шықты.

— Төрге озу, тізе бұгу біреуге бас ию емес, үйді, түтін түтетен шаңырақты құрметтеу. Ал, шаңырақ астында жақсы да жамаң да өмір сүреді, — деді әйел.

— Туу, Жанғанша жеңгей, сүйегіміздеп өткіздіңіз-ау! Күн кешкіріп барады. Сосын, жұмыс бітпейік деп ақылдасып тұр ек. Бүйте берсеңіз бүгін осы үйге қонамыз, — деді әзілмен жауап қатқан Сапар.

— Е, қайдан білейін, ерлер түгіл, әйел адамдардың қабағына тоң қатырған мына тұрыстарыңыз, тұла бойымды түршіктірді. Сөйтп, былай, қайным, өзің бір жылы ұнырамасаң тоқсанның аязы денемді ақиқат темірдей қари жөнеліп еді, — деді Жанғанша. Шешен сөйлеп, тауып айтқан әйел өзі Алыпбектің көкейіне қонып барады. Қызының дауысы да осындай. Айнымауын-ай. Сартыл-

даған ашық мінезді бұлттан шыққан айдай жан екен. Бар тетігі аузында болар. Жанары неткен тұнық! Айгүлдің анасы ғой, бұл!»

— Сапекең дұрыс айтады. Жұмыс бітіре берген теріс емес, — деді оларды қостаған боп Алыпбек.

— Иығымнан көзге көрінбес салмақты жұлып алды-ау, мына кісі. Қас-қағымда неден кінәлі боп қалдық деп қысыла күлді, аһпақ тістеріне аралас алтын тістері жарқылдаған әйел тағы.

— Біз жеңгей кінә іздеп жүргеміз жоқ. Жұмыс бабы. Жұмыста игіліктен басқа не болады? — деген Алыпбек Жанғаншаға сынай қарады. Ол күлді де иіле бас изеген. — Үй-ішінде едәуір көңілділік пайда болды. Тек осыншаның ішінде Шекербек қабағын ашпады...

Імір қараңғы түскелі қашан. Қаныбектің отары күн батар бат-паста-ақ саналған. Бірақ әлі есепке отырған ешкім жоқ. Құйрығын зорға тартып жүрген қара тоқтыны алып ұрған Қаныбек мана-ақ оны сойып болып, еті қазанда бүлкілдеп қайнап жатса да үйге кіре алмай жүр. Оны мұны шаруа қамытынан мойнын шығара алмай сыртта жүрген сыңай танытады. Шопан кітапшасын қолына алған Алыпбек оны Санарға, Сапар Сағатқа ұсынды. Бір-бір қарап оқиды да иықтарын қозғап, ләм деп тіл жармайды. Сағат аз ұстап отырды да жамбастай жатқан Шекербекке берді. Ол басын көтеріп, орнына бар салмағымен құйыла отырып:

— Хат танымайтын кісіше неге жүгірте бердіңіздер бұ кітапшаны, — деді айбарлана көз тастап.

— Неге олай дейсіз? — деді Сапар, оқып-ақ отырмыз, бірақ оқығанмызға түсіне алмай дал болсақ-не дер едіңіз.

— Қанекел! Оу, Қанекел! — Шекербектің үні біреу буындырып жатқандай барқырады.

— Иә, — деді сырттан ол.

— Бері келіңіз. Немеңе, өзі үйіңізден қашып жүргеннен сауымысыз. Сырғақтап, от басына жоламай кеттіңіз ғой, — деді ызғарлы дауыспен.

— Міне, келдім. Үйімнен қашатындай маған не құқай тиді, — деді көзі алақтап.

— Мә! — деп қолындағы кітапшаны оның алдына тастай салды Шекербек. «Сен үшін мен жауап бере алмаспын. Не көрсен, өзің көр», — деген сияқты. Қаныбек сөзге төгін кісі боп шықты. Бар зілі мен кегін бірден Шығырға бағыштады.

— Құдайдың қысы мен жазы көрген рақаты жоқ сорлы қойшыға қожа еместі көрмедім. Міне, опырауләйші Шығыр, бізге басқаны қояйыншы мына маған не жақсылық етті. Өзі айтсын. Шопан таяғын ұстаған он бес жыл ішінде осы үйдің бала-нағасы монша көрді ме, лоқтыр көрді ме, мэгезін-дүкен көрді ме, кінә, ойын-сауық көрді ме? Жоқ! Жаз кәнікөліне келгенде балаларымыз оқитын кітап та ташпай қалаға шабады. Әй, Шығыр, шәниө бермей, көтер басыңды, мына лектрді жағатын маторға құятын пензінді де кеше салпақтап сонша жерге барып, соно-ау разбедкеден жалынып-

жалпайып, бірер жартыға сатып әкелдім. Құдайылығыңды айтшы, өтірік пе? — оны ішіп-жеп түтіп жіберетіндей қарады.

— Қанеке, — деді Алыпбек бұл айтқандарыңыз аса қажетті барлық тұрмыстық мұқтаждыңыз, оларға қосымша қыс үйіңіздің жайы да өз қалауыңызша талапқа сай өтеледі. Оған алаң болмаңыз. Менің сізден білмегім мына кітабыңызды сізге не бәрі үш жүз бас қапа қоғам малы бекітілген. Ал санағанымызда жеті жүз! Осы жұмбақты шешіп берсеңіз болды. Басқасы қолдан желетін шаруа! — деді. Ол оқшия қарады да:

— Кітапта не жазылса — сол! Не жұмбақ көре қалдыңыз. Мен қоғам малын ұрлады деп отырмысыз — болды шаншыла қалған оның жауабы.

— Оны қалай түсінсек екен, сізге неге елден ерекше үш жүз бас қана бекітіледі? Қой бағатын адам таппай отырған совхоздың жағдайын жақсы білсеңіз керек, — деді Сағат шыдай алмай қозғалақтап.

— Адам жетпесе өзің неге бақпайсың, — деп қарсы шабуылға шықты Қаныбек.

— Ол басқа мәселе, — деп сөзге Сапар араласты. Сіз негізгі сұраққа жауап беріңіз. Неге сізде үш жүз бас қана қоғамдық мал?

— Сол үш жүз! Аз ба? Норманың өзі сонша емес пе?!

— Мейлі солай-ақ болсын, — деді тағы Алыпбек жем-шөпті бірақ басқалардан екі есе көп алыпсыз. Сол арасы түсініксіз-ақ. — Енді мен малымды қыра алмаймын. Мал үшін, сол малым үшін ебіл-дебілім шығып рақаттан безіп отырмын, — деді тағы. Қаймығар, ұялар түрі жоқ.

— Шығыр... сіз не дейсіз бұған, — деп тұңғыш рет Алыпбек ферма меңгерушісіне сауал тастады. Ол қыбыжықтап:

— Айтты ғой өзі; айтты. Мен не істеймін. Қызық, шопанға жағдай жасасаң да бөлеге қаласың, — деді түк білмеген, түсінбегенсіп.

— Жарайды, жағдай жасай бер, әйтеуір не болса да шопанға жасайсың ғой деп бір жағы көпшік қойын көтермелеген боп, бір жағы шыжымдап істің мәнін жете тексере түскен Алыпбек неге бұ кісіге үш жүз-ақ бас бекітілген сомы айтшы, біз де бірдеңе ұғынайық, — деді. —

— Одан артық алмайды бұ кісі.

— Неге?

— Сол.

— Басқасы; ана төрт жүз бас кімдікі? — деді Сапар.

— Өзінікі.

— Өзі қайдан алады мұншалық малды? — деді Сағат түс көрген кісідей аң-таң боп.

— Өсіреді де, — деді Шығыр.

— Әй, өздерің не, маған сот құрғалы кеп пе едіңдер! Құдайдың даласында жайып өсірген малыма да тайынша көздеріңді қададыңдар ма? Болмайды, бола қоймас, — деп нығыздалған Қаныбекке:

— Не болмайды, не бола қоймас дейсіз? — деп Алыпбек қадала түсті.

— Әй, бала шаншылма! Өзім өсірген текешігім өзімді сүзді деп, сен не, менің тергеушім бе едің. Әлі мүйіз біткен жоқ саған ондай, асықпа! Алдымен елмен таныс, шаруа жайын игер. Сосын кел маған, — деп енді біржола бой теңелдік бермейтін ыңғай таныта сөйледі. Бетбақтырар түрі жоқ. — Сіз қызық адамсыз, — деді Сапар мападан үнсіз тыңдап отырған совхозда жұмыс қолы жетпейді. Демек, қоғамдық малды бағатын адам жоқ деген сөз. Соның мысалы кеше емес пе, мына Алыпбектің отарын алатын кісі таппадық. Таратып жіберуге де басқа отардың бәрі толық болды. Ал, сіз болсаңыз жеке меншік малыңызды бағып шалқайып отырсыз. Бір ай уақытша бағуға өзіңіздің туған ағаңыз Жәнібек тіпті, демалысқа кеп жүрген сол жолаушы кәнбесе, бір отар қойды қайда анапарымызды білмей састық. Ал, сіз деді одан әрі айтуға сөз таппағандай түңіле теріс қарап.

— Ешбір сізсіз жоқ. Әркімнің өз жағдайы, — деп кекете күлді Қаныбек. Сол жағдай шығар Жәнібекті де қой соңына салған. — Мейлі, солай, бәрін жағдай билей берсін деді. Сағат, Шекербек, осы Қаныбектің отарындағы жағдайды сіз білмейсіз бе? Анау бұған үңірейе қарады. «Саған сөз не керек» дегені сияқты. Жауап бере қоймады. Естіп тұрсыз ба, Шеке, — деді тағы. — Білсем-ше?

— Неге жол бересіз, білсеңіз, — деді Алыпбек. Сөз осымен тынды. Тек Қаныбек қана:

— Әй, мен үшін бірде-бірің отқа түспеңдер деді. Оны Шығырға айтты ма, Шекербекке айтты ма, бәрі оған қарады да қойды. «Сәрсен тегін адам емес екен-ау, бәсе ол соншалық жарылып сөйлемесе керек еді. Шамасы басқаға белгісіз бөтен сыр, құпиялы хабары болды-ау оның. Әйтпесе көп алдында соншалық қарсы шықпас еді ғой. «Талай ту бие, ту қой...» булығыш, бұғағы діріл қағып, түтігіп, тұрған сол күнгі Сәрсенді Алыпбек тағы көз алдына келтірді.

Бұдан кейінгі бар пәле, дау-дамай Шілжаннан нықты. Ойда жоқта бұрқ етіп, ду көтерілген өрт болып бір ферманы дүр сілкінтті. Ешкім күтпеген, есі бар пенденің ойына кіріп шықпаған сұмдық талайдың жағасын ұстатты. Іріңі атқылаған бітеу жара көзбе-көз жарылды. — Менде шопан кітабы жоқ. Болған емес. Қанша қой бекітілді, одан қанша тол алынды, жүн, бірлі жарым олгөнінің терісі — оның көзі ежірейіп, отырғандарды қарашығын ойнатып санап шықты да: — әлгі бүкіл движение, опыруәләйші мына Шығыр да, мен баққанды білем — демесі бар емес пе, түсі көгілдір ғартқан Шілжан.

Бұған дейін Сағымбаев, Бұқарбаев, Татанбаевтар басқарған фермалардың малын санап, шопандардың мұң-мұқтажын анықтап, қандай қызмет, нендей көмек керектігін есепке алып, алда атқарылар мәдени-тұрмыстық шараларды белгілеу кезінде бірде-бір шопан-

нан естілмеген мына сөз Алыпбекті қатты шошытты. Тақымын басқан қол төбереткеден ауып, құлап кете жаздады.

— Шопан кітабы жоғы несі? Жыл басында қанша бас мал санап алғаныңызды, одан туған төлді білмейсіз бе? — деп директордың түнере қалғанын байқаған Сапар сөзге араласты.

— Не бықсытып отыр мынау! Бүйректен сирақ шығарып, Қойның ондайды, — деп шамданған Шекербек шаншыла тұрды. Жайшылықта аузынан сөзі түсіп отыратын ол тез тіл қатты.

— Мая түгел. Бәрі орнында. Ақылы кем нәрсе ғой деп ат өтіге бұрын күмілжіді Шығыр. Сөздің қоламтасын одан әрі түрткісі жоқ, жайбарақат арқасын кеңге салғансып.

— Бауырым-ау! — деп араласты төтеден жұмысшылар комитетінің председателі Сағат — басқаны қоя тұрып, жыл басында қанша бас бекітілгенін айтшы. Содан шығады өзі. Әйтеуір бағатының аналық саулық қой.

— Мен бойдақ баққан емеспін, үнемі аналық, — деп танауын тыржитты Шілжан. Бәрі Шығыр біледі. Мына клеуниде де есебі болса керек. Неге сіздер мұнша мені, қашаған қамалағандай аңталап, сонша шошына қалдыңыздар. Ата жөнелер, ұра қашатын төртаяқты үркегің мен емеспін. Айттым ғой мен қойды баққанды білем. Баққанды! Біріне-бірі қарап бәрі аңтаң. Құрымынан ыс иісі бұрқыраған лашықтың іші қапырықтанып, Алыпбекке үй тарылтып кетті. Мұз шайнағандай шықыр-шықыр тісін қайрады.

— Бұныңыздан не түсіндік, — деп қайта түртпектеді Шілжанды Сағат:

— Атқа мініп отар соңында жүргенге мез болған қандай шопансыз? Волмайды бұныңыз, — деп қаттырақ дауыстап қалды. Шамына тигісі келіп отыр, бірақ басқалардан бата алмай, мейілдей қара мұртын сол қолының бармағының сыртымен сылап-сылап қойды.

— Қалыңнан қоян қаққан аңшыдай мені қаумалай беретін ештеме қалған жоқ. Айттым ғой, әйтеуір бір тұяқты қасқырға жегізген пенде емеспін. Өлім-жітімі құрғырың да болған емес. Не тапсам қазанға салдым деген екен баяғыда азық-түлігі таусылып жылаған балаларын жұбатқан ана. Мен де сол әйтеуір, алдымдағы отардан шығын дегенді білген кісі емеспін. Ал, басқа не керек енді деген ол, еті жел қағып қызарған көкшіл көзін кеңірек ашты да: — Мендегі енді сіздерге белгісіз дүние, міне астарыңызда жатқан ескі текемет, әне кереге басындағы жыртық қара тон, бір бөрзент плөш, түнде жамылар терсіңді көрпеше. Сосын, иә сосын мен өзім, — деді.

— Әлгіде айтқан жоқпын ба, — деп оның сөзін бөлді Шекербек бұл науқастау адам. Есіріктеу жан. Енді ауруы қозғалы келеді. Онда ма онда аузына не келсе соны сөйлеп кететіні бар. Ұят жасап жүрер.

— Осыны қажамай-ақ есебін өзің бере салшы, Шығыр! Ақыл-

есі бүтін болса өстіп жүрер ме еді. Мұның қандай адам екені бүкіл елге белгілі. Әйтеуір Шықаң бұл бишараны қамқорлығына алып жүр ғой деп сырғанатты Шекербек. Мұның шопан кітапшасы қайда еді? — деген ол өштеме білмейтін кісіше Шығырға тесіліп. «Осы немене неменесіне бар есебін өзі бере салмай сүметіліп аузынан сөзі түсіп, мүсәпір бола қалды» деп күйінді іштей.

— Ал, — деді Алыпбек Шілжанға мына отырғандарды танысыз ба? Ол басын ізеді жәмнеңдеп — отарыңызды қазір санаймыз. Қанша бас қоғам малы бар екенін анықтап, шопан кітабын ашып өзіңізге бекітіп береміз. Сан білесіз ғой.

— Е, білмей, — деп сағым шуағындай көзінде көкшіл сәуле тұнған Шілжан менің білмейтінім жердің астында, — деді.

— Айттым ғой, жаңа осыны көп оттатпайықшы. Науқасы қозын бір пәле болады, — деп Шекербек тағы да қауіпін ортаға тастады. Басқалар Шілжанмен сөйлеспесе екен дейді көңілі. Әсіресе Алыпбектің қазымырланғанынан шошынып отыр.

— Онда, — деп жалғайды Шілжанмен сөзін Алыпбек бізге ендігі аса қажет нәрсе шопанның мұқтажы. Шопан деген адам қой бағып ғана қоймайды, көбіне қоймен бірге ой да бағады. Сондағы басты ойы өз басының мұң-мұқтажы, шаруа жайы, от басының жағдайы. Міне, қоғамдық малды шығынсыз, мол өнім беретіндей етіп бағуда шопанға қолайлы жағдай жасалса, ол да өз міндетін ойдағыдай жауапкершілікпен атқарады. Сол мұқтажыңызды сіз айтасыз. Біз оны шопан кітабының «ескертулер» деген тұсына әдемілеп жазамыз да, оны кім, қай күні, қай айда атқарады. Демек, мәдени тұрмыстық, немесе шаруашылық қызметіне, дәл анықтап, ондай қызметті нақты атқаратын кісіні белгілейміз. Ол кісілер қазір көз алдыңызда түгел, осы әңгімені естіп отыр. — Шілжан кірпігі жыпықтап, жудырықтай денесін сиғызар жер таппағандай қозғалақтап кетті де:

— Мұны кім ойлап тапты? — деді Алыпбекке шын айтып отырмысың дегендей алдына жылжыңқырап отырып, әлі таңдануын жасырмай мұқтаж, мұқтаж дейсіз, ә? Шопан мұқтажы ол өзі тағы. Әй, жас директр, барлық шопанның мұқтажын жіңке тізіп жүргенің жаңалық екен. Істің, әр жұмыстың алға басар кілтінәні сонда! Дәл таптың! Ол жайында, — деп тағы ойына бірдеңе түскендей бет-аузы, шанжаулап өскен сақал мұртына дейін жыбыр қағып менен басқалар айтар, айта берсін. Менің мұқтажым тіпті басқа. Оның атын айтып жанымды, жанымды қинамай-ақ қояйын. Сіз де қажаманыз, бәрібір қолыңнан келмейді, — деді салы қайтып.

— Басталды сөйтеді. Сөйтіп бастап, қазір дал-дұл болады, — деді Шығыр.

— Ол не өзі айтсаңызшы естийік, сосын көрмейміз бе, — деп Сапар мен Сағат та шыдамсызданды.

— Жарайды айтайың, — деп еңсесін көтерді Шілжан маған қажет нәрсе:

— Жан! Ар! Есі Рухани күш! Осыны кім бере алады. Жыңды, есалаң атанған кісі не іздейді соны беріңдерші! Көзі алақ-жұлақ.
— Әй, сен немене өзі, бізді құдай деп пе ең, саған жан, ес беретін, — деп гүж еткен Шекербек, — Аләке, осыны сөйлетіп қайтесіз. Бұда не бар, сөзінің түрі мынау. Әй, Шықа, сіз немене есалаңмен бізді есалаң қып осылай тәжікеге салып, мөліп қалдыңыз. Давай, есебіңді дайында, мал санаймыз, — деді, сөзді одан әрі ұзатқысы келмей белінен басып:

— Болып отырсыздар ма, болды. Шығырдың жауабы орынап қонадап екі-үш ұмтыла тұра беріп. Басқалар да расында, бекерге әуреленген екенбіз-ау, деген ойға тіреле берген.

— Алыпбек Жандыбаев жолдас, — деп сыздай қалды орынап тәлтіп тұрған Шілжан. — Мыналардың сөзін естідіңіз ғой, естіп тұрсыз ба? Онда мені соңғы рет тыңдаңыз. Бірақ, — деді шикіл түсі лезде қоңырлана қалған ол демін еңтіге алып, — мені бұдан кейін ешбір сөзге араластырмайсыз. Араластырмайсыз ғой? Сұраулы көзін айырмай қадалып тұр. Алыпбек «бұ не деп тұр» деп ойлады да, сөз басын ізеді. — Бәрібір мені енді сіз көрмейсіз, мен сіздің қолыңызға түспеймін. Менің құдайым басқа, ол мына Шығырдан да рақымсыз тағдыр! Тағдыр атты құдайды білесіз бе, көріп пе едіңіз, танысыз ба? Әрине, танымайсыз. Сіз онымен енді, енді ғана істес болып, өмірді енді бастаған адамсыз. Менің мұқтажымды сіз бере алмайсыз. Ол сіздің қолыңызда жоқ. Берсеңіз де мен сізден алмаймын. Сіз адамсыз, ол тағдыр!

— Ой, мынауың не сандалып тұр! Тоқтат әрі, жұртты жолынап қалдырма! — деп айқай салды Шекербек. Оның сөзін тыңдаған Шілжан жоқ. Сіз түгілі, — деп әлі де буына сөйлеген ол, — сіз түгілі құдайдың қой бақтырған бес жылында, өкіметті қойшы, оның қазанын кім толтыра алған, мына Шығырды да тойғыза алмадым. Не алған алғысым, не көрген жан рақатым жоқ, — Кемсеңдеп енді анық бейбақ күй кешкен Шілжан тікірейген жирен сақалынап төгілген терін сүртті. — Не ішер асқа, не киіп киімге жарымадым. Ала тақия кигендерге кемі бес жүз арқасын басып, аузын ашып шоң құйрық қой сатқанда да, жағасы бүтін бір қойлек кигізді ме? Кімге болса да құдай берсіп. Құдай бермеген пенденің, оңғанын, бүйірі шыққанын көргенім жоқ! Қарақан басым дүниеге сыймай жүргенмен деп төмен қараған оның иығы селкілдеп кетті.

— Мынаны әкет, әкетші әрі, құртшы көзін! Есі ауысқан пендемен уақыт өткізіп, не тұрыс бұл! — деп Шекербек жерге түкірді. Басын ошаң еткізін көтеріп алды Шілжан, оқты көзін қадап: — Дұрыс айтасыз, Шекербек мырза, бұған дейін Шілеке едім, құдай кездестірген қыдыр, көктен түскен несібе едім. Енді есі ауысқан пенде дедіңіз бе? Біржола мисыз, мәңгүрт етіп, көрсеткіңіз келді, ә? Жарайды, таразыға түсейік, — деп босағада сүйеулі күректі қолына ала салып, лашықтың оң жағындағы төсенішті жұлпып тастап,

бұрқыратып қопара қазды. «Бұ не істеп жатыр?» деп үлгергенше мұқият асылындай етіп теріге, сырты тағы құрым кигізбен оралған түйіншекті жазды. Қалың дермантин тысты жалпақ дәптер едәуір ұсталғандықтан ескіріп, шет-шеті жырымдалып, тозып, жыртылыпты. — Құдайдан кейін өзім ғана, басқа тірі жанға көрсетпей бес жыл бойы көзімнің қарашығындай сақтап жиган бар қазынам бұл менің. Жамбасының астында, қара жерге көмілген, есі ауысқан адамның бар байлығы, — сыры осында! Мә, менен басқа сұрарың болмасын, көрген білгенім де, көңіліме түйгенім де, өсиетім де осында! Өсиетім дегеніме күлмеңдер, әр педденің көзі өзінше көріп, ақылы өзінше қорытады. Өзінше өсиет айтады. Тағы айтайын, өкіметтің, одан қалды мына опырәуләйші Шығыр мен кләуни зоотехник Шекербек мырзаның барлық тұяғы осы қағазда маңырап жайылып тұр. Қайыр, қош ағайындар! Мен кеттім, — деп есіктеп шыға бере, — Алыпбек, құлыным, бері бері, маған қарашы, адал азамат боп келе жатсың еліңе! Әрбір еңбекшімен сырласқаныңа жан семіреді. Көсегең көгерсін. Көзге шұқшп, қолмен көрсеткенді орындамаса бұлардан не үміт, не қайыр, орындарына бір құрай! Ал жағдай жасалғанда еңбектің өнімділігін арттырмаған малыпыны жер бетінен іздеп таппассың! Мұратыңа жет! Халқың осы бастаған жанашырлығың үшін сені де жерге қаратпайды. Алған бетіңнен қайтпа! Алдың кең өріс! Төбең көкте, аяғың жерде болсын! — деді басқаны бұдан кейін тыңдамаған Шілжан жүгіре басып, кетіп бара жатты. Қара дәптер Алыпбектің қолында қалды. Бірдеңе деп сөйлеуге оқталған оның аузы ашылып тұрып қалған. Өкпе, бауыры қолқасын қопарып суырып ала қанып бара жатқандай Шығырдың жан дауысы шықты.

— Тоқта! Тоқта! — деп Шілжанның соңынан тұра жүгірді. Жетіп те барды. Жағасына жармасып тоқтатпақ болған. Бірақ, қатты серпіп, әлжуаз көрінген Шілжан тығыршықтай төртбақ денелі Шығырды кеудесінен қағып тоқтатып кетті...

Бәрі түңіре қалды. Дәптердің бірінші бетін ашқан Алыпбек «198... жыл 1-декабрь 600 саулық қабылдап алдым» деген жазуды оқыды. Бірде-бір бас шығын болған жоқ. 630 қозы қосылды... 45 ешкі бар. Шығырдікі. Саулықтың отыз үшін Шекербекке жаздырды, өзінің отыз саулығы бар екен... Ашық аспаннан жай түскендей Шекербек пен Шығыр үнілей береді. Басқалар тілсіз, жақ ашпай, әліптің артын бағып қалған...

Иә, осынша бір фермапы дүрліктіріп кеткен Шілжан кім? Қайдан шыққан жұмбақ жан? Тұра қашқаны несі? Талайдың көкірегің қарс айырған бұл сауалға енді кім жауап береді.

Шілжан оқиғасы бүкіл елге тарайды. Ол қауға тиген өрттей ауыл-ауылдан жағалап күшейе түсті. Ана жолғы Бекен қой күрестінде болатын түнгі сұмдықтың ізі де солай суыртпақталды. Қалиман ана осынша ұзақ өмірінде құлағы естіп, көзі көрмеген сол қорқыныштан үрейі басым көрініс көзіне емес, ойына елестетсе

болды жүрегі аузына тығылады. Бекенге таң қалады. Күні бұрын сондай бір сұмдық сойқанның боларын алдын ала сезгендей қстап сыртына қарақшысын тұрғызып, жаңа жұртта мал үйренгенше өргіш, секемшіл үріккіш болады, — деп түн күзетін өз мойнына алғаны расында көрегеннің болып шықты. Аз күн ауылымның қасына көшіріп алып, жалынып-жалпайып уақытша отарын ит-құсқа қырғызып алып масқара болмайын деп, Бекеннің шыж-быж болып жүргенін Қалиман қайдан білсін. Атының жал-құйрығы неткен ұзын! Әй, шұбатылып жатыр, жерге тиеді, жерге! Қайдан ғана есік алдына жата қойып өді. Ай жарығында бөріні анық көріпті. Үстіндегі адам емес дейін десе, барқыраған дауысы адам! Ал киім ше? Ала-құла бірдеңе! Мән көрген астындағы — аты ұзын жал құйрықты аспақ сүт түсті. Ал, Бекеннің көргені түндей қап-қара! Төңірім-ау, сондай да жылқы түрі-түсі болушы ма еді. Ал, анау адам емес, пері шығар! Бір адам мінген аттың екі адамға екі түрлі болып көрінуі пәліктен! Мұның сыры неде? Шіркін, Жолбарыс, сенің сол күнгі еңбегіңді кім ақтар. Сен болмасаң қорада бір қой қалмай тоз-тоз үркін, шілдің тезегіндей боп құрып кетер еді-ау! Ит болсаң да, бірегей жарықтығым-ай, жеті қазыяның бірі екеніңе көзім осы жолы жетті! Ау! Иә, сонда ол не үшін біздің қораға шапты екен! Мақсаты не? Егер пері, дию болса, одан кейін қайда жоғалып кетті. Неге қайтадан тағы бір соқпай жүр. Жолбарыстан қорқа ма? Масқара болғанда балама, Алыпбегіме шапқан, соған қарсы ұйымдасқан қаскөйлік болды ма екен?!

Қарт апаның құлағына жолбарыстың алыстан сондағы шабаланған үні естілді. Бекеннің айбатты айқайы түн түнегін, қақырата аса зорайып биіктей шыққан!

Көрші қотанда Жәнібек пен Тазагүл де шыр-пыры шығып «айтақтан-айтаққа» басып дүниені өзінше күңіреткен. Сол түн оқиғасы да әркімнің ойында жұмбақ боп қалған еді. Қалиман апаның басына неше саққа жүгірген осындай ойлар келетін. Әбден шаршап, ой жеп титықтап қажығанда ғана қайнап суалған судай сарқылатын. Көп сарсаң болған қиялынан сонда да қарт бір сәтке күні бүгінге дейін толас тапқан емес. Енді көп сырды Шілжан ашты. Шілжан... Өмірде қайғы мен қасірет жұтып шерменде болған жан еді. Шемен шер тас боп көкірегін жайлап, өзегін өртесе де өзінің басындағы мұңын тірі пендеге айтпаған бұл — жұмбақ адам сол түні өз ұясынан беті ауған жаққа қаңғып кете барған. Ойында қаңғырып құба жонда өлуден басқа ештеме жоқ еді. Тағдыр талайына салған, төтеден түскен үш ұйықтаса ойында болмаған сұмдық апат ақыл-естен таңдырған. Тек кеудеде шықпаған жаны бар тірі мүрде дала кезіп, шығандап шыға берді. Ойында тек өлу! Онда, да басқа емес, елсіз-күйсіз, шөл далада ит-құсқа жем болуды ғана қалады. Басқа өлімнің бәрі ол үшін қасиетті, құрметті-өлім болып көрінді. Иә, сол — Шілжанды ұясынан айдап шыққан қасірет таяғы оған былай тиген еді. Қыр соңынан қалмаған сол тілсіз рақым-

сыздық жон арқасы әлі осқылап, жұдырықтай жүрегін әлі паршалап келеді. Адам итжанды деген рас болса, сол жан Шілжанның кеудесінде қыңсылайды. Бірақ тумысында мәрт жаратылған ол ыңқ деп сыр берген де емес. Қынжылмайды. Тек іштей шыбыны ғана шырқырайды. Жаны қанша күйзелсе де тәңіріне деген қарғыс өшпенділік ың етіп, тағым етіп бас имеспің-ау деген антынан бір жаңылған емес. Қанша қиналса, азап шексе соншалық аласұрған қиын қыстауда оның көз алдына сәбиімен Әсемі, әлемдегі ең ардақтысы елес беретін. Әсіресе, ең кіші қызының оң қолы анасының мойнын құшқан қалпы жан бергені мұның алай-түлейін шығарады. Іні-бауырып өрт шалып, сай-сүйегін сырқыратып жіберді. Алыстағы аңшылық шаруашылығының жұмысшысы, расында сол күні балаларының қысқы каникулға келетінін күтпеген. Ажал айдаған арқар тұзаққа өзі келеді деген рас болыпты. «Әттеген-ай, дәл сол күні неге ғана келе қалды екен». Осы жалғыз сөйлем миын соққылап, жанын жейді. Қалың қара кірпігі айқасып, оймақтай аузы жұп-жұқа шиедей боп үлбірен тұратын қып-қызыл еріндері бонбоз боп қатып қалыпты. Бір жақ езуінен болар болмас қана сарғыш сілемей запыраны кілегейлене ағыпты Әсемнің. «У» ғой! Сол ғой, сол иіс, көмірдің иісі әкетті! Қайран құлыншақтарым-ай, қос балдырым, қос арысым ең болмаса «коке» деген бірауыз дауыстарыңды да ести алмай арманда қалдым... «Қайдан ғана төргі бөлмеге жата қойып едім. Ауыз үйге бірге жатсам, аналарың секілді сендерді құшағыма алып мен де мәңгі ұйқыға бірге кетпес пе едім. Опасыз өмірде мен үшін енді не қалды? Арманда аңыраған сорлы әкелерің де не қызық қаснет деп даланы күңіретіп зарлап-зарлап алатын. Ол сол таң сәрідегі қайғыдан есеңгіреп есінен танды. Бір қырдың беткейінде торт төмешік пайда болды. Шілжан оның басына сағат сайын барады, зарын айтады. Бірақ өлі дене кімге тіл қатқан. Айдаладағы екі-үш үй адамы қанша басу айтса да, бір сөз құлағына ақыл боп дарымады. Бала-шағасы опат болғаннан кейін қырық күн аза тұтқан ол қаңғып, өлімге бас тігіп бір түнде өзін-өзі жоғалтқап еді. Беті ауған жаққа жүре берді, жүре берді. Тамақта алмапты. Бүкіл дүние мүлкін тастап, тақымына жалғыз атын мініп қана бел асқан. Есі кетіп, көзі қарауытты. Бірнеше күн-түн жол мұны талай қиян шетке ұзатып алып кеткен. Ең соңғы сөзді тағы өзі айтып, өз үкімін озі шығарды. «Жануар сенде жазық жоқ. Бар, төрткүл дүниенің бетінен несібенді терін же» деп астындағы атты да бір жерде босатып жіберген. Айдалада қанатсыз қырандай жалғыз қалды... Пәруана жанына еш рақым күтпеген қимылсыз, дәрменсіз хал құшағына енген...

Көзін ашты. Аузына су тамызып, қасында біреу отыр. Бір адам бірде екі-үш, кейде он болып бұлдырайды. Көзін жұмды. Өлген жоқ па еді. Ақиқат өлген. Енді қайда отыр. О дүниеде шығар. Еміс-еміс бірдеңе елес боп, ызың үн, дыбыс үзін-үзін сөз боп естілетін тәрізді. Бәлкі, о дүниедегілер мұны ортаға алып, тіршілік-

тегі көрген-білгенін сұрап, жауап алып жатқан шығар. Ол есінен танып, кіресілі-шығасылы халде бірнеше күн өткізген. Ақыры өзінің қайда екенін анық пайымдаған. Дәл сонда ауыл адамдары бұл туралы едәуір әңгіме құрып, біреудің «өлмеске дауа жоқ» дегені рас екен. Мынау адам емес, кәдімгі шіл ғой. Қарға кіріп, қар астында күн көретін құс. Бұл сол Шіл жанды кісі екен дегенін ұққан. Мең-зең бірнеше күндер, апта, айлар өткізді. Бір адаммен сөйлеспейді. Әйтеуір бұл тап болған үй бұған мейірім төкті. «Есі бүтін болса, түзеліп кетер. Ел-жұртын табар. Аласқан бейбақ та» дейтін мұны мүсіркеп ауыл адамдары. Бұл бар уақытты жатумен шала ұйқы күйде өткізетін. Расында ол өзін шала есті сезінді. Бірді айтып, бірге кететін. Кейде апталап ас ішпей, тірі пендемен сөйлеспей қалатыны болатын. Сөйте-сөйте ақыры от басы шаруасына қатысып, алып кел, барып кел, көріп келге жараған. Бар ауыл мұны Шілжан атап кетті. Тіпті, неғылған пенде, қайдан жүр, қандай тағдыр төлкегіне ұшырады, одан қалды, азан шақырын қойған атын да ешкім сұрамады. Міне, Шілжан осындай тағдырмен жел айдаған қаңбақтай Шығырдың қолына тап болып еді... Осы жұмбақ өмірлі адамның «шопан кітабы» — Шілжанның күнделігі боп совхоз басшылығының қолына тиген. Онда жазылған әңгіме, шертілген сыр, талайдың аузынан су ағызып, кейбіреудің құпиясын ашты. Мәселені ширықтырып, көп жәйтті шиеленістіріп жіберген сол қара дәптер жайлы аңыз ауыздан ауызға көшті.

Жәнібектің өміріндегі қызық күндері енді басталған тәрізді. Бір күнінен бір күні мағыналы, мазмұнды болып барады. Бұған дейін әбден дағдысына сіңген өмірі сегіз сағаттық жұмыс күші ережесі де бұзылды, оны елеп жүрген бұл жоқ әзірге. Қаладағыдай бойы салдырап, бұлшық еті ұйығандай мең-зең, дел-сал болатын беймазалық та байқалмады. Қайта жараған аттай күн сайын ширап, жаңа сергектік талқан түрі бар. Ұшан қиыры көкжиекке сіңіп, бұлдырап көз талдыратын дала зеріктіреді-ау, бірақ қайтіп енді, жалғыз нағашымды аз күнге бола, көңілін қалдырып, жерге қаратамын. Зеріксем, жалықсам, мені бұлар байлап, зорлап ұстамас. Қиналып тұр екен. Халқы сенім артып, үміт жібін қолына ұстаған жігітке менің де білдірген ақ пейіл, адал ниетім болсып. Бақсам бағып-ақ көрейінші. Бұл да ел игерген кәсіп қой деп Алыпбектің отарын алған алғашқы күндер шумағынан тарқатылған ала арқандай күнімен түні ауысып жатты.

Мұны бірақ Бекен көзінен бір сәт қалт таса жіберген емес. Отарын қатар өргізіп, қоңыр бұйрат аталатын шүйгін тортадан ашылы-тұщылы атырапқа беттеуін дағдыға айналдырған. Өзі қоңыр биік атаған иығы көтеріңкі, басқа жалбыр бөрік жатаған төбелерден оқшау қарақшы шоқының үстіне жайғасып ап жусаны ке-

регедей, бетегесі бөстектей, изені қызыл балақ қалыңға қос отарды қатар өргізіп, әңгімеге көшетіні бар. Жәнібектің аузынан суы ағды. Теке көзін біресе бұған күлімдете, біресе қой өрістеген кең далаға сығырая тігіп алып, төгіле сөйлейді. Таудан аққан өзендей сарқырап, бір тоқтамайды. Сөйлеген сайын екіленіп, әруақтана түсетінін қайтерсің. Белгілі бір кітапты оқып, немесе белгілі бір дастанды сырғытып жатқа айтып отырған тәрізді. «Шіркін, дүние десеңші, сенің көркіңе көз тойған ба», — деп алып тамылжып созылған әндей қызық әңгімесін үзе алмай тебірене жөнелді. Ондайда Бекенді кім кідірткен!

— Әне қарашы, Жәнібек жан, әр қойдың аузында бір гүл. Ауыз көп пе, гүл көп пе? Бырт жұлып алып, таңдайы тақылдап бал жұтқандай телмендеп еміне ұмтылады. Ынтыға қимылдайды. Қарашы, қарағым, бәлкі сен байқай алмай отырған шығарсың. Зейін сал, — деп мұны әңгімеге шақыратын сәтте «гүлі қайсы, жусап, боз, бетеге, қарғатұяқ, қуарған сасыр ма? — расында, мен байқамайтын шығармын», — деп бетіне байыппен қарай қалатын Жәнібектің ойын деп басып, оның көкірегін жайлаған күмәнді бұта түбінен пыр-пыр ұшқан торғайдай үркітетін.

Мәрия мен Сәпурадан тараған өсек-аяң басыла бергенде, Шілжан оқиғасы бір ауылды дүрліктіре жөнелді. «Ақыры солай болды. Есі дұрыс адам күзетші кемпірдің, өз анасынан да үлкен, кісінің қолындағы кілтті тартып ала ма? Мейлі, онысып жұмысқа ерте келмедің, дардай директор басыммен мені есік алдына баладай-ақ тұрғызып қойдың, беделімді түсірдің дегені болсын. Әрі-беріден соң, онысын еңбек тәртібін түзеу үшін жасалған алғашқы қадамы деп-ақ қояйықшы. Сонда мына сорақысы не?» Осылай бір совхоздың жел жағына иісі қолқаны атқан қарамай күйгендей немесе жердің қыртысын суырып дөңгелене көтерілін, үй жыққан дауыл тұрғандай гу-гу әңгіме ел жағалап жүре берді. Оған шопыр айтты деген сөз қосылып, өсекпен жалаға тамызық боп неше жылғы тау үйінді қоқыс астынан жанып бықсып, тұтана алмай жатқан шіріндіге от тиіп, енді ол белгілі өртке ұласуға бет алған. Жел үрлей жөнелген қу майдай жанған өсек лапылдап, қараңғы түнекте қолына сырық, басына шырақ жағып, ел кезген есалаңдай зыр қақты. Бәсе бекер болмады. Осы директордың деңі дұрыс емес екен деп еді. Әйтпесе, қараптан қарап келе жатып қасындағы шоферына машинаны аударып алып масқара болмайық деп баранкасына жармаса ма? Ой-ба-а-ой, бұл қырсық шалған жерге қайбір оңған бастық келуші еді, — деп сымсыз телефон арқылы ауыздан ауызға тараған қаңқу енді Шекербектің үйінде, сол бір айсыз қараңғы түнде қағаз бетіне түскен. Өшпестей боп артынша тасқа басылды. Арнайы жедел шапқын арқылы қаладағы почтаға жеткізіліп, одан әрі кідірмей жол тартты. Жай сөз емес, жүйелі ойы бар, езінше айтары бар, естігенді дүрліктірсе, оқығанның төбе шашын тік тұрғызатын боп бара жатты.

— Соны ел басқарады деп! Әйтеуір ел ақсақалы дегенге алжыған байғұстың сандырақтап атын атап қалғаны бүкіл елге қырсық болып, өшпес өрт, өлмес пәле болып шыққан жоқ па? — деп қолындағы дәптерінің бетін ашқан Мәрзия сықылықтап күлді кеп. — Біздің елдің ақсақалдары-ай, жығылса тұрмастай, тұрса сүрінбестей осындайда қатып қалады емес пе! Әйтпесе сол Бекен шалға сондай сөздің керегі қанша! Менің күнделігімде міне Алыпбек жайында бірінші жазылған сөз «өзінің дені дұрыс емес-ау. Әйтпесе, алдындағы қоңырауды басып қалса, мен жетіп бармаймын ба? Ал, ол директор басымен дедектеп ауыз болмедегі маған жүгіріп кеп «ананы шақыр, мынаны шақыр» дейді. Бетім-ау одан да өткен масқарасын қара, ең арғысы телефонмен сөйлесуді де білмейді ғой. Бәрін өзім көрсеттім, — деген оған Сәпура қабағын шытып:

— Сен де жаның ашымайтын жерде сөйтіп алып-ұшып қалады екенсің. Білмесе білмей қалсын, үйретіп нең бар еді, — деді ерінін шүйіріп.

— Енді қайтейін, томардай жігіт, бір елдің басшысы деген азамат аузын ашып отырғанына намысым келді. Жүрегім удай ашылып, әттең дүние мына орындықта Шекер көке отырар ма еді, маңдайы жарқырап деп ақиқат сонда қатты күйіндім.

— Бос сөз не керек, тез іске! Я деп гүр ете қалған Қаныбек — Мәрзия, сенің пошеркің жақсы және тез жазасың. Отыр орныңа, — деп оны тез жайғастырып, қолына қалам ұстатты да, ал, Әшір, сен айтшы, Шілжанды қалай қинады ол? — Қаныбектің түкті беті түгі қырқылған тулақтай қарауыта қалды.

— Айттым ғой, бір өтірігі жоқ, — деді Әшір.

— Сонда не, шопан кітабың жоқ деп сабап жүр ме? Әлде, малың кем дей ме?

— Ол арасын енді-і, дәл пе үшін болғанын Шекен басы-қасында бар ғой, со кісіден анықтасаңыз деп тойпандап, Қаныбектің көкейіндегі айтар ойын тап баса алмай кідіре берген Әшірге:

— Әй, — деді Сәпура, сен адам емессің бе, жігіт емессің бе? Оны несіне араластырасың бұ жерге, онсыз да ағаңның жұдырықтай басы шарадай. Айтатыныңды, құдай берген жанын өзі алады, айт, несіне тайсақтайсың. Сенің құдайың Алыпбек емес шығар.

— Құдай бұған аямай ауыз берсе де, жүрек бермепті! — деп қыжыртты Мәрзия — осының орнында еркек болсам ғой, көрсетер ем керімді! Алыпбек ашсам алақанымда, жұмсам мына жұдырығымда болар еді. Әттең, сараң құдай болмашы бірдеңесін қимапты, — деп сақылдап күлді.

— Жетті! Не, мені қайтадан туғызайын деп не еңдер — Әшір ашуланайын деп қызарақтап еді — Қаныбек:

— Жігітім, сен не осында ұрсысып, не тәжікелесуге келіп пе едің деп көзін алартты. Әшір жапақтап:

— Не дейсіз енді маған. Алыпбекті өлтір деймісіз, — деп бағжаң ете қалды.

— Өлтіретін жері келсе өлтір. Ал, айыптайтын жері келсе не айтыны бар. Соны да бізден сұрауың керек пе? Саған айту аз, нақты іспен көрсетпесе ұққанбысың, — деп астыңдағы орындықты сықырлата қозғалды Қаныбек. Аңадағыдай басыма қона түсе ме мына жауыз деп шошына қалған Әшір қана жөнелуге дайындалған баладай есікке жалт қарады.

— Саған неше рет айту керек, мына біздер тұрғанда сені алатын жау да, пәле де жоқ. Оның дауысы қатты шықты.

— Бәрің айттым ғой, менің білетінім, көргенім сол. Басқасын Шекең біледі. Шығыр біледі, — деді міңгірлеген Әшір үні мұқалып, — Жаз деді одан әрі бұйыра сөйлеген Қаныбек Мәрзияға тесіле қарап, ең жоғарғы орынға, үлкен кісінің тек өз атына ғана арнап жаз «Майқоңыр» жерінде баяғыдай асыра сілтеушілік басталды. «Қайта құрамыз, шаруашылық есепке, өзін-өзі қаржыландыруға көштік» деген бозала жел сөзбен онсыз да тұралаған шаруашылықты біржола тұғырлатты. Жандыбаев деген шопанды директор сайлап, ілгері басар өмірдің тағдыры қатерге, келешегі құрдымға құлағалы тұр. Жақында болған алым-берім, жаңа директордың шаруашылықты қабылдау кезінде, Шілжан деген шопанды, — иә, — деп басын көтерген Қаныбек қасындағыларға ойлана көз тікті. Соның пәміләсі кім еді, ә? Білетіндерің бар ма? — бәрі бастарын шайқады.

— Әйтеуір аты — Шілжан. Ал, әкесінің есімін естіген емеспіз, — деді Мәрзия.

— Бұйрық жазғанда, оны малшылыққа қабылдағанда кім деп, — деді тағы ала көзі үлкейіп Қаныбек.

— Есімде жоқ әрқашан Шығыр өзі ғой, оған қатысты документті реттеп жүретін. Мен білсем, соның аты-жөні, совхоздағы ешбір бұйрықта жоқ-ау!

— Не деп отырсың сен? — деп от басқандай Қаныбек үрке қарап — «совхоздың қойын бағып жүрген адамның аты-жөні ешбір документте жазылмайды, ә. Сонда оның бағымындағы бір отар қойдың да есепте болмағаны ма? — деп қашаннан өзінен басқаға сенбейтін зымияндығы жеңген ол ішінен қып алып, мұныңыздың қисыны жоқ екен. Ауада қалқып жүрген не адамның, не құдайдың есебінде жоқ неткен пәнде ол өзі? — қадала сұрады.

— Мұның анық сырын, Шілжанның не жұмбақ жан екенін тек Шығыр, Шекең, сосын, иә сосын Балта біледі, деді күмәнданбаңыз деген үнмен Мәрзия.

— Ім-ім деді ойланған Қаныбек қызық екен. Әлде деп Мәрзияны қайта бір қағып оның пәміләсін ұмытқан шығарсың мүмкін есіңе түсер.

— Сіз де болмайды екенсіз. Адамы түгіл осы совхоздың інде жатқан тышқанына дейін аты-жөні ғана емес, түс-түгіне дейін айтып бере алам. Ал, бірақ Шілжан... Иә, осы Шілжанның әкесінің

Атын өстірген емесің. Шөкеңнің бірде курортқа жүргелі жатқанда «өйтеуір, осы жолы Шілжан ерледі», — деп Балтаға құлгенін құлағым шалғаны бар, — деді Мәрзия.

— Түу-у, Мөркен-ай, қайдағы жоқты сөз қып, Шілжан ағаңның қайбір жанашыры еді. Құрдастарына кейде сондай әзілдеп айтқан бірдеңесі де деп ат өттіге жорып Сәура жуып-шайса да, Қаныбек көңіліне күдік түйді. «Осы Шілжан төңірегі сау емес-ау, қалай білер екем. Оның үшті-күйлі жоғалуы тегін болма-ас», — деп қорытты ішінен. Басын ізеп, шыбындаған жылқыдай шұлтғып отырып, жаз деді Мәрзияға бұйыра қарап. — Жаңа директор Алыпбек Жандыбаев бірнеше жыл шопан таяғып қолынап түспей адал еңбегімен көзге түсіп келе жатқан Шілжан есімді шопанды таяққа жықты. Совхоздағы алғашқы жұмыс күніп, күзетші қарт апаны жұмыстан шығарудан бастаған ол елді қырып барады. Өзін күндіз-түні жар құлағы жастық көрмей тасып жүрген шопыр мына мен Әшір Сауытовты, тапа тал түсте жағамнан алып, (айдалада екеуден екеу келе жатып) буындырып, әйтеуір тәңірдің құдыретімен бір өлімнен аман құтылдым.

— Қанеке, Қанеке, — деп орнынап атып тұрған Әшір — бұныңыз артық енді. Артық. Ол мені буындырған жоқ. «Масқара ғып машинаны аударып алып», — деп зәре құтымды ұшырғаны рас. Менің таң-тамаша қалып, осы кісіге бір нәрсеңің шалығы тимесе кетті деген ойға қалғаным ақиқат. Оны да ішімнен ойладым. Мына Мәрзияға солай дегем.

— Оттама! Бұрын буындырмаса, енді буындырады. Буындырады! — Жан-дәрмен олер халде жанталасып жүріп әйтеуір, қолынап қалай босанып кеткенімді білмеймін. Машина бір жерде қалыпты. Екеуіміз әбден алысып шарпасақ керек, екі жерде шошайып отырмыз. Міне, хат мазмұны осылай. Әлде біреу тексеріп сұрап қалса, дәл осыдан тапбайсың.

— Ойбай-ау, мынауыңыз қып-қызыл өтірік қой, қалай айтам, — деп қызарақтады Әшір.

— Надаң! Надаң болмасаң, адамға бақыт аспаннап түспейді. Біреуден біреудің айласы асып барып қолы жетеді. Соны түсінетін сенде қайбір бас бар еді. Ал, айла деген өз мүддең үшін екінші біреудің құрбан болуы, көзсіз сонуы, еңбек етуі, әйтпесе сүрінуі. — Орнынан керіле тұрған Қаныбек түсіндің бе енді? — деп жұдырығын стол үстіне қойды.

— Масқара-а ғой, мұныңыз. Қай бетіммен біреуге жала жабам, — деп ағынан жарылды. Әшірдің қысылғанынап маңдайынан бұршақ-бұршақ тер шықты.

— Әй, ізгі мақсат үшін адам өлімге де бас тігеді. Егер біле білсең, біздің алдымызда таудай мақсат, үміт бар. Сол үміт ақталу үшін сенің ерлігің қажет — деді бір жағынан өтіңген, екіншіден көтермелеген үнмен Қаныбек. — Әшекең айтады ғой, несіне қазымырланып кеттіңіз, — деді әлгі сөздерді жазып болған Мәрзия кө-

зіне қап толған А. Жандыбаев мені қаннен қаперсіз келе жатқанында бұындырып жағамнан алды. Абыл-құбыл не болғанынан жөпелдемеде бейхабар мен жерге алыса түсіп, әйтеуір зордың күшімен бір ажалдан қалдым» деп жаздым деген ол дәл осылай жаттап алыңыз Әшеке. Бұл әдемі дәлел. Жандыбаевтың ақыл-есі дұрыс емес екен деген пікір туды десе-ақ болды, Шекең отырады қонжиып директор креслосына. Бар рақатты сонда көреміз. Еңбегің ақталды, — деп, қаламын алдына қойып, Әшірдің арқасынан қақты келіншек, бетіне-бетін тигізіп. Жұпар иісі мұрнына барған Әшір үнсіз отырып қалды.

Қашан еді, дәл қазір есінде жоқ. Иә, бұрынғы директордың кезі екен-ау. Қабылдау бөлмесіне кіре қалған Мәрзия қолында айна, ернін бояп отыр. Әшір қызығып кетті. Аузынан:

— Мәркен-ау, несіне бояйсың ол ерінді, онсыз да үлбіреп тұр, піскен жүзімдей деген сөздің қалай шыққанын білмейді. Көзі қап-қара боп бұған мөлдірей қараған келіншек. — Әдіре қалған ерінді қайтесің мақтап. Бітті ғой дегені. — Қойшы жаным, — деді бұл.

— Тілің тәтті-ау, Әшір. Сендей жігіттің аузынан ондай сөз есту маған бақыт. — Енді расымды айттым. Сұлусың, — деп бұл шыдамы таусылып кеп құшақтаған. Мәрзия қымсынбады. Қайта осың дұрыс деген емеурін танытқандай жұпар иісі бұрқырап, бұған таяна түскен. Содан кейін-ақ оңаша кездесе қалса Әшір оны бір құшақтамай қойған емес. Бірақ не үйде, не әлдеқалай қалаға бір барғанда жолы түсіп оңаша жолыға алмай қойған. Емексумен өмірі өтіп келеді. Талай түсіне кіретін әдемі келіншек мұны арбап алған еді. Қазір де оның алдында дәрмені бітіп отыр. — Одан әрі былай, отарын санап болған соң Шілжаннан шопан кітабын сұрады директор. Ол үндемеді. Шамасы, не сұрап отырғанын түсінбесе керек, сен не, мені түсінбей отырсың ба? — деп орнынан атып тұрған Жандыбаев Шілжанды қамшының астыңа ала берді. Бейшара шопанның ременнен тіліп жасаған қамшысы өз арқасын осып өткенде үйден жүгіре қашты. Аршынды күш-қуаты тасыған, демінен піскен жас директор бишараны қуып жүріп сабады. Әбден айызы қанып, дегеніне жеткендей боп, қайта оралған Жандыбаев опыраулауышыға ертең Шілжанды конторға жеткіз деп бұйрық берді де, өзі тез аттанды. Сол Шілжан әлі күнге жоқ. Өлі тірісін ешкім білмейді. Анандай таяққа жығылып, соққы көрген адамның өлмей қалуы мүмкін де емес. Міне, жаңа директордың қылмысы, жаңаша ел басқару тәсілі осындай. Ақыл-есі бүтін емес, есалаң адамға халық тағдырын сеніп тапсыруды қалай түсінеміз. Бұл жергілікті жердегі басшы кадрды іріктеудегі өрескел қателік емес пе? Бәрінен бұрын Жандыбаевтың өзі баққан отары түгел емес. Оның қорасына қасқыр шауып жүздің үстінде малын қырып кетіпті-міс. Бұл кісі сенетін нәрсе емес. Негізінде сонша малды өз пайдасына жаратқаны даусыз. Сіздің арнайы тексеруші жіберің, Жандыбаевтан

Ақыл-есі ауысқан адамнан Құтқаруды «Майқоңыр» совхозы еңбекшілері атынан өтінуші — Әшір Сауытов.

Өтінішке қол қоюға келгенде манағы манағы ма, Әшір қатты қысылды. Қолың десе өтірік, қоймайың десе жаны, тілегі, мақсаты бір достарынан қаймығып жерге кіріп барады. Не істеу керек? Әсіресе, Мәрзия қатар отыра қалар ма, санынан шымшып, қаламын қолына қылтыңдатып ұсынып жапын қояр емес. Азамат деген ел қорғаны. Әр дәуірдің өз ерлігі бар, өз батыры бар дей ме, әйтеуір құлағының құрыш етін жең жүз отырып, мың тұрып мұны айма-лап, бөйек болды. Әшір екі оттың арасында қалды. Бірі — жала, бірі — адалдық. Қай жағына қараса да жаны шырқырайды. Көзінді жұм, нар тәуекел «Тәуекел түбі желқайық, отесің де, кетесің десе, әділдік: адам болып туу бар, адам болып өлу бар, екеуінің атасы — ізгілік дейді. Дәл қазір оңға бұрылса да, солға бұрылса да басын кесер сөмсер жарқ-жүрқ ойнап тұр... Ол — Қаныбек пен Мәрзия.

— Қапеке, мен, — деп таңдайы құрғап, шөлдеген кісідей қайта-қайта жұтылған Әшір, — бірдеңе кеңірдегіне тұрып қалғандай Мәрзияға қарады.

— Ой, сен жігіт емес пе едің, мен сені бүкіл Сарыарқадағы азаматтар ішінен жанымдай көріп, — деп оң қолына қаламсапты еріксіз ұстатқан Мәрзия — олсең менімен, мына отырғандармен бірге өлерсің. Болмаса не деп қолың әлгі өзі жазған қағазға апарды...

«Майқоңыр» совхозынан алғашқы арызы осылай жолға шығып, мәрелі нүктесіне жеткен еді...

Партком хатшысы кабинетіне жиналғандардың қабағы қату. Бәрі іштей тынып, өзінше тон пішіп, көрген-білгенін, естігенін саралап, түйіле қалған. Жауар бұлттай:

— Бүгінгі бас қосуымыз күні кеше ғана барлық қорытындысы шығып отырған совхоз директорының шаруашылықты қабылдау нәтижесіне арналады. Уақыт халықтан ештемені жасырма деп өз үкімін айтып, сол көпті ақылға шақырғанын жақсы білесіздер. Міне, партия комитетінің ашық мәжілісінде шаруашылықтың басшылары ғана емес, малшы, механизаторлар өкілі де қатысуы соның айғағы. Бұған дейін жауырды жаба тоқып келіпсіз. Көрмес түйені көрмес болыппыз. Бар шындық бүкіл болмысымен қазір қолымызда. Оның күнгеі мен көлеңкелі жағы ешбір қалтарыссыз алақанымызда. Көзден, халық көзінен таса болар ештеме жоқ. Оның жанды жегідей жеген сұмдығы, жүректі удай ашытар кермегі өз алдына:

Ендігі мақсат сол олқылықты, қылмысты аяусыз күшпен тез жою, — деді ашынып едәуір толқып сөйлеген Сапар. Ауыз барып айтуға ұят: халықтың намысы мен арына тиетін сұмдықтардың совхозымызда орын алуы, енді, — деп көпке қинала қараған ол өзіңді айыпкер орындығына отыруға мәжбүр етеді. Мен осындай қорытындыға келдім, — түсі сұрланып, күрсінің тоқтады.

Ешнім тіс жармады. Партком хатшысы ештеменің бетін ашып, мынадай болды, олқылық мынау, қылмыс мынау деп түстеп-түктеп түк айтпады. Бәрінің сонда да үнжұргасы түсіп, қабағы ашылмай төмен қараған қалпын Бәйтік қария ғана бұзды. Әдеттегідей қысқа түйді, ол:

— Мені толғандырған ұят. Қай сөзді айтып, не дәлелмен ақталуға болатынына ақылым жетпейді. Бұл, — деп алдында жатқан соңғы бетіне талай адамның ирек-сирек қолы қойылған қорытынды қабылдау актіні тірі тышқанның құйрығынан көтергендей жиіркене шетінен ұстап-көрген көзді ғана емес, естіген құлақты жазықты қылатын документ. Халықтың арына түскен таңба? Өшпестей боп тағылған жаман ат! Меніңше, ешкімге аяугершілік, әлдеқалай кешірім жасауға біздің қақымыз жоқ. Басымен істеген мойнымен көтерсін айыбын, — деп тоқтады. Балтадан қашқан дөңбектей бұл да ешкімнің атын атамады. Қаны сорғалап, бұлтарғас айғақ тұрса да, бұған не айтар екен деп бірде-бір кінәлі жапның жағасынан алмады. Байырғы әдеті.

— Осы жиналысқа мен түсінбей отырмын, — деп орнынан тұрған Сәрсен жан-жағындағыларға қарады. Өзі протокол жазылатын жиналыс па, әлде жазылмайтын жұмбақ айтысу ма деп тағы бір аларды.

— Сәке, сөйлей беріңіз. Жазылып отыр. Міне, мына Жал жазып отыр деп столдың оң жақ шетінде бір қырын отырған бас экономисті нұсқады Сапар. — Онда неге күмілжисіз, неменеге тайсақтаймыз. Ақты — ақ, қараны — қара дейтін осы озіміз. Жұртты көгерге бітеу жара етпей неге болғанды болған, істелгенді істеген күйінде ашып тастамасқа. Әлде басқа бір сыр бар ма? — ешкім үндемеді.

Бәрі ауыздарына құм құйылғандай тұғжиып отырып қалған. — Бұларыңыз үндемеген үйдей бәледен құтылады ма? Қазір «Май-қоңыр» ауылының адамы түгілі қиян даласында қарайған бұтасына дейін білетін бұл сұмдықты денеге шыққан күйдіргідей сылып тастау керек. Ағайыншылықты әркім отының басында істесін. Қоғам мүддесін, ел мұратын сатқандарға ешбір меймөккенді болуы тиіс емес. Мен Шығыр төңірегіндегі өңгімеге тоқталмаймын. Оны тиісті орындар анықтар. Басы ашық тұрған Қаныбек жайып неге біржола ашып тастамасқа. Ол кімнің бәсіресі еді, соншама! — деді мойын тамыры бінеуленіп, беті ісініп кеткен.

— Дұрыс, — деді біреу.

— Расында, халық шулап жүр. Біреу біліп, біреу білмей айтады. Сөз — орынсыз айтылған сөз, от басына кесел, үлкен шаруаға кедергі, — деді Сағат.

— Шақыр онда Қаныбекті, — деді Сапар басқаларды да қабағының астымен бір шолып өтіп.

Балпаңдай басып Қаныбек енді. Екі иығына екі кісі мінгендей, науша бойлы түк бет, қалың қасты, қоңыр жүзді, ірі денелі кісі

келе отыратын орын іздегендей айналасына көз жүгіртті. Бос орындық жоқ еді. Лажсыз тік тұрып қалды. Өткір жанарында кек тұнған. Ашулы арыстандай бойына қайрат жинан, ширығып келген түрі байқалады. Тісін-тісіне басқаны қимылдаған жақ сүйегінен көрінген ол жұдырығы түйюлі қабағын шытынып «не дейсіңдер» дейтіндей.

— Қаныбек, неге шақырылғаныңды білетін шығарсың. Көп жәйттен бейхабар халық өз аузыңнан естіп, істің анық-қанығына жеткісі келеді. Мәселені өз отымыздың басында, тым ұзақтан төреші іздемей-ақ ішешіп алсақ деген ниет бар. Бұған қалай қарайсың? — деді сөз бастаған Сапар. — Бұл не? Жауап па, сот па?

— Екеуі де, — деді Бекен кеудесін жазып егер осы көптің алдында анаңнан туғандай ағыңнан жарылып бар шындықты жайып салсаң, терісің мен оңыңды азаматша салмақтап, өз кінәңді мойындасаң, бұл ауыл ақсақалдары мен ел басшысының сенімен сырласуы. Ал, басқаша қоян бұлтақ, түлкі құйрыққа салсаң өз обалың озіңе.

— Қорқыту, қоқанлоқы, аржағы зорлық-зомбылық деп неге ашып айтпайсыз, нағашы еке-ау, — деді өтірік күліп, көзін сығырайтқан Қаныбек. Сөйтті де түсін суытып, — мені не істеп қойды деп мұнша ортаға алып отырсыздар, — деп тағы іле қатулана қалды.

— Адамның, есі бар адамның, өз істегені қашанда өзіне аяп. Біреу біліп, біреу білмей істейді. Сіздің ісіңізде тек ақылға жеңдірген, айлаға құрылған, басқа өз әріптестеріңізден ерекше артықшылық өмірдің белгілері бар. Белгілері бар емес-ау, сіз айрықша жағдайда болып келіпсіз. Соны білсек, бар шындықтың сыры ашылады, — деді жұмысшылар комитетінің төрағасы Сағат әр сөзін нақтай сөйлеп.

— Білсем өзім үшін білем. Зиянға бармасам өзім үшін бармаймын. Қане, қайсың жақсы тұрмыстан, беделді қызмет, көп табыстап қашып отырсыздар. Құдайдың мұз құсып, тас боратып, құйын тулатқан, қысы-жазы суығы-аптабыңда бірде-біріңді құбажон қу далада көрдім бе? Жоқ! Сөйлесетін жер, мына менімен тәжікілесетін жер сонда, сол далада!

— Қанеке, қайтесіз бұланқұйрыққа салып, жалғыз мал соңында жүрген сіз емессіз. Онанда ер-азаматша не болғанын айтыңыз, бәрібір күн ертең ашылатын құпия ғой ол. Айта беріңіз, — деп Жал ақыл айтқан болып еді.

— Ой, боқмұрын, сен де кеңес бере қалдың ба? Шуыңды жинай алмай отырып, — деп қауып тастады оны.

— Шамасы, сізбен ешкім сөйлеспеуі, сізге ешкім тіл қатпауы керек-ау, ә? Қанеке, не бұйырасыз, нені қалайсыз, көңіліңізге не ұнайды деп алдыңызға түсіп бұлкілдеп жөнеле беру керек пе? Неге мұнша қасарыса бересіз. Ең болмаса ауыл азаматы едім, алдарына шақырып тілдеспеді де деп күні ертең өкпе айтарыңыз

хақ, — деді манадан Қаныбектің бетіне қарап үнсіз отырған Алыпбек. Жай ғана кексіз жұмсақ үнмен сөйледі.

— Осы не, ертең, ертең!... Ертең мені жұтатып жалмауыз шығатын күн бе еді? Бұларыңды тоқтатыңдар! Мен құдайдан басқаның алдында кіңәлі емеспін. Керек болса мені жаратқан құдайдың өзіне де өкіем қара қазандай! — деді біржола сарқылған түрде. Отырғандар біріне-бірі қарады. «Естін отырмысыңдар» дегені сияқты.

— Шығыр не дейді бұған? — деді Сәрсен. Тығыншықтай боп терлеп-тепшіп жанын қоярға жер таппай отырған Шығыр біреу бүйіріне ине сұғып алғандай селк ете қалды. Атып тұрды орнынан. Аң-таң. Жапақтап әркімнің бетіне бір қарап тұрып-тұрып:

— Мен саған, Қаныбек, айтудай-ақ айтып бақтым. Не пайда, құлағыңа бір сөзімді ілмедің. Желге ұшты, кетті.

— Не айтып ең бұған? — деді Сәрсен қадағалап.

— Бұған ба, бұған халықпен бірдей ал малды, өз малыңды шағында дегем. Бірақ болды ма, — деп жәутең-жәутең оның бетіне қарады. Қаныбектің көзімен көзі түйісіп қалды. Аясы кең отты көз Шығырдың өңменінен өтіп кетті. Әлі тесіліп тұр. Осы әдгіменің дәл осылай боларын күні бұрып білгендей өткен түнде Шығырдың үйінде Шекербек үшеуі әбден сілкілескен. Айтылмаған сөз, ашылмаған сыр қалмаған. Сонда бір сөзінде Қаныбек екеуінен өзге тірі жаңды білмейдіге санап жүрген, әбден тігісі жатығып кеткен өткендегі бір қылмыстарын жаудыратып айтып салған. Онысы Шығырдың меншігіндегі бір жылы туған елу алты лағымен отыз төрт ешкісінің қой болып, ет комбинатына совхоздың атынан өтуі еді. Екеуі біріне-бірі қарады. Не дерлерін білмей тілдерін тістеп отырысып, іштерін тартқан. Тіпті, Қаныбек қай күні, қандай машинаға артылып барғанына дейін бұлтартпастан тап басып отыр. «Менің білмейтінім жеті қабат жердің астында. Сендер Қаныбектің алақаныңдасыңдар. Мына Шығырдың қорасы қай құдайдың есебінде, айтыңдаршы? — деп күжілге басқан. Ал, менікі ұзын есебі бар өз малым, бақтым, өсірдім. Зор болса совхоздың жемін, шөбін жеді, — деп айыптар, басқа не істейді маған? Қаныбектің осы уәжі құлағына қайта келді Шығырдың. Ол қазір басқасын тағы айтады деп қысылған Шығыр. Солай болды, не істеймін, — деді амалы құрығандай.

— Мейлі, деді Сәрсен шыдамы таусылғандай қатты дауыстап. Саған бағынбады дейік — басқаның бәрін қойдым, Қаныбек, саған айтам, мына менің көзім көрді, өзің ұстап беріп тұрдың. Ала тақиялылар үш мәшинеге артып жатты. Ең кемі жүз бас, кілең ту қой! Дәл соның үстіне мына Шекербек келді. Мен ет комбинатына ірі қара артып алып бара жатқам. Құдайлығыңды айтшы, сол қойлар аңқат етке кетті ме? Болмаса, — деп сұраулы бейнеде қадала қарады.

— Мен артып бердім. Көзің көрді, алып кеткен мына отырған

Шекербек емес пе? Итке тастасын менің не шаруам бар? — деді міз бақпай Қаныбек. Бір өзі бір совхозды сілтідей тындырып бетбақтырмай тұр. Қалай қусаң да судағы балықтай жылпылдап қолдан қолға тұратын емес. Қармау береді түрі жоқ.

— Әй, қарағым, — деді енді жайбарақат дауыспен. — Күні кеше бір совхоздағы 40—50 отарды санағанда көзімізді бақырайтқан жағдай сенің өз басыңнан шықты. Енді не дейсің деді күле түсіп басылғандарға Бекен, — сен қоғам малын емес, жекешенді бағып жүрген жан болып шықтың, осы не? Соны айтшы. Мұнша мал саған қайдан келді? — Бұл сіз қоятын, — жан-жағына жиіркене қарап, — тіпті ақыл-есі бүтін басқаларың қоятын сауалы емес. Мелиса ма едіңдер түге! Өз малым өсті, көбейді. Нелерің бар онда! — бақыраңдап ұры жасай алмайсыңдар мені. Қаныбек ұры емес, — деп сәл булығып түтіккен күйде Шекербекке түнере қарап алып. — Әй, сенің жағың қарысып, тілің байланып қалған ба, мыналар бұралқы иттей талап жатқанда аузыңды ашпайсың, ә? Неге шындық үшін ара түспейсің! Мені түрмеге апармақсың ба?! Оның бола қоймас! — деп күжілдеп кетті. Манадан тұғжиып мойнын мөккіп тулайтын жылқыдай ішіне алып отырған Шекербекке бір адым таянып мен саған айтып тұрмын, Шекербек, Естимісің? — деді. Оңаша болса жағадан алатындай төне түскен. Шекербек басын сонда ғана зордың күшімен керенау көтерді. — Түрме де адам үшін жасалған шығар. Қылмысты болсаң барасың, ал, — деп түкірігін жұтып, ақпын деп, адалмын деп тұрғанды түрмеге жаба береді дегенді естігем жоқ. Мұрнын тесіп жатқан буыршындай сонша бақырғаныңа жол болсын! — ол өдетінше ұйыған қорғасындай салмақпен сыздай қарады. Қаныбекті жер ғып тастады. «Қақпанға түскен қасқырдай шамасы аянбас түрің бар. Өзіңнің қара басыңның қамы үшін екеуімзді де құрбандыққа шалатын қараниет жан екеніңді күні бұрын білсем ғой, әттең» деген кешегі сөзін бұ жерде Қаныбекке түспалмен жеткізді Шекербек.

— Бақырмай, көз алдыда, — деді Қаныбек, — не бар өзіңнен қалыс жатқан. Клеуни зоотехник сен емессің бе? Бұған дейін мұнша мал ұстама десең болмас па еді. Онда осыншалық сөзге, — деп маңдай терін сүртіп душар болар ма едім деген ол мүләйімсіп иілгендей сыңайға көшті. «Айтысып жеңе алмаспын. Беттері қайтқан төрізді. Енді кішірейіп көрейін» деп түйді ішінен.

— Сізден соңғы сұрақ, — деді Сағат. Сіз тегі қой бағасыз ба? Өзі? Бағып жүрсіз бе?

— Бағам, о қой бақпай не істеп жүр едім? — сұраққа сұрақпен жауап берді.

— Қойыңдар бұл мәселені, — деді Бәйтік.

— Неге қоямыз, не үшін қоямыз, алдымен соны айтыңыз Бекел!

— Масқараны масқара демей әбден бойымыз үйреніп, етіміз өліп кетті, — деп жаны ышқынып, беті талаурата қалған Сәрсен, басқаң қойсаң қоя бер. Мына мен заңға жүгінем. Иісі бұрқырап

тұрған қылмысты жауып тастауға кімнің қақы бар. Айтсын. Мен сайлау болатын күні мына Қаныбектің Шекербекті директорлыққа неге ұсынғанын енді түсіндім, — дауыстап айқайлап кетті. Егер Шекербек директор болса, бұл қылмыс бүгін ашылмас еді.

— О, шіркін-ау, дәнішпанның көре қалғанын қарашы. Әй, саған осы желөкпелік қайдан пайда болып жүр. Тым көп біліп бара жатқаныңды байқамайсың ба? Ойланшы деп сызданды Қаныбек оның бетін қайырмақ болып. Шолақ сайша арқырағаныңмен құятын өзегің белгілі маған, — деді.

— Білгенің жақсы, біл, Қанеке! Менің сүйенерім — адалдық, арым. Ол сенде жоқ, қазір шыбының шырқырап жоныңды қанша күдірейтсең де ішің алай-дүлей боп тұрғанын кім көрмей отыр, — деді өтірік мырс-мырс кекесін күлкімен Сәрсен. Қаныбек мұның мына сөзіне салғыласпады. «Тереңдей берсем, ушыға берер, қояйыншы» деп қорытқан ол Бәйтiкке «сiз болмасаңыз» дегендей жаутаңдай қарап тұрып қалды. Аз уақытта талай сөз айтылды. Бір сөзден бір сөз салмақты, зілді естілді. Әрқайсысы соны ой таразысына қайта салып салмақтап кеткендей үнсіз отыр. «Нартәуекел, не болса да ақырынан күттім» десе Шекербек, «екеуің ғой мені сорлатып ұйыққа түсірген» деп Шығыр, «әй менің дәлелсіз ептөлем жоқ. Тек, осы құрғырлар өздері бүлдірмесе», — деп Қаныбек тұр.

— Жігіттер, — деді Бекен мүлгіген тыныштықты тарғыл үнімен бұзып — мына Қаныбек егізімнің сыңарынан туды. Көзімнің ағы мен қарасындай жақыным. Бірақ ісі-жауымнан да асып кетті. Мына Сәрсеннің сөзінің жаны бар. Айтпайын-ақ, өлсем ішімде кетсін деп едім. Халқымнан жасырғанда не болам. Ел — тілегі, өз тілегім, өз тілегім — ел мұраты. Сондықтан енді бәрің есті көңілдеріңде жүрсін. Осы туған жиенім — сол басшыны сайлап шыққан жарқын түнде мені оңаналап — әй, қақбас, буындырып өлтірейін бе, кімнің шашбауын көтеріп жүрсің, — деп жағама жармаса жаздады. Әттең, көпшіліктен қаймықты, болмаса, бұл со жерде бір бүлікті салғалы бекінген еді. Не айтайын өнді бұған. Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ деген. Мұның арамзалық ісімен тиісті орындар айналыссын. Біз ақ, қарасын ажыратуға ақыл шамамыз келетін жұмыс болмады, — деді.

— Ал, Шығыр ше, Шығырды қайтеміз?

— Оны да...

Осылай алым-берім арты дау-дамайы мол жаңа тартысқа ұласып бара жатты.

ШЫРҒАЛАҢДА

1

«Майқоңыр» совхозы Алыпбекке қайырлаған кеме тәрізденіп кетті. Бірнеше күн бойы экономикалық көрсеткіштер негізіне, шаруашылықтың бүкіл қантамырына зейін қоя үңілген бұл мұз бетінде тайғанап бара жатқан тағасыз аттай сезінді өзін. Бүкіл санасын «не істеу керек?» — деген жалғыз сұрақ биледі. Қалай бұрылайын десе де, опқа құлап тұрған бірдеңе. Сондықтан болар жатса да, тұрса да мұны «не істеу керек?» жарық алып қуып, ойы онға, ақылы мыңға тартты. Екі көзі экономистің ай бойы отырып жасап берген талдауында, қолында телефон:

— Жал, мен мына берген документің бойынша тығырыққа тіреліп отырмын. Әйтеуір егжей-тегжейіне жетіп күмәнсіз болмысы осы дегенің бе? Әлде...

Телефонның құлағын іліп жатып, шыбындаған жылқыдай басын ізеп көп отырды. Басқа бұрылатын жерің жоқ, енді тек өзіңді-өзің қармауың керек. Ол үшін «не істеу керек?» Алдынан жалақтап ләпнай, тақсыр, не айтасыз деп базардағы делдалдай, жалаң аяқ сауал шыға келді тағы. Басын шайқап, кнопканы басты. Бұл осы қағазға үңілген соңғы үш күн ішінде Мәрзияны бірінші шақыруы.

— Иә, аға? — деп қасы қиылып, қос анары үлбіреген ақ көйлегін көтере дірілдеп, жайтаң қағып қарап тұр ол. Алыпбек айтар ойын іркіп, қолына өзі бұдан былай «экономикалық талдау» атап кеткен бірнеше бет қағазды ұсынды. Келіншек те не дейсізін қимылмен білдіріп, мұны ішіп-жеп отты жанарымен қарып барады. «Антұрғанның көзі неткеп жалынды еді» оқ тиген қасқырдай жанары лапыл қағуын! — деп ойлады да:

— Мынаны деп түкірігіне түйілген жандай қайта-қайта жұтынып, — мынаны, неше дана етіп бассаң екен, ә? Ол саусағын бүгіп санамаалап Мәрзиядан сұрауын сұраса да өзі ойын түйіп он дана жетер, — деді.

— Құп! Қай күнге керек? — деді тақылдап.

— Мейлі осы қазір дайын етсеңіз тіпті жақсы.

— Кешіріңіз, мұнша бет қағазды және он дана екен өзі, дәл қазір басын бере салу қолдан келмес. Екі күнде бітірсем, кеш бола ма?

— Ертеңгі сағат тоғызға қолыма тигізіңіз, деді қабағын шытынып, онысы келіншекке шаншудай қадалды. Бұдан былай, оңаша ескертіп қояйын, мен берген әлде қалай қағаз, документ, бұйрық уақыт күтпейтінін біліп алыңыз. Уақыттың сағатпен өлшенетінін білемісіз, өзі? — деп тағы да шаншыла қарады.

— Е, білмей, мені бала дейсіз бе?

— Әрине, бала емессіз, толысқан шағыңыздасыз. Ендеше, уәде сол — сізден біз іске екпін беретін болайық. Асықпаған арбамен қоян алатын дәуір артыңызда қалды.

— Кешіріңіз, мен де асығып тұрмын, — деп еденді тақ-тұқ басқан Мәрзия тұра жөнелді. Шамданып кеткендегісі. «Қызық адам», мені соншама таптап, әліппе үйреткен баладай онысы несі. Бір совхозды қалай қуырып жесең де қолыңда, бірақ Мәрзия сен сияқты бозөкпеге беріле қоймас, тек. Аптықпа жігітім, асатпай жатып құлдық, турамай жатып тұздық деп. О несі-ей, осы қазір дайын ет! Не, мен автомат көре ме! Көрерміз көсегені көгергеніңді. Талайлар директор болып шалқақтай келіп, басы қалтақтап, талтақтап кеткен. Өз ойына жападан жалғыз әдепкіде ашу, ыза араласса да, іле тауып айтқан соңғы сөзіне өзі разы болып сықылықтап, одан бүкіл хошы қозғандай сақылдап кеп күлді. Ені бетін басып мәз боп күліп отырған келіншекке кабинетінен шыққан Алыпбек таңдана қоз тікті. Бір өзі неменеге күліп отыр деп ойлаған ол жай басып кідіре берді. Ойда жоқта, әлгіде айра-жайра отырған директордың астынан су шыққандай үрке көтерілетінін күтпеген Мәрзияның екі беті ду етіп, жана жөнелді. Орнынап атып тұрды.

— Жылағанды сұрама, күлгенді сұра деген бар. Бұл не күлкі? — деді жайбарақат үнмен. Адам мәдениетке үйрену керек. Бұл мекеме үйі. Қыз ойнақ откізетін от басы, немесе спектакль қоятын клуб емес. Сахнада ойын қойып жатқан ешкім жоқ!

— Кешіріңіз, — деді қысылған келіншек.

— Есіңізде болсын, мұнда кім келмейді: жас та, кәрі де, бәрі келеді. Жай келмейді шаруасымен, қызмет бабымен келеді. Әртүрлі адам бар. Біреу сұрап келсе, біреу сынап келеді. Сонда тентек адамдай бір өзі, бір кабинетке сақылдап күлін, не ән салып, не түксіп қабағын түйіп, жаубетпеніп отырса бұл қандай қызмет орны болады? — Мәрзия әлі түрегеп тұр. «Өзімде де бар. Неменеге күле қалдым бет алды». Ойланыңыз, — деді де шығып кетті.

Әшір тосып тұрған. Ол Алыпбекке қарады. Қайда барамыз дегені. «Шопандар ауылына, Бекеңе тартшы», — деді. Айнала қанкөбелек ойнап дөңгелеп келеді. «УАЗ-469»дың ірі жүрісі жолдың кедір-бұдырына неғылған дамыл көрмей кеткен жан едің дегендей дүрс-дүрс соғып қояды. Аспаида ала шабыр бұлт бар. Күзгі күннің кірпігі сарғыш тартқан. Дала іреңі де өзгерген. Жусаннан басқа шоптің жапырағы азайып, сояулана бастапты. Алыс көкжиекке көз жүгіртсе бәрі осыдан аз күн бұрынғы көгілдір келбетінен ажы-

рап сары жолақ, күлгін бояулы іреңге ауысқан. Дала етегі тозған туырлықтай түріле түседі. Жол кент аталатын нарөркеш қызыл шағылды жағалап орала берген. Қолтықтан қыстау мен мұндалап көрінді. Шопан қыстағы. Керуендей тізіле кеп тоқтаған «К-700» шоғыры коз қызықтырды. Қысқа жолда мойын бұрмай осы қыстаққа кеп енген. Абыр-дабыр дауыс қана естіледі. Шеткерілеуде бір ғана трактордың жүрегі дүрс-дүрс соғып тұр. Үлкен маяның табанын көтерген төрт-бес «К-700» соңында соншалық тіркемелері бар оны қамалап алған. Қоян жонданып маяның иығы көтеріліп қапты.

— Әй, былай жаны бар адамша көтере таста!

— Бұдан артық енді қалай көтеру керек. Аузыңа салып-ақ тұрмын ғой.

— Шашпай бер. Мұны неге бұғанын білемісің.

— Ой, өзі мені бір кеше көреді. Жиналыста сөйлегеннен бері әбден иыққа шығып алды. Қара бұл заңғарды. Мә! Мә! — деп, шөптайын бірінен соң бірін доптай атқан бәкене жігіт ышқына қимылдады.

— Іске сәт, жігіттер! — деді аз кідіріп, мыналардың шалымды қимылына қызығып, көңілі өсе қалған Алыпбек. Бәрі бұ қайдан кеп қалды дегендей жалт қарады. Сәл абыржып ұлшақтағандай.

— Мына Секең деді әлгі бәкене қоңыр жүзді жігіт бұған ыржия қарап мойнымыздан түсуді қойды.

— Әй, сенде сөз еместі сөз етіп, не маған «К-700»-дің үсті жетпей жүр ме еді? — деп дауыстады маяның үстінен Сәрсен. Бақыттың әдеті, — деді одан әрі айырына сүйеие тұрып ол сұқ саусағын шошайтпаса бойына ас тарамайтын жан. Қараңызшы, өне, оң қолына, сұқ саусағы басқа адамнан қарыс сүйем ұзын, өзі басқа саусақтарынан бөлек тұрады. Алыпбек оның қолына қарады.

— Соғады Секең, соғады, — деп қызараңдаған Бақыт: — қане, қай жері ұзын мұның? — деп биялайын шешіп, бусанған саусақтарын жазды. Бәрі ду күлді. Бақыттың аңғалдығына күлді. Сәрсеннің оның сұқ саусағы ұзын деуінде астар жатыр. Шағын денелі жігіттің кейде, өзінің жұмыс жайына, білім дәрежесіне қарамай ұзаққа сілтеп, біреуді мінеп сынауға келгенде, тілі мірдің оғындай өткір, әрі көп мәселені нобайлап соға беретіні бар. Осы соңғы «К-700»-дің рулін ұстап Сәрсенмен қатар еңбек еткелі бері Шығыр басқарған фермаға бет алса болды, бұйрат төбелердің, арғы бетін нұсқап: «О, о, Сәке, біз әшейін, газ жұтып, зыр-зырқ ми шайқап, күні-түн совхоздың ойы-қырын жұмыспен кезіп жүрген жандармыз ғой. Бар майшөлпек мына жақта жатыр ғой», — деп қолын шошайтатын. Оған мән беріп бәуер қылған Сәрсен болып па! Сол сұқ саусақ шошайған жақтан таяуда шыққан «не пәле» енді Бақыттың саусағына басқадан қарыс сүйем ұзын деген ат таққан. Сәрсеннің әзілдеп тұрғаны сол.

— Бұл Бекен қарттың қыстағы ғой, — деді. Сәрсен Алыпбек

білмейтіндей, — биыл мұнда қос мая үйілгелі жатыр. Әне, құрылысшылар төрт бөлмелі үйді екі бөлмеден бөліп, есік-терезесін, еденін жаңартып, пештерін қайта салып болып, кеткелі шықты, — деді маяның үстінде тұрған қалпы мойнын солай созып.

— Кетіп қалмасыншы, сәл кідірсін де деп, — Алыпбек Әшірді жүгіртті де, — онысы несі екен, бітіп тұрған үйді екіге бөліп? — деп қалды.

— Бекен директордың бұйрығы! — деді тағы Сәрсен алды артын ойламай қойып қалатын мінезіне басып — әдеті емес пе о кісінің ойына келгенін істейтін.

Әне бір маяны күн шығысына қайқайта тұрғыадырды. Енді міне, е, е!

— Расында биылғы жылы бір қыстаққа, қос маяны үюге кім ұлықсат етті, — деп сұраса да, сәл асығыс сөйлегеніне Алыпбек өкініп тілін тістеді. «Әркім өз ойына келгенін істей беретін болса, не болады? Мұнысы қызық екен. Бұнда тағы не сыр бар?» деп ойлады іле.

— Шекербек бұйырды. Шалдың өтініші, олердегі тілегі деді бізге. Бізге басшының әмірін орындау ләзім деген Сәрсеннің. Бақыттың қасындағы жігіттердің буы бұрқырап, қарбалас қайта қимылдап кетті. Алыпбек сағатына қарады. Алты «К-700», алты жүргізуші тракторист. Сонда... Алтауы ғана соншалық жұмыс бітіргенде, бұл қыруар істің көзі, қисыны табылды деген сөз. Ендеше, талай жұмыс қолы босайтын негізгі күре тамыр да осында... Әй, өзі, бір ғана бас инженердің қарамағында жүзге жуық... Бар адам «кіл қылшылдаған жас... Ал, басқару аппараты ше? Ойпыр-о-ой, өнімі жоқ, алатыны көп, барлық табысты обып, орынсыз жұтып жатқан не керемет еді. Жал, сен дұрыс айтасың, оның дұрыс, деп басып көрсеткенсің...»

Бекен күзегіне осы ой үстіндегі Алыпбек тез жеткен. Оң жағына қолын созып есікті ашып, қайта жапқан директор орпынан көтеріле созып:

— Ой-хой-хой, жалпақ далам-ай, — деп тамсапып, — Әшеке, — деді көзі күлім қағып, қызыға көз тастады бұған, — сен де, мен де осы жерде өстік, осында тудық. Байқаймысың туған жердің қасиетті иісі бұрқырап, жаныңа шабыт, бойыңа қуат беріп келе жатқан жоқ па? Мына ауасының өзі не тұрады. Қапә, кеудеңді толтырып жұтшы, сөз жоқ бір мысқал есіп, жігерің тасиды, — деді жарқылдап күліп. Бастыңың не айтып келе жатқанына Әшір көпке дейін түсінген жоқ. Өзі қыран болып самғап қормеген құзғын, қыран сырын қайдан білсін. Жас директордың алып ұшқан жүрегін ол расында тани алмаған еді. Алыпбек лепірген көңілі басылып сабасына қайта түскендей аз үнсіз қалып, кенет:

— Туған жерден адам бойына тарайтын үш қасиет — жұпар иісі бұрқыраған ауасында, зәмзәмдай жұтсаң көкірек сарайыңды ашып, мейіріңді ана сүтіндегі қандырған суында, тәй-тәйлап қаз

тұрып, мына тіршілікте не бар екен деп жан-жағыңа қарап, алғаш төңірекке ессіз сәби көзінді ашқанда табаныңа мамықтай тиген топырағында ғой, Әшеке! Бас, еркін басшы бір, күлте жалы желбіреп, құйрығын шанышп енесін айнала шапқан құлындай құлдырашы. Жарықтың әр төбесінде ата-бабаның ізі жосып қалған атырап бір дүр сілкініп, шоқтығы көтерілсін. Кейінгі ұрпағым да луған жер мерейі үшін жар құлағы жастыққа тимей, жан салып еңбек дабылын көтеріпті-ау, десіп ата-баба рухы! — деді. Соңғы сөзі Әшірдің қытығына тиіп кеткенін ол қайдан білсін. Әшірдің құйқа тамырына дейін шымырлады. Неге өйтті. Өмірі мұндай сезімде болып па еді. Қараптан қарап келе жатып, өзінен-өзі қысылды. Көргенінен әлі көрмегені көп қаршадай бала не бәрі жиырма алтыда екен. Осынша тегеуірінді, адам жанын төбіретіп жүрегін ойнататын ойлы сөзді бұл қайдан тауып келеді. Өз басына үш ұйықтаса келмеген шындық қой мынасы! Халық басқаратын адамның бөлекше, басқалардан ерекше жаратылған қасиеті болғаны ма? Ой-п-пырау, пәлен жыл қасында жүргенде бос ыңыранғаннан Шекербегің бір ауыз асыл сөз айта алды ма? Тас лақтырсаң беті шымыр ете қалатын қарасудай, ішімдегіні тап деп мыңқиып жатқан бірдеңе. Салмақты, маңғаз болам дейтін шығар. Салмақтың да салмағы бар емес пе? Ал, мына жігіттің аяқ алысы тіптен өзгеше тәрізді-ау, ә! Көзге көрінбес ауадай боп, бүкіл рухыңа сіңіп бара жатқанын байқашы. Қайда барса да, кіммен сөйлесе де, іштен шалатыны бар палуандай іші-бауырыңа кіріп, құшағын жая кетеді. Бір адамға қабақ шытқызбай, бір адамның көңіліне кірбең туғызбай күннің шуағындай жылылық болып сіңе жөнеледі. Осы ойдағы ол басып көтеріп алдындағы қырғу төбешіктен асып бара жатқан жолға қарады. Маң дала керіле түсті. «Көңіліңнің кеңдігі де осы даладай тәрізді көрінеді маған Алпеке. Әлде, бұл менің ұшпа, алғашқы әсерім бе?» — деп айта жаздап, оғап бар зейінімен, осы қандай жан еді дегендей тосырқаған көзбен сынай қарап өтті.

Бұларды көре салысымен атынан домалап түскен Бекен шобырының шылбырын шұбатып, отқа жіберіп, қарсы аядады. Тай үркіткендей теке көзі өжірейіп, қаудаң-қаудаң басып, қарап қояды.

— Ассалаумағалайкөм, — деп жадырай түсті машинадап Алыпбек те.

— Оғалайкө-ом деп қарт дауысын сөзыңқырап оның қолын қысып ұстап, аз кідірді. Бетіне бажайлап қарап, жымың-жымың етті де қойды. Капотын ашып, мәшинесінің майыш, суын көріп, о жер, бұ жерін сүрткіштеп Әшір өзімен-өзі жүрген:

— Әй, көксоққан бала, — деп Әшірге айқай салды қарт. Ол адырая қарады. — Бері кел. Бері, мына біздің қасымызға деп бұйырды да үстіндегі сулыгын шешіп, жерге жайып тастады. Өзі түрегеп тұр. Отырар түрі жоқ. Мына шекпенді екеуіңе төсеп тұрғам жоқ, — деді тереңірек тыныстан. Өзім де отырғым жоқ. Білгенге, қасиеттегешге оңиң туган топырақтан асыл ештеме жоқ. Күннің сәулесі

сүйген, нұрдың суы бетін жуған, жұпар жел желіп аялаған дала топырағы жастансаң — жастық, жаптайсаң — төсек. Бұл мына директорға өз топырағыңа осылай жайылсаң, туған далаң да көш алар дегенім, — деді де қабағын оқыс түйіп, үйіріне бөгде тұяқтың түбірі таянғандай оқшырайыш, құлағын қайшылап, танауын пыр-пыр тартқан ақтал айғырдай. Әй, Әшір, осыған дейінгі директордан, сенің тасымағаның жоқ. Қайсысы осы далаға кеп, өрісте жайылған отарды көріп еді. Мынау ащылы-тұщылы кермиық өңірдің ауасын жұтып, кеудесін көріп еді. Айтшы, — деді ақырып. Әдепкіде ұрсып тұр деп қалған Әшір:

— Бәйтекең екеуіңізге таянып кетсем болды, ай, ай әйтеуір, бір жылы қабақтарыңызды көрмей келем. Мен не жаздым? Мен емеспін директорды басқаратын. Менің міндетім оларды тасу, — деді.

— Осы соңғы сөзің үшін рахмет саған! — деді Бекен іле түсін жылытып.

— Сол сен басқармаған, иә-ә, — деп дауысын созып, — сен тасыған директорлар не оңдырып кетті. Ойлашы. Енді қарызға белшеден батырып, шаруаны тұралатып, еңбектің беделін түсірін кетті олар. Қараңдаршы, әне, — деп екеуінің назарын тарыдай шашылып жатқан отарға аударды. Шетінен сойсаң, сүбесіне пышақ жетпес. Ертең күйекке дейін бұдап да шелденеді. Бұл жарықтығымның жылдағысы осы. Мақтанайып деп тұрғам жоқ. Шаруаның бабын айтқаным ғой. Болмаса қойдың берін жатқаныңда шек бар ма? Қозы десең қозы, жүн десең жүн, ет десең ет! Не дейсің бұған, тек қарымтасына сен оны күтіп қор! Жарты ғасыр қой соңыңда келем. Бір жыл көңілімді қалдырған емес, шопан атам! — деді ол марқайып.

— Беке, әдейі келдім. Әр сөзіңіз көкейімде қалды. Жатқа алғаным сенесіз. Сөзіңіз емес, тәжірибеңізді, — деп күліп алды Алыпбек. Әшір әлі тұр. Құпия айтары бар ма дегендей қозғала беріп еді, оны директор ыммен тоқтатты. — Халықтың сенімі — менің ар ождаһам. Ол бірде көкке алып ұшар қанат болса, бірде жанды жеген азап екен. Екеуіне де тәлтімін. Осы совхоздың өткеніне, келешегіне арналған экономикалық талдау мені ұйыққа тартып барады. Осы тұрғанда лық-лық көңірдегіме келген суды жұтып тұншығар халдемін. Нартәуекел деп көп қысқарту жүргізсем деген қиялмен ақылдасқалы келген едім...

— Қысқарту, нені? — деді шошына қаң, сөздің мәніне түсінбеген қарт.

— Мына тұрған Әшірден бастап, Сәрсен, Татанбаевтарға дейін...

Оным қойдың мойнына артылған бағанап жүкті... Иә, жүкті емес-ау, сорды жеңілдету, қасиетті түліктің қадырын, қасиетін арттыру, еңбектің абырой, беделін қымбаттату, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік жағдайын көтеру.

— Мұның қалай болар екен, көп «көтеруіңе, арттыруыңа» тү-

сінбедім. Райком, партком не дер екен болды күнгілдеп айтқан жауабы Бекеннің.

— Сіздер, халық, сеніммен шаруашылықты басқару билігін берген жоқсыздар ма? Ұйымдастыра біл, жақсылыққа баста деген жоқсыздар ма? — қарттың жүзіне тесіле күліп. Енді көп кескестеп, көлденеудеу кейін тартқандық болмай ма? — деді. — Әйтеуір, ағат көтің...

— Есеп бар. Көшпен кеңеспей іс істегім жоқ. Өз ұсынысымды қоғамдық ұйымдарға, сосын ақылкөйлер кеңесіне ұсынам. Ол жауаптан қашқан емес. Нақты ертеңгі келешекке көз жеткізгенім, ғылыми сәуегейдікті де ескеріңіз, үш күндігін ойламаған әйел қор, үш жылдығын ойламаған еркек қор демей ме халық. Ал ғылым одан тамырлаған тәжірибе бірнеше ондаған жыл алдағыны болжайды. Жасалған экономикалық талдау мен келешек атқарылар іс жобасын көрің, ойларсыз, — болды Алыпбектің жауабы...

— Қайдам, әйтеуір кең өлше, кем өлшеме. Халық тағдыры көкпар емес, тақымға сыймайды, — деді ойлы пішіндегі қарт. — Әлі де ақылдасар жайт көп, — деп директор қозғала берді. — Сәл кідірші Алыпбек, мына деген ұмытып барам, — ол мойнын созып күн сала қарады.

— Көрінбейді ә, шамасы көкөзекке қарай құлады-ау, деп қалбалақтап. — Саған қолым жетпеді, баруға уақыт қайда, әйтеуір адал шаруаның қамы ғой деп, бір төте билік жасап жібердім. Әкімшілігіңде қол сұққанымға кешіре гөр, қарағым. Бірақ кләуни зоотекнекке өтініш еткем, кәрі кісі — дәрі кісі деген атқа жетсек түбі рақметінді айтарсың. Менің жиенім ерледі. Сенің отарынды өткізбеймін. Өзім бағып қалам, елге келгенім келген дейді. Сосын мен қос қора болайық дегем. Ол көнді, азды-көпті шаруашылық тәжірибемді бойына сіңірейін деген ұлы ниетпен үйімнің жартысын бөлдірің, шөп, отын-суына дейін үйгізіп жатырмын. Әзірге ол да екі бас, әйелімен екеуі, бізді болса да білесін. Дәурен адам алып сыймай жатсақ, ақыры көрерсің. Қала адамы ғой, ауыл өміріне сіңісіп кеткенне, — деді. Алыпбек қуанғанынан не дерін білмей аз үнсіз тұрып қалды.

— Енді, әйтеуір, — деді Бекен Алыпбектің тез жауап қатпағанына қауіп ойлап.

— Мұныңыз баға жетпес қамқорлық! Әке созі, әке ісі деген осындай болады екен-ау, — қарттың қолын қысып директор. Бұдан артық сізден не тілеймін, — деді. «Әй, әркім өзінше билеп-төстеп, ойына келгенін істей берсе» деп күйінгенім манағы, ешкім естімесін ұят екен ғой, ол ой неге келді басыма. Албырттығым ба?»

Алыпбек өзіндей тасып, көңілі таудай өсіп аттанды. Даладай кеңіп, ойы қиянға құлаш ұрды. «Жарықтық қарттарым-ай, ақыл-гөйсіндер-ау! Жастар да өздеріндей ойласа, бұ дүниенің аз күнде-ақ қалай шалқығанын көз көрер еді-ау! Соған жетсем, жастар жүрегі туған жер махаббатына бөленсе, шіркін!» — деп күрсінді. Бір

машинадағы екі азамат әрқайсысы өзінше ескек ұстаған, өзінше толғанып келеді.

Әнірге директордың осы бір сапары көп сыр ашты. Қатарындағы Алыпбекке назарлап өтті. Өзімен-өзі болып ойға шомған жас бастығына сұқтана беруге ыңғайсызданған Әшір «әттеген-е, не бетімді айтайың, қандай масқараға ұшырадым. Бұдан да өлгенім артық еді-ау! Өз қолын өзі шапты деген осы ма? Әшеке-ау, менің не кінәм бар, не зияным тиіп еді сізге? Ақты ақ, қараны қара деп ажырата алмайсыз ба? Әділет қайда? Нақақ жаптым жала, жақтым күйе дегеніңіз бе? Өмірден алған, көрген жақсы өнеге, адалдық тағылымыңыздың жеткен жері осы ма? Бір топырақта шыр етіп бірге өскен өркен емес не едік. Ата-баба, әке-шеше қанына тараран адалдық, ізгілік намыс қайда? Бұған түсін суытып: бұныңыз не сұмдық?» деп қадалғандай кірерге тесік таппай қалтырап қозғалақтап кетті.

Қараптай қарап келе жатып сүйегінен өт шыққандай қансорпа боп терлеп, қысылды кеп. Өкпесін қабындырып жанын тығырыққа тыққан сұмдық жанын енді бір тарының қауызына сыйғызды. «Масқара! Масқара-ай, ел-жұртқа не бетімді айтармын. Сауыттың баласы арыз жазыпты. Директорға жала жауыпты деп бүкіл дүйім елге жексұрын атым жайылатын болды-ау» ішінен күңіреніп келеді. Жұлдыздай ағын кең даланың төсінде тұлпардай көсілген «УАЗ-469»-дан секіріп құлап ұнтатылып өлсем бе» деп те көзі қарауытты. «Қой, онда мынадай елдің ырысына туған азаматты Шекербек пен Қаныбек сусыз-ақ қуырып жер. Онсыз да болмағанды болдырып, жонынан пәле біткенді жарып тыққалы жүрген олар «міне, қасындағы шоңырын ақыры өлтірді» деп бейбіт әлемге, Мәскеуге дейін пабар...» Әлде... әлде елге ерте-ақ әйгілі болар бұл масқараны Алыпбекке өзім-ақ айтсам ба екен. Қалай бастасам, не деймін? Ол бірақ... «Әй, Әшеке, сіздің есіңіз дұрыс па? Не деп келесіз, бала емес, соқталдай азу тісі алты қарыс ел ағасы жасындағы мыңа сізді жалған қарабеттілікке итермелеген момын иіс алмас жуастық, не аңқаулық деп қалай сөнем! Аналар зорлады, күштен қол қойдырды дегеніңіз әшейін ессіз баланың сөзі. Сіз қазір өкі жаққа да сүйкімді бола қалуды ойлап келесіз. Оныңыз болмайды» десе өлдім-ау, өлдім! От басыпшын. От емес, шок, шоқ басыпшын. Екі табаным ойылып туған жерімнің топырағын баса алмай, бетім күйіп, ел бетіне қарай алмас бейшара тұрнатымды, төңірім-ау, кімге көрсете алармын. Кім болдым? Кім?

— Әй, аңғал жаратылған сорлы басым-ай, сенің көзіңе Қаныбек жаныңды алатын әзірейлі, Шекербек ел тұтқасы боп, бар ықтияр ұстамыңды уысына қысып, шеңгеліне сыйғызып, дегіріңді жұтып қойса, сайқал Мәрзия перінің дуақанындай ұшқын шапқан қарашығын ойнатып жүрегіңді бүлкіл қақтырып, жаныңды билеп алып кететіні несі? Қанатын қағуға шамасы келмей жыланның көмейін өөзі кірген торғайдай мүсәпір дәрмәнсіздікке құл болған

шөрменде байғұс ез обалың өзіңе! Мейлің күй, мейлің өртен! Енді сені бұл ажалдан алып қалатын күш жоқ. Ажал деймін-ау, ұялмай тағы. Ақ өлім ажал болса, не арман бар? Ал мынау... ей-и-и! — ол бар демін ішіне тартып, ері өлген қаралы әйелдей ысқыра үһіледі. Алыпбек жалт қарады. — Не болды, Әшеке, жай ма?

— Сұрамаңыз, — бетің аударып, көзіне жас үйірілген Әшірдің бет-ауызы жыбырлап бара жатты. Бірақ машинаның жүрісін тегежен жоқ. Оқыс өзін азапқа салып, тіпті жек көріп кетті. Әшейін бос өмір кешін жүрген пенде екенмін ғой. Қақса кетер, кім қайда ұрса солай домалайтын хоккейдің шайбасы екем. Не болдым, қор екем де! Елге не бетімді айтам, егер солай бола қалса... Сөз жоқ, Қаныбек сол күні-ақ арнаулы кісімен ол арызды жеткізді, жеткізетін жеріне. Шекербек үндемей отырып-ақ солай бұйырғаны айтпаса да белгілі. Қара бет боп, арызқой жалақор атанып, елге масқара боп өлмесем не қылсын! Бір жағынан Мәрзия да сайқалсып! Бою-сасыған ерінің құрғыр, өлтірді-ау! Машина қатты секіріп-секіріп кетті.

— Әшеке, байқаңыз, секіре берсеңіз рессорың сынады, — деді Алыпбек.

— Өзінің де сымбаған ештемесі қалмай келеді, — деді қатты терлеп кеткен Әшір, шерлі қатындай қайта үһілеп. «Әрине, көзсіз көбелектей отқа таяна берсе, кім күймеген. Секіре берсе рессор қайдан шыдасын! Иә, Әшеке, сенің рессорың, сол арызды біреу тексерген күні сынар-ақ! — деді өзіне-өзі, күйініп. «Құрысын бүйткен тірлігі, соларды көрмей-ақ қояйыншы деп ішінен ант су ішін кеп тоқтаған. Бірақ сол кеште мұны Мәрзия өзі іздеп тапты. Қоярда қоймай, ерітіп үйіне әкелді. Көптен бері бұлаң құйрық, түлкі жортақпен алдаусыратып жүрген ту келіншек күтпеген сәтте жанына жайлау, жүрегіне жастық болды. Аяқ астында не боп қалғанын Әшір қанша ойласа да, қанша із кессе де, санасына оралта алмады.

— Әшіржан, қажыдым, — деді мұның мойнына ақ білегін артқан Мәрзия. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Қымбат жұпарды аямай-ақ сеуіпті. Иісі қолқаны ашып, ұйқыдағы тәтті сезімді оятып қытықтай жөнелді. Бірақ неге қажыды, неден шаршап, мұншалық бұған құлап түскенін ішіне бүккен келіншек тек мұны сүйе берді. Қысып-қысып сүйді. Бауырына тартқапда қос анары, жұмсақ балғын денесі Әшірді қорғасындай ерітіп бара жатты. Сонда ғана жаялықты ауыз оймақтай ерінді сорып қалып еді. Аңқасы кеуіп, құла түзден қақтығып шапқылап кеп суға құлаған саяқтай екеуі құшақтарын көп уақыт жаза алмай шала есті халде жатып қалысқан. Айқасқан құшақ ажырасса жаны қоса шығардай үздігіп, төсін Әшірдің төсіне қайта-қайта сүйкеп ырғала түскен Мәрзия таң шапағы сәуле шапқанда ұзын кірпігін зорға жазды.

— Жаным, сен бар қызығым екенсің, — деді күл боп ұнтатылған үнмен сыбырлап. — Енді босатпаймын. Енді қолымдасың! Жа-

кымдасың! Әшір күрсінді. Ләззат шоғы төнін күйдіріп болып, жанын шарпып бара жатқандай еді. Бүкіл мүше-мүшесі айқын көрінген ақ жібек іш көйлегі үлбіреп орнынан тұрған келіншек Әшірге перінің қызындай болып көрінді. «Не көріп жатырмын» деген ол көзін уқалай берді, күрсіне берді. Қос шеңгеліне сыйған қылдырықтай аш белі, төңкерілген кеседей қос анар, былқылдаған дөңгелек мықып, алма мойын ақ тамақ қарлығаш қанат қас, қарақат көз, жәудіреген мұны тапжылтпай тастады. Айтар сөз таппай, тамсана берді. Манагы Мәрзияның өз істегенін өзіне істеп, бас салып құшақтап сүйіп, жұмарлап, аққу ілген бүркіттей бауырына қайта басты. Бар сезімін тек қимылмен ашқарақ мылқау нәпсі қарекетіне ғана бағыштапты. Осы бір әлі мен тірінің арасындағы ыстық, суығы белгісіз үздігіп тіл қатқан халдегі сәтте Мәрзия тағы да тіл қатып:

— Мен енді сенің әйеліңмін. Саған тидім, — деді. Бұл өмірде сенен басқа сүйгенім болған емес, — деп тағы бір тереңнен суырып сүйріктей ыстық сезімін аялатты. Әшір әлі үнсіз еді. Жаны езіліп, бойы балқып, өз жүрегіндегі жауап сөзін айтуға дәрмені түгесілген ол сұлық ақуалдан енді ғана тоңнан жібіп көктемнің шуағында тірілген жыландай өзіне кеп:

— Менің де аңсағаным өзіңсің, өзің ғана! — деп зордың күшімен сыбырлады. Осылайша Әшір мен Мәрзия екі жарты бір бүтін болған. Қалай дегенмен Шығырдың Сақыбы Шекербектің Сәпуранынан әлдеқайда айдалы шықты. Басқа таппаған төте жолды тапқан сол. Ол — Мәрзияның пәлен жыл сыбай салтаң жүріп-жүріп кен Әшірге тұрмысқа шығуы еді. Оның өз есебі бар-тын...

Сақып, Мәрзия, Сәпура үшеуі тұлымшағы желбіреп қатар өсті. Бір мектепте оқыды. Бір мезгілде бойжетті. Содан ба, бірінен-бірі сыр жасырмайтын, алаңсыз тату достықтары да қалтқысыз еді. Қалған екеуінен Мәрзия көріктілігімен де, қиянқойлығымен де көзге оқшау көрінетін. Туған әкесі көп жылдар дімкәс, сырқаулы боп ұзақ ауырды да, бұл есін біле дүние салды. Қыз жалғыз шешенің тәрбиесінде қалған. Ол кезде шалғай ауылдық жерде бүгінгідей дәрігерлік емдеудің жан-жақты дамымаған кезі емес пе, ерінен жұқты ма көкірек ауруга шалдыққан ана көп кешікпей көз жұмады да, сүйріктей боп алып-ұшып өсін келе жатқан Мәрзия қаладағы бір иптернатқа беріледі. Бұл Мәрзияның өмірге көзін енді-енді ашып келе жатқан шағы еді. Балалық шағы қасіретке тап болды. Басқа түскен баспақшыл деп, сүйегінде оты, жүрегінде жалыны бар қыз орта мектепті өз қатарымен жап-жақсы бітірсе де ілгері оқудың реті келмей, жазу машинисткаларын даярлайтын қысқа курсты тәмәмдап, жеңіл мамандық алады. Сұлуға қай заманда көз түспеген. Бір қаланың талай жігітінің көзінің жауын жеген қыз біреудің етегінен ұстайды. Әттең дүние, демекші, ол бірақ шөлмек көрсе шөлдеп, ішкілік десе жаны күйреп тұратын жігіт болып шығады қыз сорына. Бойында бір кісідей қайрат-жігері бар Мәрзия

өзі қалаған жарын қанша апатты жолдан түзу адамдық жолға алып шықпақ болып, не әрекет етсе де ішкілікке әбден құнығын алған ол түзелмей қояды.

Күнара сауықтыру орнынан табылатын жігітті ақыры тиісті мекемелер өз қарауына емдеуге алады. Сол емдеу үстінде жүріп, бір күні үйге келген ол байқаусызда сірке суын ішіп қаза табады. Қысқа тіршілігінде оңбастай боп осылайша үш рет қайғы торына түскен жас келіншектің өмірден торығып, жүдеп қажып жүрген шағында «Майқоңыр» совхозының бас зоотехнигі Шекербек ойда жоқта ұшырасқан. Бір кезде күні-түні соңына жарық алып түсіп, бірақ қолына қондыра алмаған сандуғашын көргенде жігіттің көзі шарасынан шыға жаздап:

— Мәркен, — деп дыбыстайды. Тегінде күтпеген ойында жоқ, азды-көпті алты-жеті жыл көріснegen. Өзі десе жанын нида ететін құрбысын тапшамағандай бір сәт аң-таң хал кешкен келіншек бұған жаутаң-жаутаң қарап қалған. Осы аз уақыт кідіріс Шекербекке тосын қуат бергендей боп:

— Жаным-ау, өмірде бар ма едің, — деп үздіге кеп құшақтай алады. Аш өзегі өмірдің азапты отына өртепін, жүрегі қайғыдан пәрша-пәрша жан өзіне деген мұншалық тосын, ұмыт болған мейірім шапағатқа ма, әлде сонау балалық, жастық шақтағы бір жүрген құрбыға деген сағыныш па, әйтеуір, оның құшағына құлап, өксіп, денесі діріл қаққан. Сүйегі түзу, бой-басы келісті, үрп ауызға салғандай сұлу келіншектің бар жағдайын білген Шекербек:

— Жарайды, жасыма: сен жұлдызың сөнетін жан емессің. Шира, сілкін! Біздей достарың тұрғанда қамықпа, Сәпураға, үйіріңе, достарыңа қосам деп, рухани күйреу үстіндегі осы Мәрзияны өзімен ерте келген. Дәл сол сапарыңда «әдейі ғана сен өзіне-өзі келсін деп қонақ үйінен орын алып, екі-үш күн аялдап тұрмын. Иә, үсті-басыңды, киім-кешегіңді түзеп ал!» — деп жүз теңгеліктің бірнешеуін ұсынған ол: «ауызда әртүрлі көз, сыпсыңдаған жүрдек сөз қашанда болған, бола береді. Жұрт алдымен үсті-басыңа, киіміңе жарайды, сосын барып, ақыл-есіңді таразылап, жүріс-тұрысыңды тексереді. Елсіз шыңырауда шырқыраған жаныңды өндігі жерде мейіп жүрегімінен тап, — деп оңаша бөлмеде ыңдыны құрып, қалған тірлігінде жыламауыңа, жылатпауға уәде етемін, — деген Шекербек оның ықтиярын сындырған.

— Мен бақытсыз жанмын кесірім тимесінші, жаным, бір кезде тәкәшпар басым сені қалай жоғалтқанымды есіне алса, жынданып кетер деп күдіренген келіншек те:

— Осы қалада-ақ бола берейін. Үйім бар. Келіп тұрсаң болды, — деп те көрген. Бірақ оған Шекербек ерік бермеді. «Қайтесің, өзіңді босқа қинап, қалған өмірде көз алдымда жүрші. Не кием, не ішем дегізбеспін. Сен сахараның бәйшешегі емессің бе, сайын дала сенің құлпырар жерің», деп қоярда қоймай айтқанына көндірген. Ол кезде ел аузында есімі «ой-хой, кең дүние» атанып кеткен жігіт

еді совхоз директоры. Апса алақанына, жұмса жұдырығына сыйған сөл «кең дүниеге» көп Шекербек:

— Ай десе аузы, күн десе көзі күлген тамаша келіншек әкелдім сізге, — демей ме.

— Оны қайтем, екі қатын алатын заман жоқ, — деп ат-тонын ала қашады анау.

— Түу, сіз де «қара сасық ауыздың дәмесін» деп ішінен бір сыбап алған ол, әлемдегі бар сұлуды бір үйге жинағанда, өмірдің не қызығы болады. Бірі үйіңізде болса, бірі есігіңнің алдында неге болмасқа, — дейді оны өтірік қолпаштап. Сонда табиғатында мақтаншақ, аңқау жаратылған жан мұның не айтып тұрғанына түсінбей:

— Азаматым-ай, бәрін біле бересің, әттең, дүние не керек, біздің қатын ауыз үйге сұлу келіншек ұстамақ түгілі ит ұстатпайды ғой, — дейді.

— Жо, жо, сәл сабыр етіңіз, сұлулық табиғатқа біткен қасиет. Оны аяқ асты ету ойымда жоқ. Ол осыншалық құрметке тұрарлық сүйкімді жан. Оны сіз мына өзіңіздің директор күніңізде қабылдау бөлмеңізге отырғызып, машинка бастырып, келген, кеткенді хабаршы етіп күндей күлдіріп, гауһардай жарқыратып қоясыз. Сіздің беделіңіз де сұлу болады, — деген.

— Беделім де сұлу болады, ә? — Көзі жапақ-жапақ бұған күле қараған оған:

— Иә, ауылда, ауданда сол сұлуды-ай деп тамсанады, — дейді құтыртып.

Міне, Мәрзия «Майқоңыр» совхозына осылай келген еді. Обалы нешік, Шекербек сөзінде тұрды. Не киейін, не ішейін дегізбеді. Аузын алтындатты, қойлегін жарқылдатты. Әбден аясыпа келген жас келіншек күн сайын түрленіп, сымбатына сымбат қосты. Көрген көзді бұлдыратып, ауыздан су ағызды. Мәрзияның арқасында Шекербек те талай отқа күймей, талай суға тұншықпай келеді. Айтар сөзге бай, тіл десе тіл, тамсандырап оң десе оң, бір басына жетерлік ақыл есі бар келіншек кейде өз бақытына мас боп та қалатын. Жарық дүниеде көрген қызық-рақатын Шекербектен ғана таптым деп түсінген жан, ол не айтса тақайыр етіп көрген емес, «Сен үшін не десең де жаным құрбан» дейтін оңашада өзімен-өзі сырласып. Бірақ әзірге Шекербек олай деп бұған айтқан пенде емес. Бірер рет қана өзін тексеріп, біреулердің арыз-шағымымен келгендерді Шекербектің «мына немені бір емексітіп жіберші. Озіңмен таныстыр деп мазамды алды», — дегенін екі есе артығымен орындағаны бар. Онда да түлкі құйрық...

Бұ жолы Шекербек бұған көкейін жарып ләм демеді. Бар айтқаны: «Мәркен, Сақып қонаққа шақырыпты, Сәнура екеуің менің машинамамен барыңдар. Оның да іші пысып, мазамды алды. Шығыр үйінде жоқ. Әнеуі Шілжанның шатағымен басы қатып жүр ғой» деп ат өтті күңк еткен. Бірақ ертеңгі жұмыстан қалып қойма, біле-

сің ғой. Бұл «көң дүние» емес деген Алыпбекті өмеуірініне алып...

— Әй, сен қатын әбден бауырыңнан жарап перінің қызындай боп кетіпсің ғой. Әттең, еркек боп тумадым-ау, онда ма, онда шаыңды деп сықылықтап күлген ашық мінезді, бейпілауыздау Сақып Мәрзияны қолтықтап кірді үйге. Мына Сәпураны құдай алты биенің сабасындай іркілдетті де қойды. Ал, сен...

— Сен де соғасың, еркектер семіз қатын жақсы дейді ғой. Құдай темірдей тақылдатқаннан сақтасын, — деп Сәпура да сөзге сөз қосты.

— Сендер не, мені бүгін көргендей сұқтана қалдыңдар, қызықсыңдар, жандарың ашыса, қане біреуің байыңды бер. Баяғыдан бері мүйіздерің шықса рақатын көрдіңдер ғой, — деп қарсы әзілге шықты Мәрзия.

— Сенен аярым жоқ, маңдайын ат теуіп, миы ақтарыла жаздағанда да сақтаған құдай. Сен аттың тұяғынан мықты емес шығарсың. Әй, менің Шығырымды бірақ шыр айналдырып, қауашағын қансыратып тастароың! Оны ойлану керек екен, — деп күлген Сақып.

— Ал, менің шалым, қашаннан бері сенің қолыңда. — Баяғы қыз күніннен табаныңды иіскетіп, аузынан сілекейін шұбыртып келесің. Мүйіз шықса саған шығар еді, арманда қалған ештемең жоқ! — деп бос оспақпен Сәпура да шалуытап өтті. Мәрзия екеуіне манадан кезек қарап күлкіден езуін жия алмай отырған. Мына сөзге қабағын шығына қалды.

— Иә, сенің шалыңа өліп жатыр едім. Несі қалды оныңның! Егер, егер ерегестірсең, — деп көзін қипақтатып қарады. Күні бұрын дайындалған стол бетін жарқ еткізіп ашқан Сақып бұлардың сөзін бөліп, одан әрі ушықтырмай:

— Әдейі сағынып шақырдым. Қыз күнімізді еске алып, оңаша бір біз де адамша отырайықшы. Бірімізбен біріміз ерегесің қайтеміз. Е-е-ей, ессіз Сәпура, қайтесің бос сөзді, жаны бір дос осындай-ақ болар, екі «шалдың» басы онсыз да қатып жүр. Енді біз де бас қатырып болмашы тірлік, аз өмірдің қоламтасын түртіп жүйкені тоздырмайықшы, — деп сөйлеп жүріп мынау әлгі жұрт айта беретін Әрмән кәниегі, — деп оны ашып, үш рюмкаға толтыра құйды.

— Үшеуіміздің басымыз қосылып, он төртіндегі айдай толған жабымыздың рақаты, бақыты үшін бір алып жіберейік, — деді жайнаң қағып. Үшеуі алып тастады. Мұздаған ет, тұзды қияр, қара икра, май жаққан әдемі піскей нанмен қарбытып аз отырған олар қалай сөйлеп кеткендерін аңғармай қалған. Тост саны көбейе берді. Босаған шөлмек саны да үшке жетті. Мәрзияны ортаға алған екі жап аямас құрбысы бірінен-бірі асқан шешен болып шықты. Қысқа мұрын, қалың ерінділеу, беті етжеңді шүңірек көзді Сақып екеуінен гөрі ішкілікті жақсы көтереді екен. Баяғы Шығырдың қалай сөз салғанын жырдай ғып айтып шықты да:

— Мәрзия, — деді ойына бірдеңе түсіп кеткендей дауысын оқыс

Көтерің, — саған Әшір ғашық. Рас айтам, білесің бе сен? Өлердей ғашық!

— Ғашық болса несі бар, — деді Сәпура ол да жас адам. Немене еркек емес пе ол? Кімнен кем? — деп үре қарады түк білмегенсіп. — Әйтеуір, біздің Шекең Әшір десе, жігіт-ақ деп мақтап жөнеледі ғой, — деп бір тоқтады. Онысы бас асауы бар, о жар мінезді Мәрзияның алдын алғаны.

— Өліп жүр саған деп тамсанды Сақып.

— Өле берсін, аузын жаялықтай ғып қайтем. Жүріп-жүріп кеп Мәрзияның тапқаны осы ма деп жұрт күлер, — деді Мәрзия, ерінін шүйіріп.

— Өйдеме, жігітке кепиет көзбен қарама. Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық дегенді әстімен пе едің, — деп Сақып салиқалы сөзге көшті.

— Осылай, өтпексің бе, тізеңді құшақтап. Қай күні бір әйелді, бір еркек асырап баурай қалып еді. Оның үстіне Әшір шысық жігіт, әйтпесе бір директордан соң бір директорды тасыр ма еді.

— Әй, қойыңдар түге, мен сендерден бай сұрадым ба? — деп Мәрзия түсін суытып, бұртия қалды да, меп байсырасам екеуіңнің біреуіңді қатырам, — деді қабағын керіп, қайтер екен дегендей екеуіне кезек қарап.

— Бізді жеңгенде мүйізің шықса жетші сол мұратыңа. Бірақ бізде де бір тың мақсат бар, — деп Сақып едәуір маңызды бірдеме айтатындай қиыла қарады.

— Ол немене сондайын сол Әшірге қатысты боп қалған?

— Байқұс-ау, бар тағдыр соның қолында тұр емес пе, тіпті бір совхоздың, — деді. Сәпура біздің үйдегі ендігі жерде бізді қорғаса Әшір қорғайды. Одан басқа күш жоқ деп жүр. — Ол кім, елге қорған болатындай, — деп елеңдей қалған Мәрзияға Сақып.

— Қиын қыстауда бел бермеген ерді айтсайшы. Бірі опырау-лөйші, бірі главзот болғандағы түрі мынау. Қапыбек анау өз басын қорғай, қайта бұларға пәле сап жатқан.

— Ей, айтындаршы аспан жерге тисе де естиін деп үздікті Мәрзия. Сол Әшірдің қолында тұрған күшті көріп олейін.

— Бетім-ау, білмей отырғандай саған не болды осы. Анада өз қолыңмен жазылған арыз ше, Алыпбектің үстінен соған ие сенің Әшірің! Сол қасқайып танкі ме еді, не еді әлгі албастыдай жер дүниені жайнап соғыста оқ боратып қырып жоятып, Әшір сол! Күні ертең бетбақтырмай тексерушіге Алыпбек оны істеді, мұны істеді, көзімізше Шілжанды өлесі қып сабап құды! Енді міне, өлі, тірісі белгісіз деп отырып алатың. Ал, Әшір сенің жұмсаң жұдырығыңда, ашсаң алақаныңда, — деді бәрін алдына жиып салған Сақып. Мәрзияның көзі жайнап кетті. «Мәдениетті болу керек. Бар әдептілік осы кабинеттен, мына сен отырған жерден басталады бұл мекемеде» деген Алыпбек келді көз алдына. Өткір көзі шоқ шашып, бұған ызғармен қарап қалған күйі. Аяқ астында Мәрзияның зығыр-

даны қайнап шыға келді. «Тірі жүрсем, ұмытпаспын-ау, осынынды» деп сонда ызаға булығып, ант-су ішкені есіне түсті.

— Ойбай-ау, — деді қарап отырып шоқ басқандай. Соның не қорлық екенін, тіпті қай мазағы екеніне күні бүгінге дейін таң қалам. — Мәрзияның мына өзгерісіне қыбы қанғандай екі құрбысы мойындарын ентелей созып, ерінін сылпылдатып, ауыздарын ашысты. Әдірақалғыр, мәдениеттің не екенінен хабары бар ма екен алдымен. Көшеде қалай жүруді білмейтін жуан қоныш күні киген, ақ таяқ ұстаған кешегі қойшы бүгін директор бола салып, маған әкірең-әкірең етеді. Ойыма не түскенін өзім де білмеймін, мойныма қай сайтанның мінгені есімде жоқ, күліп отырған маған «неменеге күлесің?, «жылаганды сұрама, күлгенді сұра» деген деп қайдауырдай қадалғаны кеп. Сөйтін тұрып, сол шіріктің біліп қой дегені бар емес пе, данышпансып, «осы мекемеде мәдениет осы сен отырған жерден басталады. Жырқылдап орынсыз күле берме!» — деп ақырғаны. Өзім өз болып еркектің қасыма қораздай қоқақтап кеп тегісінгенін көргенім сол! — Масқара-ай, не бетімді айтайын!... Содан бері оны иттің етіндей көріп кеттім, — деді.

— Кім құшақтай алайын деп отыр оны, — десе Сәпура.

— Сүттей ұйыған елді алатайдай бүлдірген бүліктен құдай қашан құтқарады демей отырған пенде аз, — деп қостады Сақып.

— Бар күш өзіңде, мына сенің қолыңда, — деп қайта шегеледі Сәпура.

— Сонда мен не істеуім керек?

— Сен Әшірді қарғы баулап байлап аласың да, тұтқиыл, баутағарда Алыпбекке қосып кеп жібересің. Сөйтін дал-дұлын шығар, — деді Сақып. Үшеуі мына сөзге дуылдай күлді.

— Бұларың енді, — деді жүрегі дауаламағандай Мәрзия, күлкісін тыйып.

— Әй, қатың деп тостыға тағы бірді мөлдірете құйған Сақып, — біз үшін, ағаларың үшін бір нартәуекел, — деші. Құдай біледі Әшір сеңі қор қылмайды. Мойнына мінсең көтереді, жатсаң жастығың, мінсең көлігің.

— Өзі бүкіл біз көрген жігіттің ішіндегі елгезегі, а десең аузыңа, е десең ерніңе қарайтын адал жар болады ол, — деп құтыртты Сәпура да.

— Сонда мен ол шірікке өзім барып тиісем бе? — деді кенет жібі босап Мәрзия.

— Сүйген адам былай емеуірін танытса, жаны бар еркек шыдай алмайды, — деді жұлып алғандай Сәпура.

— Соны да сөз деп, мына сендей сұлу болсам, дүние-ай, бар еркекті қол астыма піріп таңдағанымды қабағыммен-ақ, — деп күлді Сақып. Бұл кезде едәуір қызып алған үш әйел бір-бірінен қымсынуды қойған.

— Әй, — деді Сақып сен сөзді қой, бүгін кеше сол Әшірге ақ төсіңді аймалат. Сөйт те, айдап сал. Өз қолыңмен жазылған арыз,

соңында Әшірдің подпесі. Күні ертең келеді, деп ағаларың тексерушіні жаутаң қағып тосып жүр. Оған дейін Әшіржанды әбден пісіріп қой, сосынғы шаруа сенің қабағыңды шытқызбайды, — деп қорытқан. Ақыры бар мәселе осы айтылғандай боп шешілген еді...

3

Бұл бұйрық ашық бұлтсыз аспаннан жай түскеннен кем болмады. Іштей кіжініп, буынғандарды айтпағанда талай қабақ қатып, талай жұдырық түйілді. Тұғырында шаңқылдаған бүркіттей, ыңырысып, ботасын ізден боздаған түйедей, өз отының басында сан-сапырылысқа түскендер, ашық айқасқа шыға алмады, көрінбеді. Көрінісі келмеген. Әркім өзінше тон пішіп, өз биігінен өлшеп, қалыптасқан жылдар бойғы тіршілік дағдысына айналған жағдайының күрт күтпеген сәтте бұлай өзгеруіне разы еместігін әртүрлі жолмен білдірді. Өз қолымен жазған бұйрықты Алыпбек машина-трактор шеберханасында механизаторлар алдында өзі оқыды. Төрт көзі түгел. Бұл шағып бас қосуға қатыснаған слесарь, тракторист, шофер, инженер-техник қызметкерлері қалмаған.

— Байқауымша, егер мен дұрыс түсінсем, ең кемі отыз маман байырғы механизатор штаты қысқарады екен, — деді Дулат әдетінше танауын бір тартып қойып. Әдейі сөз түртін отырған жайы бар.

— Қысқарды деңіз, — деп сөз қостады Сағат.

— Сонда олар, — дей берген Дулаттың сөзін бөлген директор:

— Осы жақында бәріңіздің де мамандықты қалай игеріп жүргендеріңіз, қаншалықты кәсіптік шеберліктеріңіздің барлығы жөнінде аттестация жүргізілді. Тракторист-шоферлық, шофер-тракторист мамандығына мемлекеттік автоинспекция ұйымдастырған комиссия алдында емтихан тапсырып, праволарыңызды алыңыздар. Некең-саяқ болмаса, басым көбіңіздің қалтаңызда екі мамандық моторист-слесарьді қоссақ тіпті үш мамандыққа ие куәлігі жатыр.

— Рас, — деи қалды біреу.

— Рас болса, сондағы совхоз әкімшілігінің мақсаты не деп білесіздер? — Алыпбек оларға сұраулы түрде сынап қарады. — Мамандықтың бірі болмаса бірін атқарсын деген болар, — деді Сәрсен.

— Дүп-дұрыс айтыңыз. Дәл қазір шаруашылықты алға сүйрей жөнелетін жан-жақты мамандық иелері өте қажет. Бесаспап дейді ондай көп білікті, бірнеше кәсіпті игерген маманды. Біздің совхозымыздың, былай айтқанда, бүгінгі ауыл шаруашылығын жедел дамытудың күрделі міндеттері туғызған талап, сіздердің алдарыңызға сондай жан-жақты мамандықты игеруді қойып отыр. Мұнда көп сыр бар.

— Жарайды, оныңызға түсіндік, — деді Бақыт. — Ал, осы қазір босап, жұмыссыз қалған шоңыр, тракторист қайда барады? Үйінде

қолын қусырып отыра ма? — деп ашық наразылық білдірді. — Пөлен жылғы үйренген кәсібінен босап...

— Олардың қолынан басқа не келеді?

— Көбі баранка крутитпен күн көріп жүрген, — деп бірін-бірі қолдаған жеке дара дауыстарды қолып көтеріп тоқтатқан директор:

— Бұл мамандықтарыңызды тек жан бағу, бірыңғай от басы қамы, бас мүддесі үшін ақша табу деп түсіну ең ауыр қателік. Егер өздеріңіз ойлап түсінсеңіздер, сіздер мемлекеттік мұратты, ұлы мақсатты жүзеге асырушы қайраткерсіздер. Оны түсінгілеріңіз келмейді. Ал, баранка крутитпен мемлекет алдындағы үш миллион сом қарызды өтеу мүмкін бе? Сіздер ойлаңыздаршы меніңше, — деп өткір жапарын өзімен ере келген бас экономист, Жал, Сағатқа, одан Дулатқа аударған Алыпбек — әрқайсыңызды совхоздан алатын еңбекақының қайдан шығып жатқанын талдаған экономикалық көрсеткішті оқыған шығар деп ойлаймын.

— Иә, оқыдық оны.

— Оған сүйенсек...

— Енді неге сүйенеміз. Бар шындық сол! — деді ығыздап «неменеге тәптіштейді осылар» деп булығы қалған Жал.

— Бар сыр айнадағыдай сол талдауда ашылған. Енді шегінер жер жоқ. Сіздерді, бүкіл бір совхозды күні бүгінге дейін мал шаруашылығы тамақтандырып, киіндіріп, салқын үй, салулы төсек болып асырап келді. Ендігі жерде малдың мойнына жармаса беруге болмайды. Шаруашылық есепке көшу нақты жағдайды көзге көрсетіп, бізге осындай мойын бұрғызбас, тың ақыл кеңес берді.

— Сондықтан?...

— Сондықтан өзіміз бұған дейін қолдан жасап келген қиыншылықтан шығатын бір ғана жол нақты атқарған еңбекке ғана ақы алу. Өзін-өзі қаржыландыру тәсіліне көшу керек. Сол үшін ешбір құпиясы жоқ отыз бір механизатор штаты қысқарып, олар мал шаруашылығына, одан қалса басқа түрлі жұмыстарға жіберіледі.

— Уыздай ұйып отырған ел едік, бұл не болар екен, — деп қалды Дулат Дүйсеков қабағын қатты түйіп.

— Қаңғыртайын дегені шығар.

— Өзім асыраған текешік... өзімді сүзді деген осы да!

— Әй, Шекербек, сабазым-ай біледі-ау!...

— Бәкірден бастап еді... Шеберхана іші аяқ астында гу-гуге толды да кетті. Әбден май сінді боп қап-қара күйедей қарайып кеткен столға шынтағын сүйеп, манадан жайбарақат сөйлеп отырған Алыпбек «мейлі, ойындағыларын айтса, айтсышы» деп жанарын төмен түсірді. Жұмысшылар комитеті төрағасы мен бас экономист тыпыршып мына бұрқ-бұрқ қайнай жөнелген қазандағы судай, қара-көлеңке шеберхана ішіндегі өреки түскен көпшілікке таңдана қалған.

— Ата-бабамыздың мекені еді.

— Ойбай-ау, маскара болғанда бұ жарықтық Майқоңыр жерінің берекесі біржола кетейін дегені шығар.

— Енді несі қалды өзінің.

— Құрдым тартқырды біржола құрдым жұтайын дегені де!

— Сәд сабыр етіңіздер, жігіттер. Құрдым ешкімді де, ешнәрсені де жұтпайды. Майқоңыр тонырағында ондай құрдым жоқ. Бар болса оның аузын бекітеміз. Бірақ ойланыңыздар, сол құрдым болып тұрған көзге көрінбеген қырсықты жоймай ешбір шаруа, ешкімнің от басының жағдайы оңалмайды. Өздеріңіз бастаған тамаша келелі істі міне, аяқ астында бүлдіргелі, жоққа шығарғалы тұрсыздар. Неге бекерге шулайсыздар, ә? — директордың қоңыр үні жаңғырығып шықты. Бірақ, әлгіде елеріп, үдірейісе қалған топтаң оң жауап, құптаған дыбыс болмады. Әрқайсысы «мұның да ақырын көрерміз» деген күмәні мен наразылығын іштеріне бүгіп қалысты. Одан әрі сөзді Алыпбек те созады. Байсалды қалпына түсіп, жаңа ғана жауап бұлттай шытылған қабағын жазып, жайдары ажарына енген.

Өзімен-өзі бой шықты. Шеберхана үйінде әлі басылмай жалғасқан дабыр-дұбыр мұның артынша іле қайта тұтана жөнелген.

— Енді не болар екен? — деп Дулат әрқайсысы әр жерде түнгі қарақшыдай түнере қалған жігіттерді сөзге шақырғандай болды.

— Әйда, кеттік жігіттер! Тұрыңдар, Еріндер соңымнан! — Сәрсен қолындағы сүрткіш шүберегін умаждап, май сіңді алақанын жүре сүртіп, айқай салды. Басқалар дүркірей тұрды. Бүгін не бүк, не шік боламыз. Бірақ ескертіп қояйын, біреуің бұра тартып, қиқалақтап жүрмеңдер. Ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымда боласыңдар.

— Құп! Әйтеуір отқа салмассың, — деді біреуі.

— Бәрін бүлдірген өзің едің, деп қалды ту сыртынан біреуі, ол — Дулат.

— Қалай? Жап-жалпақ жауырынып шалқая жазып артына қарады Сәрсен.

— Егер сол сайлауда ғой, Шекербекті масқараламасаң бүгін дәл мынадай сұмдық болмас еді!

— Әй, дәл мынауың енді қара қасқа қателік! — дей берді түтіге түскен Сәрсен. Егер Шекербек директор болғанда ма, масқараның әкесін көретін едің, — әдетінше бет-аузы көгілдір тартып бұлыққан ол, оның аты өшсін! Ешкім атамасын атын деп аяқ астында мойнына астына алып, тулап кетті. Шекербектің не істегенін мен білем, қайсыбірін айта берейін. Оның орнатқан ұжмағын көріп, рақатына батқаның аз ба?! Осы — соның әлегі аяқ астында мына дүниені өрт алғандай күйіп-пісіп шыж-быж шыққан бірдеңе десеп бұдан да асып-тасып лапылдай жөнелгелі буына қалған оған, тырс етіп ешкім жақ ашпады. Дуылдаса сыртқа шықты бәрі. Алыпбек бастаған топқа мектеп директоры бар мұғалімдер жолығып, әлі ұзай алмай, кідірістеп, ақырын ілби басып ілгері кетіп барады.

— Әне, ұзамапты, — деді Бақыт жерден жеті қоян тапқандай иегімен оларды нұсқап.

— Әп, бәрекелді темірді қызған үстінде соқ, — деген, қанеки, Сәке, бастаңыз, — деп Дулат та қасақана жік-жапар бола қалды. Онысы ақиқат іле іздегендік, «қайтер екен. Көрейін мұның түре соққан қара дауылы. Қай жеңгені менікі» деп іштей сыздай түсті. Өзінше қойт-қойттағаны.

— Алеке, оу, Алеке! — деп анайы жарсоғар аңғал мінезіне ерік берген Сәрсеннің ащы дауысы да іле шықты. Олар дүркірей шыққан жігіттерге таңырқағандай жалт қарасып тоқтай қалды.

— Мыналардың бет-әлпеті, — деп әлде бірдеңеден сезіктепгендей Сағат Алыпбекке сүзіле көз тікті. Қапелімде бір совхоздың бар механизаторының дуылдасып үрке көтерілгені жас директорды қалт тоқтатты. Еріксіз кідірді. Неге аңыра қалғанын өзі де пайымдап, ақыл таразысында өлшеп үлгерген жоқ, аң-таң. — Тау құлатып, осы елге тас лақтыр деген кім саған? Соны айтшы бізге, — деп Сәрсен бар дауысын көтере келді. Тайсалар, ұялар, қаймығып, әдеп сақтар түрі жоқ. Не болса да осы жерде біржола арылып ойындағысын айтып, бетін ашып, алмақ. Бар қаһарын, зілін, Алыпбекке төгіп ентелей басып жетті. — Не айтып тұрсыз? Бұ не сұмдығыңыз, бас жоқ, көз жоқ бет алды даурығып деп. Осылар бір ұят іс-темесе кетті деген ой жүрегін тырнаған Сағат Сәрсенге түйіле қарады.

— Мен не деп тұрмын. Сол! Осы елге тау құлатып, тас лақтыр деген кім? Соны білуіміз керек. Қалш-қалш ашу бұған Сәрсеннің дауысы қатқыл шықты.

— Опың жауабын өзіңіз бергенсіз бұдан пәлен ай бұрын, — деп жиналыста, өмірі Сәрсен болып, көп алдында шешіліп сөйлеп көрмеген жігіттің ашына ақтарылғанын есіне салғаны еді.

— Мына мен? Мен бе? — Аң-таң. Сағаттың не айтып тұрғанына толық түсіне алмай әбігері шықты Сәрсеннің.

— Иә, сіз тап мына тұрған көптің алдында бар даусыңызбен ақ айқай салып айтқансыз. Сәрсен не дерін білмей көзі алақтап:

— Әй, жарқыным, әкет пәлеңді, жала жаппа! Мен ешкімге мұншалық қиянат, тіпті елге құлақ естіп, көз көрмеген әлек сал деп кеңес бергем жоқ! Ал, мыналарың, — деген ол әдепкідей емес, тауы қайтып, жасып, не одынан, не солынан шығармын деп қауіптенді ме, бірдеңеден қуыстанғандай бәсеңси берді де: — Кімдерді басытың, қайда қумақсыңдар. Соны ашып айтасыңдар, — деп Алыпбекке, бәріне кінәлі сен емессің бе дегендей жаубеттене тесілді.

— Сәке, асығыс қорытынды, жеңіл шешім опық жегізеді. Мен ешкімді де босатып, ешқайда қумақ емеспін. Бәрі ертеңгі жақын күннің қамы, игілік үшін жасалып жатқан қарекет, — деді сабырлы қалпын бұзбаған директор.

— Ол қай ертең, қай игілік?

— Бүгін нансыз, жұмыссыз қалған елге ертең қай аспаннан құймақ жауғалы тұр?

— Сол аспанды көрсетші ауымызды аша берейік.

— Түбі қайыр болсын әйтеуір, соры қалың елге өркеуде, өзі біле беретін данышпан бастықтар кезіге берді. — Болмайды бұлардың! Бұл халықты тоздыру, — деп біреуді-біреу киіп, дуылдасып жөнелді бәрі. Жобық берер, басылар түрлері жоқ.

— Бекерге шуламаңыздар. Халықтың арасына бос үрей, құр даңғаза таратпаңыздар. Бірде бір адам жұмыссыз қалмайды. Бәріне де орын дайын, — деген директорға:

— Оу, әркімнің мамандығынан өмір бойы атқарып келе жатқан кәсібінен айырып отырып бекерге не жұбату бұл? Бізді ақымақ көресіз бе? — деген шапшұдай сауалға: Аз шыдас сәл уақыт сабыр табу керек, — деді тағы Алыпбек. Бәрін шешетін түптің түбінде осы өздеріңіз. Мөнің міндетім — түзу нысана белгілеп, мақсатты айқындау, адасуға жол бермеу.

Даурыққан топтың мына дау-шуы немен тынар екен деп қобалжи қалған Бауыржан созге араласып:

— Бала боп кеткенсіздер ме, мектеп есігін енді ашқан балалардай бұ не даңғаза? Совхозымызда жұмыс қолы жетпейтінін, қыруар шаруаның орнына келмей жатқанын тым жақсы білесіздер. Сөйте тұра осы айқайларыңызды қалай түсінуге болады? — деді.

— Оны мына ел басшысы директордан сұраңыз, — деді Бақыт төмен қарап басын көтермеген бойы. Қабағы түсіп кетіпті. — Иә, менен сұраңыздар. Жауапты мен. Арыммен жауаптымын, — деді Алыпбек.

— Көзге шыққан сүйелдей көшеде тұру де ұят болды. Жүріңіздерші былай, кабинетке барайық, — деді Сағат өзінше қысылып.

— Жо-жо-о, құдайдың ашық аспанының асты жетеді. Осы жерде-ақ білмегімізді біліп кетеміз, — деді Дулат, басқаларды билей сөйлеп.

— Бұл мәселе жайында көп болып, ақсақалдар алқасы алдында нақты шешімге келейік, — деген директор жігіттерді барлап қарап. — Жә, Сәме, — деп бар ықылас зейінін Сәрсенге аударған Алыпбек, уәде қайда? Алысқан қол, айтысқан серттің ұмыт болғаны ма? — Сәрсеннің түрі өзгеріп, маңдайынан шып-шып тер біліне қалды.

— Соным бар екен-ау, — деген ол қолындағы бір асылын ақтарып төгіп алғандай алақтап, астаң-кестеңі шықты. Іштей күйін жанын: «Апырмау, мені не қара басты. Анада, Күркіреуіктің аузында осы Алыпбек көзіме бәрін көрсеткені қайда? Бар байлық әне деп қолыма ұстатқандай етіп еді-ау! Оңбасын. Ұяттан өлмегенде нем қалды? Әй, аңғал, ақымақ басым-ай! деп өкініштен қып-қызыл боп қаны бетіне шауып кешір, Алеке, мені! Оңбай сүріндім. Санасыз екем. Әй, әй енді не бетімді айтайын, — сасқалақтаған ол:

— Ал, жігіттер мен кінәлімін бәріне, мен масқара болдым. Бар сырды ендігі келелі әңгімені менен естіндер. Қане, кеттік, — деп Сәрсен өзі бастап машина-трактор шеберханасына бұрыла берді. Дулат тартыншақтап, әлі де айтары бардай артына қарайлай беріп еді: «Әй, Дулат, — деп айкай салды тағы Сәрсен. Мені ұрып өлтіретін жерлерің келді. Бүлдірдім мен. Алыпбекке айтар сөз де, уеж де қалмады. Жүр бері! — деді. Өзімен-өзі болып түтігіл шыға келді.

— Ағалар, сәл кідіре тұрыңыздаршы, әдейі сіздерге келе жатыр ек, мына кісілерге жолығып, — деп дауысы үзіле шыққан Айгүл едәуір әңгімемен тұрып қалдық, қабағын аз шытынып, қасы діріл қағып, енді бәріне күлімсіреп, қара көзін төңкере қарады. Бүгін ауыл жастарының ойын-сауық кеші болмақшы, ферма клубында. Сол тамашаны көріп, қызықтап қайтуларыңызды сұраймыз. Жаңа бастама өді, — деді. Қыздың бетіне алқызыл нұр ойнап, аз ұялысын аңғартқандай.

— Міне, міне, — деп Жал жігіттер бойындағы маналы бергі кір-бін, артық кем сөздерді тез ыдыратуға деп айтылғандай Айгүлді қоштап жаңа серпіліс деген осы. Жастар бастамасы кімдерді шаттандырмайды. Әрине, барамыз, — деп көптің атынан жауап беріп те үлгерді.

— Әрине, ондай қызықтан қалып не бопты, — деп Сәрсен де жүре түсіп тоқтады да — Алеке, не десек те жеке адам тағдыры — ел тағдыры. Мен уәдемнен шығам. Оны жігіттер де қолдайды. Оған сенем, — деді. Ал, күні бойғы әңгіменің тоқ етеріне келсек, осыны еңбекшінің ар намыс мүддесін қорғайтын тіпті Жандыбаев емес. Сағат сенсің! Көлеңкеге айналып кетпе! — деп Дулат шақшия қалды.

— Ол әміріңізге құлдық, — деді Сағат не құптағаны, не кекеткені белгісіз унмен. Олар үнсіз бас изесіп тарасқан.

Машина трактор шеберханасынан Алыпбек онсыз да қатты қобалжып шыққан еді. Оның соңынан қуа келіп, қаншама зілді, удай ащы сөздер айтқан топ болса әлгі. Ол енді шым-шытырық шырғалаңға еніп кеткенін білген жоқ. Басы зіл боп ауырлап, қорғасындай ой зенгітіп, денесі ұйып, аяғын зорға басып келеді. Өзі әр сөзіне тағызым етіп, бас иіп сеніммен қарайтын. Көптің алдындағы ай мүйізді ақ серкедей көретін Сәрсені әлгі. «Апыр-ау, бұларға не болған? Елдің елдік намысы, азаматтың азаматтығы болмаушы ма еді. Директор болған адамды бәрін өзі жасай беретін, барлық не керекті көзді ашып-жұмғанша сиқырдай қолма-қол орната салатын құдырет дей ме екен. Әй, шолақ ойлылық, асығыстық-ай! Сенімен жекпе-жек арпалыста жеңіске жетпей мұратына кім жетер. Әйда, нар тәуекел!» — деп өз ойынан бір серпілді. Басын көтергенде бұлардан едәуір ұзап Бауыржан Бабақов пен қатар байсалды басып бара жатқан Айгүлге сәл бөгеле қарады. — Жүрісі де бөлек екен», — деп түйді.

Маңдайшасына ілінген қызыл жалау күн жеп, жел қағып, жауып жуып, оңып ағара бастаған аласа ғана бір кездерде қабырғасы қолдан құйылған шикі кірпіштен өрілген совхоз кеңсесінің алдына келгенде екі иығы салбыраған директор еңсесін зорға көтерді. Отты көзінде наразылық па, қапалық па әлде не бір салқын сыздың табы бар. Ол Жалдың бетіне үнсіз шанышыла қарады. Екеуі кабинетке бірге кірді. Орнына жайғасқан директор үстеліне шын-тағын сүйеп, жағын таянын ой үстінде отырды да:

— Мен саған бұған дейін ешкім оқымаған қызықты әңгімесі, салиқалы ойы бар бір күнделіктің беттерін оқып берсем, қалай көресің, — деген ол мұның жауабын күтнестен сейфтен шет-шеті жырымдалған қалың дәптерді суырып алды. Бірақ өзіңнен өтінерім бұл естігенің осы жерде қалсып. Өзінен өзі көпке кейін жария да болар, тек оған әзір ертерек. Шын мазмұнына ден қойсақ, ел аузында жүрер хикая сыры мен түйені, берер гибраты мол, талайға ой салатын дүние. Өз басым осындай көкірегіңде шер қатқан, қасірет шеккен нелер қиып қыстау күндерді өткізген мұқалмас ер-жүрек, қатыгез тағдырмен жекпе-жек айқасқа шыққандарды қадір тұтам. Жігері болаттар ғана тәні отқа күйсе де рухы жасмай, арпалыс үстінде мұрат-мақсатына жеткен. Тыңдай бер:

— Мен тағдыр тәлкегіне түскен жанмын, — деп бастанты деген Алыпбек сыдыртып тоқталмастан оқи берді. Рақымсыз тағдыр мені аямады. Көзімді ағызды, екі өкпеме қолын салып, өкпе, бауыр, қолқамды суырды. Жүрегімді жаралап, айықпас кесел, жазылмас дертке дұшар етті. Сонда менің тұл бойымда дерт шалмаған бармақтай тәнім қалды ма?! Нем бар? Не-е-е-ем? Қанаты күйген көзсіз көбелектің мені! О-о-оу, құба жон, қу медине, құлақсыз, меңіреу дала, атырабында зарлап, у жұтып теңселген перзенттіңе мүмкін, қол ұшын өзің берерсің? Әлде шықпаған жап, өшпеген үмітке сумаң қаққан желіңнің жай соққандай бұрқырап тулай жөнелген құйыныңның өз қуатын дарытып, өлусіреп сөне бастаған қоламтамды қайта тұтатып маздатып жіберерсің. Сөйтсеңші, ей, дүлей көзсіз тағдырдың мекені болған кең дала!

— А-а-а? Құлағымға келген дыбыс не? Сарнаған жел ме?...

Әне тағы да көгілдір тарғыш, ұйыған қорғасындай сағымыңды мөлдіретіп, таңдайым құрғап, тілім күрмеліп, көкейіме шөл, қасірет шөлі қоныс тепкен шықпаған жанымды шырқыраттың-ау! Қинадың-ау! Ең болмаса інімдегі шемен бон қатқан шер, ақтарылсын бір! А-о-у-у! А-оу-у-у! А-а-а-аh-аh! Осыпша зарлағанда, о, опасыз тағдыр шыққан мүйізінді көрер ме едім! Ә, арсыз, сақ-сақ күлесің ұялмай! Таяншы, таяншы бері. Жақын келіп, көзіме көрініп, ашық аспан кең далада, оңаша жекпе-жек бөлдесуге тайсақтайсың, ә?! Әрине, сөйтесің сен қарабет! Ұры, жылпос, тағдыр! Сенің серігің, сенеріңді де білем! Енді сен де менен рақым күтпе. Мойпыңа бар кінә, қылмысыңды қойып, мына қасиетті, ата мекеннен, бүкіл жер бетінен қансыратып қуам! Білін қой, қуам! Ықы-

лым замандар көзге көрінбес, қолға түспес келеңке, кейде қате, ағат қимыл, кейде ібіліс боп парасат иесіне сенің істемеген қиянаттың қалды ма?! Сен ақылға деген өшпенділігің сарқылмайтын, қайырымсыздыққа толы неткен сұмпайы едің! Бірақ сен парасат күшін тоқтатар өшқандай күштің жоғын білмейсің. Ондай күш жоқ!...

Аһ, дүние-ай, ағаттық боп келдің-ау, сұм тағдыр, үйіме сол күні. Әсемім-ай! Әлемдегі айым, күнім-ай!... Қара көзің мөлдіреп, қара жердің қойнында үш бүлдіршінімді құшағына алып сен жатсың! Ал, мен ше, мен? Нәзік, үзілген мейірбап үніңді естімегеніме, құлыншақтарымды іскемегеніме қанша күн, айлар, жылдар өтті. Сендерді сағынып өртенген төнім, күл болған сүйегім бар, қазір. А-а-а-ә! Оп-бо-о-о-й! Не дыбыс! Тағы жел ме? Екі көзім төрт бөліп құба жонда іздейтінім сендер. Көретінім — алдымда қаптап жайылын бара жатқан қой, одан әрі, әне шаңдаққа бөккен көп түйедей молалар. Өлмеген, шықпаған жанымның қара тұтары бір кезде дәл өзімдей жалпақ дүниені, жайсаң басып, бұл күнде бақиға мөна болған адамдар зираты... Алдымдағы мал менімен қалай сөйлеспесе, зираттар да сондай тілсіз. Бірақ талай елсізді кезіп, жөн асып жосылған олар — таптаурын қасқа жолда бас қосқан ұрпақтар тобыры боп елестейді. Олар үшін одан әрі жүруге рұқсат жоқ. Өне, олар қазір таусылмас мәслихат құрып, арасат майдан өмірде көргендеріп сарапқа салып жатыр. Не тындырып, кейінгі ұрпағына (мәселен мына маған) не қалдырғанын бұл жалғаннан не алып, не бергенін жарыса айтып жатқан тәрізді.

Сонда мен Әсемім-ау, жанымның жүлдызы, балаларым-ау, рақымсыз, опасыз тағдырдан сендер үшін, қыршын кеткен жас өмірлерің үшін жағасынан алып буындырып, кек алғым келеді. Бар күш қуатымды сарп етіп, сол сұмырай тағдырды іздеп, жер көкті кезіп кеткім келеді. Ол бірақ мендей апынған жанмен белдесуден тайсақтайды, қашады. Әй, сонда иә, сол кезде, өттең шіркін!... Шіркін! Шыбын жанымның шырқырағанын өкініштен өксігенін білсеңдер-ау! Әсіресе қаралы күндерден кейін өлуге асыққанымды білсеңдер! Неге сол сұмдық ойға бардым. Өзіме әлі жұмбақ. Есіме түссе жердің жарығына кіре жаздаймын. Жайсаң өмірден түк тындырмай кетуге асығу — опасыздық! Рас, тіршілікте мәңгілік ештеме жоқ. Өмір сән-салтанаты жарасқан жасауы мол керуен көшіндегі көрікті ару. Ал, керуен-зырлаған уақыт! Жанарына махаббат сәулесін тундырған сол уақыт керуеніндегі аруға құмартың, ынтықпайтын, сіре, бұл пәниде жан бола қояр ма екен? Содан болар, әрбір тіршілік иесі өзінше зергер, өзінше өнерлі. Сенде сол тіршіліктегі қалың топтың ішінде бар екеніңді сезінуіңнің өзі бақыт емес пе! Ендеше, өзің соққан сақинаңды сол ару өмірдің саусағына салып, қатар құрбыңның алдында көріну, тындырған ісіңнің белгісі адамдық борышың! О, жанымның қасиеттері, сендер тындыра алмай, қапыда сан соғып, арманда көз жұмған ару өмірге менің тарту-

таралғы ұсынбастан өлім іздегенімнен өткен сұмдық масқара бол-
мас! Масқара! Осы тұл бойынан от құсқан ұғым иығымнан түспеге-
лі, міне, екінші жыл! Мен Шығыр мен Шекербектің қойшысымын.
Олардың малын әлі де баға берем. Мақсатым аз-аздап өмір алдын-
дағы күнәмді жуу, сөйтіп сендер бітірмей кеткен тіршіліңтегі тие-
сілі еңбек қарызын, өзімнің азаматтық борышымды өтеу. Оны қалай
өтеймін, уақыт ақылшы өзі көрсетеді. Көбіне өзімнің қаңғырып
құба жон асып, ит құсқа жем болуға бел байлаған, қапалыққа құл
болған мүсәпірлігіме өкпелеймін, пенделігіме күйінемін.

Рас, сол кешірілмес айыбым үшін бе, енді Шілжан атандым.
Ару өмірге бұл есіммен келмегенімді өзім жақсы білем. Әке-шешем
берген есім санамда қалай өшпес, тарих бетінде де ол өзін-өзі, соқ-
пағын қалдыруға міндетті. Міндетті ғана емес, көзі жұмылғанша,
бойындағы әл-қуаты таусылғанша борышты, әйтпесе ананың ақ
сүті ақталмайды. Сол үшін ата-ана қарызын, перзенттік борышым-
ды адал еңбекпен тек сорғалаған таза маңдай тер қуатыммен өтеуге
тиіспін: — Әй, сотқар тағдыр, аш көзіңді! Маған қайта бір қара,
мен Шілжан емеспін! Мен, иә, мына мен ең алдымен адаммын!
Сондықтан, адамша өмір сүріп, туған даламда, бұлбұлдай сайрап
өтуім керек! Бар мұрат арманым бұл менің! Ендігі бар сырласым,
санамдағы сарқылған құпиямның сақтаушысы — осы күнделік қара
дәптер озіңсің. Ару өмірге адал қызмет еткенімді сен ғана біл,
сенен жасырарым болмайтынына ант берем. Ант атылған оқ, оны
қайтып алу ешқашан, еш уақытта мүмкін емес!...

Дәптерден басын көтергенде Алыпбектің қоңыр дауысы да баяу-
лап барып үзілді. Ол көзін жұмып, сол қолымен маңдайын тіреп
отырып қалған. Ет жүректі езгілеп, құйқа тамырды шымырлатып,
аза бойды тік тұрғызған кекпен ызара булыққан жанның аһ ұрып,
аласұрған халі жанды түршіктіріп барады. Сай-сүйегі сырқыраған
Жалға бір сөзінен бір сөзі күйік отып алып қашқан мұңлықтың қа-
тыгез наласы да бітіспес жаулық боп көрінді. Ол солай сезінді.
Ойда жоқта араның ұясына кез болғандай улы мың ине ду-ду шы-
ғып жатыр ма, бүкіл денесі ашып күйін жүре берді. Бірақ неге
екені белгісіз қол-аяғы ұйыған жан тәрізді қозғала алар емес. Мөң-
зөң күй кешті.

Ал, Алыпбек болса, өзімен-өзі болып кеткен. Оның қазіргі бұ-
лығыр тұманды санасында «ару өмір... қара көзі мөлдіреп...» деген
тіркес. Түн түнекте жарқ етіп, ұйқыдағы атырапты дүр сілкіп,
сорғалаған жасылдың өткір жанарындай боп сол қара көз қадала
қарап қайты. Бұған. Тілеіз тылсымнан ұзын кіршіктердің қияғын
жарып, сөбездеген жып-жылы шуақ құйылып жатыр. Бойды бал-
қытып барады. Бұған дейін ақыл парасаты ұғып пайымдамаған
жанды арбаған төтті бейтаныс бейне мөлдірейді кеп.

Алыпбек сиқырлы сезім қуатының елеусіз кеп өзін бір сәтте
баурап, қалай билеп алғанын білер халден ада бопты. «Сен, иә,
сен осындай ма өдің? Бар қуат күш жігерді еріксіз матап алатын

Керемет пе едің? Шынымен, бар болмыс бітіміңді айқын ашық жария ететін тілден мақұрым... күйде танытпақсың ба? Иә, сондағы көзің, сол мойылдай жанған шырақты көзің! Мектептің акт залында да, қабырғадағы суретте де, сенбілік күнгі шат-шадыман еңбек қарбаласы кезінде де, жаңа да, осы нұр сенің жанарыңда ойпаған! «Айым күнім...» дейді мына пенде! Бар сағыныш орны толмас ынтық толқыңын екі сөзге сыйғызыпты. Алыпбектің лып-лып шеке тамыры соғып, жүрегі бұлқына қағып кетті. Мөлдіреген қаракөз кірпігін қағар емес, ішіп жеп, сен мені түсінемісің? — деп қимбылсыз тесіле қалыпты. Оның бойын жылымшы тер буды ма, бусанып қоя берді де: «А-а-а-и! деп барып соңғы «гүл» буынын айтуға тілі күрмеліп, оқыс басын көтерген жігіт терезеге қадала кірпік қақпай отырып қалды. Меңдуана мәңгірген! Аздап соң өзіне қайта келген ақыл-санасы орныққан ол әлгінің бәрі елес екенін толық пайымдап екі беті алаулап күреңіте қызарды. Жүрегінің тулап жанының бір сәтке қайталанбас рақат па, белгісіз азап па әйтеуір ширыға қалғанын Жалға бйдірмеуге тырысты. Басқа емес, тіпті өзіне де әлі етене болмаған тосын сиқырлы жәйт таң-тамаша күйге түсірді.

— Әсемім-ай, айым, күнім-ай! — деген сөздер қандай ләззат пен сүйіспеншілікке толы сезімнен шықты екен деп Жалға тіл қатты. Өзінің жаңағы ессіз халде аузынап аңдаусыз шыққан сөзін жуып-жайып елеусіз қалдырмақ болғандағысы бұл. — Әр сөзінде тағдырына наразы жанның өжеттігі де бар. Әсіресе, әрбір тіршілік иесі зергер, ол өзі соққан сақинасын өмір арудың саусағына салып кетуге міндетті. Ол адамдық борыш! — дегені негкен ойлы сөз еді Жал! Осы тегін пенде емес! Тыңдаңы мына сөзін, — деп күнделіктің бетіне қайта үңілген ол — мақсатым түк бітіре алмай кеткен сендердің өмірге қарыздарыңды өтеу! Асыл сөз! Әрбір адам осылай ойлап, басқаның есесін толтыруға ұмтылса, өзін дәуір талабына бағынтаса орындалмас арман, жүзеге аспас мақсат болмас еді.

— Не дермін бұған, түгел оқып шықпай, алғашқы бір бетінен нақты тиянақты қорытындыға келу де қиын. Мұныңыз енді, — деп күмілжіген, әр сөзін тек айқын дәлел, көбіне ереже-қағидаға құрып дағдыланған экономистке директор: —

— Шілжан айтқан сыр талайдың құпиясына жол ашады. Саепа, жігітім, әлі көп жәйттің жасырын қоймасы кілтсіз ашылып қалады, — дей бергенде телефон безектеп қой берген. Трубканы Алыпбек көтерді. «Шілжан немене сондай-ақ бәрін біле беретін сәуегей, көріпкел болғаны ма? Әй, бұ кісі де болмашыға сене беретін, ақкөңілдің бірі болды ғой. Қар астында қалып есі кеткен, күні кешке өз көзінше тұра қашып, ізім-қайым жоғалтап бір сорлы жанның сандырағына құран сөзіндей сеніп, жұдырықтай басын шарадай еткені несі! Тфу!» деп түңілді Жал. Оның бұл ойын:

— Тыңдап тұрмын, — деген Алыпбек бөлді. Білем. Әрине, барғанымыз жөн. Тұсау кесер деген дәстүр қай кезде болса да бар, — деп ар жағында сөйлеген кісіні қостап, — машинама болмай тұр,

бірақ. Дұрыс, дұрыс екен. Жал да мен де отыр едім. Сапекені мақұл десе, — трубканы орнына қойып. Қане, Жәке, Ақаң фермаға шақырады өнерпаз жастардың концертін тамашалайық дейді. Расында жастардың тұңғыш бастамасы екен. Сен де жүр барып қайтайық, — деді.

Барлық ықылас сахна төріне бағышталған. Басқа дүниеден келгендей ауыл жастары өзгеше құлшырып, жайнан көрінеді. Өне бірі Боранбайдың қарасы, Бәйтіктің қисық аяғы мың бұралып билей жөнелгенде ой, мынау, біздің деп Бәйтекең қопақтап қалды. Жұқа ақ жібек желбіршекті көйлек, оқалы камзол, үкілі тақия киіп тірсегіне түскей шашына сәукеле таққан Айгүл талайдың көзіне шоқтай басылды. Алдыңғы қатарда отырған Алышбек тамағын кенеп, еріксіз тамсанып, қайта-қайта жұтынды. «Үрдің қызы деген есы шығар». Ол қыз бойын тінтіп, ай дидарлы жүзіне табына, қас қақпай қарап қалды. «Мына қыз... Иә, перінің қызы шығар. Мұндай да көрік адам баласына біте беруші ме еді. Өзі әбден пісіп, сабағынан үзілер алмай... Неткен көрік! Тірі сурет! Сурет!» Оны өзінің еркінен тыс жұмбақ дүние қолқаны жарған жұпарын шашып, қол бұлап тұрғандай балбыратып жіберді. «Бір бұтақта өскен қос қызыл гүл! Апыр-ау, Жанғаншаның аузынан түсіпті-ау, өзі! Осындай ұқсастық бола беруші ме еді! Тәңірім-ау, мен не күй кешіп отырмын? Жүрегім неге алып ұшады? — деп күйзеле күрсінген жігіт демін аузынан дірілдетіп шығарды. Қазір сахнадағы үркердей топтың ішінде зерен тақиядағы шоқ, бір қысым үкідей бұлақтаған Айгүлден басқа тірі пенде оның көзінен қалыс қалған. Қанша қарамайын десе де көзі ұрлана тігіледі. Бүгінгі ауыл өмірінде ілгері басқан аяққа желімдей жабысқан «Батпақ» деген сықаққа, ондағы кейіпкерге ду күлген жұрттың қол соққаны бір елең еткізіп көңілін бөлген. Қарт ана бейнесінде аяғындағы батпақ жабысқан кебісті сілкіп, лақтырып жіберген Айгүл жиіркеніп: «Тфа, тфа, бәлекет, зілмендей боп жабысып жүргізбей қойып ең! — деп бөтен қимыл жасаған тұсы көпті күлкіге батырды. Қысқа концерт қызықты аяқталды.

— Көп жасаңдар! Жерімізге хош пісі санамызды ашқан қоңыр жел сияқты! Үдей соқ жұпар желі! — деп Бекен бойын жазса:

— Гүлдерім-ай, суықта бұғып, бойларын жаза алмай жатыпты-ау! — деп қостады шалын Тазагүл. Шалқытыңдаршы өмірді мына Бәйтекеңдер бір жасап өтсін!

— Е, бар екен бізде де өнер! — деп Жал тұрды иретіле орнынан. Оған таяу отырған Сақып «иә, өнер адыра қалыпты бұларға, бетім-ау, шашын қырыққан шөпжелкелер әу!» деді деп есі ауысқан, алжыған бишаралар «шалқытыңдаршы деп» мәз бола қалыпты, — деді ернін шығарып.

— Қой, келін, өйдеме! Өсер ауылдың баласы сөзге емес, іске үйір болар. Екіншілей мұндай көргенсіз әйелдік сөзіңді естімейін. Пәленшенің әйелі дейді сені ел. Тыйыл! — деп қабағын түйіп, же-

кіп тастады. Бәйтік «Үйбай бетім, қайнағаның құлағы қандай естігіш еді» деп бетін шымшылаған Сақын бұрылып жөнеле берді. Бетінен оты шығып барады. Клубтан екі адам шөктен алынған темірдей қып-қызыл боп шықты. Бірі — Алыпбек, екіншісі — Сақын. Әрқайсысының өзінше себебі бар, иә, өзінше...

Жәнібектің Айгүлді бір жылдан бері көргені осы. Құшақтап маңдайына сүйіп іскеді. «Қадамыңа нұр жаусын, көп көңілінен шыққан бұл бастамаң, балам, мақтандырып тастады, әкеңді. Өте дұрыс, заманына қызмет еткен әрқашанда бақытты, — деді өміріне сөйлеп — орталықтасың ғой. Әке-шешене барып тұрасың ба? — деп сұраса да Айгүлдің жауабын күтпей, бұларға беттеген Қаныбек пен Жанғаншаны көріп, оларға ұшырасқысы келмей, тезірек басып, сыртқа шығып үлгерді. Нағашысына тілі тиген иігіге көңілі жердей екен. Және соңғы кездегі ел аузындағы алып-қашты өсек-аяң одан бетер жүрегің қарайтып тастапты. Бірақ артына назарламаса да Айгүлге ұшырасқан олардың дауыстарын анық естіді. Сағыныштары ма, әлде бүгінгі концертке риза болғандары ма екеуі де құшақтарын жап ұмтылысты.

— Менің жарық жұлдызым, — деді Қаныбек.

— Айым менің деді анасы. Үндері саңқылдап кетті.

— Бұларыңыз не, ұятты мені тілі енді шыққан баладай, — деп Айгүл жерге кірердей ұялып қысылды. Артына жалт қарады. Сапар, Ақат, Сағат, Жалдың алдында көсем басып, көпшіліктің соңына ала есікке беттеген Алыпбек бұдан көз алмай қарап кедеді екен. Не болғанын өзі де аңғармаған қыз біреу жанды жеріне ине сұғып алғандай селк ете қалды. Беті алаулап, денесі, шымырдап қоя берді. Ұзын кірпігін жиі-жиі қағып, төменшіктеген ол «мұным не, менің?.. Қандай қасиеті бар жан, жанары өт па, оқ па? Еріксіз тұл бойымды қалтыратып, құтымды қашыратыны несі? Жердің тартылды күшiнен жаратылған шығар» қас қағымда оның басына келген ой бұл. Абаал табиғат жарықтық өмірге әйелден жаны сергек, сөзімтал, сұңғыланы жаратқан ба, шіркін! Қызының осынау топқа көзі түскенде үріккен еліктей дір етіп, қалт-қалт еткенін, Жанғанша бірден аңғарды. Бөрің іштей ұқты. Аналық ет жүрегі жарылардай не шошынғандай бүлк етіп, қызғаныш тіліндей бір ыстық өзегін жылытып жүре берді. Бал дәмді шак, шіркін, жастық, сенің шалығың, шаддуар сөзің болмағай, баламың жанын аймалаған! Абайлашы! Аяшы жанын! — деп ішінен ернін күбірлетіп, қолын қызының иығына салып, үнсіз демеп есікке беттеген еді... Алыпбек пен Айгүлдің арасындағы болашақ сүйіспеншілік сурет боп осылай тыңнан жол тартқан. Бірақ ол...

Штат қысқарғаны төңірегіндегі әңгіме өртеп қаулады. Екеу-үшеу бас қосып, сөйлесе қалса болды «Енді қайда барамыз?» — деген сауал қарсы қойылатынды. Бүгін тағы бір бұйрық өмірге келген... Оның мазмұны, мақсаты тіпті таң қаларлық. Совхоздың бас зоотехнигі, ферма бастықтары, әр фермалардан бірінен зоотехник, бірінен веттехник қысқарған. Екі фермаға бір бригадир, бір зоотехник, бір веттехник. Енді төрт фермаға бір ғана есеп қызметкері. Міне, қызық. Бұған не деуге болар? Совхоз директоры бас зоотехниктің міндетін өзі атқарады!

Осы бұйрықтың екінші параграфы — Күркіреуік тоғаны құрылысына арналған. Күні көше механизаторлық жұмыстан босатылған бір топ, звено жетекшісі Сәрсен болып азық-түлік программасын шешудегі совхоз бесжылдығының екпінді құрылысы Күркіреуік тоғанын салуға жіберілген...

Алыпбек Мәрзияны өзіне шұғыл шақырды да:

— Мына бұйрықты тезірек басып, бір данасын маған тапсырыңыз. Әзір тісіңізден шықпайсыз. Сөзде — қаңқу, ауруда — шаншу жамап. Сонан соң бұйрық та көрсетілген жігіттерді жекелеп маған келтірсеңіз, өзім пікірлесем, — деген. Бұйрықты Мәрзия ауыз жинағанша басып, бір данасын директордың алдына қойды. Келіншектің қабағы қату, түсі күреңітіп тұр еді. Оны аңғарған Алыпбек әдейі сыр тартқысы келіп:

— Мәке, бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па? Түріңіз онша емес қой, — деді.

— Қырын бара жатқан жоқсыз ба? Қанды қылышыңыздың шалғысы маған да тиіп, қансырап қалдым, — деп шап етіп бөттен ала тұсті.

— Сізге неге тиеді, қырын бара жатқаным қайсы?

— Әшірге тиген таяқ маған тиген болмай ма?

— Қарағым-ау, қоғамдық мүдде солай талап етсе, Мәрзияның жақыны, Алыпбектің жақыны деп қол құсырып қарап отыр дейсіз бе? Әшірді басқа жұмысқа ауыстырғанда мен өзім жетісін қалыппын ба? Сол міндетті кім атқарады? Мына мен! — Алыпбек шегелеп бар дауысын көтере айтты. Мәрзияның көзі алақандай боп:

— Қандай түсініксіз кісісіз. Бір басыңызды отқа, суға салып, әрі директор, әрі бас зоотехник, әрі шофер болып бар жауапкершілікті алып, коммунизмді осы елге өзім орнатамын деп аласұрамысыз? — келіншек те бар қазымырлығын салып, ашына сөйледі. Ессін жібермек емес.

— Қателесесіз. Бір адам коммунизм орната алмайды. Ол саналы миллиондардың ісі. Мәселен, осы қатар тұрған екеуімізден бастап, осы совхоздағы, аудандағы, облыстағы, сөйте-сөйте бүкіл Отанымыздағы адам, — дей берген оның ойын аяқтатпай:

— Қиял! Ертөгі! Нағыз фанатик екенсіз, — деген Мәрзия тарс-

түре басып кетіп отырды. Іле есікті қайта ашып. — Ал, мен білсем, мына бұйрықтағы адамнан тоған құрлысына біреуі де бармайды. Сонда оның атының не екенін, сіздің бұйрығыңыздың қанша мәні мен құны барлығың-пайымдай беріңіз!

Алыпбек шек-сілесі қатып, көзінен жас аққанша күліп, мәз болды да қалды. Күлуінің де өзіндік себебі бар еді. Мұндай шешімге, жоғарыдағы мазмұнды бұйрық жазуға өзі көп дайындықпен келген. Бұнысы да көз жұмбай, нартөуекелдің ісі емес-ті. Әдетінше, совхоз парткомы мен селолық кеңес және жұмысшылар комитетінің төрағаларыпа ойын айтып, алдын ала келіскен. Бас экономист Жалға осындай қысқарту болғанда шаруашылықта қанша қаржы үнемделетініне дейін есептеткен. Мұнымен де тынбай ақылшылар алқасының талқысына да берген. Мұның отырғысына өзі қатысып, Сапарды да ерте барған еді. Дабырсыз оңаша бас қосқан үлкендер әдепкіде сөз болғалы отырған мәселеге едәуір үркіп, «бұл қалай болар екен, көп жылдар осы жұмыста ысылып, шаруашылықтың қыры мен сырына қанық адамдардан айрылып қалмас па екенбіз деген қауіп те айтқан. Бірақ экономикалық жағынан тиімділіктің ақиқат бұлтартпас дәлелдері және жаңа басқару тәсілі еңбек өнімділігін арттырып, бұрынғы түйе үстінен сирақ үйтетін кейбір солақай басшылардың орнына іскер қабілеттілердің келетініне көз жеткізгенде бір ауыздан мақұл дескен. Бәрінен Шекербек көп пікір таласына себеп болды. Бәйтiк бастап, Бекен қосап көп ырғасу едәуiрге созылды. Басқаша ойлап қалмаңдар. Шекербек қазір бұл бас қосуымызға қатысып отырған жоқ. Оның өзін алдырған өте дұрыс еді. Олай болмай отыр, — деп қинала сөйлеген Бәйтiк рас оның туысы маған жақын, інім. Әйткенмен ел мұраты, келешек деген одан да жақын. Сонда да болса, осы Шекербекті қысқарту тым оғаш сияқты көрінеді көңіліме. Оның да азды-көпті еңбегі бар шаруашылыққа сіңген, — деп ажарын мұң шалған қарт орнына отырған. Едәуір уақыт үнсіздік жайлады.

Бәйтекең ойындағысын ірікпей, өзіне тән турашылдығымен айтты. Оның да көп сыры бар. — Мен де осы Бәйтiкке қосыламын, — деп Алыпбекке, сосын Сапарға ежірейе қарады Бекен. Бояушы-бояушы дегенге сақалын бояпты дегендей, бірер жылда іргесі көптеп шайқалған шикі өкпедей шаруашылықты тік тұрғызам деп өзеурейтін ештеме жоқ. Асыққан шайтан ісі. Бүгінгі уақыттың жаңа беталысына көптің бойын, сосын ойын үйретіп, бірте-бірте істі қайта құру тиімді де, әрі әлдеқалай, асығыстық, ағаттыққа жол берілмес еді. Бәрін ойлап, ақылмен шешкен жөн. Басқа жағыңа таласым жоқ, Алыпбек қарағым, ал бас зоотекнек балаға өзiр соқтығуың бiздi әртүрлi ойға түсiрдi. Мен оныңа қарсымын, — деді.

— Сөзім ақ екен-ау! Әй, көсе, онысы — Бәйтiк, әй, теке көз, онысы — Бекен, қос қайным, адаспай сөйлеңдер. Біледі, біледі дегенге сақалдарың сапсып, балаларды қақпайлай бермеңдер. Бұл күнгі халық айна, телебезер! Жер бетінде қайда не болып жат-

Қанын күнде көрін отырған осы ел, алақандай ауылдағы ішкі жағдайдан бейхабар деп ойлаймысыңдар? Міне, көп көңілінен пығатын, көшпен ағылдасып жұмылып еңбек ету, әлгі қалай еді, тілі құрғыр, да келмейді, енді демократия ма еді, соның арқасында көзіміз ашылды. Жасырып ештеме жоқ, бәрі халыққа айтылып, оңыңды оң, терісіңді теріс деп жатқан заманда о несі, ей, елді сүліктей сорған біреуді қорғаштай қалғандары! — Жәмила шаптыға сойледі. «Алдымен бойын, сосын ойын үйрет!» ана суырыла кеп сөйлеп кетті. Екі қарт қайнысының аузын ашқызбай, — елдің елдігіне өшпес, мін кетпес кір жұқтырған бас пайдасынан басқапы ойламайтын құрдым бұғыз жанды әлі де сақтап қалғыларың келеді. Оған жол жоқ! — деп едәуір көсілді. Сапардың екі иығы кезек қозғалып қыбы қанып отыр. «Демкратия» деп орыс сөзін бұрып айтқаныпа бір мырс етіп күліп, сап басылған ол бар зейінін қойып, ана сөзін қалт жібермей тыңдап қанты. Алыпбек төмен қарап, қалта блокнотына бірдеңе түртпектеуде. Шамасы Жәмиланың ұтқыр ойларын түртін алып жатқан сыңайы бар. Кенет дауысын әлгіден көтеріңкіреп Жәмила:

— Әрине, сөз қуғандар, өсекқұмар, береке қашыратарлар тағы да талай қаңқуды өрбітер. Бетім-ау, өткенде Алыпбек Жәмила кемпірдің кілтін тартын алып, жұмыстан қуып жіберіпті деп те тантыған олар. Қайта көктеген кезеңнің бойлап өсін келе жатқан тал шыбығына ешкімге балта көтертпеймін! Дұрыс, жігіттер ел басқаруларыңа халық тәнті! — деп басылған ол... Ұсыныс бір ауыздан қабылданған.

Жәмила ана тауып айтыпты, ел жүрегін танып сөйлепті, Халықтық шұғыл бетбұрыс, қайта құру болмаса, не сауаты, не білімі жоқ қарттың аузынан мұндай сөз қайдан шықсын!

Жас директор өзінің ұстаған бағытының дұрыс екендігіне кәміл сене берді. Мырс етіп оғаштау болса да күліп алды. «Жарықтық еңбек адамы-ай, сенің адал көңіліңе, бетің қайтпас қайратыңа табынудағ биік мәртебені іздемесің-ау! Егер сол жолы бар ойымды оның алдына ашып салмасам, ол мені түсінбесе, күнім не болар еді. Ал бүгін?.. «Иә, сонда өзінің» деп тебіренді ішінен Алыпбек Сәрсенмен сөйлесіп, оңаша ақылдаса отырып, көп пікірлескені бар. Сондағы түйінді-мәселе осы «Күркіреуік» тоғаны құрлысы жайында болған. Оның келешегі, берер өнімі, әсіресе мол жем-шөп жасаудағы, азық-түлік программасын шешудегі қызметі бәрі-бәрі түсінікті сөзбен жеткізіліп еді оған... Биіктей-биіктей арғы жағы шың, құзар тауларға ұласқан қиырын сағым жуған кең алқап көлденең түскен белге тіреліп созыла түсіп жатыр алдарында. Екі қанатын қомдап енді ұмтыла бергенде, табиғаттың алмас қылышы шауып түскендей ұңғы омырауды орып өткен қарқынды су кезауызды үңірейтін кетіпті. Алыпбек Сәрсенді осы жерге әдейі ертіп келген еді. — Былай, совхоз орталығынан төмен қарай қара қозының терісіндей бұйралапған жазыққа қарашы. Менің көзіме сол жерден

Қайтап алсаң таусылмас қазына көрінеді. Өзі көкжиекке созылып кетіп жатыр. Шет-шегі жоқ сол жазыққа алтын, тінті алтын емес-ау, одан да қымбат асыл тамыр тартышты.

— Оны қалай аламыз, — деп қалды әлі де ештемеге түсінбеген Сәрсен, директордың бетіне таңырқай қарап.

— Оны ма, оны алу үшін, мына кезауызды бөгеп тоған салуымыз керек, артына жалт бұрылып қолтығып көтере қолын сермеген директор. Сонда мына аумағы ат шаптырым алып апанға бірнеше миллион текшеметр көкпеңбек мөддіреген су дөңгелеге тоқтайды. Бетінде аққуы, қазы, шағаласы, тереңінде тайдай тулаш балығы сонау жазығында белден келген шалғыны, астығы, көкөнісі бойлап өсіп көз тартады. Сонда көрсен «Майқоңырды!» — Сәрсен аузын ашып аң-таң тұрып-тұрып:

— Баяғыдан бері мұны неге қолға алмаған, ә, — деді.

— Ол кезде күш жетпейті. Қолхоз кезінде салған қол төғанды таудан төгілген қуатты сел тасқыны шыдатпапты, — деген Алыпбекке Сәрсен:

— Жаным-ау, совхоз болғалы пәденбай жыл, қыруар техника күші де қолда. Сөйте тұрып, сарқылмас байлықты далаға ағызып қалай отыра берді екен, ә?

— Міне, соның өткендегі олқылықтың орнын төлтыру үлесі, азаматтық ізгілік борыш бізге жүктелінті. Қалай қарайсың, қолдан келе ме? — деді Алыпбек Сәрсеннің тамырын басып. — Неге келмесін! Келеді! Ол үшін не істеу керек?

— Нартәуекел деп, Сәрсенкең осы барлық ұрпақ айта жүретін тамаша жұмысты өз қолына алуы керек, — Алыпбек қара көзі шоқтана қарады оған.

— Мына мен?

— Иә, мына сен!

— Сонда қалай?

— Не қалайы бар. Звено құрасың. Не керек құрылыс материалы дайын. Афанасий Сергеевич арнаулы тасырмамен дайындық жұмысына кіріскелі бір жыл!

— Тездетіп жібердіңіз ғой. Менің звено болу қолымнан келе ме өзі? Менің тілімді алар адам қайда? Мені трактордан басқаның түсінуі...

— Мәселе сонда. Егер өзіңмен бірге өсіп, бірге еңбек етіп, туған жерім — ата мекенім дейтін жақында штат қысқарғанда босап қалатын жігіттерге осы тамаша келешекті айтып, оғанна сырласып, ұғындыра алсаң, бұдан шығатын игілікті қорытындыға ешбір күмәндануға болмайды. Адам өз қатарымен мұңдас, сырлас, мақсаттас болар... «Ғажап! Сәрсен», «Мылқау Сәрсен» өз құрбыларына ықпал жасау керек, ә? Оларды соңымнан ерте алмай масқара боп... — деп ойлаған ол: — Сонда мен де қысқарам ба? Сәрсен директордың бетіне үрке қарады. Алыпбек оны жазбай танып тұр.

— Егер «Майқоңыр» елінде Сәрсен деген тракторест халық игі-

лігі үшін, шөл даланы суландырып, молшылыққа жол ашу үшін тоған салып, тың бастама көтеріпті деген құрметті атаққа ие болғың келсе, озың солай етуге келісім бересің — Сәрсен ойланып қалды.

— Мынау өзі тартымды ой, бірақ менің қолымнан келе ме?

— Келеді. Бү шаруада мен де директорлық, сенде звенолық лауазым ғана, бірақ негізгі мақсатқа жету жолында не қпыншылық көрсек те екеуіміз бірігіп көреміз.

— Бос қиял емес пе? Айтуыңша мен кей жерде директор да болып кетемін, э?

— Әрине, жұмыстың мүддесі бұйырса, одан да зор лауазымға ие боласың.

— Қызықтырып жібердің. Бірақ басқа емес, мені баурап бара жатқан әлгі алтынды қаптап алатын атыран. Көндім! — деген бұғағы дір-дір етіп ырқ-ырқ күлген Сәрсен.

— Қане, онда әжел қолды. — Екі күрекей алақан шарт етіп, ұстаса кеткен. — Алыпбек Сәрсеннің қолын босатпай, — ендігі мәселе сенімді жігіттерге осы ойынды мен айтты демей, өз идеяң етіп әңгімелеп, ұсыныс жасай бер. Әзірше мұны жалпы көпшіліктен құпия сақта. Жұмыстың басталып кеткенін бірақ білсе, ондай ұтымды іс, шабыт шақырып еріксіз талайды қызықтыратын болады, — деген. Совхоз бойынша штат қысқарту жүргізілер алдында Сәрсен өзімен пікірлес он адамның ұсынысымен, тез арада «Күрніреуік» бөгетінің құрылысын бастау туралы тілектері мен өтініштерін әкеліп Алыпбекке тапсырып кеткен. Бұл көп адамға белгісіз екеуінің арасындағы құпиясы болатын. Мына бұйрықты көрген Мәрзияның от ала қанып, шыж-быж болғанына жоғарыдағы сырды ішіне түйген Алыпбектің күлмеске ешбір дажы да жоқ еді. Бір жағы игілікті іс басталғалы тұрғанына жаны өсіп, көңілі марқайса, екіншіден өреді істің өрнегіне ши тұтмақ болған көртартпа сорақылыққа наздаланып та қалды. Мына көріністің оңтайлы, өнімді ыңғайы бар, салғырттау, бәсең шалағай солақай тәрізденіп кеткені ойландырып та тастады өзі. «Мейлі, көзі жеткенде, іс нәтижесінде куә бола жүріп адасқандарын мойындар күн де келер» деп түйді қазіргі жағдайды көкірегіне қондырған Алыпбек.

Бірақ осы бұйрықтан кейін бұрындары бітеу жара болып, ашық айтылмай, айтылса да өріс таппай, құйын қуған қыл-қыбырдай бұрын-бұрынға пыш-пыш деп қалып жататын құйтырғы сөз жандана түскен. Ауыздан қағаз бетіне арыз-шағым болып, совхоздың әкімшілігі жіберіп жатқан қате, халыққа жасалған озбырлық түрінде жоғарғы бұрындарға жолданып жатты. Көбінің кім жазғаны белгісіз, бұл хаттар аттан салып «Майқоңыр» жерінде оңалмас, жөнге келмейтін берекесіздің пен кері тартқан қырсық басы — Алыпбек Жандыбаев деген бір ғана тоқтамға тірелген еді. Осылайша өз тө-

дiрегiнде шиеленiскен не олай, не былай болмай бiтiмге келмейтiн даушардың етек алғанынан оның хабары да жоқ болатын.

Аудан мен совхоз арасы қызыл жол, осы дау-дамайды астыртын өрбiткен қаралы өсек-аяң өрттей тұтанған кекке ұласып бара жатты. Сырт көзге бәрi бүтiн, әп-әдеми ауыз бiрлiгi, ұйымы тұтасқан ел iшiнде сүттей iрiген берекесiздiк, су құйсаң да сөне қоймайтын от-тұтаңып түгiндей бастағанынан әкiмшiлiк бiржола бейхабар өмiр кеше бердi. Олар қандай, қандай халде құпиялап, бiрте-бiрте iшiн iрiң басып әбден дүңкiн, ендiгi жерде пышақ жұмсап, өзегiн алмаса жазылмайтын ұра жарадай өсiп, шаруашылықтың қан тамырына кесепат залал боп тарауға барын салды. Дүниеде қанқу сөз бен сәу денеге қадалған суық шаншудан, оқыстан тиiп өзекке ұмтылатын тәтiм ызғырық жан түршiктiрер қиястықтың жол тапқыштығы-ай шiркiн!

Мұнда да сол тәтiм ызғырық өзiне бiткен қасиетiн пайдаланып, өзеурей бердi...

Шекербекке соңғы хабар төбесiнен жай түскеннен кем тиген жоқ. Әсiресе өзiн қысқартқан бұйрықпен танысып, көшiрмесiн алғанда түсi алаудай неше құбылды.

— Былшыл! Менi кiм деп жүр! Дүрдиң, шеке тамыры билеуленiп қап-қара боп, қол қоймаймын. Оқығаным жоқ, танысқаным жоқ, көргем де, бiлгем де жоқ, — деп безек қақты.

— Жаным, Шекенiм-ау, не деп, оны кiмге айтып тұрсың? Сөнiң атыңды бұйрықтан оқып, тасқа басқанымда кеудемнен жаным неше рет шыға жаздағанын бiлсең-ау! Әшiрдi анау! — деп көзi мөлт-мөлт жасқа толған Мәрзия маған қайта-қайта қадап тапсырмаса ана бас кесерiн, қара йәле тiршiлiгiмiң алтын дiңгегi-ау сенiң қолыңды, танып кетедi деймiн бе, несiне қойдырам. Ол ма, ол қазiр келе сап сөз жоқ өз көзiнен өткiзедi. Қайта-қайта төксередi. Со-сып айтқанындай болмаса, не iстейтiнiң өзiң бiлiп тұрсың.

— Иә, сенi қинайды деп, мiне, қолымды қойдым. Әйтпесе, айлық алатын ведомостке де қолды Сапураға қойдыратынымды бiлесiң. Менiң қолымды ешкiм еш жердең таппайды. Рас, партияға өтердегi өтiнiшiмде қолым бар. Оған лажым болмады. Жүдеп, шаршай қалған Шекербектi сергiтейiн дедi ме, әлде не дер екен деп ойлады ма Мәрзия:

— Осының мақсаты не? — деп көлденең сауал тастады.

— Не дейсiң, әншейiн далақтап бүгiнгi күннiң талабы қайта құру деп, керуенге ерген иттей тiлi салақтап, шаңқылай беруде. Ештеме шықпайды бұнысынап, — дедi...

— Әй, қайдам, — деп күмәнiн жасырмаған келiншек күн өткен сайын басқа шығып, бойтеңелдiк алып барады. Байқаймысың, елдi ашса — алақанына, жұмса — жұдырығына сыйғыза бастады. Мына күнi кешегi шарбаққа қамалған қойдай елiң, не десе соның аузына қарап маңырайтын болған жоқ па? Мойнын қалай бұрса, солай қаптай жөнеледi.

— Шолақ сайдың суындай әдепкі ағыс ол! Ертең-ақ тырқырап жеткен жерінде жоқ болады. Бұл елді білмейсің ғой, шу дегенде бәйгеге шапқан атты тосқандай анталасып сосын тарап-тарап кетеді бәрі де! — деп қабағының қыртысын қатпарлап, сосын мырс етіп күлген болды. — Е, бала ғой, бала, кіммен ойнап жүргенін білмейді. Мойны астына түскенде ақыл-есі кіреді, әлі.

— Қайдам, Шекіжан, ширап, күн откен сайын тері алынған сәйгүліктей, оң-солына жалт-жұлт қарап, әлеңкедей жалақтайды, — деді Мәрзия Алыпбектің қазіргі бет алысын аңғартып.

— Саспа, — деді шығып бара жатып. Келіншек басын изеді. Оның бірақ, қай саспа екенін түсінген жоқ.

Шекербек содан бірнеше күн бойы үйінен шыға алмады. Қолына бұйрық тиген күнің ертеңінде Алыпбекке кіріп шыққан. Сапарды да директордың кабинетінде жолықтырды. Ештеме болмағандай биязы басып кіріп, майда сөйледі. Өзінше артын баққаны. Әйелдерше пажылдасып, дауыс көтеруді бүтін қанша директормын десе де, кешегі өзінің қол астындағы қойшысы санап, үлкен басын кіншірейткісі келмеді. Жайдары ғана сырты күліп, ішіндегі өрттен басқаны бейхабар қалдыруға тырысты.

— Сапар Садықович, өзіңізде мүлде отырмайтып болып алғансыз-ау, сірә. Есігіңіздің алдында отырып-отырып шыдамым таусылып, деп жорғалатты. Онысы «біржола осы кабинетке неге шығып алмайсың. Ақыры өзіңде отыра алмайды екенсің» болып естілді. Бір-езуін қисайтып қыжырта кеңк-кеңк күлді сосын.

— Шөке, сәл көтеріп, уақытыңды көбейтіңкіреп жіберген жоқсыз ба? Менің сол сіза тосқан есіктен шыққаным — сағатына қарап, екі-үш минут қана, — деп таңырқап қарады. Едәуір қобалжып, бұл кісінің қай мінезі бұл? — деп түйген Сапар.

— Оқасы жоқ, екеуіңізді бір жолықтырғанымға қуанып та қалдым. Уақытты бекер кетірмеген де жөн, — деп жуып-шайған Шекербек Мәрзия секретарь қоярда-қоймай мынадай бұйрықты оқытып, танып жететіндей қолымды қойдырып бекіттіріп алды. Тәртіп қой, тәртіп ық еткізбейді, — деп тағы ырабайсыз күлкіні лекілдетіп жіберді де:

— Иә, Алыпбек, жаңа қосалқы қызметіңмен құтықтайын деп кірдім. Дұрыс болған. Дұрысы осы ғой, өзі. Бір совхозға бірнеше бастық неме керек, — деп қайта жорғалады. Төрт бүктелген бұйрықты қалтасынан шығарып жатып жүзінде не кекесін, дауысында не ыза ұшқыны жоқ Шекербекке Алыпбек көз алмай қарап қалыпты. Аузынан:

— Рахмет! — деген сөздің қалай шыққанын да оны неге айтқанын да білген жоқ. «Ойпыр-ай, мынау шынақсыз қан шығармай бауыздады-ау! Неген шыдамдылық! Сабаздың шімірікпеуін, шамырқанбайды да! — деді ішінен. Шеберханада ғой, арадай шағып, артынам шулай қуып, есін кетіріп еді. Ал, мынау қанша дегенмен есі бар, қазіргі күнің тыңысын түсінетіндігін, білімін аңғартты-ау!

— Шолақ сайдың суындай әдепкі ағыс ол! Ертең-ақ тырқырап жеткен жерінде жоқ болады. Бұл елді білмейсің ғой, шү дегенде бәйгеге шапқан атты тосқандай анталасып сосын гаран-гаран кетеді бәрі де! — деп қабағының қыртысын қатпарлап, сосын мыр етіп күлген болды. — Е, бала ғой, бала, кіммен ойнап жүргенің білмейді. Мойны астына түскенде ақыл-есі кіреді, әлі.

— Қайдам, Шекіжан, ширап, күн өткен сайын тері алынған сәйгүлітей, оң-солына жалт-жұлт қарап, әлеңкедей жалақтайды, — деді Мәрзия Алыпбектің қазіргі бет алысын аңғартып.

— Саспа, — деді шығып бара жатып. Келіншек басын изеді. Оның бірақ, қай саспа екенін түсінген жоқ.

Шекербек содан бірнеше күн бойы үйінен шыға алмады. Қолына бұйрық тиген күннің ертеңінде Алыпбекке кіріп шыққан. Сапарды да директордың кабинетінде жолықтырды. Ештеме болмағандай биязы басын кіріп, майда сөйледі. Өзінше артын баққаны. Әйелдерше шажылдасып, дауыс көтеруді бүгін қанша директормын десе де, кешегі өзінің қол астындағы қойшысы санап, үлкен басын кішірейткісі келмеді. Жайдары ғана сырты күліп, ішіндегі өрттен басқаны бейхабар қалдыруға тырысты.

— Сапар Садықович, өзіңізде мүлде отырмайтын болып алған-сыз-ау, сірә. Есігіңіздің алдында отырып-отырып шыдамым таусылып, деп жорғалатты. Онысы «біржола осы кабинетке неге шығып алмайсың. Ақыры өзінде отыра алмайды екенсің» болып естілді. Бір-әуің қисайтып қыжырта кеңк-кеңк күлді сосын.

— Шөке, сәл көтеріп, уақытыңызды көбейтіңкіреп жіберген жоқсыз ба? Менің сол сіз тосқан есіктен шыққаным — сағатына қарап, екі-үш минут қана, — деп таңырқап қарады. Едәуір қобалжып, бұ кісінің қай мінезі бұл? — деп түйгең Сапар.

— Оқасы жоқ, өкеуіңізді бір жолықтырғаным қуанып та қалдым. Уақытты бекер кетірмеген де жөн, — деп жуып-шайған Шекербек Мәрзия секретарь қоярда-қоймай мынадай бұйрықты оқытып, танып жететіндей қолымды қойдырып бекіттіріп алды. Тәртіп қой, тәртіп ық еткізбейді, — деп тағы ырабайсыз күлкіні лекілдетіп жіберді де:

— Иә, Алыпбек, жаңа қосалқы қызметіңмен құтықтайын деп кірдім. Дұрыс болған. Дұрысы осы ғой, өзі. Бір совхозға бірнеше бастық неме керек, — деп қайта жорғалады. Төрт бүктелген бұйрықты қалтасынан шығарып жатып жүзінде не көкесін, дауысында не ұза ұшқыны жоқ Шекербекке Алыпбек көз алмай қарап қалыпты. Аузынан:

— Рахмет! — деген сөздің қалай шыққанын да оны неге айтқанын да білген жоқ. «Ойпыр-ай, мынау пышақсыз қан шығармай бауыздады-ау! Негені шыдамдылық! Сабаздың шімірікпеуін, шамырқанбайды да! — деді ішінен. Шеберханада ғой, арадай шағып, артынам шулай қуып, есін кетіріп еді. Ал, мынау қанша дегенмен есі бар, қазіргі күннің тыңысын түсінетіндігін, білімін аңғартты-ау!

Сөнімен жұмыс істеуге болар еді, бірақ сенім шіркіннің шырайын кірлетіп тастағаның бар. Шілжанның күнделігі саған оқ боп атылғанын білетін шығарсың».

— Алыпбек, мен соңғы үш жылда көзекті еңбек демалысын алған кісі емеспін! Жұмыс, жұмыс деп шапқылап. Енді мынадай жағдайда соның тыңғайы көп қалған сияқты, — деді.

— Оны көрейік.

— Созбақтамай-ақ, қазір шеше салшы. Қайта келіп мазанды ала бермейін.

— Беріледі. Заңды демалысқа не кедергі бар, — деп еді, Шекербек:

— Бұл уақытты заңды дегеннің өзі де ұстараның жүзіндегі төлқын кетіп жүр ғой. Қояыма ұстатшы өзін, — деп тықақтай жөнелді.

— Жөнеше ме, осы қазір бұйрық әкелем деп уәде беріп шыққансыз-ау, Шеке. Ғым тығыздап, неге асықтыңыз, — деді Сапар қарап отыра алмай.

— От басында өңкіні, ауру өгіздей омалып отырмай бала-шаға көзінен, елден сырттау ыстық суы ма, нарзаны ма бірдеңесіне барып сергіп келсем деп ем.

— Дұрыс екен, — деген Сапар бірінші рет көріп отырған жандай тігіле қалды.

— Әрине, дұрыс. Енді менің қалай жүріп-тұруымды да бақылауға алығы келіп не еді. Ол ерік өзімде пока, бас бостандық қолда! — деп сақ ете түсті. Ілік іздеген кісінің қалшы. Сабындай бұзылды.

— Ашуланбаңыз. Сіздің бас еркіңізге тиіп отырған ешкім жоқ.

— Ә, оны да ойлаған ба едіңдер. Бәсе, бәсе, — деп пегініп кел сүзетін қошқардай жаурының күжірейтіп, басын түгжитты. — Бекерге не болса соны ойлап, қиналмаңыз. Шеке, — деді Алыпбек. Біздің сізге ұзыннан өш, қысқадан көгіміз жоқ. Не қызметіңіз қысқарғанына мұнша таусылғаныңыз. Ол тиыннан сом құралады деп қайтсек совхоздың экономикасын көтереміз деген ойдан туды. Көптің мүддесі.

— Ақымақ көрме бала! Дауысы еріксіз қатты шықты. Буындырған ашу екпіні, — мүмкін директорсыз да, шаруашылықты ақылшылар алқасы басқаратын болар. Оңай төте жол, өне сол емес пе?! — Мырс-мырс күлді. «Құл жиылып бас болмайды. Көерерміз. Бүгін-ертең әлгелі отырған жоқпыз! Орнынан қалай тұрып, дүре-дүре басып кабинеттен неге атқып шыққанын Шекербек көпке дейін пайымдамады. Әйтеуір, озінің тегін адам емес екенін доғымен білдіргеніне әсіресе, халықтың ақыл-кеңесімен жұмыс істеп жатырмыз дейтін ақылшылар алқасын түкке айғысыз еткеніне тәнті болды. Алыпбек те, Сапар да оның мына жүріс-тұрысын, айтқан сөзін, талабын не мінеп, не түземеді.

Осы кездесуден соң Шекербек бірнеше күн үйден шыға аямады. Барар жері, басар тауы қалмай тығырыққа тіреліп, тиянақ, сүйеніші

сенімсіздік болып күйреп кетті. Жатып алып бәрін көз алдына қайта келтіреді. Ойын да қайта тіріледі. Күні кешегі бір совхозға ғана емес, бір ауданға мәлім айбарлы бедел, абырой құйып жыққан қостай жоғалып кетіпті. Тіпті із жоқ. Төңірегінде қадірлі азаматымыз еді ғой, жақсы аттан құласа, жаман табашы болады демейікпі деген тірі жапның қалмағаны жанын езіп жіберді. «Жігіт-ақсың! Сендей бір туар, нар жігіттер көбейе берсе...» деген Төрехан да мысық көрген тышқандай бұғып қалды. «Бұл дүние не болып барады?» осы сауалдың жауабын іздеп арқандағы, маңайының оты таусылған жылқыдай табан астын тепкілейді. Табары тағы жоқ. — Ойхой, кең дүние!» атанғаныңа болайын. Билік қолында тұрғанда, емін-еркін билеп төстегенде, уысың толып ақша, ұртың толып май асағандағы сандырағың екен ғой! Құр кеуде, ас ішің, аяқ босағар жан екеніңді білмедім-ау. Бір сөзің орнынан шықпады. Міне, енді кеп қойшыдан таяқ жеп, мертігіп жатқан тұрмынау!

Өзің болып алған соң, басқаны ұмытқаның шығар. Аудандық Кеңес төрағасының бірінші орынбасарлығына қолыңды жеткізген кімнің құдыреті екенін де білмегенің бе? Әй, әй, сенгіш, аңғалдығым-ай, түбіме жеттің-ау! Озімді-өзім құртып... Бәлкі басқаның тілегін тілеп, шотын шаппасам... Дәл сол Төрехандағы қабілет, білім өзімде де бар емес пе! Әттең дүние, өттің кеттің! Шекербек өз бармағын өзі тістелей берді.

— Мен сізді Мамыров жолдас ауданымыздағы ысылған тәжірибелі мамандардың бірі ретінде қатты құрметтеймін. Шынымды айтсам, сыйлаймын. Сіз коммунистсіз, азаматсыз, — соңғы сөзіне үлкен салмақ артқан Бақыт Батырович қабылдауына келген Шекербектің бетіне барлай қарап, едәуір үзіліс жасады. Бәрінен аупарткомның бірінші хатшысының айтар сөзі таусылғандай бұған жаутаң қағып, шарасыздық жеңген кісідей, кексіз жадырай түскен кезі, бірде — сізді өзі, мен білмей, танымай жүрмін бе, қандай жан едіңіз» дегендей бет жарындағы зіл тұтқан өзгеріс өбден шыңына жетіп, шиырлап та кетті. — Уақыт деген сүзгі бар, — деді сол ұзақ ойланбастан кейін ол аупарткомның хатшысы екенмін деп, баспа төрелік жасап, былай болсын деген шешім айту қолымнан келмейді. Оным ағаттық болар еді. Мен партияның солдататымын. Оның алдында, иә алдында әр сағат сайын есеп беремін. Атқарған жұмысымды таразылап оң-терісімді саралаймын. Демек, сізде, — тағы кідірді. Жай отырып-ақ жылы жүзінен мейірім отын өшірмей күлімсіреген қалпы, аз езу тартып өзіңіз есебінде тұрған партия ұйымына, еңбек коллективі алдында есеп бересіз. Олар не дейді. Сол болады. Бақыт Батырович қоңырау басты ма, осы кезде есік ашылып, көмекші қыз көрінді. — Маған Махановты қосыңызшы, — деген. Іле онымен сөйлесіп кетті. Мамыров жолдас мөнде отыр еді. Енді қайда барады. Келгені өте дұрыс. Шағым емес бұның айтып отырғаны. Бұра тартуды қойған жөн, Төрехан Маханович! Әрбір

мәселенің байыбына жету керек. Сіздіңше аудандағы басшы қызметтегі кісілерге келгеннің бәрі арыз арқалай жүре ме екен? Ол қате. Осы жігіт жайында маған кеше не деп едіңіз, — телефон трубкасын құлағына тосқан хатшы ұзақ тындап қалды. — Ақылшылар Кеңесі дегеннің өзін еңбек коллективі Кеңесі деп түсінсек қайтеді. Сонда шешілген дейсіз бе? Ым-ым-і-е, — деп аз отырып шегінетін жер қалмаған дейсіз бе? Басын шайқап, қалай? Бас зоотехник те, директор да — Жандыбаев. Мынау тың жаңалық екен. Тағы не? Шофер? — хатшының көзі үлкейіп, қабағы керіле шоферын да қысқартып өзін-өзі таситын болыпты деймісіз. Жарайды түсінікті, — деп трубканы орнына қойды. Қолын артына ұстап түрегеп жүріп кетті. Есікке барып қайта келді. Шекербек өз ойына малтығып қалды. «Не дейді екен, ә? Көзі жапалақтаған байғұс, мына кісіні ұғындыра алмады-ау. Хатшы менімен ақылдасатын болса, сәл сөз тастаса, ақылшылар кеңесінің бұл шешімін күл ғып жіберем деп еді. Қарашы енді кеп. Шегінетін жер қалмаған деуін. Жаңа ғана Бақыт Батыровичтің аузынан естіген телефонмен айтылған сөзді ішінен қайталады. Жаны күйіп отыр. — Шекербек Мамырович хатшының қоңыр даусы жалт қаратты. Егер мен аудандық комитет атынан нұсқау берсем, ол нұсқауды бастауыш партия ұйымы қабылдамай тастаса, жұртшылық қате санаса, аудандық комитеттің беделін түсірген болмаймын ба? Партияның ар-ожданыммен ойнауға ешкімге ерік берілмеген. Солай емес пе? Шекербек мақұлдай басын изеді.

— Ендеше, — деп Бақыт Батырович қолын ұсынды.

Сөйтіп, аупартком хатшысы мен Шекербектің бір сағатқа созылған әңгімесі осылай аяқталды. Орнынан түрегеле беріп:

— Әйтеуір, апай-топай толып кеткен сол шешімдерде деп соңғы сөзде дауысын созыңқырап асығыстық бар ма деген күдігім сейілер емес. Қоңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? — деген болып сол шопан балаңыз бетпақтың шөліне шығып кетпесе, — деді. Мұны шымырлап, зәрін бойына жиып тұрып шегелеп айтты.

— Оны майданға шығарған өздеріңіз, халық, — деп хатшы «өздеріңіз, халық» деген сөздерді бұған қадап айтты. — Ендігі пікіріңізді ақылшылар Кеңесіне айтыңыз. Егер біз дұрыс түсінсек, Жандыбаев шаруашылықты бір өзі жеке дара басқарып отырған жоқ. Ол қазір бұқараға арқа сүйеп, көпшіліктің талғамына бағынған басшы ретінде танылды. Ондай жаңалықты біз қуаттаймыз. Солайда хатшы орындығына ыргала жайғасып ендігі сізге сілтер тете жолым — өтініш талабыңызды сол совхозыңыздағы Кеңеске айтқаныңыз жөн. — Шекербек қалтып тік қалған. Кете қояр түрі байқалмады. Қабағын шытып тұр. Ойына бірдеңе түскендей Бақыт Батырович кенет бұған оқыс бұрылып:

— Осы сіз қалай қарайсыз, Шекербек Мамырович, неге Жандыбаевтың үстінен домалақ арыз бұршақтай жауып кетті? Сөз саптауы әлгіде өзіңіз айтқан кінәларға барып соғады. — Е, елдің

көзінен таса не бар. Маған белгілі, елге де белгілі. Бірақ біреу біліп, біреу білмей айтады, — дегендей, — деп күмілжіді Шекербек.

— Мейлі ғой, әйткенмен әрине, ақ-қарасына жету үшін арнайы тексертеміз. Шын мәнінде сол домалақ арыз ұры сөзді кім ұйымдастырса да, пайда таппасы анық. Хатшының қабағы түйіліп кетті...

«Ұры сөз!» — не деген сұмпайы теңеу! «Кім ұйымдастырса да пайда таппасы анық» дейді. Сұңғыла кісі-ау, дөп түсін отыр үетімнен. Бар пәле сенен шығып отыр дегені ғой бұл. Әй, Шығыр, Қаныбек сендерге сенген мен ақымақпын. Жұртта қалған ақсақ иттей болдым-ау! «Ойхой кең дүние» оңбаған Төрехан сен бүлдірдің бәрін! Әлемдегі бар кереметті тілің мен жағыңмен орнатып, енді міне, қор еттің!.. Қап! Қап!

Өзім туған ауыл, ел-жұрт дегеннің сиқы анау! Қанша жылғы еңбегім зая кетті. Қайсысының қабағын шыттырып, қазанын ортайтып ем. Жатса — жастық, тұрса — төсек болдым. Талайына тас тигірлер соны білді ме, ақтады ма? Боқмұрын балаға оңдырмай жығып берді. «Жолдасы жаманды жау алады» деген осы! Міне, енді аудан болып, тіпті үкімет болып, соңыма жарық алып түсті емес пе! Ой-бай-ау, жаңағы хатшы тіпті, өзімді көзбе-көз арызқой, сол ауылдағы көп сөзді ұйымдастырушы сенсің деп отыр ғой. Енді не істеу керек? Оның сенбеуі — аудандық партия комитетінің сенбеуі, партияның қарғағаны емес пе!» Шекербек күңіреніп шықты хатшының алдынан: Сол беті ешқайда мойын бұрмастан Төреханның есігің теуін ашты. Небәрі он он бес минут уақыт ішінде ойы неше саққа жүгірді. Жанын қоярға жер таппай жалпақ дүние тарылып, демі осы қазір үзіліп кетердей боп түтігіп кетті. Осыған дейінгі кешкен өмірі, көрген қызығы бәрі-бәрі түкке тұрғысыз мағынасыз, әншейін — бұлдыр бірдеңе екен. Адамның өмірі деген қас-қағым бірдеңе болғаны ма? Сол сәтке бақытың да, сорың да, қуанышың да, қайғың да сыйып кеткені ме? Әлде мен бұған дейін өмірдің күн бетінде ғана тіршілік етіп, тек қызығын көріп, бақытына ғана шуақтадым ба? Ендігі көрерім тек сор мен қорлықтан тұрса, онда бұл тіршілікте не қасиет қалды. Осы ой есе түскен ол: — Әй, Төрехан, — деп қадала қарады. — Саған сенген күнім осы ма? — Мұны көре салып орнынан атып тұрған Маханов:

— Не болды? Сәл сабыр ет, былай тізе бүкші, алдымен, — деп жұмсақ диванға қолтықтай келіп нықтаса отырды.

— Не болушы еді. Бәрін өзің пештің емес пе! Батыровке ештеме қалдырмадың емес пе! — Төреханның түсі сұрлана қалды. Күмілжіп, томпаңдап, жаутаңдап бетіне қарай берді. — Мен, — деді әбден күйіп-пісіп келген Шекербек бұған дейін қасқырды жемдеп келіпін. Қасқырды! — Әлем-тапырық қап-қара боп тұлданған ол емді. — Бірақ қасқырда қас қылмайды жолдасына деген қайда? — деді булығыш.

— Не болды алдымен соны айтшы! Сені дарға асқалы жатқан ешкім жоқ қой.

— Асқалы жатыр. Әне, әне, қара! Дар ағашын құрып жатыр, — деп есалаң адамдай Шекербек Төреханды терезеге қаратты.

— Ой, сенде босқа үрейленіп, бекерге қуыстанып, қызметтен босағанға сонша күйзеліп! Неткен осал жаратылған борық жан едің! Дүние дәл осы қалпында кете береді деп саған қай құдай, қай кітабына жазып көрсетті. Бәрі өткінші ду-ду екенін түсіну керек. Махановтың дауысы нығыз естілді ме, Шекербек лезде суынды. Енді оның бетіне жапақтап, үміт сәулесін көргендей бөгеліп отырып қалды. Аузы ашылып аң-таң. «Бәрі өткінші, ду-ду екенін түсіну керек» деп бір ойланды. Рас та шығар. Мен өзім де солай ғой. Алыпбек пен Сапарға дәл осылай дегенім жоқ па? Ендеше... Сонда да деп қабағы түйіліп Төреханның сөзін бөлді.

— Бәрінен де сенің Бақыт Батыровичке «шегінетін жер қалмаған» дегенің қатты батты жаныма. Оның ақылшылар Кеңесінің шешімі — шешім, оны ешкім бұза алмайды деген қорытынды болып шықты. Секретарь солай деді. Сонда мен ендігі жерде Алыпбектің орнына қой бағуым керек пе?

— Бақсаң бақ, несі бар. Бүгінгі бетімен алып қашқан әпербақан кезеңде сендей жоғары білімді, тәжірибелі маман дәл сондай тілек білдірсе. — Төрехан шын айтып отырмын деген рай танытып ондай азаматқа келешек сенімі де дайын. Келешек солардікі.

— Қойшы сен де, түбі сондай болармын деп қолыма қойшы таяғын ұстауым әлім шығар. Шекербектің ойы манағыдай емес былқылдап, босап қалды.

— Е, е, онда ма, онда егер сен қойшы болам десең бе, аудандық комитеттен бастап, облыстық комитетке дейін қолдан қолға түсірмей аспаңға көтереді. Тамаша бастама, арнаулы білімді маман ғылымды тәжірибемен байланыстырмақ деп ду көтерсін. Әне, Маыровтың жұлдызын сонда көктен іздей бер!

— Жоқ, Төрехан, мен бос қиялдың адамы емеспін. Жаңағы өзің айтқан әпербақан кезеңнің құлы бола алмаймын! Ду-ду етер, екніні басылар. Шыдайын. Бірақ осы қазіргі көріп отырған қорлық жәбірімді қалайда қайтаруым керек. Мен күрестің адамымын. Тағдырдың бұл тәлкегіне сендер жығып бердіңдер мені, — деді ызасы қайта тұтанып.

— Қалай? Жандыбаевқа сені босат деп тапсырма берген мен бе?

— Әрине! Қораңды күзетпесең қасқыр шаппай қайтпек? — Төреханың қаны басына шапты. Күйгелектеніп:

— Ойхой, кең дүние-ай! Сенің мұншалық тарылатыныңды білсемші! — деді де, — өзің ойлап көрші. Қазір ел билігі Жандыбаевтарға берілген жоқ па? Ал, Жандыбаев кім? Кім еді? Енді кім болды? Шекербекке жақын келіп, көзін көзінен алмай, міне, қоғамдағы бүгінгі өзгеріс сыры да осында. Ал сол Жандыбаевтар өздеріне жүктелген миссияны атқара ала ма, әлеуметтік өмірді

ілгері жылжыту қолдарынан келе ме, ендігі мәселе осыған тірелген. Тіршілік тізгінін сондайлардың қолына бергендер, оларды қызғыштай қорғап, шаң жуытпай жатса, сенің жанталасыңнан не пайда?

— Рас, — мына сөздің аузынан қалай шыққанын Шекербек аңдамай қалды. Тез көне кетті.

— Ойхой, күң дүние, рас десең, күшіңді бойыңа жиып сәл шегін. Құр бекерге аптығып, өзіңді-өзің қинағаннан ештеме өнбейді. Сағат та, Бәкір де келіп бар жағдайды айтқан. Мен аянып отырғам жоқ. Биік бір ғана жаңағы өзің барған кісиде. Біз орындаушымыз.

— Орындаушы болғанда да далақтап шаба беретін орындаушы болғаның өтіп барады. Маған не пайдаң тиді? Шекербектің көңіліндегі қыжылы әлі басылар емес.

— Пайданы жарқыратып, елге көрсетіп жариялап келтіру деген болмайды. Айла, әдіс, ақыл керек.

— Соныңды айтшы ең болмаса...

— Айтсам, Жандыбаевтың әрбір қадамын қалт жібермеу керек. Ағат кеткенін аңды. Аяғына күде сал. Күдені білесің ғой, — Шекербек басын ізеді, басы қалтақтап кетті. Сол халық алдында беделі кетсе, ісінен береке шықпаса, жұрт одан өзінен-өзі безіп шығады.

— Домалақ арызды тексермейтін болған ба? Үстін-үстін жазылып-ақ жатыр. Одан ештеме шықпаған соң, Әшірдің атынан анау оның кім дегендей болған соң — Сауытов ие, өзіңнің шоферің кәдімгі, соның қолымен екі-үш арыз кетіп еді. Әлі дерегі жоқ.

— Иә, білем келді. Әшекең жараған екен. Момың жігіт еді. Әйтеуір сөзіне ие болу қолынан келе ме? «Сөз жоқ!» деген Шекербектің ойын түсініп қанша арыз-шағым болса бәрі бір кісінің қолына топталды, ол өзіміздің жігіт. «Майқоңырда» менің тұсымда бірнеше болған, қонақ та өткеміз. Сол басқарып барады тексеретін комиссияны. Келісілген. Аузыңа сақ бол. Шығыр мен Қаныбекті дайында! Шекербектің ажары кіріп:

— Арызда көрсетілген фактілер бекітілсе, Жандыбаевты алып тастамай ма?

— Оны енді үлкен орын шешеді. Сайлаумен болды ғой.

— Қылмысы болса да ма? Сайлау-пайлау деген не осы!

— Ол қандай қылмыс? Ауыр, жеңіл салмағы дегендей сарапқа түседі. Тегі қазіргі демократия дегеніміз ізгілікке, адамға қамқорлыққа негізделген. Адам тағдырымен ойнау — отпен ойнау.

— Міне, міне қышыған жеріме тидің. Көкейімді тан бастың! Өзің торелігін берші. Жандыбаев жұмыстан қуып тастаған анау отыз адам емей не? Олардың тағдыры тағдыр емес пе? Ол әрекетін Жандыбаев бүгінгі уақыт талабына сыйғызып, экономикаға, халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсартумен байланыстырып отырған жоқ па? Соқтығып көр. Не болар екең аттадап шыға келсін.

— Осы ғой қит етсе өйтеді, бүйтеді деп жыланның қорыққан торғайдай көде түбіне тасалай қалу!

— Шеке, сен өзі газет оқымайсың-ау, сірә. Телевизор көрмейсің шамасы. Аяғыңды байқап бас! Дәл қазіргі кезеңге түлкі айласы керек. Тұл-кі-і. Түлкінің алғаш қар жауғанда жортпай қоятынын білетін шығарсың. Шекербектің іші қара қазадай қайнады. «Е, мейлі өті жарылса жарылсын. Айтып қалайын» деді іштей алай-түлейі шығып.

— Бұ не? Бірыңғай тығылмақ ойнауға шыққаннан саумысың? Және Төрехан, озіңнен басқаны кеше көре берме! Мені Шығыр мен Қаныбек көремісің? — Төрехан шындап қысылды.

— О, о ойхой, не деп кеттің, не деп кеттің! Мен заман ағымына көш деп отырмын. Саған да?

— Заман ағымына көшсем, осыншама ел мен үкімет алдында беделім түссе, мына сенің кесірің, — ол екі алақанын жайып, оған жағадан ала түсердей таянды. Мына қолмен от көседім. От емей не? Шеңгелім толып... Тапқаным сенің... ә, ә өзі біле ме десе, бүгін көп бұлталақ-бұлталақ...

— Оу, не дейсің маған...

— Сол! Шешін де кіріс. Мен үшін емес, өзің үшін, өзіңнің жаның үшін! Шекербек басқа сөзді тыңдамады. Ойып ашып мынаны былай істе демеді де. Төреханға «айтарымды айттым ендігі-сін өзің біл. Шығыр мен Қаныбекті енді бір сығып жіберсе, мылқау Сәрсен, көзіңнің қай жерде жылтырайтынын тәңірің білер» деп кабинеттен атылып шықты. Бұндай мінез Шекербек те өмірі болған емес-ті. Ыңыранып отырып, кейде тұспал, кейде ыммен-ақ айтқанын екі еткізбей орындататын кісі осы аз уақыт ішінде өзінің түкке алғысыз, тіпті басқаға керексіз екеніне ақиқат күйінді. Өзім болмаған жерде ешбір жұмыс орнына бармайды, басқалар не білуші еді деп біржолата өзіне-өзі табынған азаматтың қоз алдында өмірі қиялында болмаған жұмыстың өрге басуы, Жандыбаевтың төңірегіне ел болып ұйымдаса қалған, күні кеш бұған «алдияр тақсыр!» деп тұратындардың жаңа қалпын көргенде басы айналды. Сондағы көкірегі жайлаған бар қыжыл запыранды «арқа сүйерімсің, доғымсың» дейтін кісінің андына ақтарып кетті. Төрехан басын ұстап отырып қалды...

Жәнібек Ғазизасын мал қолға қараған желтоқсан айының аязды күндерінің бірінде көшіріп келді. Бұған өлгені тіріліп, жоғалғаны табылғандай Бекен мен Тазагүл қатты қуанды. «Е, бізде де бір-өкі үй, қыста қос қора болып түтін түтетейікші. Әбден жалғыз үй өмірі шошайып құлазумен өттік қой», — деп қарт ана шашуын шашып, бір малын сойып ерулігін де берген. Қиылған керме қас,

шапшын қап-қара етіп боятып, тырнағын алмай, қып-қызыл жосаға малғандай сырлап тастаған жиен келіні едәуір сөзуар, ашық жайдары да болып шықты. Әлде Жәнібектің үйретуі ме, немесе өзінің білігі ме, келе салып жарқырай күліп, от-басы шаруаға араласа кетті. Не істесе де байыбына келтіріп, жеріне жеткізіп тастайтын қала тұрғынына тән жинақы ерекшелік те бірден аңғарылған. Шай құю, ыдыс-аяқ тазалығын сақтау, орамал-шаршыны жуу, от басы төсек орынды қағып сілкін жия қоюға Ғазизаға әдемі ермек тәрізді. Тек қазандық астына от жағу, күл шығару сияқты істерден бойың тартып ыңғайсыздана қалатыны бар.

— Мұндайдың қалада бірі жоқ. Су өзі келсе, электр қуаты бәрін дайын етеді. Ең арысы кірді де қолмен жуып көрген емеспін. Таза, апа, осы пешке от жағуыңыз, артынан бұрқыратып күл алып жататын, — деп едәуір қиналысын жасырмады.

— Әй, қарағым-ай, өз қолыңмен маңдайыңды қыздырып, қоламтаңда тоқсырап отыңды жағып отырудан артық бақыт жоғын білмейсің-ау, — деген қарт анаға қарап Ғазиза таңдана қарап қойып еді. Бұл тоқ кеуделі, қыпша бел, бөксесі дөңгелеп қалған, балтыры етті, қызыл шырайлы, жасы қырықтан енді асқан, піскен бауырсақтай жан еді. Ауыл қызы, ауылда туды, ауылда өсті. Орта мектепті де ауылда бітірді. Бірақ Ғазиза айтқанда азынаған желімен бұрқасыны уілеп ішін тарта жөнелетін далада болмағанына жиырма жыл болып қалыпты. Содан ба, қаладан шыққысы келмей, Жәнібекті бір жеті меймантоқтау еткен. Одан әрі әлі де созыла түсер өркелікке тумысында екі сөзділікті қасиет деп санамайтын бір айтар, алған бетінен қайтуды өлім көретін ері ырық бермеді.

— Елдегі қазақ қырылып жатқан жоқ. Рақат іздесең, байтақ далаға жүр. Береке де, ырыс та сонда! — деген оның сөзіне:

— Жетісерсің! Ақ қар көк мұз! Несерлі жаңбыр! Шылқылдаған саз. Былжыраған батпақ! — әр сөзін пышақпен кескендей бөліп-бөліп сүзіле қараған Ғазиза, құшағын жайып тосып тұр! Рақат деп тұрғаның сол мен көрмеген ауыл ма еді?

— Әй, Ғази, екеуіміз қосылғанда екі жарты бір бүтін боламыз, азды-көпті өмірдің ыстық-суығын бір көреміз. Рақатына да, азабына да ортақпыз, екі кеуде бір жүрек, — деп серттескенімізді есіңе түсір. — Жәнібек те бұл сөздерді жайдары түрде айтса да сарқыла таусыла сөйлегендей болды. Мұндай сөзді күтпеген Ғазиза:

— Қайдан білейін, сенің неден желіге қалғаныңа түсінсем бұйырмасын. Осынша жыл түтін түтетін келген қоламтаңда бетіңе қарсы келіп, әйел болып шаң-шұң дыбысым шықпағанын білесің. Балаң да әлі ештеменің қасиет сырын біліп болмаса, келін одан да жас! — деп өзінің де астарлай отырып бала мен келіннің де көп жайын жіңішкелеп жеткізді.

— Ештеме етпейді жиырма бесте жас! Қашан ер жетеді бұлар! Ал, сен Ғази, көп сөздің уақыт алғаннан басқа берері жоғын жақсы білетін жастағы әбден сары асық болып піскен адамсың! Қазір

машина келеді. Көп жүк салма! Төсек орын, ыдыс-аяқ қана! Телевизорыңды тастама, — деген тоқ етері осы дегендей дауысын нығыздап.

— Әйтеуір бірдеңеге бастадың, ақырын құдай оңдасын. Үйің мынау, дүниең анау, пенсияң өз алдына. Көлден шөлге, пейіштен тозаққа алып барасың, қайтейін, — деген Ғазиза лажсыз Жәнібектің айтқанына көнген...

Қыс. Құрғақ қыс. Бірнеше күннен бері желсіз тымық аспаннан жапалақтап жауған қар ашылып, бұлт ыдырап, әлемнің көк күмбезі дөңгелене мөлдірейді. Сәл ғана қардың шыңылтыр салқыны аяз болып, ауыздан шыққан буды темекінің түтініндей будақтатады. Аттың жуан тізесіне жетерлік боп түскен күпсек қар тиіп кетсең бұрқ етіп, шағаланың қанатындай жарқ ете қалады. Ауыл сыртынан өркеш-өркеш көрінген бұйра шағыл қазір ақ көйлек киіп, қол ұстасып биге беттеген сұлулардай топтасып алған. Осы ұя қолтықтың бауырындағы жиде мен тал, шілік, қамысы, мысық құйрығы аралас, бітік қияқ тұтасқан қорысқа, бос қарды сызып кеп түскен отар тебіндеп жатыр. Атын дағдысы бойынша шылбырын үзеңгісінен өткізіп шұбатып, отқа жіберген Жәнібек табиғат атаның сұлу сымбатына қызыға қарап, рақат сезіміне бөленген. «Бұдан артық жан шаттығын іздеп керегі не? Жер дүние анадан жаңа туғандай емес пе? Адам да, жан-жануар да ұжмақ төрінде мамыражай, тыныштық тынысын қалет-қағажусыз емін-еркін көріп, бал жұтып жатса, Бәрінен де күнді айтсайшы! Алтын табақтай боп, дөп-дөңгелек дидарын шарықтап шалқып, бар мейірін жерге беріпті. Ақ күміс жамылған далада күле қалған орган. «Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын!...» өлең жолы, иә, өлең жолы осындай ынтық көрініске арналды ма екен?! Жан рақаты кең далам-ай! Әппақ-ау, әппақ, мұзқара көк аспаннан өзге дүние сіркедей меруерт ақ қиыршыққа тұнып тұр. Жерден бойы сүйем өскен бұтадан ну боп жайқалған алақаудам құм өзектегі тал, жидеге дейін ақ күміспен апталып демін іркіп алған. Сәл қалт қозғалса, бәрі сау етіп төгілердей рақат құшағында қасын қақпай маужырайды кеп. Осы тылсым тыныштығы Жәнібекті аймалап бауырына тарта түсті. Басына түлкі тымақ, үстіне қара тон, аяғына қонышын сындырын қайырған боз пима киген ол өзі қазір-ақ шымылдық әлемнің ортасында ақ дидарлы дүниенің маңдайына біткен мең төрізді. Түймедей түйедей боп, нәзік сиқыры мол құбылыс ғажап өрнегін салып сөзімді, сананы арбап алған. Ол паң дүниені жаңа көргендей демін ішіне тартып ақ құшақ далаға тәлміре қарап, қалт тұр. «Шірікпін-ай, осы тұнықта шайқалады-ау! Дәл мынадай аузына оңтайлы сөз оралмай тамсанып, ана мейірімді әлемде тіршілік етудің өзі бақыт қой. Осы рақатты да білмей, өту неткен... Күннің күлгені осы шығар, не ыстық, не суығы белгісіз жібек леп... Нағашымның: «күн мөп жер ғашық» дейтіні рас болды! Рас! Оның ойын әй дейтін жердегі жиденің бұтағыпа қонған сауысқан бөлді. «Қызталақ!

Қырқ-қырық, сыпың-сыпың, құйрығы шопаңдап, қарашы! Қолға түсер ме едің, бәлем. «Өз үйінің асын ұрлаған итті дарға асады». Осы сөзді неге айта береді нағашым? — деп Жәнібек қараптан қарап бұрқан-талқан болғаны. Ойына қайдағы жоқ оралып, «Елден ерекше өмір сүргенде, бай болғанда шығатын ұшпағы қайсы сөл байғұстың? Сенейін бе, сенбейін бе?...

«Қой баққан ой бағады» деп Бекен айтқандай, Жәнібекті соңғы күндері мазалаған туған ішісі Қаныбектің тоңірегіндегі аш қасқырдай ұлыған сұмдық өсек мұны біржола тұғырлатып тастады. Елуге дейін еңбек еткен мыс балқыту заводында, тіпті пәлен мың халық мекендеген қалада тұрып, дәл осы сияқты өрескел қылықты естіменгі. Адамдар, өзі білетіндері, әріптестері періште еді шетінен, біреу артық бейбастақтық жасап, біреудің көңіліне дық түсірер дөрекі мінезімен көрінді ме екен. Жиырма бес жылдық еңбек жолында бір рет, онда да, не бәрі жарты сағат, себебі, есінде, ұмытылар емес, жұмыстан кешігіпті. Жолдастары бір сұмдық қылмыс болғандай мұны ортаға алып, шағын жиналыс ашып, ой сілкілеп еді. «Иә, десейші, ол тіпті қылмыс па, не бәрі еңбек тәртібін бұзғандық. Ал, Қаныбектің мынасы, ешбір бұлтарап жері жоқ қылмыс! Жәй ғана жеңіл-желпі қылмыс емес, онда да нағыз ауыз ашып, көз жұматын шектеп шыққандық!

Қой, болмайды екен, ит те болса бір туған жалғыз бауырым еді ғой, барайыншы! Ең болмаса, өз құлағымен анық-қанығын естііп. Кіндігі бір туыстан қанша ренжісең де қашып құтылармысың!».

Жатса-тұрса, осы ой Жәнібекті жегідей жей берді. Алдында бір табын мал, бірақ қалт аяқ бастырып мойын бұрғызбай қойғанды. Бұл келгелі талай айдың жүзі болса да, жасы үлкен аға еді. әрі көшіп келіп жатыр, оның не істеп, не қойғанында қанша шаруам бар, сәлемдесіп, амаңдығын біліп қайтайыншы деген ініде де кішілік болмады. Ғазиза бір жағынан қыңқылдап, «құдайдың тозағына әкеліп» деп күнара бір құлағының құрыш етін жеп ол жүр. Соның бәріне Жәнібек қолын бір-ақ сілтейді.

Солтүстік көкжиектегі ыс басқан туырлықтай бұлтты жарып, ызғырық жел екілене соғып тұр. Бет қаратар емес. Тиген жерін қарып барады. Осыдан бір апта бұрын төгіп жауған ақша қарды тымырсық тұнба аяз уыздай қатырып-ақ тастады. Мал тебінге шықпағанына да бірнеше күп. Дәурен бастаған бір топ жас ойда жоқта келе қалып сол күні төбесі бітеу қой қораның күн бетінен шалы тұтқан. Бекен ақсақалдың араласпас ісі болған ба, мұнда да барлық басшылықты өз қолына алған ол терең шұңқырлар қаздырып қада қақтырып, сымбалдап буған қамыс, қоға аралас шытпаны көрегеше кергізген. Биігі кісі бойы бұл шағын ауылдың қотанындай төбесі ашық алаң кәдімгі айта беретін самұрықтың ұясы болып еді. Іргесіне інштей тағы ұсақ малдың мойыны асылып жететіндей айнала ақыр орнаттырды.

— Міне, енді кім көрсе де, мынасы шынында да қаладан келген жаңалық екен дейтін болды! — деп теке көзі күлім қаққан Бекен едәуір қоқиып, мақтанып та еді.

— Әке-ау, мұны баяғыдан бері өзіңізге неге істемей келгенсіз, — деген Дәуренге.

— Әй, балам-ай, менің мына сендер сияқты қайбір жанашырым болды. Маған осындай қолұшын берсеңдер көрмей жүр ме едіңдер!

Жәнібекжанға келгендеріңді жыл құсындай жылы леп, әдемі ниетпен қаладан ырыс көзін ашуға ауылға келген ағаларыңа құрмет қошметтерің екенін мен білмейді дейсіңдер, ә! — деп рақаттана күлген. Шал қутыңдап, көбеңінде түгі қалыңдаған жабыдай ширап алыпты.

— Олай емес, әке, бұл өзі былтырдан бері дәстүрімізге сіңіп келе жатқан әдет. Бүгін демалыс үзіліс сағатымыз. Соны әдейі пайдаландық. Мына Жәкем ағаға ерулік, қолқабыс бұл. Ал, сонау орталықта бұндай қызметтің тортасыз майының дәмін татқандар жеткілікті.

Дәурен әкесіне құрылысшы жастардың жаңа бастамасы жөнінде бірталай әңгімелеп берді. Аз түскі үзіліс кезінде ғана жарты сағат уақытты жұмсай жүріп, бір жазда қаншама үйдің төбесін шатырлап ағымдағы жөндеуден өткізгендерін естіген әке сақалын саумалап отырып-отырып:

— Жаңа беталыстарың тамаша екен! Әманда, әманда солай болғай. Есептеспеген ел болады, берекесі кел болады, балалар! — деп қуанышын да жасыра алмаған.

Сол Дәурендер тұрғызған шалы қораға таң қараңғысынан тұрып, айнала ішкі іргедегі ақырға көкпеңбек женттей үгілген тай-тай буылған шоптің теңін бұзып, себелеп толтырған Жәнібек:

— Ғазижан, ендігі міндет сенде. Көріп тұрсың, мал шөпке бас қойды. Әйтеуір ессіз мақұлық емес пе, ақыр-мақырға үйелеп қалмасын. Бір күндік тамағы алдында. Мен кешікіпеспін, — деп атына мінген.

— Қайда кеттің, беталысыңды айтсаңшы, ең болмаса, — деген әйеліне сыр ашпады.

— Жә, былай шығып... оралам деп қозғала берген оны:

— Оу, Жәкентай, деген Бекеннің дауысы жалт қаратты, — жол болсын! Мұның әр қимылын көзінен таса қылмай сырттай бағып жүретін қарт бұ жолы да қапы қалмады.

— Отарым өріске... тебіңге, — деп екі сөзді тіркемелеп айтқан Жәнібек шықпайтын болған соң, қырға шығып қайтсам деп едім, Былай сергіп, — деп ойын әрі созбай тежеп қалды.

— Түсінем, — деді Бекен. Нені түсінеді ашып айтып тұрған жоқ. Бұдан әрі бұған байырқалап едәуір қарап қалды. Жәнібек қарт өзінің ұрлығының үстінен түскендей қысылды ат үстінде. Ауыздығын қарш-қарш ынайаған күйлі жануар басын сүзе шұлығып, шыны қарды күтір-күтір басын тықыршып тұр. «Түсінем», — деді аздап

соң Бекен басқа сөзге бармай. — Жолың болсын! Байқа, бетіңді байқа! Күн қатты аяз!... «Мыңдаған градус мыс балқымапың ыстығына шыныққан бет бұл!» дегісі келіп, оқтала берді де, тоқтап қалды. Бекерге мақтанбай, ойнап жүрсің! — деген нағашысының дауын жауабын естігендей қаймықты. Содан да ләм деп тіл қатпаған Жәнібек жүріп кеткен. Бұл өзіне белгілі бағыттағы ауылға тік тартты. Расында күн айта қалғандай суық тістеме аяз еді. Беріш қар аттың тұяғына қарш-қарш тиеді. Жаз бойы құр, күздің салқынында, қыс қарсаңында ұсталып, ішін тартып, еті сүрдей қатқан қонды ат суыт жүріске бойы қызып шұлғи сілтеп аяңдап келеді. Алды аяңдап, арты бүлкіл қаққан жануар анда-санда пор-пор пысқырып, қосқұлағын тіге еміне ұмтылады. Атының жүріскерлігіне тәтті Жәнібек те көңілдене түсті. Артта — Кент, алда Малдының ақ иық шағылды бұйраты алыстан тойға тігілген ақ үзікті киіз үйлер нәпіріне ұқсап көтеді. Бүкіл аңсары дала көрінісіне ауған оның беті кенет шымыр етті. «Мына шіркіннің домбығайын дегені ме, шынымен!» биалайын асығыс шешіп бетін тез-тез ысқылап жіберді де, мұртына қатқан мұз қиыршықтарын сүзіп тастады. «Әй біледі-ау!...» Байқа, бетіңді байқа, қатты аяз», — деп еді.

Бәлкі ол... Жәнібек басқа ойға, Қаныбек жайына ауысты. Түсінем деп те бекер айтпаған шығар. Нені түсінесіз деп сұрамадым. Нені тұспалдады сонда? Түсінетін не? Сұңғыла қарттың ойламайтыны ма? Менің көкейімде не жатқанын да топшылағаны ма? Түсінем! — дейді. Нені түсінеді? Мүмкін ол «бетіңді байқа, қатты аяз» дегенде де басқа бір жәйтті ескертін тұрғаны шығар. Солай болғанда ше? Сопшалық менің бетімді үсітетін қара суық болу оның қолынан келе қоярма екен? Өзінен өзгенің бәрінен безіну, мұз, тас болып бекіну де онда! Қисыны келмес, жүреке сыз болып тие беретін әрекет мінезді қайдан алады ол? Мейлі не болса да, көрейінші деп атын сипай қамшылаған ол сөйткенше болмай айналасына биік шалы тартқан қыстауға да келіп жетіп еді. «Міне, іргесін мықтап бекіткен шаруаның ығытын білетін кісінің ісі, ұядайын қарашы әй, күшіне сай, осындай ісі бар-ау!» Жәнібек ауыл иесінің мұқият шаруагерлігіне едәуір марқайып қалды.

Күн иыққа көтерілген — сары сәске. Ауыл сыртында қыбыр еткен жан байқалмайды. Оны күннің суығына малдың қолға қарағанына жорыған Жәнібек атын лекіте бастырып, шалы ішіне ене берген. Неше жылғы тұяққа тапталған отырықшы кең, қорда басты қотан бетіндегі тоң ат тұяғына дүңкілдеп, алыста тулаққа тиген сабау дыбысындай естілді. Оған шапаншоттың тақ-тұқ келте дыбысы қосылды. Терезелері күнге қараған шатырлы үйдің алдында сұр шекпенінің етегі жайылған алқам-қалқам мол денелі Қаныбек жиде жаңғырыққа қусақ бозталды сүйреп тартып шекіп шауып отыр. Қылпыған болат тіс тиіп ортасы мүжілген жаңғырықтың белі қайқайып кеткен. Қаныбек күрек тісімен боз жыланның басын қыршып тастап отырғандай айызы қанып, шұқшия сілтейді қолын.

Басын көтерер емес. Бірақ Жәнібектің шалыға еніп келе жатқанын көрсе де көрмеген болып ескерусіз қалды. Ағасы қасына кеп, мама ағаштың түбіне дүрс етіп атынан түсіп жатқанында бәуер қылмады. Неғылса да ол өзі тілі қатпай ауыз ашпақ емес. Мына түрі ағасына жұмбақ сыр, беймәлім жәйт болып аңғарылды. Содан ба, жалғыз інісінің кісі шошырлық түнерген түрінен бе, Жәнібек аяқ астында мұң жұтып қапалана қалды. Айнала қоршау шалы шыпта тұтылған ықтасындағы беті енді жылтырап жіпсі бастаған қарды күтірлете басып, өмірі әдетінде жоқ жаңа әдет тауып тамағын қырнай қақырынып та еді. Бір құлағын ішіне жымыра киген қоңыр түсті ескі түлкі тымақтың ішіндегі Қаныбектің басы оған да селт етпеді. Аң-таң Жәнібек «сақалды басыммен мең сәлем берем бе бұл иткел! Түрі не боп кеткен», — деп қабындай өскен сақал, мұрт, түк басқан бет-ауызға бажырая қарады. Қаныбектің қабағы жазылар түрі байқалмады... Бір қырын отырған күйі сыртқы қабығы жартылай сыдырылған боз талды созыла сүйреп, шапошоттың сабын нығарлай қысып, «неге келгеніңді білем. Сені жіберген...» — деп жағының бұлшық еті бүлкіл қақты. Тісін қайрағаны.

Бір тыныс алғандай осы болмашы үзілістің өзі Жәнібекке жылдай көрінді. Одан әрі шыдамы таусылған ол үйге беттеген. Есікті қалай ашқаны, үйге қалай енгені есінде жоқ. Төрге озғаны анық. Көзіне анық шалынған — келіні. Жанғаншаның жаңа сойылған жылқының семіз қазысын шекке сыйғыза алмай, шет-шетінен қырнап езбелектеп отырғаны. Бір жақ тұтас қазы қабырға тілінбеген күйі жанат ішіктің ішкі еңіріндей жайылып былай жатыр. Семіз телшік сүйірленіп сорғалап ағып бара жатқан мыс балқыма тәрізде-ніп кетті оған.

— Ағатайым кепті ғой, сәләматсыз ба? — деген Жанғаншаның сыңғырлаған үнін естіді. Орнынан атып тұрып, елбек қаққан келінінің уылжыған жүзі, адал пейілі әлгіде ғана көз алдына елестеп өткен суретке шарпылып, ыстық жылылық боп аялап еді оны. Жаңағы от құшақ, келінінің ыстық ілтипатына ауысып сәл абдырап та қалған жәйі бар. Қайын ағасына сағынышпен қараған әйел алас-кұлас күйге түсіп, алжапқышына қолын жүре сүртіп есікке барды да:

— Ей-и, ағатайым келді Үйге кір! — деп сәл ғана дауысын көтерді. Шамасы ері қозғала қоймаса керек. — О несі-ей, мұз құрсаған обадай боп мелшиіп, — деп тағы іле қысылғанын білдірген. Бұл — Жанғаншаның Жәнібекке қалтқысыз шын ықыласы. Енді анық естігені:

— Не боп қалды саған, үйге ағатайым келгенде дүниенің түбін түсірердей жаңғырыққа жабысып! Таста! — Едәуір ызбармен кесіп айтты. Жанғаншаның қатқыл үнін Жәнібектің бірінші естуі. Бәрі ауыз жиятындай сәл ғана уақыттың ішінде ойы-қырды көрген, елестеген көріністерден бе, ол не ыстық, не суығы белгісіз күй

кешті. Қазірде көз алдына алау шақ, мына беимаза хал араласып, ет жүрегі айнып, қоңілі күпті бола қалды. Жанғанша әлі бәйек қағып, құшақ толатын қос жастықты мұның оң жағына тастап:

— Ағатай, сырт киіміңізді беріңіз. Былай жеңілденіп... дем алыңыз. Неге жүдеп отырсыз? Әлде бір жеріңіз, — деп одан әрі күмілжіген ол қосүрей күй аңғартқан қара көзін кең ашып қарай қалған.

— Жә, бұда соңғы «и»ді мұрнына жұтқызып, қара тонның түймесін бей-жай ағыта берді. Екі бүйіріне кезек шайқалақтаған балқымаға толғатқан пештей толқып кеткені де рас. Жанғанша өзінше бүйі шаққан жан тәрізді күйгелек қақты. Бұл біреп ғана сөз арқылы тіл қатысқан екі адамды түпкі бөлмеден бақырып жылап шыққан құлағы түймедей қарақыз тұйықтан шығарды.

— Жылама, әкең келді, әне! Ағатайым келді! Бар, бара ғой, сәлем бер! — деген Жанғанша оны Жәнібекке қарай арқасынан қағып итермеледі. Шашы ұйысып маңдайын жапқан қара домалақ басар емес, үрке қарайды. Осы кезде үйге Қаныбек кірген еді. Ағасының бетіне бүксие бір көз тастаған ол торге озбады. Төменшіктеп, шешінбеген күйі ұзыннан созыла қисайды. Жәнібек «осы сенің есің дұрыс па» дегендей қасын керіп қадала қапты. Осы тоңторыс халді әлгіде сыртта жолықтыға санаса да Жанғаншаның сезімтал көңілі орнығар болмады. «Бұлар неге суық? Ағатайымның таңданысы тегіп емес-ау! Мына қара пәле, қанша айтсам да бір баспай қойып еді, шамасы бар бүкпесі ішінде болды. Әй-әй, тұңғиығым-ай! деп ернін сылп еткізіп, өз міндетіне жедел кірісіп кетті. Оның шұғыл самауырын көтергенін, сырлы табаққа жылы-жұмсақ жас еттен қамтыңқырап сала бастағанын көрген Жәнібек:

— Жанға, қалқам, мен асығыспын, мал бар ғой. Күн де қақап кетті. Ғазиздың шаруагерлігі белгілі, — деп өз жағдайынан хабар берді де тек біреп кесе шай ішіп, бой жылытып аттанайын, — дегеніне әлі Жанғанша асып-сасып:

— Ағасы-ау, күн жаңа ғана шықты емес пе? Уақыт ерте. Мен лыш еткізейін, жас ет, жас мал еті, тез, бір қайнаса болады, — деп бәйек ұшты.

— Қалқашым, бір келгенім бұл емес, келесі де асықпай отырармын. — Жәнібек біржола етегін қақты. Мына жауапқа «сенің тілің неғып байланып қалды» деген ойдағы әйел Қаныбекке жиіркене көз тастады. Ол мойнын ішіне алып, сүзетін бұқадай күжірейіп томен қарап отыр.

— Қаныбек! — Жәнібектің дауысы қатқыл шықты. Мен сенде жұмысым болып келдім. Мені көрмеске, тілдесеске ант ішкен бе едің? — деді кеудесін жастықтан көтеріп тіктеліп отырып.

— Менің сенде жұмысым жоқ! — Тіпті адам баласында, жер бетіндегі тіршілік иесінде өзімнің қатысым бар деп есептемеймін!

— Ей, мынау не дейді! Есің дұрыс па өзі? Бері қарашы сен! — Сөйткенше болмай есік алдына кеп тоқтаған машинаның, сыртқы

есікті дабырлап сөйлеп ашқан кісілердің дыбысы бөлді Жәнібектің сөзін.

— Мынау беттекенек қу ғой, — дегенше үйге Айгүл бастаған екі жігіт кіре берді. Қыз торге өтіп, Жәнібекке қолын беріп:

— Әкем келген екен ғой, — деп қуанып жатыр. Анау екеуі кіре берісте состиып жоғарыламай тұрып қалды. Оларға Қаныбек адыр-ая қарады. Бірі — шофер, расында да екіншісі веттехник болып шықты.

— Біз асығыс едік, — деді веттехник — тері жинап...

— Мына Айгүл үйге келін қайтам деген соң, Жәке, — деп сөзін ірітін, теріні кімнің жинап жүргенін де түсіндіре алмай берекесі кетіп тұр.

— Қайда еді? — деп гүр етті Қаныбек Жанғаншаға.

— Шоланда, — деді Жанғанша емеурінінен-ақ оның не сұрағанын түсініп.

— Мақұлық, тайдікі қайда?

— Ет тұздаулы қалды. Өздерішікін-ақ бере бер!...

— Надаи неме, мені милау көремісің. Аттың!.. Ал тайдың терісі қой терісінен қанша үлкен? Соны да білмей, — деген Қаныбектің жақ жүні үрпиіп кетті. Көзі шарасынан шығып барады.

— Құрысыншы, мірден сір айырмай! Қанын ағызып, жас теріні қалай енді, — деп қиналды әйел.

— Қаптап алатын мірді әкең әкелер, ал сен... — деген Қаныбек түтігіп жеп қоятындай боп тесілді әйеліне.

Мына әңгімені естігендер біріне-бірі қарап аң-таң. Айгүлдің кірпігі қағылмай қалыпты. Веттехник сасқалақтап «мынаның ниетіне бірдеңе көрінер. Құрысыншы бір теріні жоққа санап-ақ қояйыншы» деп іштей түңіліп:

— Қанеке, жеңгеме ұрыспай тұра тұрыңызшы, келесі келгенде алармын, — деп шығуға беттеді.

— Ол мырзалығыңды әкеңе істерсің, — деп дүрсе қоя берген Қаныбек орнынан атып тұрды. Ордаң-ордаң басып веттехникке «жүрі!» деп иек қаққан. Тез оралды. Жай келмеді, әйеліне тиісе келді.

— Сенің бір нәрсені алдын ала ойлайтын күнің бар ма? Әйтеуір, бетіңе май жағып жылтырап — кім қарабет, Қаныбек қарабет деп бір оттың басында отырсаң да, мен бейбақты күлкі, масқара етуден басқаны бұл өмірде білмей өт!

— Жаным, құлаққа тыңыптық, от басына береке берші. Бір пәлеңе сылтау іздеп, қырсығып, дүлейленіп, тұрсаң жөніңді айта бер. Не сөз бар осы жерде, әйтпесе, — деді Жанғанша бетінен оты шығып.

— Папа, мұныңызды естудің өзі сұмдық! Әлгі не? Аттың терісінен пайда ма іздегеніңіз. Не десе болар екен, әке, туысыңызды тыңдаңызшы, — деп Айгүл солқылдап жылап жіберді. Елге рәсуа болғанымыз аз еді. Теріден тапқан олжа қайда апарады, кім ойлайды?

Қалай ұялмай естисіз, әке? «Құдай мына қызды, мына Бекеннің азғырындысын қайдан бір мезгілде айдап келіп еді. Ә-ә, осында кездесуге уәде еткен болды. Бәрі ана қақбастың жоспары екен. Иә, Қаныбекті жеңе қоярсыңдар» деп өзінше күш жинаған Қаныбек Айгүлге ақыра қарап:

— Әй, шырағым, қыздың әкеге бажыраңдағанын естігенім жоқ, көрген де емеспін. Ондай тәрбиені қайдан таптың. Тез тыйыл! Маған ақыл үйрететін сен емессің!

— Қаныбек, сен қарабет болды деп басқа ел сені бетіңмен жібере алмайды. Тыйылсаң тыйыл! Не болып бара жатсың? Бұл жерде бізге бөтен тірі жан жоқ, адам сияқты жөніңді айтшы, — деді тістене сөйлеген Жәнібек.

— Сен аулақ менен! Өзіңмен өзің бола бер! Менің сорымды да, бақытымды да бөліспе! Ал, әй, — деп қызына дерекі, өрескел тіл қатқан ол енді, — бойыңда қанша ізгілік, парасат, білім болса, соның бәрі менің маңдай терім арқылы дарығанын біл! Он бес жыл оқыттым! — Дауысы гүлдідеп, жұдырығын түйіп, көзі қанталап. — Ендігі жерде мені әке деп сен айтпа, балам деп мен айтпаймын! Бұдан кейін бар пәлені ұйымдастырып, бүлік шығарып отырған мына шешең болса, маған бұты бір тиын! Естимісіңдер, — деп етегін сілікті.

— Отыр! Оңбаған, надан! Көрауыз, тұрып көрші орныңнан, — деп ағалық үлкендігін танытқан Жәнібекке:

— Әбден-ақ жетіскен екенсің. Мен тоқпақ астындағы қазық емеспін! Бақырма беталды! Аулақ деген соң аулақ!

— О, пасық жаратылған пенде-е, сол! Көзіңді ашып қара жан-жағыңа! Уақытты таны. Сен кері кетті деп, бұл күнгі қатарың қарайламас! Әлі де ойлан! Сен бетпақтырмады деп халық ырқыңа көне бермейді. Заң, әділет таразысы деген бар.

— Оны мен білмейді санамаңдар!

— Білгенің халық дәулетіне сұғанақ қолыңды батырғаның ба?

— Оттай берсін! Адалдық жеңетін болса, қиянат жасағандар оттайды.

— Әй, сен мына бала-шағанды, деп енді тікелей шабуылға көшкен Жәнібек, — туған ағанды тал түсте алдап, зымиян сұмдығыңды қалай жасырып сүттен ақ, судан таза болмақсың, ә? Басқа, басқа, ал біз..

— Туу, сендер құлаққа кірместі сөз етіп, — деп түңілді Қаныбек. Жосылған із, сорғалаған қанымды көргендей бұ не қара бұра?

— Ағатайым-ау, өлдік қой масқара боп біттік, неміз қалды?! Бұған айттыңыз не, айтпадыңыз не, дауа қонбайтын жан бұл, — деп Жанғанша жылап жіберді. Жәнібек не болса да біржола арылып алуға бекінді. «Бұл үйден не туысым, ет жақыным бар деп, немесе алды артыма қарамастай, енді қарайламастай болып, ат құй-

рығын кесіп шығайын. Ата-анамның әруағы разы болсын» деп ең сөңғы ойын сарқуға:

— Басқаныкі басқа, ойлашы сен, осы үйдегі мына есін білмейтін бармақтай баладан басқаның бәрі сенің сұмдығыңа жаны күйіп отырғанына себеп не? Тегі сен барқылдап беталды аузыңа келгенді есепсіз, бәтуасың айта берсем, өзіңнен өзгенің үрейі ұшады деп түсінемісің? Сен кім едің сондай, елге, бір совхоздың әкімшілігіне теңдік, есе бермейтін?

— Енді басты қатырып, көп жоқты сөз етпей өз жөніңе кетуге бармысың. Маған ендігіңнің құны қок тиын! Мен қорғап қалма! Баратын, мені жоқ етіп, қор қылатын жеріңе сен де бар! Бар! — Қаныбек қайта ажыраңдап кетті.

— Әй, надан жан, сен қасқыр болып ұлып, ит болып үріп, не сұмдық түрге еніп, сонау түнде Алыпбектің отарына шапқаныңда, менің қайда екенімді білемісің? Осыны да біліп істедім дей аласың ба? — Қаныбек біреу ине шаншып алғандай мына сөзге селк етіп, ағасына жаулана қайта қарады.

— Ағатайым-ау, несін айтып отырсыз. Бұл тас бауыр, қара жүрек жанның ол сұмдығын қойыңыз. Сол масқараны істеу үшін мені екі күн, екі түн қылбұрау салып, пышағып қайрап отырып, түске кіретін бар пәлені қолдан жасатқан жоқ па? — деген Жанғанша ағынан жарылып, көп сырды ашып тастады. «Не болса да айтып қалайын. Зор болса тағы бір сабар, өлтіре алмас. Ағасы, қызы естісін қарабеттің» деп ойлап еді ол да.

— Мен сені! — деп Қаныбек көтеріле берді. Жәнібек пен Айгүлді арқаланды ма, Жанғанша ыға қоятын сыңай танытпады онысына:

— Жетті! — деген дауысы саңқ етті. Қызыл шырайлы ажары қызыл тартып, қара көзі шоқтана қалған. Не болса да көрдім деген мәрттік бар өңінде.

— Аянарым жоқ! Өлсем орным қара жер! Сенің бар масқараңды өзім-ақ, мына мен-ақ айта аламын! Сен арамтамақ болғалы, осы шаңыраққа кесепат әкелгеніңе неше жыл болды? Ойлан! Балаларымнан ұялам! Сен қандай қара жүрек арсыздармен ауыз жаласқаныңды кім білмейді қазір? Жаңа директордың алым-берімі неңі көрсетті! Соқыр көріп, керең естіген қылмыс, әне! Қазір сен кісі жалдап, жан бағып елде жоқты шығарып отырған сұмырайсың! Ал, осы үйіңдегінің, жігітіңнің немесе малайыңның кім екенін білемісің өзі. — Қаныбек атылатын барыстай қанша қаһар төксе де, педен қаймыққанын өзі біледі, қалшылдап аппақ болып, қанын ішіне тартқан күйі қалтып тұрып қалды.

Жәнібек қарасуға түсіп терлеп кетті. Қаны басына шауып, көзі қарауытып, естігеніңе іштей жаны аласұрып, зорыққан, қансорпа болған бейхал күй кешті. Бұған дейін өзі кәміл білген, және ел айтқан ұзын ырғалы, талай кесірлі сұрапыл сұмдықтың бетін келіні аймаңдай ашты. Енді күмәнім бар, мынаған обал болар-ау

дейтін райдан таза арылып, «апыр-ау, елге не бетімізбен, қай қылығымызбен қараймыз. Қасиет-қадыр, сыйластық, одан әрі туыс-туған, бауыр ет, жақын деген ұғымдарға сыймайтын масқараға араша түсер дәрмен, күш деген табылар ма? Азғындық деген осылай келуші ме еді? Не жетпей, басына не күн туып, мұншалық ардан бөзуге дейін барды. Жоқ, бұл ар намысы аяққа басқан кесепатыңның бар азабын өзің көр! Зұлымдыққа әділет жазасын берсін» деп төбіренді. Басын көтере алмай иығы түсіп отырып қалды.

Айгүл шешесі дауыс көтергенде жалт қарап тіксіне қалған бөйі күреңітіп тапжылмай әлі тұр. Әке түріне көз салғанда шошыған жүрегі аузына тығылды. «Алыпбек» дейді. Иә, сондағы сұмдық, түнгі сұмдық осы менің әкемнен шыққан болды ма? Не дейді? — деп шоқ жұтқандай селт етіп, түйіле тоқтап еді. Туған әкеге қарғыс айтуға қыз ауызы бармай, шеше, одан қалды Жәнібектің жаңға қылыштай тиген сөздерін салмақтап дубара хал кенгі. Адамдық, парасатқа жат сұмдық жыртқыштық болып, түн туырлығын жамылып, бейбіт ауылға ойран боп тию сияқты шексіз өшпенділікті қалай түсінерін білмей дал. «Не десе болады бұндайда? Өзіңді өмірге келтірген қадір-қасиеті шексіз қымбат әке есімді азаматтың ар-ождан дейтін ұғымды талқандап, кісендегі тағы жолбарыстай бейкүнә тіршілік иесіне тап бергеніңе не айтуға болады. Мен сонда жыртқыштың жемсауынан жем жеген құзғып болғаным ба? Қыз ары, қыз намысы ата-ананың күші, ақ сүті, немесе азамат ары, қоғамдық борыш деген ұғымдардың құны не болып кетті? Мен қазір не естіп, не біліп тұрмын. Қайдамын? Көкте ме, жерде ме?».

Бір үйдегі жан түгел түйме құлақ қыздан бастап тұяғынан тік тұрып қалыпты. Қазіргі бейнелері қайсымыз қапысын табамыз деп аңдысып, арбасын қалған қасқойлер тәрізді. Манадан сыздап атарға оқ тапшай, ыза-кегі жанып шыңғыртқан Қаныбек «білем сырларыңды, айдап салуны өзәзілді де білем. Өңшең су ми, қу сөзге уланған бишаралар. Сендер мені мұқатам, жеңем дейтін шығарсыңдар. Одан ештеме өнбейді. Қаныбек ақымақ емес. Ақымақ дүние, мал, ақша жия алмайды. Көре алмайтындардың азғырғанына еріп, шәуілдейсіңдер, ә?! Қабаған итке ас тастасаң құйрығын бұлғаңдататынын білмейсіңдер ғой, өңшең сорлы кеңселер!» — деп іштей түнере түсіп:

— Енді маған таянбаңдар! Кесірім жүғады. Пәлемін мен, аулақ кетіңдер! Аулақ! Қатып сен де, қызым сен де, ағам сен де! Ендігі жерде қас жауымсыңдар, — деген ол қалшылдап кетті.

— Папа, осы сөзді тауып айттым деп тұрсыз ба? Ең жақыныңыз да, сүйіктіңіз де осы тұрғандар екеміз. Біз бөзіп кеткендегі күніңізді ойлаңызшы! — Айгүлдің нәзік дауысы жалыпшынты естілді.

— Менің күнім бе, келешегім бе ойлап тұрғандарың! Рахмет! Жады болып қалған бишаралар! Кімнің соңына еріп бір тайпа сүттей ұйыған елді алатайдай бүлдірдіңдер, — деген Қаныбек, — не

айтып, не қойғанына есеп беруден қалған бір ноқаты кем, есуас, ит қуған Шілжан ғой сендердің табынғандарың! Көрермін жетіс-көндеріңді, — деп ақырды енді.

— Әй, сен не, расыңмен-ақ көк ми боп ақыл-естен, ұяттан бағен жан ба едің? — Ноқаты кем, есуас Шілжаның кім? Сенің бүгін саналы елді табындырып тұрған, ө? — Жәнібек інісіне қарай қозғалып — айтшы біз білмейтін сырынды, — деді.

— Айтам, «Майқоңыр» онсыз да біледі. Ел бүлінді, бүлінген елді, түйзейтін сендер емессіңдер. Әлгі он екі дауыспен директор болған да емес. Шілжан да емес.

— Ағатайым-ау, бұл түзелуден кеткен педері жаң. Мұның дауқаны Шөкербек, Шығыр. Солар «Суф» деп дуалап, анау сойылдай саусақтар мен шеңгелге арам қан толтырып жіберген.. Бұлар ма, бұлар әлі талай сөйқанды көрсетеді, — деген Жанғаншаға тұра ұмтылды Қаныбек. Кішкене қыадың шарылдаған дауысы қоса шықты. Жәнібектің қолы інісінің жағасына тиіпті. Қалың қоңыр көйлектің омырауы жиырылып уысына жиналған. Қаныбек қалта қарап дір-дір қақты. Қанша қара ниет озбыр болса да жалғыз ағасына қарсы келе алмады.

— Найсап, — деді еңтігін зорға басқан Жәнібек. — Жанғаншаның тырнағынан садаға кет! Осы келін болмаса күніңнің не болғанын өл көрер еді. Әттең дүние, не дейін саған. Жөн айтқан, жан ашығанның бәрі жау болды!

— Маған ессіздердің бәрі жау!

— Сонда данышпаным сен, Шөкербек, Шығыр ма?

— Халыққа кімнің жаны ашыса, сол ақылды!

— Папа, ойлап сөйлеңізің. Біреу күлер мына сөзіңізде.

— Бүкірді қабір түзетеді деген бар, бауырым. Өз обалың өзіңе. Ағалық борышымды мен де, зайыптық міндетін Жанға да, балалық жанашырлығын Айжаным да өтеді. Мақсұт болса да бұл жерде жоқ. Сені арамдық, зұлымдық, дүниеқоңыздық жайлапты. Оңбайтыңыңа өз көзім жетті. Өкінішім, балаларымның бетіне салық, абыройына шіркеу болатының, — деді күйініп Жәнібек.

— Құриды! Өзін-өзі құртқан жан бұл! — деді Жанғанша.

— Папашым-ай, бүгінгі өмірден қалып қойыпсыз-ау! — деді Айгүл қатты күрсініп...

Жәнібектің інісіне барып, күйзеліп келгенін Бекен жақсы түсінді. Бұрынғыдай ол жайында әңгіме айтуды, ел арасындағы алысқақ есек-аяңды сөз егуді доғарған.

— «Оу, нағашы, құлағыңыз түрік, жаңалықты естігіш қариясыз, соны не хабар бар? — деп өзі тиісе келетін жігіт демін ішіне тартып, өзімен-өзі болып кетті. Таңның атысы күннің батысы отарын айналдырып, ыбық-сыбық дамыл таппай жүрген. Қабағы қатып, іштей ширғып алғаны қартқа айтпаса да түсінікті.

Айгүл үйінде екі түнеді. Сәл оңашада Жанғаншадан естігендері жас қыздың жүрегін мұздатып тастады. Ана жаны айықпас шерге

толы болып шықты. Өзі үшін ең қымбат жанына жақын адамдардың арасында дәл мынандай үш ұйықтаса түске кірмейтін азапты жәйттің барына жаны күйді. Не ішейін, не киейін деп өмірі тұрмыс тақсиретін тартып көрмеген қыз, ойламаған жерде рухани күйзелушілікке тап болды. «Әкең бұзылды. Оны дүниеқұмарлық, жан ауыртпай мол табыс табу, ол үшін, қандай қылмысқа да тайынбай баратын арамза ниет жеңін алды. Қазір осы үйде, егер менің көзіммен қарасаң пісмiллә деп оң қолмен ұстар маңдай термен табылған адал дүние жоқ! Үш құлыным сендерге кесірітпе ме деп жаным шошиды. Енді қайттым, сен оқуын бітірсіңші, Мақсұтым азаматың борышын аман өтеп келсіңші деп, сыртым бүтін, ішім түтін боп жеттім бұл күнге, — деп Айгүлді бауырына басып солқылдап жылаған анасының зар-мұңы ұдай ащы тиді. Жұртты мен дей ме, бетбақтырмай арс-арс етіп жеңгісі келеді. Толымды кісі тұрарлық дәлелді уәжі, ақылға сиятын әрекеті жоқ. Әкең мен үшін қазір тілге келмей жан алазын әзірейіл тәрізді боп та кетеді, — деген ол — бәрінен де жаңа директордың алым-берімінде көрсеткен өнері жарты жасымды жерге жасатты. Бетім-ау, мен біліпін бе біздің отарымыздағы малдың жартысынан көбі жекеменшік болып шықты. Біз совхоздың емес, оз малымызды бағып, қоғамнан жем-шөп, не кәректің бәрін алып келіппіз. Сол үшін айлық тағы жүріп жатқан. Қой енді, мен айтпайын, сен білмей-ақ қой, оның сыртында осы қорадан соңғы төрт-бес жылда ала тақия кигендерге жөнелтілген... Әлденеше жүздеген басты есіңе алсаң, жаның қалай шыдайды?

Шешесінің молт-молт жас толған қара көзі жоудіреп бұған көмек тілегендей боп та кеткен сонда. «Сол тапқандарын не істеп жатыр, қайда жібереді» деген бұған:

— Екі құрдым бар қасында — Шекербек, Шығыр! Олардан қалғанын «сақтықта қорлық жоқ», — деп қызыл құмға ма, шомға ма көміп келеді. Құмның қай шағылып, қораның қай шомын тіптесің. Рас, сені оқытын шығу үшін ештемесін аяған жоқ! — Айгүл жанып қоярға жер таппай қысылды. Не дерін білмеді. Аузына бар түскені «Мұндай сырларыңды білмедім ғой. Аштан өлер заман емес, бір тиын алмай-ақ стипендиямен де оқып шығып жатқан аз ба еді», — деп күйзелді. Жанғанның жанын мұң жеп, әке мінезіне, мына естігеніне сүйегіне дейін жанып тұрған Айгүлді тағы елең еткізіп еді сонда.

— Шіркін-ай, аузылап мәйегі шыққан, не деген шыдамы байсалды жігіт еді Алыпбек. Сапар сәл ғана қабағын шытып бір-екі рет дауыс көтеріп, аз сыр бергенде де, күлімдеген жанары сәуле шашып, сол біртоға қалпын сақтап, сенің әкеңе «Қанекө, сіз еліміздің белді, бетке ұстар азаматының бірісіз. Өзіңіз қай істе де бас-көз, ақыл беретін қисықты түзеп, қыңырды оңға бастайтын қадірлі жансыз. Мына біздің сізге, сіздің бізге қарызыңыз жоқ. Бә-

ріміз қоғам алдында жауаптымыз. Сол жеріп ойлаңызшы, — деп өтінгенде жердің жарығы болса кіріп кетуге дайын едім.

— Әй, бала, жылмаңдатпа, маған жылтыр сөздің керегі жоқ, — деп қоңқ етті сенің әкең. Өлтірді, елдім сол жерде! Не көрдім, не білем, осы түгін қоймай ақтарып, бәрінің көзінше айтып салайын деп бір тұрдым сонда. Сендерді қимадым. Ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына пәленшенің қатыны сөйтіпті деген масқара сөз болады екемін деп қорықтым. Көзіңе қойнындағы қосағың аждаһа болғаннан сұмдықты кім елестеткен!..

Айгүл бір жағынан шеніе айтқан әңгімеден шошып, жаны тұрпігіп, көңілі әкесіне қарайын, екінші жағынан енді тамырлап келе жатқан бір түйсіктің тал бойын өркінен тыс жылылық боп шарпып өткенін анық сезді. Бүкіл денесі сәл ғана сәуле сүйгендей елең етіп, ширыға қалды. Бұл сөзім сол сәтте оған күн мен түн, қуаныш пен қайғы, махаббат пен зұлымдық, ізгілік пен қастандық болып баурап алған. Шым-шығырлық шығалаң. Әрі тарт бері тарт, мың айқай, күнгей мен көлеңке боп көз алды тұмантып кетті. Ол өзін ауада қалқып тұрғандай сезінді. Жан-жағына қарманғысы келіп қолын көтерді. Екі қары салдырап ұйып, қаны қойылып, құлағы шуылдады. Осы қалт-құлт хал кешкен, дәрменсіздікті билеген сәтте қарашы әне, анасы соишалық ақ пейілімен, қалтқысыз адал көңілде әңгімелеп, мұның көз алдына келтірген Алышбек бейнебір қазір қызға ғарыш кеңістігіне самғап ұшып бара жатқан реактивті лайнер боп елестеді. Көгілдір аспанды сызып, соңында ақ жібек арқанды шұбалта із тастап заулап барады ол. «Иә, қазір сен «Майқоңыр» аспанында жаңа қанат қаққан жұлдызсың! Сенің биіктерге самғауыңа талай тооқауыл қойылар... бірақ екпінді тоқтатар күш табылмас!» — Қыздың жүрегі лүпілдеп соқты. «Анам да жазбай таныған екен. Жігіттің жампозы адал ниет, маңдай терімен ел құрметіне бөленер болса, соның бірі сенсің», — Айгүлдің бұл ойын Жанғанша бөлген.

— Сені совхоздың комсомол комитетіне бастық болды дейді, Ол рас па? — деп сұрады.

— Иә, бірақ бастық демейді. «Совхоз комсомол комитетінің хатшысы», — деп атайды деген қызына:

— Әйтеуір, қарашығым адал еңбек ет, халқыңа қызметіңді көрсет, көптің батасын ал! — деп тәптіштеп кетті. Шешесі мен Айгүлдің бұл көп жылдардан бері барын айтып, жанымен сырласуы еді. Неге екені белгісіз сол күннен бастап қыз бойында өз төңірегіне сып көзбен қарайтын жаңа тың мінез қалыптаса бастады. «Ақылым, әлім жеткенше, әділдік туын ұстап өтермін», — деп бекінгені бар сонда. Мұндай бекем шешім, қара қылды қақ жарар адалдық үшін өмірде талай ыстық-суық тар жол тайғақ кешу жатқанын ол, бірақ біліп пе!? «Қыз жолы жіңішке», — дейтін ұғымның қандай дәуірде айтылғанын топшыласа да қандай жағдайда айтылғанын Айгүл кейінірек түсінді.

ОҢ НЫШАН

Кезауыз аталған белдің алқымына соңғы жетіде шоғырланған техника: көтергіш алын кран, «С-100» бульдозері, эксковатор, «Краз», «Камаз» маркалы түрлі машиналар кең даланы басына көтерді. Алымды азу тісі алты қарыс эксковатордың төміші қарш-қарш құба белдің іргесін орып, тереңдей барады. Бірінен соң бірі тізіле келіп, шұғыл өкшесімен бұрылған солдаттай жалт оралған қорапты, ірі сүйекті машиналар дамыл табар емес. Афанасий Сергеевич пен Дәуренге Сәрсен дауыстап қабағынан қар жауғандай түсере сөйлеп тұр.

— Бала, — дейді ол Дәуренге қадала қарап — мен сөздің адамы емеспін. Маған мәрттік-шөрттік кедергі қолбайлау жасайды екен, өз обалың өзіңе!

— Айттық қой!.. Афанасий Сергеевич, өзіңіз түсіндіріңізші, бұл кісіні жәй сөзбен иландыру, былайша енді, қиын, — деп жаутандыған Дәуренді сабасына түсіріп иығынан қағып, байсалды қалпын бұзбай:

— Саке, еш қам жемеңіз. Өне, — деген Афанасий Сергеевич, — үш машина цемент те жетті. Ең күштісі, дарияларды аттап өтетін көпірлерге ғана арналған, тиген жеріне желімдей жабысып, тез қататын цемент бұл. Тас боп жабысады, — деді қарт прораб салмақты үнмен.

— Жарайды, бұның келді. Әлгі араластырғышың, аты не деп едің? «бүгін мшалка» деп пе ең. Енді соны ертеңгі алакеуімде келтірмесең, бос жұмыссыз зая кеткен уақытты сенің мойныңа жазып, мына он жігіттің ақшасын қалтаңнан өндірем! Жауапсыздыққа шаруашылық есептегі совхоз жауап бермейді, — деп дігерлеп кетті Сәрсен. Қабағын түйіп алыпты. Дүлей ісінген түрі тым қату.

— Құп!..

Звено жетекшісі болғалы Сәрсен щирап бұрынғы алқам-салқам жайбасар мінезінен арылған. Өзі күн санап тілі шыққан баладай сөзуар болып барады. «Үндемес, мылқау», «К-700» сияқты бұрын оған берілген жалғам атауларды жұрт қазір ұмытқан, кімді көрсең де «Сәке, Сәке!» деп мөнтөң қағады. Ауыл төбесі көрініп тұрса да Кезауыздың алқымына қоярда қоймай шатыр тіккізді ол. Ырғалып-жырғалатындарың менің соңымнан ермеңдер. Басы қатты

болса, аяғы тәтті болады деген. Мердігер екенсің, болсаң болғандай бол! Шаруашылық есепке көштің бе, есептей біл. Ақша есептегенді сүйеді. «Күннен бұрын тұрып, күнмен бірге жатасын», — болды оның серіктеріне өсиеті.

— Оу, бізді қабырнағын алмай ыстық тапаға салған балықтай қуырып жатырсыз, нең дайын тұр еді, бара салып сыбанып кірісіп кететін? — дегенге:

— Дымың ішінде болсын. Бос тұру деген болмайды. Менің өз есебім бар. Кезауыз бір жүз елу төрт метр. Есептей беріңдер. Соған тағы жиырма метр ұзындығына қосыңдар. Ол — бір. Жер табаны төрт жарым метр. Қазылып, қара қыртысына жеткізіледі. Бұл тереңдігі. Мұны екі де — шенгеліне зорға сиған бұғағын ұстап ойланған ол сөзін қайта суыртнақтап, — жер табаннаи, әлгі қара қыртыстан жоғары өсетін биіктік елу үш метр, жалпы ені, жалпақтығы ерсіді-қарсылы екі машина қатар жүретіндей кең болады. Он, он екі метр! Мұны үш де! Осының бәрі тас қиыршық, құм, арасына жілік-жілік сүйектеп темір арматюр жүргізіліп, тез қататын алымды цементпен ұстатылады. Былайша түсіндірсем жылы батпақ лай болып құйылады. Бір сөзбен айтқанда, сөйтіп кезауыздың опырайылған дарбаза өңешін тасқып бекітеміз...

— Ағатайым-ау, мына айтысыңызда бұл бөгетіңіз биыл бітер іс емес қой. Және осына қыруар құрылысты жүргізуге керекті құрал, қажет... — деп көзі жымылықтап аузы ашылған Әшірге оқты көзін қадап, әрі сөйлетпей:

— Бос сөзді көбейтпе! Қолыңа жеңіл мәшиненің баранкасынап бөтен ештеме ұстамай «жарты директор» атанып, әбде-ен, ақсаусақ болғандығыңды білдірме! Жүрегің дауаламай ма, күні бұрын айтқаным, басқаның көңіліне қаяу салмай қайқай, жолың әне! — деп кесіп тастады.

— Әшейін, жай, ретін айтып жатқаным ғой, ауқымы мол жұмысқа керекті, — деп сасқалақтаған оған қайта шүйілін:

— Өз есебім бар менің де. Көп жұмыс техника күшімен атқарылады. Бүгін бастап, ертең тастау деген болмайды. Егер құрылыс материалы немесе техника жетіспей қалса, әр минут, қарап босқа қол қусырып, текке өткізген әр минут есепке алынады. Оның ақысын қалтада дей беріңдер.

— Қызық екенсің, — деді біреуі, — бос, түк бітірмегеніңе де ақша төлей беретін Алыпбек пен Жалды кімге санап тұрсыз!

— Ә, бар гәп сөңда! Кімнің кінәсы, кінәлі кім сенің қарап тұрғаныңа. Ақша соның қалтасынан шығады. Далада жатқан совхоздың қаржысы жоқ!

— Е, сөйтіп түзеліңізіші.

— Әрине, сойтін түзелем. Қысқасы, берілген уақыт — 45 күн! Күн суытып, боз қырау түспей Күркіреуіктің арқыраған кеңірегін

буып, ықылым замандар сарқырап ағып, бетімен кеткен ырақты алақапға қопдырамыз.

— Бәрінен де, шіркіп, соно-оу, — деп дауысын созған біреуі — белдің арғы бетін алып жатқан байтақ шұңғымаға су толғанын көрсек-ау!

— Е, кермей!

— Осы қыс қана, коктемде аңғар толған судың жоңкіліш көп іркілгеніне куә боласың.

— Жарықтық су арындап келіп, сонда маңдайы тасқа тиген бекіредей бөгеттің алқымын сабалап жатса!

— Отан күмәнданбаңдар! «Майқоңырдағы» Күркіреуік дариясын көргендерің бар ма деген аңыз айтылады әлі, ел аузында. Мақтанатын боласыңдар, — күректей алақанын жазып — мына алақанмен өзіміз салғамыз деп мына Әшірлердің езуі жиылмайды, — деді орнынан тұрған Сәрсен.

Көргендер таң қалды. Кезауызда бөгет құрылысы әлі басталған жоқ. Күндіз — күлкі, түнде ұйқыдан қалған Афанасий Сергеевич пен Дәуреп шабуылдап жүр.

«К-700»-дің сазды дауысы сол күні күн шыға естілді. Совхоз орталығынан не бәрі 4—5 шақырым мидай жазық қоңыр далаға түрен түскен. Бақыттың «К-700»-і бауырдай тілген тың төсі қыз бұрымындай есіліп, қара жоңқа болып аударыла берді...

— Мынасы несі жерді жаралап? — дегенге:

— Болашақ шабындық — көпжылдық шөп — десе біреуінің:

— Баяғыдан бері боз беп жусаннан басқа түк шықпаған шөлден жаритын болдық қой онда, — деген кекесіні тағы естілген.

— Біздің заманымызда не болмай жатыр. Ғарышта жаяу жүрдік, айда асық ойнадық, соның бәрінен осы үйіміздің жанына шөп шығару қиын болып па? — деп Сәрсен әлгілерді бір тықсырып тастады.

— Әшейін шөлге өкпе шөп қалай шығады дегенім ғой, — деген күмәнді шікірге адырай қараған Сәрсен тағы:

— Былай қара, былай! — деп төменнен қараған кісіге көлденең жатқан адырдың аңырайған бел ортасына қарап, — анау дарбазаны Күркіреуіктің асуы дейді.

— Десін.

— Десе, сол асу осы жақында бекітіледі. Демек, бөгет салынады. Сөйтіп жылда құдайдың байтақ даласын қақыратып жарып, бір ай кейісінде бір жарым ай күні-түні дамыл таппай ағатын су белдің арғы бетіндегі алып қазанға мөлдіреп тұнатын болады. Былайша айтқанда «Майқоңыр» жерінде екінші Арал жасалады. Шақшаңа ештеме дарыды ма?

— Дарыды.

— Егер дарыса сол су жапарықпен жағалап осынау табанға жайылады. Аталас Сергейдің айтуы рас болса, су осы орталық-

тағы үйдің бәріне өзі кіреді. Әр үйде су ағатын шүмек орнатылып, селомыз жеміс-жидек бағына айналады...

Сол күні таң құлан иектене бір ауыл аяғынан тік тұрды.

Бүгінгі күнді — сәт күн атаған қауымның ажарында күлкі мерекедегідей. Бірақ осы жаз дидарлы жұртшылықты Сәрсен үрке қарсы алды.

— Бұ не, үйлеріңнен су шықты ма? — болды оның бірінші сөзі — кім шақырды сендерді? — жауап күтер емес. Өзімен-өзі болып сөйлеп, — баяғыдан бері бұл ел қайда жүрген? Қезауызды қормей келіп пе екен? Енді кеп, — деп булықты.

— Сәке, сәл сабыр етіңіз. Халықтың меселін қайтармаңыз, — деген Сапарға:

— Халықтың меселі? Иә, біз сонда саған не, қуыршақпыз ба? — қып-қызыл боп онсыз да сары түсі отқа қызған темірдей күрөңітіп — біздің қолымыздан келмейтініне көздерің жетті ме? Не мазақ бұл?

— Сәке, — деген Алынбек — мұндай тарихи істі халықтың мәслихаты, тамаша салтанатымен бастау да зор ғанибет емес пе? Жұртшылық жиналып болсын. Бәрін өзіңіз бастайсыз, — деп зордан тоқтатты оны. Мойын тамыры білеуленіп, гүтігіп алған.

— Салтанатпен дейсің, ә? Тарихи іс... — Сәрсен осы сөздерді қайталап. — Әрине, — деп ойына бірдеңе түскендей кідіре берді.

Күн шапырап шығып келеді. Адымдай басып құрылыс алаңына жеткен бағандар. Жоғары кернеулі электр жүйесінен қуат алған бетон араластырғыштар іске қосылып сар-сар, гүж-гүж дауыстар көптің дабырына ұласқан. Алымды шөміші қарш-қарш қара жердің қыртысына бойлаған эксковатордың қорабына солқ еткізіп тастай салған тас-топырақты қайқаңдап арқалап, бірінен соң бірі жылжи жөнелген машиналар легі, жұмыс алаңын қырғышымен сүйкей тазартқан «С-100» тракторы бір жағынан дамыл табар емес. Бірнеше қол зембіл бірінің үстіне бірі үйіліп, қағаздай қаттала қапты. Тереңдігі бірнеше метр жақында ғана қазылған тоғанның жер табаны мойын созғанда ғана үңірейіп зорға көрінеді. Сәрсеннің палаткасының төбесінде қызыл ту желбіреп тұр. Соның алдына ғана ақшаулау шағын мінбе жасалыпты. Оның оң жағындағы көрсеткіш тақта беті шым-шытырық жазу. Жоспар, күнделік жұмыс барысы, жарыста үздік шыққан озаттар есімдері, түрлі көрсеткіштер бадырайып көрінеді. Бүгінге дейін дайындық жұмысының барысы тасқа басқандай мен мұндалайды. Мінбеге Сапар көтерілді.

— Жолдастар, — деп тамағын кенеп, айтар сөзі аузына түспегендей аз кідірді ол — болашақ молшылық байлық көзі «Күркіреуік тоғаны» іргесі қалануына арналған совхоз жұртшылығының бас қосу мәслихаты ашық, — деген ол әдепкіде біртүрлі өзінен-өзі әлденеден жасқанғандай ыңғайсыздана қалған еді. Көптің дүркірей қол соғуы бірден сергітіп жіберді ме, қас қағымда қайта түлеп, өзі де қол соғып қабағын күле жазды. — Біз бүгін бұнда осындай

жиын болады деп күткен емеспіз. Көпшіліктің жаңа тоған құрылысына деген ықыласын енді міне, анық танып тұрмыз. Іске сәт жолдастар! — деп қолын көтере соқты. Осы кезде ақ жаулығы қарқарадай Жәмила совхоз-басшылары тұрған тұсқа қарай асығыс басып беттей берді. Қолында беті жабулы сырлы шелек. Мол пішілген көк жібек қойлегінің етегі жер сызады. Маңдайы жіпсіп терлеп, қысық көзі күлім қаға қарады алға:

— Көпшілі-і-ік! Балалар! Жаңа Сапаржан айтқан іске сәт болсын! Ауылымның қасқасы мен жайсаңы, өскені мен өркені түгел бас қосқаныңа, бітер істің басына келгеніңе жаным бір семірді. Қайта жасарың кемтігім орнына келгендей болдым. Мұраттарың асыл, тілектерің қабыл болсын! Әрқашан осындай бола беріңдер. Ауыл болсаң қауым бол! Менің козіме дәрия елестеп тұр қазір. Басы жойқын дәрия, аяғы ну, көк шалғыны ырғис болған байтақ далам боп көрінеді. Елімнің талай ақылды, естісі, қария, көнекөзі жатса-тұрса аузынан бір кетпей армандаған кезауыздың кетігі бүгін бітелгелі, жыртығы жамалып, өмірі жаңарғалы, берекелі еңбек басталғалы тұр. Соя ізгі ниеттеріңе ана жүрегінің құттықтауы, ақ шашу мынау! — деп қант, кампит, бауырсақ, жаңғақ, өрік, құрт аралас жеміс-жидегін уыстай лақтырды кеп. Ананың шеңгелі қандай өнімді еді. Сабалап коктен жауған бұршақтай мол шашу төгіліп кетті.

— Рақмет, анажан!

— Жарықтығым-ай!

— Қуанышы қойнына сыймаған деген осы да! — деген дауыстар қоса естілген. Осы абыр-дабыр кезде Бақыт Батыровичтің «Уазигі» де келің тоқтап еді. Араға едәуір айлар салып, оның мұнда жыл асырып келуі, өзара мээ, күлкі, эзіл аралас бейғам мынадай келелі істің басталар сәтін көтеріңкі көңіл, ізгілік серпіліс үстінде қарсы алуға жұмыла келген ауыл адамдары оның ескерусіз тосын келісін аңдамай да қалғандай.

— Бақыт Батырович! Сәләматсыз ба?

— Сәлематсыз ба?

— Қош келдіңіз, — деген жапырыла сәлемдесу қошемет, құрметке ұласты. Ол Алыпбек пен Сапар тұрған ортаға қарай байсалды әдетімен беттей берді. Жұрт қақ жарылғап. Бір сәтке әлгі абыр-дабыр соз де тына қалыпты.

— Қарағым-ай, күткендей дәл келдің-ау, қандай ақжолтай азататым едің, — деп Жәмила ана ағынаи жарылып хатшыға ерекше мейірбандық танытып, қос қолын ұсынды. Бақыт та қарт ананың ілтипатына елбек қағып, құрақ үшқан күйі қолдасып амандасты. Қарт әйелдің мұндай күтпеген жерде, көп алдында баласынан да қіші, жас адамға тағзым етіп амандасуына ол едәуір қысылыс тауыш қалғандай да еді. Оны бірден айтпай-ақ Бақыттың қимыл әрекетінен, лап етіп қан жүгіре қалғап қара торы өңінен аңғарған Жәмила тез жайып-шауып:

— Бүгінгі күн ауылымыз үшін көп күткен бөреке басы — сәтті күн! Міне, қазір осы көпшілік ырзық-сабасы, молшылық көзі — дария, көк дария алдын тосатын бөгеттің іргесін қалағалы келді. Бөден бекем буып, анау Сәрсен балам бастаған бір айбарлы топ шешіне кірісті бұл іске, — деп, бар жұмыстың басы қасында жүрген кісідей хатшыға қарап мән-жайді бажалай сөйлеп кетті. Осындай ізгілікті қуанышты сәтте келіп, еліміздің еңсесін тағы бір көтергелі тұрғаныңа жүрегім қабына қуандым. Өркенің өссін! Сен райком болғалы еліміздің өміріне өзгеше самал соқты. Сапар мен мына Алыпбегім де халықтың көкейіндегі аңсағанын жүзеге асырып жатыр. Әлгі ақ басымды иіп, әйел басыммен қолыңа жармасқаным аналық мерейімнің өскенінің белгісі. Сендердей балалары бар халық қор болмайды, — деді үні сәл ғана толқыған қарт ана.

— Рахмет шеше, көп көтермелей бермеңіз бізді. Ел алдындағы азаматтық борыш өтеу ниеті ғой ол, — деп сыпайы жауап қатқан оған, тағы Жәмила:

— Сыпайыгершілігіңе, ұстамдылығыңа тағы мың алғыс, қарағым. Сенен бұрын да талай райком болған. Біреуімен де дәл өзіңдей дидаласып, ағынан жарылып сөйлескенді естігем де, қорғем де жоқ. Баяғы жандаралдың өкіліндей оңаша үй тіктіріп, құрметке бөленіп, «ел басшылары» дейтіндермен ауыз жаласып кете беретін. Ал, сенің жөнің бөлек. Сені халықтың ортасында көрем. Содан шығар, басымыз өрге, лақтырған тасымыз тауға көтеріліп барды, — деді.

— Шеше-тай-ау, тым көтермелеп жібердіңіз-ау. Мен өз міндетімді, партия жүктеген қызметімді атқарып жүрмін. Сондықтан, халық арасында, еңбек адамының қасынан табылуым, бүгінгі әлеуметтік-саяси міндеттерді қалай жүзеге асыру керектігін, қоғамдық мүдденің нақты іскерлік табуына басшылық жасаумен байланысты, — деді хатшы қарт ана алдында есеп бергендей сәл қобалжи түсіп.

— Жә, қарағым, мен де түсіндім. Радиа, телебізир, қазит, бәрі-бәрі күнбе-күн құлаққа құйып жатқан өмір жаңалығынан бұл күнде шет қалып жатқан пенде жоқ! Сірә, бұрын көпшіліктен жырақ, бойын алып қашатын паңдар мен төрелер мінезін тәнің де, жаның да ұнатпайтындығы шығар, сені де мына халықтың қадір тұтатыны. Осыныңа ризамын, — деген — Жәмила — жарайды, көңілімдегі бір мүлік сөзім еді, айттым болды, — деп тоқтады.

— Бақыт Батырвич, сіз уақытында келдіңіз. Социалистік Отанның ірге тасын дана көсем Ленин қалады, — деген Сәрсен көпті елең еткізді. Кімелей алға шығыпты. — Қәне, мына зембилдің бір жағын оң қолыңызбен ұстап жіберіңіз. Ол — әй-шәйға қарайтып емес, хатшыны омыраулап, бұйыра сойледі. Жымиып қана күлген Бақыт ләм деместен зембилдің бір жағына қол соза берді. Оңға бұрылығыз, — деп бұйырған Сәрсен бетон араластырғыштың

тұтқасын ұстаған Әшірге қарап, оның атын атап дайындал, — деп айқай салды.

— Бақыт Батырович, бері, сәл төмен еңкейіп, — деп ол да жөн сілтеген болып еді, Сәрсен: — жерге қойып жіберіңіз, — деді Әпсәтте зембіл қоймалжың қоспаға лық толып, екеуі қолдаса көтеріп, бөгет табанына келген. Бір кезде «мылқау» атанған Сәрсен тағы тілі шығып суырыла жөнелді. — Жолдас хатшы, — деді терең оқпанның алқымына келін кідірген ол зембілді көтерген күйі, — «Майқоңыр» жеріндегі келешекте «Кіші Арал теңізі» аталатын тамаша бөгеттің іргесіне төгілетін алғашқы бетонды аудандық партия комитеті бюросы атынан өз қолыңызбен құйып тұрмын деп санаңыз. Ал, қане! — деп зембілді төңкеріп жіберді.

— Ура! — Ура! — деп мектеп оқушылары бар даусымен үн көтеріп, керней жаңғырығы қоса шықты. Қол соғылып жатты. Бұдан соң қатарынан тұрған бетон араластырғыш жанында қызу жұмыс басталып кеткен. Зембіл-зембіл бетон оқпанға төгіле берді... Бақытты қуанып биледі. Халық тегеуіріні болып көз алдында бір кісідей жұмылып қызу еңбекке араласқан ауыл адамын шетінен құшақтап, аймалағысы кен кетті. Өзіл де, эн де, күлкі де осында! Қабақ шытқан бір жан жоқ. Сеңі бұзылған тау өзеніндей күркірей аға жөнелген.

Аудандық комитет хатшысының бар назары осы сәт ауыл жастарына ауған еді. Олардың жалындай ыстық дауыстарын анық естіді. Өзі де қобалжып, еркін билеген қат-қабат тонды жарып шыққан гүлдей сайын далада осыншалық өзекжарды жаңа құлшыныспен өрістеген еңбек шаттығына елігіп, баяу басып солай беттеді. «Мынау ерекше соны серпіліс екен! Жаппай қозғалған халықтың қуаты осы болар», — деп іштей аса бір жылы сезім үстінде өзі де рақат құшағына ене берді.

— Жолдас аудандық партия комитетінің хатшысы! — деп оның қарсы алдына келген Айгүл — «Майқоңыр» совхозында жаңа басталған Күркіреуік тоғанының құрлысын совхоз комсомолдары өзінің қамқорлығына алғанын хабарлауыма рұқсат етіңіз, — деп қайта тұрып рапорт берді. Бақыт Батырович басын иезіп, тәтті лебіз білдіріп, жылы шырай тапнытқанына қыз ойын әрі созын — ауылымызды атақты, жерімізді даңқты ететіп жастық жалынды жігер, қоғамдық өмірге белсене араласқанына куәгер болғаныңызға қуаныштымын!

— Өте жақсы бастама! — деген аупартком хатшысы. — Аудан комсомолдарына үндеу көтеріңіздер. Жер-жерде қолдау тапқан қозғалыс ерқашан өміршең болмақ. Мені таңқалдырып тұрған тағы бір жәйт осыдан бір жыл бұрын ғана үш миллион, яғни үш миллион сом қарызы бар шаруашылық осынша күрделі құрылысты жүргізуге қаржыны қайдан тапты? — деп әдейі жанды сұрақ тастады көпке. Әрине «Майқоңыр» ауылында болып жатқан үрдіс өзгерістерді, еңбектегі жаңа бетбұрысты қалт жібермей үнемі на-

зарында ұстап отырған ол мұндай сауалды бекерге қойған жоқ-ты.

— Ондай қаржы қалтада жатыпты, — деп сөзге енді Жал араласты. Бүркіт тұмсығын орнында бар ма дегендей бір сипап алып, білмей келіпсіз. Білсек те мән бермеңіз, — деді жұпп-шайып. Көп қаражат артық штатты қысқартудан, бұған дейін өлік, құм басқан бұлақтың көзіндегі шаруашылықтағы өнім бастауының аршылуынан, еңбек өнімділігінің артуынан табылды. Әдетінше біреуді тыңдағанда бар зейін ықыласып қоятын дағдысымен бас экономистің әр сөзін қалт жібермей, совхоз өміріндегі бұған дейін болған өзі күн сайын хабардар көп мәселе оның көз алдынан қайта тіріліп өтіп жатты. Аупартком бюросы атына, өзіне келіп тұскен талай арыз шағым, домалақ хаттар Алыпбек Жандыбаевтің «асыра сілтеулері» болып елестейді. Бас экономистің жатық жауабына орай:

— Осы тоған құрылысына әрине қыруар қаржы кеткелі тұр. Қалай ойлайсыз осыңша көпшіліктің үміт-ықыласын өзіне аударған «Күркіреуік» тоғаны қалықтың күткеніндей үмітті ақтай ала ма? — деді Бақыт Батырович әлгіде Сапар, Алыпбек үшеуі болашақ су айдынының табанын көзімен көріп, көп жағдайды олардың аузынан естіп, көңілі тоғайып келсе де, өлі де істің жайын анықтай түскісі келген сыңайда.

— Ол есеп бізде әне көрсеткіш тақтада тайға таңба салғандай нақты жазылған, — деген Жал Сәрсеннің палаткасының алдындағы тақтапы нұсқады да өзі солай бұрылып:

— Мүмкін болса көруіңізді сұраймын, — деді өтінішті үнмен. Сапар да, Алыпбек те қостады Жалдың өтінішін. Бақыт Батырович тақта алдында. Үнсіз, оқып қалған. Тоған құрылысының бар шығыны есептелген. Оның шаруашылыққа беретін пайдасы жыл сайын өсіп, үш жылдың ішінде өзін біржолата ақтайтынғы мойын бұрғызбас шындық боп көрінді оған.

— Әне, — деп хатшының назарын совхоз поселкесінің қарсы бетінде ғасырлар бойы түреп тимеген даланы қаражоңқалап бара жатқан «К-700»-ге аударды.

— Бақыт деген тракторісіміз сол. Осы күзде себілетін он мың гектарлық көпжылдық екпе шөп танабы ол. Келесі жазда әр гектарынан ең азы екі рет орып, жүз центнерден өнім түсетін сол шабындық мол табыстың бастауы. — Жалдың үні сенімді шықты.

— Шөл емес пе? — деген хатшыға.

— Кешіріңіз, осы тоғаннан өзі төгіліп құйылатын су сол танапқа жіберіледі.

— Демек, мал азығы молшылығы арқылы шаруашылықты бір-ыңғай тиімділікке жеткізу осы тоған құрылысына байланысты болды ғой...

— Оған ешбір күмән болуға тиісті емес, — деген экономистің сөзін бөлген Плетиев.

— Бақыт Батырович, «Күркіреуік» дейміз бе, «Көзауыз» дейміз

зарында ұстап отырған ол мұндай сауалды бекерге қойған жоқ-ты.

— Ондай қаржы қалтада жатыпты, — деп сөзге енді Жал араласты. Бүркіт тұмсығын орнында бар ма дегендей бір сипап алып, білмей келіпсіз. Білсек те мән бермейсіз, — деді жуып-шайып. Көп қаражат артық штатты қысқартудан, бұған дейін өлік, құм басқан бұлақтың көзіндегі шаруашылықтағы өнім бастауының аршылуынан, еңбек өнімділігінің артуынан табылды. Әдетінше біреуді тыңдағанда бар зейін ықыласын қоятын дағдысымен бас экономистің әр сөзін қалт жібермей, совхоз өміріндегі бұған дейін болған өзі күн сайын хабардар көп мәселе оның көз алдынан қайта тіріліп өтіп жатты. Аупартком бюросы атына, өзіне келіп түскен талай арыз шағым, домалақ хаттар Алыпбек Жандыбаевтің «асыра сілтеулері» болып елестейді... Бас экономистің жатық жауабына орай:

— Осы тоған құрлысына әрине қыруар қаржы кеткелі тұр. Қалай ойлайсыз осынша көпшіліктің үміт-ықыласын өзіне аударған «Күркіреуік» тоғаны қалықтың күткеніндей үмітті ақтай ала ма? — деді Бақыт Батырович әлгіде Сапар, Алыпбек үшеуі болашақ су айдышының табанып көзімен көріп, көп жағдайды олардың аузынан естіп, көңілі тоғайың келсе де, әлі де істің жайын анықтай түскісі келген сыңайда.

— Ол есеп бізде әне көрсеткіш тақтада тайға таңба салғандай нақты жазылған, — деген Жал Сәрсеннің палаткасының алдындағы тақтапы нұсқады да өзі солай бұрылып:

— Мүмкін болса көруіңізді сұраймын, — деді өтінішті үнмен. Сапар да, Алыпбек те қостады Жалдың өтінішін. Бақыт Батырович тақта алдында. Үнсіз, оқып қалған. Тоған құрылысының бар шығыны есептелген. Оның шаруашылыққа беретін пайдасы жыл сайын өсіп, үш жылдың ішінде өзін біржола ақтайтынғы мойын бұрғызбас шындық боп көрінді оған.

— Әне, — деп хатшының пазарын совхоз поселкесінің қарсы бетінде гасырлар бойы түрен тимеген даланы қаражоңқалап бара жатқан «К-700»-ге аударды.

— Бақыт деген тракторісіміз сол. Осы күзде себілетін он мың гектарлық қопжылдық екпе шөп танабы ол. Келесі жазда әр гектарынан ең азы екі рет өрып, жүз центнерден өнім түсетін сол шабындық мол табыстың бастауы. — Жалдың үні сенімді шықты.

— Шөл емес не? — деген хатшыға.

— Кешіріңіз, осы тоғаннан өзі төгіліп құйылатын су сол танапқа жіберіледі.

— Демек, мал азығы молшылығы арқылы шаруашылықты бір-ыңғай тиімділікке жеткізу осы тоған құрылысына байланысты болды ғой...

— Оған ешбір күмән болуға тиісті емес, — деген экономистің сөзін бөлген Плетиев.

— Бақыт Батырович, «Күркіреуік» дейміз бе, «Кезауыз» дейміз

бе, өз ойымда шағаласы шаңқылдап, айдынында аққу қалықтайтын бұл «Кіші Арал» немесе «Майқоңыр теңізі» аталатын көк толқынды ұлы әлемнің жан-жағы ел, тасыған байлық болмақ. Аз ғана уақыт, не бәрі екі-ақ жыл мерзімге шыдасақ не іздегеніміздің бәрі осында болады, — деді де — мәселен, мына Дәурен Бекеновтің жетекшілігіндегі комсомол жастар бригадасы қазір кірпік қағып, көз ілмей, іргесін қалап, қызу жұмыс басталған жаңа комплексті зерделесек ше? — Аушартком хатшысы совхоз директоры мен парторгке «Бұл не құпияларың мен білмейтін» дегендей аңтарыла қарады.

— Ол енді ғана басталған өнімді істің алды еді. Сізге толық баяндауға үлгермей жатырмыз, — деді сәл қысылыңқырап қалған Сапар.

— Әр істің жақсы басталуы — ойдағыдай бітуінің кепілі — деп созды ойын Афанасий Сергеевич. Соңғы кезде ауыл жастары — комсомолдар тың серпіліс пен жаңа бастама көтеріп, бізден ерікті алып кетті, Бақыт Батырович. Ал, олардың меселін қайтару, бетін қағу кешірілмес күнә, ақталмайтын қылмыс емес пе?

— Өте құптарлық бетбұрыс екен. Оны барып көрейік, — деген хатшының сөзін бөліп:

— Бес мөнет үзіліс, — деген Сәрсеннің дауысы шықты. Маңдай терін жүре сүртіп, бері беттеген ол, — райкомге барайық, бәрің де бері жүрйідер, — деп әмір етіп, көпшілікті ерте келді де әй-нәй жоқ.

— Бақыт Батырович, бүгін халқымыздың қаншама жылдар аңсап, армандаған болашақ молшылықтың көк теңізі Күркіреуік тоғаны құрылысы басталатын сағатта келгеніңізге әкем Бақберген тіріліп келгендей қуандым. Сіз райком болғалы ел — ел атағына, жер — жер даңқына ие болды. Халықтың алпыс екі тамыры түгел бүлкіл қағып қаны жүрді. Бұлшық етке жан кірді. Бойда қуат күш тасыды. Ұйқыдағы жігер оянды. Өзіңіз бүгін соның куәсі болып тұрсыз. Анау имендеген қарт аналар Жәмилә мен Қамилапы осы жерге әкелген құдіретті анық танып білдіңіз. Өмірді өзгертуші күш — халық. Ол қозғалды, оны тоқтатар ештеме жоқ, — деп сәл кідірген ол, — сізден бір ғана білмегім мынау — ол менің сауалыма жауап бере аламысыз, әлде сырғақтатып кетемісіз деген кісіше хатшының бәтіне тесіле көз тікті.

— Айта беріңіз, сізді тыңдап тұрмын, — деген Бақыттың көз алдына совхоз директорын сайлайтын күнгі жиналыстағы аузынан сөзі түскен жігіт қайта келді. «Сол! Сол ғой мынау...»

— Айтсам, мен қарапайым еңбек адамымын. Мамандығым тракторист. Тақауда оған шоғырлық право қосылды. Бір кезде жұмыс істейтін адамы жетпейтін ауылда, жұмыссыз қалғанды да естідік. Ел намысы қолма қол оянды. Сол намыскердің бірімін мен. Қазір осы тоғанды салуда он жігіт нартәуекел деп бел-буып кеп тұрмыз. Жұмыс ойдағыдай басталды. Әрине, ойдағыдай аяқталады. Ар мен

намыс атты құдірет қыл мойынға мінді. Оны еңбекпен түсіреміз. Ал сізден білмегім — жылдар бойы бізді сүлінтей сорған, кежегені кейін кетірген, шаруашылықты тұраятқандар халық алдында жауап бермей кете бере ме? — Аупартком хатшысы көзін темен түсірді. Ойлаңыз қалды да:

— Олай болмақ емес! Жақсыны қалай көтермелесек, жаманды, залалдыны да солай айыптаймыз. Халыққа зиян келтіргенге ешқашан кешірім болмайды, — деді.

Кенет осыдан аз ғана бұрын Шекербек бастаған топты аяусыз жазаға тартуды талап еткен мына Сәрсенді басқаша бір сүйкімді сезім билеген Айгүл жанындай жақсы көріп кетті. «Өзі үшін, өзінің қарақан бас қамы үшін арпалысып жүрген жоқ бұл кісі. Ел қамы! Қарашы тіпті аудандық партия комитеті хатшысынан бастап, мына Афанасий Сергеевичке дейін аяғынан тік тұрғызған талапшылдығын! Әркім осы кісідей болса ғой». Қыздың жүрегі лүп-лүп соғып кетті. «Менің папам, әй-и, шіркін қараңғылық-ай! Е, мына Сәрсен академия бітірді ме? — Біріне-бірі кереғар екі ұғым қыз көкірегінде текетіресе қалды. Бұл да менің әкем сияқты қарапайым еңбек адамы, бірақ бар ынта-ықыласы ел мүддесімен, арманымен тамырласып жатыр. Ал, папамда...» оның ойы іріп жүре берді. Манағы өзін қоярға жер тапқызабай алай-түлей күйге салған жәйт қайта кеп ортаға ала қамалады. Қарлығаштың қанатындай қиылған қасының арасы қосыла түйілді: «Бүкіл бір тайпа ел, үлкені, кішісі, тайлы-тұяғы қалмай ұрандасып ертеңгі игілікті, өмірдің дарбазасын айқара ашуға ұмтылып жатқанда «өтлегене-ай, деп!» бармағын тістеудің орнына қасарысқаны несі екен. Адам өз қателігін түзету үшін күреснесе, келешек үшін барын салып, өзін-өзі қамшыламаса несі адам! Соны да түсінбегені ме? Қайран папам-ай! Қалай адасқаныңды ойлағың да келмейді-ау! «Қырық бір жақ, қыңыр бір жақ» деген осы емес пе!? Сенің сөзіңді сойлеу үшін менің кім болуым керек? Менің де өзің сияқты туған елден, өз қатарымнан, ұлы мақсаттан бөлініп, барлық мұраты игіліктеп жырылып қалуым керек пе?! Оны, иә өзіңнің адасқаныңды, қоғам алдында бетің шімірікпестен арсыздықпен, енді қалай дейін орескел қылмысты әрекеттер жасағаныңды анам да көзіңді бақырайтып тұрып алдына жайып салды. Басқа күәнің ендігі жерде керегі бар ма? Ол сенің тәңір қосқан қосағың, балаларыңның анасы. Жаны, тәпті күйіп сені күнекар, қарабет өмірден арашалап қалудап бөтен не ой бар? Басқаша түсіндіре алар ма?! Сен, бірақ сол зұлымдық батпағына қарай өршелене ұмтылған бетіңнен қайтар болмадың. Әкетайым-ау, бұл әрекетің өзінді ғана қор етіп қояды деме, өзіңнен тараған ұрпағыңа да кесір, кесапатын тигізер нәубет деп біл. Міне, сол үшін адалдық, әділдік атты халық мінген тұлпардың шылауына жармаспасқа еш амалым жоқ. Өкпелеменіз, сіздің қылмысты әрекетіңізді бөлісе алмаймын. Бәлкі, сонда маған тағы да аңадағыдай ақырып, әкелік айбатыңмен балалық борышың-

ды өтемедің деп қарғарсың. Қайтейін! Ел сізден мың есе қымбат. Менің өзіңдей әкенің емес, адамның баласы болғым келеді. Иә, сөйдеймін. Тек адамның, осы ұлы есімге лайық адамның ғана перзенті болуды қалаймын! Бұл — антым менің, әке!» Іші-бауырын өртеп, жас жүрегін атқақтата соқтырған тебіреніс сәл басын көтеріп, жан-жағына қараған қыз көзіне күзгі сағым құшағында бұлдыраған даланы, күннің көшкі самалы патсайы түске бояп жіберген еді. «Ө, туған далам, бұл антымды сен ғана есті, жүрегіме үңіл!» — деп тағы бір тағзыммен басын иді ол. «Қарашы, мына елдік қауырғ оқыс қимылға! Жаныңа қанат, жүрегіңе шабыт береді. Міне, әлгі адамдық, шынайы ізгіліктен туған шабыт та осы! Ел бүгін өзінің адал перзентінің соңынан өріп, қазіргі дүбірлі әлемді дүр сілкіндірген қайта құрылыс дәуірінің алқызыл туын биікке көтерсе, ол мақтаншыл! Әне, азамат абыройы, халық көкейінде көктөген арман бұтағы, сенім шынары! Ол биіктей береді, мәуелей береді!

Енді байқады Айгүл шоқтанған күн батуда барып қапты. Сонда да тоған басындағы еңбек қарқыны басылар емес. Манағы алғаш шат-шадыман қуанышпен басталған жұмыс үдеп, жаңа бір кең өрісіне беттеген тәрізді. Өзі бірсыпыра өніп те қалғандай. Абырдабыр көпшіліктің дауысында атқарылған қуатты екпін тапқан берекелі іске қанағаттанғандық та аңғарылады. Ішінен тынып, әкесі төңірегіндегі дау-дамайлы ұнамсыз сөздерден мезі болып-ашынған, күйген оны Дәурен:

— Міне, бір тайша елдің қаншама жылдар аңсаған, армандаған құрылыстың ірге тасын өз қолымызбен қалауға қатыстық. Тамаша басталды, ә? Есте мәңгі қалар жанартаудай атылған шабытты шақай, шіркін! — деп бұған рақаттана күлді.

— Бақытты өмір деген осы! — деді қыз да оны шын көңілімен қуаттап. Бірақ оны әркім өзінше көреді, өзінше түсінеді. Халықпен көрген бақыттан қымбат, қадірлі не бар, — деді тағы. Әлі де көкірегіне шер бөп тұнған мұңнан біржола айыға алмаған ол.

— Әрине, әрине, халықпен көрген өмірден қасиетті не болмақ, — деп жәмпей қақты ештеменің байыбына бармаған Дәурен. Қыз қатты-қатты күрсінді. Жігіт оның бетіне көз тікті, бірақ үнсіз қалды, тіл қатпады. Сол кештен бастап Айгүл өзімен-өзі болып, үнемі ой үстінде қалуды шығарды. Өмірге үңіле қарап, өзін қоршаған ортаның сырын білуге бар жігерін, білімін жұмсай берді. Манадан өзімен-өзі болып ой теңізіне батқан Айгүлдің кеудесі алқына қалды. Өткір көзі шоқтай жанған Алыпбек бұған тесіле қарап қалыпты. Кіріпін қарағар емес. Қазір қарсы алдына жақып келіп, тіпті тыныс-алғанына дейін естіліп тұр құлағына. Қыздың маңдайы тершіп қой берді. «Дәл сондағы қалпы. Иә, дәл сондағы» деп күбірледі.

Сібірлеп атып келе жатқан таң нұры себездегендей бұрын соңды өзі сезінбеген ерекше соны көрініс санасына ұялады. Бүкіл көкірегіне от-шуақ қызу таратып, жүрегі бір қалыпты соғуын өзгер-

тіп, атқақтап, аузына тығылды. Тұла бойы балбырап, жігіт алдында дәрмен қуатынан айрылып, оның өткір жанарынан балқым еріп бара жатқандай. Екеуі де тілеіз, үнсіз, бейнебір жансыз тастап құйылған мүсіндей боп кеткен... Айгүл кіршігін жиі-жиі қағып жіберді... өзіне-өзі келді. Әлгісі елес. «Бұл не? Адам көрмегендей осы Алыпбекті көрсем осындай күй кешетінім не? Ол да маған оқыс қадалды. «Байқаймысың — қыз біреумен сөйлесіп тұрғандай өзімен-өзі боп — менің жанымда бір беймәлім ағыс бар. Ағыс! Ыстық толқын боп баурайды өзі. Иә, иә, алау боп аймалай ма?..» Қыз қиялына ерік берген. «Өлде ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деп... Әсіреқызыл... Жо-жоқ! Менің арманым, алдыма қойған мақсатым не еді? — Қыз осы сауалға маталғандай қалт тоқтады. «Әке, адамдық борыш, махаббат — иә, үш құдырет! Төрелігіңді тыңдайыншы — іле от басқандай шомып, — сабыр, сабыр, сан көңлім! Жүрекке әмір жүре ме? О, жанымның ыстық шоғы әділ қазы өзің бөлше өміріме! — деп ой тұңғығына сүңгіді. «Әй, қыз болып туудың қиыны-ай» деген сөздің аузынан қалай шыққанын Айгүл бірақ аңдаған жоқ...

Адамның кейде өз көркіне өзінің сұқтанатыны несі екен? Мәрзия да сол өзіне-өзі ғашық төрткүл дүниедегі айтулы сұлулардың бірімін деп кеудесіне нан піскен асқақ әйелдердің қатарынан еді. Қашанда сонысына бағады. Содан ба, кейде өттең дүние-ай! — деп көкірегі алау-жалау боп күйіп жанып: «Тәңір бағымды ашпады. Айдай көрік берсе де, көмірдей күйдірді. Талайыма тас тиді. Болмаса төмен етектеде осы көркіме тең келер перизат қайда-а!» деп лап-лап жанатын. Артынша әлгі ойынан саң тыйылып, сабасына түсіп, толқыны басылған айдындай қара көзі тұна қалатында: «Жарайды, налыма, жаным, енді сенің тау-тасқа секіретін елік шағың келмеске кеткен. Сұраныл дауыл көтерген мұхиттың шалғайынап өлмеске өлі балық боп ұшырасқан Әшірдің жарылқан! Ендігі жердегі нан тептіңе шыбын жаным өзіңде иә, иә... тіпті тәнімде... ойбай-ау, бәрін қойшы. Иә, иә, ар тәңірінен ұят! — деп тұншыға демін алар еді. Былайша өзінің бүкіл өткені мен қазіргісін таразылап артық-кемін ой безбеніне салып, соңғы кезде ақыл-парасат қайығына отыруға беттеген Мәрзияны беймәлім бір оқыс түйсік арқасы бар жандай депесін құрыстырып иектеп алды.

«Пішту, несіне кекірейеді, ей! Басына біткел шапшы қайда сыйғызарын білмей, біресе төбесіне үйеді, біресе тобығына жетеді дей ме. Әдірақал, сөңіңе болайың, өлген қара жылаңдай арқасына соза тастапты тағы. Енді бүгін көп, бетім-ау, мынадай сұмдықты кім көрген?! Байы өлген қатындай, бүкіл иығын жауып, жайып жіберіпті. Ұрғашыға шап жайғаннан асқан масқара бар ма?! Ей, шіркін-ай, құдайдың желі де соқпайды екен. Сонда көрер ем, бұр-

қыраған қара дауылды! Тобесінде дөңгеленген күйін ойнақ боп туласа кеп! Осы ойдағы Мәрзия директордың кабинетінен шығып, асығыс есікке беттеген Айгүлді оқты көзімен атып шығарып салды. «Сұлумып, әлі он екіде бір-гүлім ашылмаған періштемін дейтін шығарсың! Бишара қыз ол тірлігің қас қағым сөт! Қас қағым өмір! — деп тағы бір күрсінді. Әппақ тәлің ертең-ақ қол сұрткен ақ қағаздай мыж-мыж болғанда бармағыңды бір-ақ шайнарысың! Саспа, кеудеңе нан ниспесін! Сұлулықтың сырын менен сұра. Мен де сендей аспапдаған жан ем. Сенің менен артығың білімің ғана! Диплөмың! Мен директордың есік алдын күзетсем де, — деп кеудесіне толған ыза ма, булығып жылағысы кеп кетті. «Есік алдын күзетсем де» дегені жүрегіне шаншудай қадалғаны. Соған ба, қарап отырып жаны күйін қорланды. — Сендей әке-шешем алақанына салып әлпештен өсірсе, мен де...» Одан әрі Мәрзияның ойы тоқырап екі тарам жас бетін сызып күйыла берді: Егіліп кетті. Неге қорланғанын білің те отырған жоқ. Әйтеуір, жүйе-жүйесі босап іші алау-жалау. Тамағына түйіншектелген бірдеңе не әрі, не бері кетпей өксік болып тұрып алды. «Егер сүйенерім, әке-шешем тірі болғанда ма...» Оның санасына шоқ боп түсіп, тәнін күйдіре жөнелген осы сөздер, енді еркін біржола билеп алды. «Басымнан бағым ұшқандығы емес пе, қақса кетер, біреудің «алып кел, берін келін» ғана лыпып екі етпей, сүйек аңдыған күшіктей жаутаңдаған бишара жанға тағдырымды тәуелді еттім. Сонда менің бұл өмір алдында не кінәм бар еді? Кімге не жаздым? Қарашы, мына сылаңдаған қалыср жыландай Қаныбектің қызына!» Әлгі әлгі ме, біреу өзімен салғыласып отырғандай Мәрзия құтырына жөнелді. «Жаным-ау, несі артық мұның менен! Жалғапды жалпағынан басып, жайсаң дүниедегі барлық бақыт шылауында, қоңметінде тұрғандай қайқаң-қайқаң етеді. Өмірдің бар көркі өзі сияқты: Жан-жағына еріне қарап, — құдайдың сахарасындағы тап-таза зәмзәм ауасып да үрлеп жұтып, тамсана таңдай қағатынын қайтерсің. Бүкіл дүние жалғыз соның бет-ауызына қарап тұрған тәрізді. Абыройың қыз атың да екенін ұқ, қу шұнақ қар! Ертең-ақ, иә, бір-ақ күнде...

Бетім-ау, неменеге шапқылап осы кабинетке келгіштеп кетті өзі. Осында бір-сыр жатпасын... Уылжыған жіс жігіт... директор!..»

Мәрзия бармағын тістеп ойлана қалды. «Комсомол комитеті хатшысы! Болса қайтейін, комсомол жетекшісі болса директордың кабинетінен шықпауы керек пе?.. Қызының өкінесі тықылдап бүйтін сумаң қағып жүргенін Қаныбек сорлы білмейтін де шығар. Әкесін тергеушінің алдына салып қойып, қызын қолтығыңда қысып мынаның да мейманасы тасын деді-ау! Тасыма жігіт, тасыма, тасыған жетер басыңа! Алыпбектің есігіне тісін қайрап, жаубеттене тігілді де:

«Бүкіл елге беттеріңді аймаңдай етейін бе? Бү не, кеңседегі қызойнақ! Махаббат сарайы ма бұл? «Ол енді не айтып отырғаның да пайымдамай кетті. Ес білгеннен бері мұны басқаның өзіңен

сәл артылғаны жанын күйдіріп, жегідей жеген күйік пе, әйтеуір бір беймәлім кезге көрінбейтін түйсік боп иектеумен келеді. Сол сұмдық қылбұрауын сап шыбынын шырқыратты кеп. Бір тұрып, бір отырды. Бәйіз таба алар емес.

Осы кезде қасақана онсыз да әлекке түсіп отырған әйелдің жанын жеп Алыпбек пен Айгүл күле сөйлеп кіре берді кеңсеге.

— Жастардың талабына қарсы шығып көріңіз. Тіпті, сізде, — деп қыз еркінсіп, директорды омыраулап келеді.

— Екі ұшты ойдан тезірек қайтыңыз, жолдас директор, нақты шешім ғана сенімді жетекші болмақ, — деп жанын қояр емес. Терезесі тең ісідей еркінсіп алған. Мәрзия орнынан атып тұрды. Мұнымен аналардың ісі де болмады. Назарлап та қарамады. Қабилетке кіріп кетті. Алыпбек тіпті директор басымен қалбақ қағып, қымады өзінен бұрын кіргізді.

— Құлап өліп тұр ғой мынау, — деді күңкілдеген Мәрзия. Олар ішке енген соң, манағы манағы ма талағы тарс жарылып. Қап, сөздерді ме! Бүкіл елді шулатып соңдарыңна Шығырдың ақ төс қансығын шәуілдетіп қоймасам ба! — деп күйіп-пісті. «Жас қой, жас, қайтсін! Екеуі де мәйегі аузынан шығып, уызынан жарылғалы тұр. Сүрбойдақ десең, сүрбойдақ, өбден піскен шақтары. Біріне-бірі тең», — деп тағы бір дауыс шалғайдан талып жеткендей құлағына, Мәрзия елеңдей қалды. «Естірмеді өздерін, не айтып жатыр екен, а? Әлде еріндері еріндеріне жабысып, бал жұтқандай өліп-тіріліп...» — деп ол таңдайын сорып, түкірігін жұтты. Өбден ойсырап, жұқарып орнынан тұрды. Күйреп, шаршап екі иығы түсіп кетті. Есік алдына сан барды. Қос есікті кабинеттен ештеме естілер емес. Сөйтіп күйбектеп тұрғанда Сапар келе қалғаны.

— Мәке, неге селтіп тұрсыз, ажарыңыз оқып мұншама, — деп ол да мұны іле сөйледі. Әйелдің бір нәрсеге ыңғайсызданған түрін тез аңғара қап. Қарбыздың шопағындай көзінің қарашығы ойнап жалт қараған Мәрзия:

— Әркім отыратын жеріне не шығар. Ауыз үйде де отырып, тұрма дейсіз бе? — деп шақ ете түсті.

— Не болған сізге, — деген Сапар одан әрі сөз таластырмай кабинетке кіріп кетті. «Осы да отырған орнынан су шыққандай шаңқылайды да жүреді екен. Кімнің шашпауын көтеріп азаптанып жүр. Ысқырып отыратын, партком емес пе! Сүмең-сүмең. То ферма, то кабинеттен кабинет безек қаққан біреу, — деп оны да Мәрзия бір сыбап алды. Сіркесі су көтермей, қазір кіммен болса да арпалыса кетер күйге түсті. Бұ дүниенің қоры өзі болып көрінді. Таудай арманы тарыдай боп ұсақталып, бүкіл келешегі неғайбыл бұлдырап тұманытып жүре бергені. Көзін бір ашып, бір жұмып елсел сілейіп тұрып қалды. «Мен өмірде жолы болмаған адам екенмін. Қайда аяқ бассам бір бытпылдық, шиелеңген мың тарау жол. Қайсысының пейішке, қайсысының тозаққа бастарын бір тәңірден басқа кім білген. Бар сенген, тәңірім деп табынған Шекөребім

анау, бұралқы иттей бастық біткендердің босағасын ніскелеп қалған. Бірақ оған кімнің рақымы түсіп, мүсіркеп маңдайынан сипады? Бір жігіт сондай-ақ болар. Бірде артын, бірде алдын берген дүние деген сол екен-ау! Байқұсты қарашы, енді анасы бір, мынасы бір қаңқ еткізін бастан бір салып қуып жібереді. Кешегі аузынан жалыны шыққан азамат деп оны кім айтар қазір. Иә, тегі сол күйге түсірген қай құдырет соны?» — Мәрзия бір ойдан екінші ойға қалай көшкенін білмей қалды. Кірпігін жиі-жиі қағып, иә, қай құдырет? Әлде пенде өзінің шалыс басқанын аңдамай, апырақтап көзсіз көбелектей отқа өзі барып түсе ме? Әлде адам шіркін құдайын ұмытып, кеудесіне нан пісіп, өзін өзі ұмыта ма? Әйелдің шым-шытырық ойын кабинеттен дабырласа сөйлей шыққандардың сөзі бөліп жіберді. Алыпбек кабинетін жауып жатып:

— Айгүл Қаныбековна, біз тәнтіміз саған — десе, оны қостаған Сапар:

— Міне, жастық жалын деген осы! Уақыт тізгінін қолда ұстау деп осындайды айтар болар, — дейді. Оларға аялы қара көзін төңкере қараған қыз жайдары қалыпта:

— Сол тізгіннен айрылып қалмас үшін әлгі талабымды екі етпейсіздер.

— Екі сөз деген болмайды менде! Айтылды, болды, — деген Алыпбек аяқ астында жалқыдан жалпыға айналып. — Біз уәдеге берік, сертке адал жанбыз, — десе:

— Әрине, әрине! — деп Сапар елбек қақты. Бірін-бірі көтермелеп жерден жеті қоян тапқандай болуларын бұлардың! Неменеге жәмпеңдейді, ей, мына Алыпбек Қаныбектің қызының алдында «Айтылды болды. Біз уәдеге берік, сертке адал жанбыз» деп нені аңғартты. Әй, осы екеуі тегін емес! Мына қызда, мынау ма, отты көзімен ішіп-жеп темір болса ерітіп, су болса бұ ғып жіберер». Қыздың бар қимылын бағып, көркіне телміре көз тіккен Мәрзия еріксіз «Жаңа байқадым-ау, үріп ауызға салғандай сұлу екенсің ғой. Міне, періште! Сені туған Жанғаншаның да арманы бар ма екен! Бар бағыңды шайқап, бетіңе шіркеу боп тұрған әкең ғой. Әкең!»

«Қаныбек пе, Қаныбек қасқыр, жыртқыш! Оны адам деп, сіркедей бойыңан адалдық табылады деп еменең үзілмесің. Ол аудан мен ауыл арасын қызыл жол еткенде, «Ей, тайтұяқ — деп Шығырға тесіле қараған Қаныбек өз басын арашалап жүр. Сені мен мені құрбандыққа шалып жүр. Оның қолында ат басындай алтын барын білемісің сен!» — деп екі көзі қанталаған ол сол алтыны кімнің көзінің жауын алмай, кімнің көзін қарықтырмай, кімнің басын айналдырмай жүр, а? Білемісің сен, соны! Көресің әлі бар қырсық та, сор да сол Қаныбектен шығады. Мына Майқоңырды алса — алақаныңда, жұмса — жұдырығыңда ұстайтын да сол! Алтын тұрған жерде бақ тұрады. Шекербектің «Алтын тұрған жерде бақ тұрады» деген сөзіне Мәрзия енді иланғандай болды.

«Ой, терең ойшылым-ай, зерделі екенсің-ау! Сол көреген басыңмен, біліміңмен қалай ғана шықбайтал болғаныңа түсінбеймін. Бәрін біліп тұрып, болжап тұрып, мұнша қор болғаныңа таңмын. «Қаныбектің қолында ат басындай алтын бар. Көздің жауын алып қарықтырып тұр» дегеніңе мен енді түсіндім. Рас! Рас! Бір совхоздың екі бірдей басшысын алақанына салып алыты! Майлы шөктей айналдырып апты! Соның алақанында! — Соңғы сөзде дауысы қатты шығып кетті. Бір өзі оңаша қалғанын, делбе болған жандай теңселіп жүргенін жаңа байқады. «Осы қыз қандай ақылмен бұларды ментең қақтырды. Мұның қолындағы өмір тізгіні қайсы?»

Расында да бір ауылдың бар жастарын соңынан ертін ай десе аузына, күн десе көзіне төлміртіп айтқанын екі өткізбейтін күшқуат тапқан бұл тегін жан болмады. Мәрзия өз ойынан біреу қара сапына біз сұғып алғандай селк ете қалды. Қалт тоқтады. «Керемет!» — деп екі шөкесіне алақанын басып, — көріп отырып, көз алдымдағыны түсінбеймін, а! Майқоңырдың адамы емес, даласындағы бұтасына дейін елбектен қозғалақтап, аттандап кеткен жоқ па?! Сонда.. жас-кәрісі бұлардың бойынан не көрді? Сөзінен не ұқты? Сақып пен Сапура анау, нелер алақұйын сөздің шашуын шашып-ақ бақты. Бұ қызды еркекшора деп те өсектеді. Құлағына ілген халық-бар ма? Сол сөзден не шықты, өрбіді ме? Енді көп Алыпбек екеуі анау да мынау деп ел жағалап қанша өрт қойса да, олары өрге асып, беттеріне шіркеу, абыройларына кір боп жұқты ма? Алыпбек! Сапар! Айгүл! Бұлар даналар ма? Шалыс басқан жері жоқ па? Бұлардың қателігі неге көрінбейді? Кіл бір періште! Оны да оң, терісі де — оң. Ел көрсе де көрмейді, білсе де білмейді. Не сонда? Көшеге дейін сазда жүргендей малтығып балпаң-балпаң жүретіндер, аяғы аяғына жұқпай, мылқау, сақаулары бұлбұлдай сайрап жөнелгені анау! Ел де қызық. Шекербек, Шығыр десе аттандап, жау көргендей үрке тұра келеді. Ал, мыналарға жақ ашпайды. — Бізадан булығып өзін-өзі жеді көп. Қазір сол Алыпбек, Айгүл қолына тұссе өлген тауықтай жұлып, туге-тутесін шығарар еді. Эттең! «Ым-ым-ы! Бетім-ау, иә, иә, Жәмилә кемпір айтпап па еді сонда», — деп есіне өткендегі бір әңгімені алған Мәрзия екі көзін тарс жұмып қалшып отыр. «Қарағым, әжептәуір сұңғақты жан боп өсіпсің. Әкенді де, шешенді де білем. Талай дәмдес, тұздас болып, ауыз жаласып өсіп ек. Момын жандар еді. Басқаның ала жібін аттамай, күнөдан пәк, жанын ізгілің құндақтаған солардан қалған тұяқ сені көргенде, аяулы анады, әкенді көргендей болам, — деп алып — саған жөн айту, тұзу бағыт сілтеу менің аналық борышым, жаным. Елге келіп, туған топырағыңда, әкешек өскен жерде, олар жетпеген мұратқа жету, олар атқаруға үлгермеген істі жалғастыру азаматтық, адамдық борыш. Ұлы абырой. Тек, тұзу жолмен жүр, — деген Жәмиләге «мені не, бірдене бүлдіреді деп не едіңіз? — деп беттен ала түскені, артынша екі беті-

нен оты шығып ұялғаны, қарт анадан қысылғаны көз алдына келді. Көпті көрген шыдамды ана сонда «Кісіге абырой жылдар бойы қықымдан жиналып, қырсығына ұшыраса бір сәтте лақ етін төгіледі. Адамдықты мысқалдан жинап, шөміштеп төгуге болмайды. Сөз қала көрген білікті жансың. Өне бір әңгіме, әлгі Алыпбектің менен кілт алғандағы... — Жәмилә бұған нүқшия қарап алып, — білемісің өзіңнен басқа тірі пенде естіген де, көрген де жоқ. Артыша қаншама елді дүркіретіп қысыр сөз боп, қаңқу боп тарады. Жақсымен жолдас болсаң жақсы іс көресің» демей ме халық. Сол рас, — деп Жәмилә мұның екі аяғын бір өтікке тықты. Мойын бұрғызбай дастады. Мәлдіретіп мойнына қойды: — Есіңде болсын, ел құрметтеген, халық соңына өрген азаматтың басына кие қонады. Бақ деген сол. Кие дегеннің не екенін білемісің. Бұл басын изеген. — Ә, білсең, дұрыс. Киелі жанға ит үрмес болар. Ал, өсек-аяң қаппайтың иттің үргені іспетті. Негізі қаңар-құрбы десең де солардан, — деп атың атамаса да тұспалдап, мұның Сапура мен Сақыптан аулақ жүруін қадап айтып еді... Басын оқыс көтеріп не дейді, ей, мына кейуана «Киелі жанға ит үрмес болар» дей ме? Сонда, сонда, Алыпбек киелі кісі болғаны ма? Халық соңына өрген азаматтың басына кие қонады. — Мәрзия шоқ басқандай атып тұрды орнынан. Жәмиләның тауып айтқаны ма?! Жандыбаевтың үстінен қаншама арыз-шағым жазылды. Майқоңырдан айдаһар боп аттанған сол арыздар елге кесіртке де боп оралмай жатқан жоқ па? Халық оны қызғыштай қориды. Оның әр қимылына ур-ра-а! деп тұра жүгіреді. Қаршадай қызға дейін бір ауылдың жастарын үркердей үйіріп соның соңынан ілестірді. Тап бір революцияның көсемі сияқты. Япыр-ау, бұ не? Көпке топырақ шаша аламысың! Көптің аты көп. Оның жолында тұрсаң таптап кетпей ме? «Әй, Шөкем-ай, жолдасы жаманды жау алады» деген осы шығар. Сенің жолдастарыңның түрі Шығыр, Қаныбек қой. Басқа сенетін, арқа сүйер кімің бары, өзің білесің», — деп үнілеген Мәрзияның көкірегі қарс айрылды. «Сен үшін, жаным-ау, сен үшін отқа түскем жоқ па, өйтпесе, Әшір... Менің теңім бе еді. «Быламық жейтін асым ба еді» демекші сенің сойлығыңды сөзәр бір жаным бар демейтін дүлей таптым ба десең, қанша қайрасаң да қылшық кесейтін жастық темір болса, одан не үміт, не қайыр...»

Мәрзия осылай күңіреніп, өртене берді. Уақыттың кімнің, ненің пайдасына қызмет істеп жатқанын білген ол бармағын тістеді.

Тулап аққан өзендей ылдига құйыла тартқан асфальт жол. Талай тұста аз оралыс тауып, қайта оқтай түзеледі. Сол дөңгелене көк мұнар ақ сағым боп кілкіген маң дала емін-еркін бой жазып, теңіз бетіндегі толқыған кеңістікте ақ «Волга» самғап ұшып келеді.

Мотордың біркелкі қоңыр үні ғана естіледі. Солқылдақ, серіпшөмі жұмсақ орындықта бұлтта қалқығандай қатар иық тигізе отырған екеу ғана үрсіз. Тылсым тіршілік құлаққа ұрған танадай бар әнін осылардың қимыл әрекетіне аударып бағып қалған тәртіп. Қалт қағылған кірпік, шаят қозғалыс, терең алынған тынысқа дейін басқаға белгісіз сыр ашардай. Екі кеудеде дүрс-дүрс соққан жасқаншақ, ұялшақ жүректер құпия, өзінен-өзі қымсынып тіл тиегін таңдайда күрмең тастапты. Ауыз ашса жан бірге шығардай. Осы қысылшанда жүйкеге жебі алау боп құйылып, ыстығы нөрге көрініп, қолға ұсталмас бойды-езген батнан салмақ па, өлде бір беймәлім сиқырлы дүниенің сәулесі ме, әйтеуір кереметі бас айналдырған тылсым құбылысы мол сәтте жол үлкен өзенді қиып өтетін көпірге көтеріле берген еді. Өзен жағасы жыныс тоғайдай қалың құрақ, тал, терек, жиде, жыңғылы бойлап, көк шалғыны қабындап өсіпті. Ашық әйнектен соққан жұпардай ауасы тынысты ашып жібереді. Бетке салқын леп желпи тиді.

— Ту-у, негкен рақат тәтті, иіс еді! — Алыпбек мұнша неге тау-сыла таңырқай қалғанын өзі де аңғармады. Маналы-бері жұлдыздай аққан машинаның ролімен алысып жанын сан-саққа жүгірткен құпия сырлы сөзім шыргалаңында күйіп-жанып келе жатқан ол енді өз даусынан өзі селк ете қалды. Қара торы еңі ысып, сүтсіз құйылған шайдай күреңіте қызарды. От басқандай алақтап, екі көзін ілгері атыраңқа тігіп «ой, мұншама не болды маған» деп басын елеусіз шайқады.

— Иістің де рақат тәтті дәмі болушы ма еді? — деген үн шалынды құлағына. Тосын сауал «Мені бағып аңдып келе жатқан болды-ау! Бұлдірдім-ау!» — деп түйді Алыпбек. «Тәтті иісім не? Ессіз, аузына келгенді айта салатын түйсіксіз пөндедей бұным не?» Қас қағымда миын осқылап, қамшыдай тиген ащы мысқыл жігітті тез серпілтті. Едәуір қысылып, онсыз да аузына сөз түспей келе жатқан жігіт жолға шыққалы бері қыз бетіне тұңғыш рет жалт-жалт қарады. Қарақат көздің шоғы жәудірей жанып бұған күлімсірей қалыпты. Өлгі сәттегі өзен табанынан қарсы толқып желпіп жеткен салқын самал енді аптап болып алаудай жөнелді. «Иә, осы жанарыңды, осы сәуленді тұңғыш рет мектепте, анада үйіңдегі ілулі суретіңнен көргем...

Сосын Күркіреуек тоғанның басында... Тағы алғашқы концерт болатың кеште...» Сілкіне бойын жиды Алыпбек. Қыздың нұрлы жүзіне бар пейілін, ықыласын қайта ақтарып:

— Адамға әсер еткен нәрсенің бәрінде өзіндік ерекшелік қасиет, бойға тарайтын асыл нәр, сыр бар, — деп термелей тіл қатты.

— Қызық екен, — деді қыз атәтті селсоқтау үнмен түсінбегенсіп.

— Несі қызық?

— Асыл сыр, нәр дегеніңізді айтам...

— Санаға әсер еткен, жүрек қабылдаған өмір көрінісі нақты

түйсікке, белгілі ұғымға әкелмек. Ал, ол әлгі айтылған түсініктердің өзі...

— Сіз философ па едіңіз?

— Кез келген адам ой иесі. Дүниені тануға ұмтылады. Ал, философтар — өмірді жан-жақты зерттеу арқылы жүйелі қортынды жасаушылар ғой. Ал, мен...

— Сонда, — деп қыз Алыпбектің ойын бөлді, әдейі үзді. Қазір өзі де осы сауалды неге қойғанына есеп беріп келе жатқан жоқ. От жұтып қойғандай іші алау-жалау, жүрегі май ішкен жандай кілкіп, аузына тығылғалы не заман. Өзіне беймәлім бір құдырет мұның ақыл санасын билеп алған ба, ойы тоқырап, көңілінде адасқан жандай алас-құлас белгісіз тиянақсыздық бар. Алысқа көз тікті. Көк жиек ақ үзгін жайған. Сағым ойнапты. Сонау алыста қос киіз үй жерден үзіліп жұмыртқадай боп көтеріле қалған. Ол — жайлаудағы шопан ауылы. Ауада ілініп баяу қалқыды. Әне, ақаршақар дастарқанын жайған көл-көсір той-думан, ұбақ-шұбақ шәт-шәлекей қуанышын өзара бөлісе алмай қыр асып, лекіте шұбай жөнелді. Қыз көкірегіне дала суреті, талай қызық көрініс әдемі сүйікті бейнелер әкелді. Өзі де соның қалың ортасында жүр. Жаны аласұрады кеп. Беймәлім, тіпті де түсініксіз, ұяң сезімге салмағын салған төттілік сияқты ма, әлденеге құштар, басқа бір әлемге іңкәрлік пе, әйтеуір мұң аралас, сағым түстес жылымшы ұғымның торына шырматыла береді. Жүрек тұсы шымыр-шымыр етіп, денесі бір ысып, бір суып неше құбылды. Бір сәт жалын атып, аһ ұрып үнілеп алғысы да келді. Бүкіл рухани қуаты қазір жалғыз нүктедей түйіліп, біресе көкке ұшардай лапыл қағып неше саққа жүгірді. Қиял шіркін-ай!

— Сонда... — Айгүл жігіт бөтіне ұйқыдан оянған жандай елеңдей көз тікті де, өзіне-өзі келіп:

— Әлгі салқын самалдан төтті иіс алғаныңызға таңмын, — деді.

— Оның несіне таңданасыз. Сол самал жанды қанша сергітіп жіберді. Бойға сергектік, ойға қанат, тың күш берді, — деп күлді де: Өз басыма, жаныма рақат боп тиді. Ол өзі сізбен оңаша жолға шығар күнді көптен аңсаулы жүрегіме нұр боп құйылды, — деп кідірді. Айгүл жымиып күлді. «Оңаша жолға шығар күнді көптен аңсаулы жүрегіме... нұр боп құйылды» дейді. «Иә, мен ше?... Бірақ мен сенің жүрегіңдегі ол сырынды білем бе? Сен оңаша жолға шығар күнді аңсаған екен деп, даланың жұпар ауасындай үрке соғып өткен самал сезімге құл болуға... «Жо-жоқ!» деп өзімен өзі боп кетті. Кенет:

— Оңаша жолға шығуды дейсіз, ө. — Бұл сөз қыз еркінен тыс шықты.

— Иә.

— Ал, мен, — қыз үні тағы кілт сөнді.

— Иә, сіз күтпеген бе едіңіз? — деп Алыпбек жігіттік батылдыққа басты. Ойын, көкірегіңдегі арман құсын қыздың көзінше

Үшпұрғысы келді. — Айка, сіз ерөкпше жаратылған періште жансыз, — деп алқына демі тамағына тығыла тоқтады. Қыз атын да қысқа еркелете «Айка» деп атап, жаңына алуы лебізіне түйіп, қызды өзіне жақындатты. Сосын аялы қара көзіп қыз жүзіне мөлдірете машинаның жүрісін баяудатып:

— Мені түсінсеңіз, — деп кідірді.

— Мына мен бе, мына мен? — деп Айгүл Алыпбекті сынай қарады. Бұл өзінің басқадан талай естіген қошеметі. Тілінен бад тамап, нелер от тілді, орақ ауыздымын дейтіндердің таңдайын жұлып тұрып ділмәрсің айтатын сөзі, «Айка!» — дейді. Адамды сөзбен арбау — жалғандық! Шынайы сезімге тіл қажет бола қояр ма екен. Бірақ адам жаңының айдасы көзінде! Иә көзінде шындық оты бар сияқты. Шоңандар ауылына тұңғыш ойын-сауықпен барған кеште от ұшып тедміре жөудіреген жаңарың тағы қайта жаңышты. Түсінем. Бірақ менің жүрегімді көзбен көр, жүрегіңмен үк!» Қыз ойы осылай толқыды. Тұла бойы жел пайқаған сәмбі талдай кілт майысып, еркінен тыс бейне бір құдырет өзін билеп бара жатқанын қыз анық сезді. От боп алаулап кетті. Тез серпіліп, ішінен «Бұ не?» «Ал, жылы-жылы сөйлесе жылан іннен шығады», — деп мақтай берсем, не бас жаратың, не тас жаратың сөз қалайда дегеніме жеткізер десеп — адасқаның! — деп тағы бір ой түйді де:

— Өзі біз қайда келе жатырмыз? Мана аудандық комитетке шұғыл кеңеске шақырды дегеніңіз әшейін жәй сылтау, оңаша алып шығу үшін тапқан айлаңыз ба еді? — деп Айгүл қабағын шытыңды да:

— Міне, оңашамыз. Қане, не құпия шертпек едіңіз, не сұр? Нә жұмыс? Құлағым сізде, — деді. Қыздың мына төтен батылдығынан қысылды ма Алыпбектің маңдайы тершіді. Сойткенше, көпір, ден өткен бұларға аялдамада тұрған жеңіл машина кезіге берген еді. Шекербек. Қасында бейтаныс жігіт. Тегі машинаның иесі болса керек. Алыпбек пен Айгүлге Шекербек жарқылдай күліп амандасты. Қаладан, ауданнан қайтқан едәуір күн емдеу орнында болып тігісі сәгілген денсаулығын жаматып келе жатқан беті екен. Шекербек бұларға ішіп-жеп қадала қарады. Үлбіреген ақ жібек кофта, қоңыр юбка, аяғына биік окшелі туфли киген қыздың бой-басын көзімен тінтіп сұқтана қалды. Аққұба жүзді, қиылған қасты, қып-қызыл піскең шиедей уылжыған жұқа ерінді, оймақ ауыз қыз шебер суретшінің салған суретіндей боп көрінді. Мойылдай қарақат көз, кең маңдай, пісте мұрын, аққұба өңді, қыпша белі үзілердей сұлу қызға бір, Алыпбекке бір таңдайын тақылдата тамсанды. Әсіресе аққудың көгілдіріндей, сұңғақ мойынды ақ жібекті кере көтеріліп төңкерілген кеседей қыз кеудесіндегі қос анар жүрекке от тастап тұр. Енді байқады. Алыпбек едәуір өсіп екі иығы көтеріліп, жауырыны да шалқая түсіпті. «Екеуін-ай, мына, — деп ішінен күндіреген Шекербек — мына қу ай жүзді періштеңі қолға түсіріпті-ау! Әрине, Қаныбектен де құтылмассың... Ал

Қаныбек... Менен... Әлде, осыларды әлек-шәлек етер ме еді», — деп те ойлап еді.

Екі машина екі бағытқа бет алды. Екеуінің үстінде де ұлан-асыр ой кетті. Шекербекті көптен көрмеген Айгүл бірсыпыра тосырқай қалған жандай сүлелеу салқын амандасқан. Әкесінен үлкен адамның ыржалақтап күлін, бұған қадала қарай бергенін, әсіресе Алыпбекке жолдарың болсын, қалаға бет алышыңдар «міне, міне тамаша! Осылай...» — деп жәдігөй бейнеде ыңырамып сыздай қалғанды тіпті ұнамады. «Қызмет бабы, шұғыл шақыртумен...» — деп сөзінің артын қысқа түйген Алыпбекке «Білем түсінбейтін бала емеспіз. Бәрін бастан кештік», — деп төтеп өмеуіріп, сызды тұспал тастауы әзәзілдің өзіндей жиренішті көрінген. Шекербек осы қысқа сөз үстінде бұларды суық жанарымен сан рет тіпті өтті. Сыртты жалшылдап отірік күледі. Ішінде муз жатқандай ызғар әлдене өкініш, қызғаныш па қанжылым бірдеңе аралас көзі ойнақ қаққан сол қалың қыздың көз алдына қайта келді. Әлгіде ғана осыдан аз бұрын жүрегі тудап, жаны шаттық желкеніне мінген ол енді муз жұтқандай қалтырап кетті. Мұның ірі Шекербек пен Шығыр! — деп өзі ес білгелі ащы дауысын ышқынып, жаныға көтерген аяулы анасы Жанғанша көзінен жасын бұршақ-бұршақ төгіп тұр. Атылатын жолбарыстай үстінде сұр плащының етегі шұбатылған әжесі Қаныбек көзі қың-қызыл боп аласұра қарай қалыпты оған. Қазір бас салып қаршып, ұнтап жіберердей бар қаһарын бойына жинаған.

— Сен істемеген масқара қалды ма? Ел бетіне қалай қарайсың? Қара бет болғанда жалғыз нағашыңның аулына, Алыпбектің қотанына бірі болып ұлып тигеніңнің өзі сұмдықтың қай жағы? Халық елдікті қорғаса, сен жау болып аттандың! Ата-бабаңның кіндік қаны тамған топыраққа береке, ырыс тілеген еліңнің ар-намысын таптап, азаматын қорламақ болдың! Сенен не үміт, не қайыр! Сондағы сенгенің арамтамақ, жауыз, қос жемқор Шекербек пен Шығыр! Ағатайым-ау, мұндай масқараға не айтарсың! Сосын ба, сосын жаңа директор алым-берім жасаған күнгі мұның қылығын... Бұл бетсіздің, арсыздығын көрсеңіз бе! Өлтірді ғой, өлдім қой!

— Қысқарт! Жаң аузыңды! — деп арс-арс еткен әке дауысы құлағына тағы кеп шалынды. Экрандағы көріністей көз алдында бірін-бірі түтіп жеп жіберердей жаулыққан ата-анасы, состиың өзі, шошынған Жәнібек. Соңғы қуатын бойына жиып, бар көрген-білгенін жайып саяған анасы егіле жылап қазірде бұл екеуінен тағдырына араша тілеген қалпында: Зұлымдық басы — Шекербек! — дегені жаңғырыға естілді. «Зұлымдық басы Шекербек» деп анам неге айтты. Сол зұлымдық сыры неге ашылмай қойды. Жалғанды жалдағынан басып, ішкені алдында, ішпегені артында, оның жүрісі мынау... Қыздың жүрегі жиі-жиі қағып, жаны қысылып, маңдайы жіпсіді. Ішанен өзінен-өзі, мүжіліп, төгірдей табынатын

әкесі Қаныбек. «Әй, сені біржола жоқ етпесем бе!» — деп анасына ұмтылып бара жатты.

— Тоқта, тоқтаңыз! — деп қалай шар ете қалғанын Айгүл тіпті білмеді. Бірдеңенің шалығы тиген жандай түсі өзгере қалған.

Шекербектің машинаға отырып жатып қайта-қайта бұларға атыла қарағанын анық аңғарған Алыпбек те өзімен-өзі болып кетіп еді. «Жолдарың болсын! Міне, міне тамаша, осылай...» дейді. Қайбір жаның езіліп, жүрегің ерін айтып тұрсың оны. Үйінің өзінде қашып жеткізбей інге кірген тышқанға өпшккен түлкінің ызалы ащы шөуілі жатыр. Дәл сол жиналыста, қатар шарға түскендегі, Қаныбек өзіңді директорлыққа ұсынып, жақтас, сыбайластарыңның қолайттап дуылдай қалғандағы көзіңдегі күлкі, сол кекесін. Осы ішің — қыс, сыртың — жаз кейпіңдегі бейнеңді содан кейін Шығырдың аулында Шілжан тұсында бір, өзіңді бас зоотехник міндетінең босатарда тағы бір көргем. Бүгін міне, ұзын жолдың үстінде көз болып та көзіңмен оқ атып, тіліңмен ұ шашып барасың. Менің сізге, Шекер аға, сізге, ұзыннан өш, қысқадан кегім жоқ. Бәрі өзіңіздің көкірегіңізде сайрап тұр. Бір ғана басқаны айтпағанда, Шілжанның күнделігінде өзіңіздің кім болып көрінетініңізді білсеңіз-ау! Мені жақсы түсінер едіңіз. Сіз онда, не күнделікте... «Далада ақ түтек боран. Текенің бұрқағы өліара ескі жылмен жаңа жылдың алмасар қарсаңы. Үй ішінде — шілде. Шекербек қарнын сипап, төр алдында мәйкешеп отыр. Алыстан піс алған аш бөрідей аузызын ашып есінеп алды жаңа ғана. Қанға тиіп тырнағы жұмсаған саусағын шыдамсыздана өлденеге алаңдап, буындарын сырт-сырт сындырды. Екі жыл бойы құр, әбден шайлап майға піскен қос қара көк атты соғымға жығып, екі үй Шығыр мен Шекербектікі мәре-сәре. Мұндайда бейсеубет бөгде сырт көзді маңайына жолатпайтып бұлар сол құпия дағдысын сақтаған. Әшпүш дегенше алмас жүзді пышаққа ілеккен жануарлардың терісі түсіп, бұты — бұт, қолы — қол болып, бірі қаптарға түссе, екіншісі айра-жайра терісінің үстінде қазысы сан-сары ала түрлілің, үйілін жатыр. Сақып пен Сагура абыр-сабыр. Быршып терлеген. Қазанда бұрқ-бұрқ қайнап буы бұрқыраған жас қуырдақты үлкен сырлы табаққа көсіп салып әбігер. Жаңа піскен қанды қуырдақтың иісі үйдің ішін жайлады.

— Алдын Шекене татқыз, әй! Соғымың берекелі болады, — деп жөмпендеген Шығырға Сақып:

— Білеміз ғой, жағаласпай отыршы, — деп буы бұрқыраған қуырдақты сырлы қасықпен көсіп алып емпелендей ұсынды Шекербекке.

— Ыстық болар, — деп күңк еткен Шығырға:

— Табы басылған қанды қуырдақ ыстық болмас болар. Пісмілде, деп алып жіберіңіз, — деп ілтипат еткен. Шекербектің аузы компандай қалды. Қарбытып мол асап жіберіпті.

— Мұндайды ащы мен басытқылау ләзім екенінде ұмытпа, бейбіше-е! — деп Шығыр тағы бір ескерту жасады.

— Қайным-ай, әйтеуір, қазан-ошаққа араласпасаң отыра алмайсың-ау. Кісі күтуді біз де бір адамдай білеміз, — деп жайқақтай қозғалған Сапура екі үш шөлмекті мойнынап қысып ұстай отырды.

— Биылғы қысқы дөміміздің алды бұл, Шөке. Бірінші тілек өзіңіздікі — деп беті шикандай қызарған Шығыр Шекербекке жәу-теңдей қарады.

— Несібелерің әманда осындай сүйгім бола берсін! — деген ол сөзді созбады. Бәрі «әумин!» деп бір-бір рюмке астаналықты қағып жіберді. Осылай бірнеше рет қайталанған. Мысыққа сүт құятын шет-шеті жырым-жырым, түбі майысқан темір төрелкеге пейілі тасып тұрған Сақып бір көсіп салған қуырдақ қолыма тиген мен де едәуір қарбытып есік жақта отырғам. Самайынан тері төгіліп бабына келген Шекербек маған кенет жалт қарап:

— Әй, Шығыр, осы мүсәпір жан сенің ырысың боп келді. Бұдан ештемеңді аяма! Аяма дегенге — деп ырыс-ырыс күліп, — қимасыңды ұсын демеймін. Тамағын тойғызып қой. Өзің үсті-басы тым жұқалаң ғой?

— Ағасы-ау, енді мұны үлде мен белдеге ора дейсіз бе, Шықаңның ана жылғы өзіңіз әперетін қара тоны, осының үстінде. Көйлек-көншегі жыртық емес, — деп майдалады Сақып оңешін керіп бір кекіріп қойып.

— Әй, сен де, — деп Сапура араласты сөзге. Бәрінің әңгімесі мен бола бастадым. Көршейші, қара тоныңды өрім-өрім. Мана бұл байқұс қан-жын төккенде көрдім. Жеңі мен жағасы ғана... Ал, көйлек-көншегіңді үстінен керіп отырмыз, — ернін шүйіріп расымен жаны аши сөйледі.

— Әй, өзіне мыңадан құйшы, — деді ықылық атқан Шекербек.

— Шай кесеге толтыр! — деді Шығыр.

— Қойшы, әрі, — деп Сақып алакезімен қарады оған.

— Сен де бір болмашы нәрсеге тарыла қалады екенсің. Құй былай. Сапура кесеге лық-лық арақ құя бастады. Онысы қолы шайқалақтап кесенің сыртына төгілді.

— Ей, козіңе қара, — деді оған Шекербек.

— Несібесі ғой, байқұстың! Ештеме етпейді, — деген адуын әйел — мә, Шілжан, мынаны ақ жеңешенің қолынан қаракөк аттың қуырдағымен басытқылап бір алып жібер, — деді.

— Мен ішпеуші едім.

— Тек, ішпегені несі? — Бәрі үрке қарады маған. Жас қуырдақ пен араққа тойған бұлардың ермегі мен бола бастадым.

— Әй, қарағым, сыйлағанды біл! Ал! — деді Шекербек жастыққа жантая беріп:

— Сөпен жеңгең ұсынғанда алмай не болды саған. Жігіт емес-

сиді бе? Бір ал! Бір ақ рет! — деп Шығыр орнынан жылжып қасыма келді. Мүңкіп арақ сасып кетіпті. Жүрегім айныды.

— Іше алмаймын.

— Ішесің, Ішкіземін! — Шығыр мас болыпты. Иығымды мытып ұстады. Қолы батып барады.

— Шығыр, тарт қолыңды, тиме, қинамашы өзін! Отыр былай. Бұл сенің, мына менің, осы бөрімізге келген, тәдір өзі таса-тасамен жіберген Қыдыр. Бұдан былай мұны жебірлеуді болма! Ал, ана кеседегіні бері, маған берші, — деді қолына алып төрт рюмкеге бөліп құйып, — Шілжанның денсаулығына! — деп көтертіп жіберді. Өбден қызып алған Шекербек сөйлеп отыр.

— Сен, сендер, не білер едіңдер! Ақшадап көше алмай, дүниеге бітіп болдыңдар — болды сөзінің тоқ етері. Сол мына екеуіміздің, мы-мына-а-а, Шіл-Шілжан-екеуіміздің арқамыз. Балаңның баласына жететін... Көзі ұясынан шығардай ежірейіп. — Әй, қос келіншек екеуіңді алтыңға ораған аң-ан-а-а-ау. Оны қапа етпеңдер!

— Не дейді құдай, бізге құшақтай ал деп отыр ма өзі, — деп шықылықтай күлді Сапура.

— Асылын айтам. Ол солай! Күтіндер оны! Әй, Шілжан, келші қасыма, таяншы бері, — деп ықыласы маған ауған Шекербек орнынан көтеріле беріп құлап түсті. Аузы сөзде: Шы-Шығыр! Кешегілерден қанша алдың? — Ол үндей қоймады.

— Ой, мынау керек болған ба? — деп Шығырды өзіне тартып, мен сенімен сөйлесіп отырмын. Қанша алдың деймін?

— Мазасын алмашы, ей, берді ғой маған, — деген Сапураға түсін суытып:

— Қанша берді? Айт қане! Бұл ма, бұл ар-рам!

— Не дейді бетім-ау, біздің Шықаңды арам дегенді тірі пендеде сізден естідім, — деп Сақып күйіп-пісті.

— Енді не еді? Ойдан орып, қырдаң қырың пайданы табатын, қысынын келтіретін мына мен! Сүйектің майлы басын мүжитін осы! Өтірік пе, Сақып? Өзің айтшы!

— Ойбай-ау, сізден аяп жатқанымыз қайсы? Мына Сәпен біледі. Өне сөмкесінде тұр, — деді шынымен түсі өзгеріп шаптыққан әйел.

— Алдым! Болды! Не керек бос сөз! Ақжыңды ішпе! Жат! — Сапураның дауысы өктем шықты.

— Күп тақсыр! — деп қылжиды Шекербек. Көзі ашық, күлім қағады.

Осыдан бір жеті бұрын осы қорадан артылған іріңдей-іріңдей қырық ту қой менің де көзіме елестей берді. Іш қазандай қайнайды, бірақ күресерге, тілдесерге дәрмен жоқ. «Көзі ашық, күлім қағады» дейді күнделік. Әй, Шілжан, ай, қалай әдемі жазғансың. Сол өзің көрген көз ғой, жадағы жымысқы күлкімен қарағам, — деп қас қағымға ойға кеткен Алыпбекті Айгүлдің оқыс дауысы

жалт қаратты. Жалмажан машинаның тежегішін басты. Қыздың аққұба жүзі оңға шүберектей өзгере қалыпты.

— Не болды? Неге қатты шошдың? — деп сасқалақтаған Алыпбек күні бойғы сынайы сізден сенге көшкенін өзі де білген жоқ. Бейек болып қыз отырған есікті ашты. Салқын ауа екі бірдей ашық қалған машина есігінен екпіндей үрлеп соқты. Айгүл ашақ кеудесі көтеріліп басылып алқына демалады. Астыңғы қаймыжықтай қып-қызыл шиедей уыджып тұратын еріні дір-дір, боп-боз қанын су сорған өкнедей боп кетіпті. Ұзын кірпіктері көзін жауып, ақ маңдайынан бөртіп тер шықты. Алыпбек шынымен састы. Жалт қарап сонау алыстан мыс қорыту зауыдының көкке шұбатыла будақ қаққан түтінін көріп, «қалаға таяп қалған екеміз, әлдеқалай ауырып қалса», — деп көңіліне аз демеу алғандай да болды.

— Айка, апыр-ай сырқаттанып қалдың-ау, э? — деп қас қағымда көңіліне алған қауіп-қатерін де айтып үлгерді. Асып-сасып, қыздың оң қолтығынан демей көтеріп:

— Бәрі таза ауаға шықшы, бойыңды жаз, әлде ніс тнген шығар. Қапырық қой машина іні, — деп тіл қатты. Айгүл орнынан жеңіл көтерілген. Жігіт ыңғайына тілсіз көніп, оның қолтығында тұңғыш рет жусаны күйген қуаң даланың топырағын басып ілбін келеді. Ойы басқада. Қоз алдында әкесі — Қаныбек, мөлт-мөлт көз жасын көлдей төккен авасы бар зәбірін көрген-білгенін, басынан кешкенін ақтарып салып қарап қанты. Тайқитын емес. Келсең кел. Мұның әлгі шырқырап шыққан аңы үніне отырған орнынан атып тұрып, түтіп жіберердей зәр уын шаша ұмтылған Қаныбекке ақырған Жәнібек те. Тоқта былай, оңбаған! Бітің не едің біржолал! Борыққа тойған қабандай бетіңнің түгі қалыңдап кеткен екен! Оңбассың! Бетіңнің түгі қалыңдап кеткен екен! — деп түңілген аға бөгіне бір, бұған бір ажырая қараған Қаныбек, — Араласпаңдар! — деп күж еткен. Сол қалпы қазірде көз алдында тұр. Қыз денесі діріл қағады. Оң қолтығынан демеп қана қиыршақ шақпақ тастақты, тырбық жусанды, аласа боз көделі, түгі түскен тықыр тулақтай төбешіктің биігіне қарай көтерілген Алыпбек қыз бетіне үңіле қарады. Ұзын кірпіктері суланып, демі денесінен тараған дірілімен толқып шығады. Енді жігіттің қолы қыз жауырынына оралып, өзіне қаратпақ бөлған пейілде қымтай ұстап:

— Айка, айтшы, қай жерің, сырқаттандың-ау! Әлде жүрегің бе? — деп үзіле өтінді. Өзіне тартып құшағына алып, тіпті төзім сабырлы, тарағы таусылған күйде ернін қыз бетіне тигізіп аймалап кеткенін, әлде не беймәлім күй кешкенін ұмытты. Тал шыбықтай бұралған балғын деме, қос анар шолақ жеңді жеңіл көйлек киген жігіт кеудесіне от болып тиіп күйдіре жөнелген. Ендігі жерде тілдесу, сөз айтудан мақұрым қалған ол мәңгілік ұйқыға кеткен жандай хал кенді. Қыздың шала есті ауру, сауы белтсіз мүшкіл, дүбәрә күйі, қазіргі тұрысы мұның есінен шыққан. Осы күйден

айрылса жаны бірге шығардай жүрегі кеудесіне сыймай тулап, қыз ерсіне ерні жабысты.

— Алып... Алыпбек, — деп демі үзіле шыққан Айгүл — тұра тұрыңышы, — деп үзіле тіл қатты. Жігіт сонда ғана өзі-өзі келін есін жиган еді. Қыз болса сондағы туған отынның басындағы әке сырын біліп, бүкіл тәні, жаны мұз болып біржола суынған бойын жия алмай қалған еді. Өзін аймалап бүкіл болмыс-бітіміне күн шуағы боп құйылып, жанын еріткен жігіт құшағы бір сәтке өмір атты ұлы айдыға шақырғандай. Тұңғыш ерсіне жабысқан бөде жанның ыстық демі қазір шоқ болып күйдіріп бара жатқандай сезінді. Көзін зорға ашты. Алыпбектің бетіне қарай алмады. Жүзі күйін барады. Сонау бесіндікке барып ашық жанарын кең атыранға бағыштаған алтын шапақ күн де кірпік қақпай осы сәтке қарай қалғандай. Басқа куә жоқ. Сүле, өзімен-өзі іштей бұған дейін сөзінбеген, елестетпеген ыстық шөді, қайнаған бал жұтқандай күй кешкен қыз үнсіз. Тақтайдай тегіс жолда жүйткіп, маң дала- ның цыр көбелек ойнатқан ақ Волгада қуанышы мен шаттығы тасыи жұлдыздай ағып келеді. Алыпбек өз ерінін өзі жалап, тәттілік дәмін татқандай тамсана қарайды көзінің астымен қызға. Айгүл сол үнсіз қалшы, ұйқыдан жаңа ғана оянып, әлі де серги алмай отырған жан тәрізді. Қала шетіне енген «Волга» суда жүзген қайықтай үлкен көшені қақ жарып аудан орталығына баратын кең жолға шықты. Алыпбек сағатына қарады. Мәжіліс басталар мерзімге әлі де бір жарым сағат уақыт бар. Көз алдында Айгүлдің едәуір сырқат күй кешкені жігітті қатты қобалжытты. Сол иіс тиді ме, әлде күннің ыстығы ұрды ма деген екі талай ойдағы ол жолдан едәуір бұрыстау көк шалғыны тізеге соғатын бұлаққа соға жүруді, аз да болса қыз бойын сергітіп, өздері келе жатқан келелі мәслихатқа сонан кейін баруды ұйғарған. Қызада әлі ләм үн жоқ. Шала мас, ессіз халде сияқты. Бұлақ басына кеп тоқтағанда ғана көзін ашып:

— Қайда келдік, жиналысқа кешігіп қалсақ ұят болар, — деді.

— Әлі уақыт бар. Аз сергіші, жаным. Зәрем қалмай қысылдым, — деген Алыпбек оны сәл зорлағандай жерге түсірді. Айгүл оңаңса болғысы келген сыңай танытып, едәуір ұзақ желге бетін беріп біраз жүріп оралды.

Алыпбекті де ой қамады. Қыздың бүкіл тұлға бітімін жүрісіне дейін көкірегіне түйіп, дәл қазір қандай азапты тілек айтса да қолма-қол көнетін күйде. Шіркін, Жанғанша! Мына балаңыз өзіңіз екен. Тіпті сол қалпы шебер табиғат аузыңыздан бір мысқал артық кем етпей барлық тұлға-тұрпатыңыз бен қайта түсіре салғанына бүкіл иманыммен тәнтімін. Періште әлемде екеу болса бірі — Айгүл, біреу болса соның өзі де осы — Айгүл! Ал, сонда Қаныбек... Жігіт ойы кенет үзіліп қараңғы түнде жүгіріп келе жатып маңдайын тасқа ұрған жандай қалта қарап тұра қалды...

Аудандық агрооеркәсіптік бірлестіктің төрағасы Төрехан Маханов «Майқоңыр» совхозы еңбекшілерінің жиналысы үстіне әдейілеп шақырылғандай деп келді. Қасында аудандық ішкі істер бөлімінің жауапты қызметкері бар. Белгілі жиналыстың қыза түскен тұсына сау етіп кіріп келген сомадай лауазымды екі азаматты көпшілік дәл осы сәтте күтпеген еді. Қас қағым елеңдесін, таңдана қарағандарды Санар қолын көтеріп, сыпайы ғана сабырға шақырды да Төрехандарға алдыңғы қатардағы бос орынды нұсқады. Олар да үнсіз мысықтабандап кеп жайғасқан.

— Бүгінгі баяндамада айтылған қол жеткен табыстар қайсымыздың еңсемізді көтермеді, жолдастар?! Менің де жаным құрақ ұшып тұр. Қаншама жыл қой, соңында жүріп, аузымның аққа тигеніне тәдірге мың мәрте шүкіршілік деп, осы көбінің алдында жас директор Алыпбекке жүрегімді жарып шыққан бар алғысымды айтқым келеді. Әрине, бұным оған жақсы атты көрісім келіп тұрғандық емес. Қадамың құтты бола берсін, азаматым, — деді сөзге шыққан Сағымбай желпіне сөйлеп.

— Мұныңыз енді қалай десе де, жасыраы жоқ, бақырайтып тұрып-ақ көзге мақтау, — деді Сағат әдетінше тыпыршып күле отырып.

— Ой, қарағым, «жақсының жақсылығын айт нұры тасысын, жамаңның жамандығын айт құты қашсын» деген сөздің барын білмеуші ме едің?! Өйтіп, ауызға ұрма! Біздің де көкейімізді жарып жақсы сөз айтатын күн туғанын білмеуші ме едің, — деп оны бас салды Сағымбай.

— Сонда да, — деп тойнаңдады Сағат.

— Не қимыжық сондадасы бар? Адал еңбегімнің нәтижесіне не айтатының бар, а? Алыпбекке дейін де әр саулықтан қозы, әр қойдан жүн, не керек, тиісті өнім алмаған жылым жоқ. Бірақ — деп демігіп дем алған шопан көпті сүзе көз жүгіртіп, ойлана қалды да — түпті жаз — жайлау, күзгі — күзек осы Алыпбек келген соң ғана оңғарылған жоқ па! Малдың аз өлім-жітімі де содан пышақ кескендей тыйылды. Екінші, не таласатыны бар Алыпбек енгізген шаруашылық, есептің нәтижесі емес пе, өткен жылдың қортындысында екі мыңның үстінде ақша алдым. Айтшы, осыған дейін соншама қыруар табыс тапқаның бар ма? Жоқ. Бекең, Бәйтекеңдерді қойшы, бұрында ол даңғайырлардың шаңына ілеспедік. Енді, міне, — деді көпті сілтідей тундырып сөзін аяқтаған ол.

— Сағымбай өте дұрыс айтты. Бала күйімізде шешеміз ескі кір көйлегімізді жуып қайта кигізгенде бойымыз өсіп, көңіліміз тасып қалатын. Бәрінің де басыңнан өткен нәрсе, өтірік пе — заңды асығыс бір шолып өтіп, қолдау таппағандай өзін-өзі қостап сөзін жалғаған ол — ойланыңдаршы, аз уақыттың ішінде қаншама жақсылық, жаңалық келді ауылға. Көзіміз енді ашылды. Экономикалық талдау, өзіміздің, әр малшының деймін-ау қайткенде тұрмыс жағдайы жақсаратыны, еңбекті қалай ұйымдастырғанда,

қандай шығындар болмағанда, айлығымыздың көбейетініне дейін қолымызға ұстатқан жоқ па? Бұл — сөзсіз Жандыбаевтың еңбегі. Бәрі алақанда көрініп тұр. Өтірік дөңдерші, қане.

— Сәрік, Сәне, бүгінгі совхоздың сырт көрінісін де назарға ала кетіңіз, — деді біреу арт жақтан.

— Е-и-и, сырттан қарағанда отқа күйген күлшедей қодырсып жататын совхоз орталығы алыстан қала сияқты көзге тағалысады қазір. Ал, езіміз отырған ескі қыстақтардың өзі — осы кезде Төре-ханды енді ғана байқағандай оған жалт қарап — бұрынғы директор-ау, бүгін барып көріңізші, кірсе шыққысыз көңірсіп тұрған малшы үйін көресіз. Баяғы қыста азынап, пені түтіндеп, өсік-терезесі аңғал-саңғал, қабырғасы әктеніп, еденінен шаңы бұрқылдап жататын мал қорадай үйлер түстегідей. — Маханов ырғалып отырды. Ақ сүр жүзі қызалаң тартып едәуір қысылып қалды.

— Алыпбек, осы бағытыңнан адаспа, алға! — деп Сәрік жалп етіп өтыра кетті.

— Тағы кім сөйлейді? — деген Сапарға;

— Мен. Маған ұлықсап өтіңізші, — деп Байтас тұрды орнынан.

— Менің гажап таң қалатыным — осыған дейін бұрын бәрі құр-дымға кеткендей дүниеде молшылық есігінің айқара ашыла бас-тағаны. Мұнымда бастықты мақтағанға, қошаметке жорымандар. Шыңдығы осы емес пе? Оу, Ақат, ақсақал, селсовет сіз айтыңызшы, осыным өтірік пе. Әлгі сауда, дәрігерлік, маданият, тұрмыс қызметі дегендер атымен жоқ еді ғой. Ақ жарылқап күн туып, апта сайын, «оу, сіздерге не керек, қане шопан кітабында не жазылып еді, көрейікші, оларыңыз міне! Ендігі керектеріңізді айтыңыздар» деп есігіміздің алдына көп бөйек болғандар ділгерлік деген ұғымды жоққа шығара бастады. Кино, концерт дегеніңіз, қызықты кітөп әр қойшының от басында апталық ұшырасар сырласына айналды. Енді не керек жаныңа — ол ежірейе қарады. Бәрі бар. Тек адал еңбек ет. Міне, кіммен кездесем де, өз әріптестерімді айтам, жаңа басшылыққа рақметін, алғысын айтады. Содан шығар, еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін атойын салып Майқоңырдың ескі әруағын шақырғаны. Еңбекке жұмылды, іскерлік, қоғамға жана-шырлық өсті. Ол — табыс! Молшылық ұраны боп естіледі қазір. — Күні бұрын біреу сөзге даярлап, сен мынаны айт, сен мына мәселе төңірегінде сөйле деп келісіп қойғандай, суырыла шығып, совхоз өмірінде болғаны мен болашақта болатынын саралап жатқан күні кеше, иә енді қалай дер, осыдан бірер жыл бұрын ғана өз өмірінде, қол астында, еңбек еткен мондыбас жандар қазір Төреханға тіпті басқаша көрінді. Бұған есті өз құлағыңмен, ере жүріп көр, таныс біздің бүгінгі жаңа бетбұрыс тұрмысымыздағы жаңалықты дейтін-дей шоқтықтарын көтере қыза түседі олар. Таң-тамаша қалып отыр. Мың салса бір баспайтын ерқашты, мүйіз желке, өз етегін өзі басып шұбатылған жандар ширап жараған сәйгүліктей бұған жалт-жалт көз тигеді.

— Әркім өз міндетіне адалдық көрсеткен жерде қандай нәтижеге қол жететініне бүгін бәріміздің де көзіміз жетті. Адал еңбекке адал ақы алады екенсің. Оны кордік. Сегіз жүз биеден сегіз жүз құлып алдық біз. Етке тапсырылған құнан, дөненнің салмағы анау — осы сөздерді Боранбай өзіне қарап айтып тұр. Төрехан кірпігін қақпай ішінен «адал еңбек, адал ақы...» Неменеге тәптіштей бересің. «Рақатын өзің көреді екенсің де! Мақтанып тұрмысың» деп күрсіне демін тартты. Ал, сол табысты төгіп тұрған түлікке көзқарас әлі түзелмей келеді. Директордан бастап, партком, рабочком, селсоветтің аузында бір ғана сөз «қой!» Оу, қойдан басқа түліктің соруы бар ма? Қарақойынның күн бетіне мына отырған Аталас Сергей «сенің жылықыңа қатырып бір кәмплекс салып берейін» деп пондамент құйғалы жылдан асты. Онысы әшейін бізді емексіту болып шықты. Әлі қабырғасы тұратын емес.

— Саспа, Бөрөке, осы жаз! — деп дауыстады Плетнев.

— Жаздан кейін күз, одан кейін қыс, — деп қекете езу тартты Боранбай.

— Батырекесі сәл пыдасаншы. Біз ойнап жатқан жоқпыз, — деп ұзын белін жазды Афанасий Сергеевич Боранбайдың орпына барып аузында сөз. — Еңбек адамына, бүгінгі шабыты тасып, молшылық үшін күреске шыққан елге бізде жатса жастық, тұрса төсек болсақ деген бір ғана мақсат бар. Бекең, Бәйтекең сияқты ел қарияларының ізбасарлары Серік, Сағымбай, Байтас өздерің бастаған топ, міне, сол өнегені ілгері дамытып енді қолға алған ауыл жастарының бастамасы бәрімізге жаңа еңбек бақытып, оның абыройын сыйлады. Соның айғағы — дей берген оны қолып көтеріп — Алылбек тоқтатты да:

— Жолдастар асылы болған, атқарылған жақсы іс, қол жеткен нақты нәтиже ғана, жан семіртсе керек. Сондықтан Афанасий Сергеевич, іске көшіңіз, ертең пәлен боладының керегі не! — деді.

— Ойбай-ау, енді ертең, күні ертең болатын, бүгін атқарылып жүзеге асырылып жатқан маңдай тер төгілген жұмысымызды да айтпа дейсіз бе?

— Халық өзінен-өзі көреді. Алдын-ала ұрандаудың не қажеті бар!

— Бұныңыз енді қиянат, иә, жолдастар, ашық көптің жиналысында есеп берген Жаңдыбаевтың сөзін толықтырайын деп тұрғаным жоқ. Болғанды, болатынды ғана айтпақ едім. Сәл ойым бөлініп кетті — мойның бет-аузын сипалап ойланғандай, — Күркіреуік беттегі — деп тағы аз кідіріп — сол тоғанның оң шығынан қоңыр бетке қалана бастаған ферманың ірге тасы — болашақ бақыттың думанды шаттықтың мекені. Әне, сол жерде сонау қаладағы тұрғын үйлерде не болса, бәрі болмақшы. Әне, ұйымдаса білген, ұйымдастыра білген дубірлі еңбектің алғашқы ақ қадамы. Біз ол мұратқа жеттік. Одан да күрделі іс атқарылмақ! — деді ажарында нұр тулаған қарт кудылысты инженер.

— Кешіріңіздер, егер сәл артық сөйлесем, — деп бастығының сөзін қуаттағысы келді ме, Дәурен көтерілді. Бүгін сіздер Жандыбаев жолдас директор болған уақыт ішінде атқарылған жұмысты тілге тиек етіп едәуір жерге бардыңыздар. Әрине, жақсыны жақсы, жаманды жаман деп көзге шұқымаса, айтпаса болмайтыны рас. Бірақ істің бәрі әлгі шығыш сөйлеген жолдастар айтқандай тамаша ма? Жоқ, тиісті олай емес. Қыруар қиыншылық тосқауыл — жас жігіт осы сөздерге қинала қабағын түйіп — аяқ бастырмай отырғанын, еңсені басып тұрғанын неге айтпасақ. Шопан, малшы қауымға мәдени-ағарту, тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту — бас істің тетігі ғана ма? Дұрыс. Бұл бағытта алға басу бар. Егер, үкіліп зерттей қарасақ, малшы ауылдың қора-қопсысын, үйін жөндеп, әлгі жақсы қызметімізді көрсетіп, — деген ол енді бетіне күлкі үйіріп — домбырада күй тартып, сырнайға қосылып ән салып билеп, үрдісті мұратқа жете аламыз ба? Тым аз, қысқа түйін бұл. Рас, көп мақсатқа Күркіреуік тоғаны жеткізетініне менің күмәнім жоқ.

— Нақты ойынды, қысқа түй, — деп килікті Сапар.

— Қысқа түйсем, Жандыбаев жолдас өте жасқаншақ қимылдайсыз, тартыншақсыз, көп ойлайсыз, іркіле бересіз.

— Иә? Қай жерде? — деді Сапар Дәуренге жалт қарап.

— Мынау не дейді, ей!

— Нағыз әкесі ғой!

— Дабырламаңыздар, — деген Сапар орнынан тұрып, көпті тыныштандырып, Дәуренге бұрылды да, — айта бер ойынды, жасқанба, — деді.

— Өзім де жасқанайын деп тұрғаным жоқ. Қазіргі құрлыс қарқынының тежелуіне басқа емес, сіз кінәлісіз, жолдас директор.

— Дұп-дұрыс! Тап бастың бала! — деп Сәрсен барқырай айқайлады.

— Бақбергенов бұл жиналыс! Көпшілік жиналысы. Неге бақырасыз, — деп ескертті Сағат.

— Жаның ауырса бақырмақ түгілі жыларсың, — деп ол да есесін жібермей жатыр.

— Сөзімді әрі жалғасам, — деп Дәурен жан-жағына жауаңдап мен басқаратын құрылыс бригадасында он бес адам бар. Бәрі осы ауылдың жастары. Осы бөріңіздің «ауылдан безгендер» дейтін «қашақтарыңыз» — өз құрбым. Ақсақалымыз — Сәрсенөң. Онысы — Сәрсен. Бізге не жетпейді, Алпеке, жақсы білесіз. Жас жігіт директорге тігіле шытынап қарады. — Құрылыс материалы. Ал, оны — дей берген Дәуреннің сөзін орнында отырып Сәрсен тағы бөлді.

— Мақсұттың ақылын алмаған өзіңнен көр. Болдың ба, директормен, Аталас Сергеймен келіспей түк шықпайды деп. Тарт соның тақсыретін-азабын көш!

— Сәке, сізге не болған, шыдасаңызшы, сөйлесін, ойын айтсын, — деп Сапар қайта тұрды.

— Ойымды қысқаша айтсам егер шаруашылығымызды өрге бас-

тырамыз десек, жастарға ерік беру керек. Жолымызға тосқауыл қоймаңыз, — деді орнына отыруға беттеген Дәурен.

— Мынауың не сөз? — деп өре тұрды Сағат.

— Сізге де айтылған. Басыңызды изей-изей кеткенсіз Айгүл Қаныбековна екеуіңіз сол құрылыс жұмысына мына бізбен бірдей жауапты екендеріңізді ұмытпаңыздар, — деген Дәуреннің бетіне ажырая қараған Сағат үндей алмай қалды. Алыпбек көтерілді орнынан.

— Жолдастар, Бекеновтың сөзінің жаны бар.

Расында, оның айтқан ойы, ұсынысы көңілге қонады. Менің тарапымнан, Афанасий Сергеевич екеуіміз көп ыргасып, қолдан келмейтін, текке қаржы шығатын қол байлау әурешілік бола ма деп жүрексінін келу болды. Мойындаймын. Оным тартышақтық па, жасқаншақтық па, неғайбылға барғым келмегені ме, әлі өзіме бұлдыр. Ал, енді бүгінгі көп алдында айтарым — таяу күнде ол мәселені шешеміз.

— Әлі шешемізде жүрсіз сіз. Сізге әлі бәрі бұлдыр! Біз оны шешіп те қойдық, — деді шыдам жібі үзілген Сәрсен.

— Онда несіне сөз етіп отырмыз? — деді Алыпбек.

— Мәселе былай, — талтандап алшаң басып алға шыққан Сәрсен құрылысты басқаратын Аталас Сергей ме, Дәурен бе, кім? Соны анықтағым келеді.

— Иә, солар — екеуі де!

— Иә, солар болса, Жандыбаев жолдас, Жал, Балта сендердің шығын десе жандарыңның шырқырайтынып білеміз. Енді жарты тиын қара бақырың да керек емес. Соншама жалынып, тиімділігін, келешегін айтқанда, ойбай-ай, құдайдың қу даласында кірпіш күйдіру қайдан келеді қолдан, — деп ат-тондарыңды алып қашып едіңдер! Боғет салу аяқталысымен үй құрылысына өзі тіленіп барған Сәрсен оғар мінезіне басып, — Енді соның өнімін шыныдай шыңылдап, біріне-бірі тиген тастай сықырлап тұрған күйген кірпішті өз көздеріңмен көріңдер. Бұлғы жаздағы меже — осы әдіспен кемі бір миллион кірпіш күйдіру. Демек, ол бірнеше тұрғын үй — бүкіл алдағы уақытта салынар әсем ғимараттар, әңе сол. Иә, тағы біреуің «бұ неғылған батпап құйрық, тегіннен тегін жатқан құйрық» дерсіңдер. Бір шықпай, он кірмейді. Оны да ойлаған жөн. Осы кобиңнің алдында бәріңнің атыңнан Жәнібекке үш рет бас пің тағзым етем. — Ол қайта-қайта басып шұлғыды кеп. Өмірің — бақыт, жапың — күн, Жәнібек сенің! Егер — таты да дауысын созып, кеудесін кере толғанған Сәрсен — озіңнің өнеге болмаса Мұрат, Сейіт, Нәдір сияқты құрылыс ісінің бесаспап майталмандары жазда дүңпепі түтіндеткен аптабы, қыста арқырап бораны, тулаған құба далаға аяқ басар ма еді. Нәке, — деп сылыңғыр сида денелі кісіге тігіліп. — Әсіресе сізге мың алғыс! Ашырай, ашық, айдалада кірпіш күйдіруді үйреткен, сіздей даңғылға ойымдағы разылығымды қалай жеткізермін, — Нәдір атты кісі орнынан қозғалақтап. — Оны жаса-

ған өздеріңіз ғой. Мен тек жолын ғана көрсеттім. Бұрын көргенімді ғана, — деп тойпаңдап еді — анау:

— Қойыңыз сөзді! Бұл әдісті кім тапса да барып тұрған дәнішпан! Дәнішпан болғанда енді-і білгір, ойшыл кемеңгердің өзі! Міне, жолдастар, бұған мақтанбай, шоқтығым көтерілмей қалай шығармын. «Майқоңыр» даласында көше тартқан қызыл үйлер ол! — деп еңтігіп әрең тоқтады. Расында да ешкім күтпеген жаңалық еді бұл. Осы жақын күндерде ғана, со жолы қаладан үйін көшіргелі барған сапарында өз отының басында сырлас достары Мұрат, Сейіт және Нәдірге ауыл өмірінен бірқыдыру әңгіме шерткені бар Жәнібектің. Міне, сонда айтысқан уәде, алысқан қол тәркі болмапты. Жәнібек те едәуір осіп қалды. Жаңа Нәдір алдыңғы жақта отырған Жәнібекке көп ішінен оза шауып жолыға алмаған. Бір-бірін енді көрген өкеуі бас ізеп, қас қағысый амапдасты. Зал аңтаң. Алыпбек Сапарға, Сапар Сағатқа қарап пықтарын қомдады.

— Айтулы іс! Жігіттердің бұл ерлігіне таң-тамаша қалдым. Жас келсе іске деген осы! Өркендерің өссін! Міне, өрелі, келешекті жұмыс деп осындайды айтады, — деп сөзін көтермелеуден бастаған Шекербек — мені тек қана Күркіреуік жәйі толғандырады, — бәрі не дер екен дей ме, оның аузын бағып қалыпты. — Табиғат ана өзі соққан асу бермес арқа, жел аспас белді қақыратып жарып өткен долы селді ұстап, негінен қағатын құдырет қайда?! Сол аңырайған өңешке үш вагон тас үйдім деп көбің мез боласың! — Көпті көзіңің аясына сиғызып кеудесін кере тінте қарап. — Өттең қор болған дүние, зая кеткен еңбек, босқа шашылған ақша! Ертен сан соғып, бармақты тістеп қалатын ауылдастарыма жаным ашиды.

— Шекербек Мамыров жолдас, не айтып тұрғаныңа есеп бересің бе?

— Тоқтат сойқаныңды! Ірітпе халықты! Сенің көрішкелінді жатқа білеміз, — Сәрсен бастап, басқалар қостап көпшілік дүрлігіс қалды. Талайдың жанды жеріне тиген мына у сөз жұрттың ыза-сын оятты. Ашындырып жіберді. Бірақ ол сасып, қысылатын емес. Арқасын кеңге салып тұр. Әлі де сөйлей түсіп:

— Қасықтап жинаған дүниені Жандыбаев басқарған топ шөміндетіп төгіп жатыр. Оның кімнің жыртығын жамап жатқанын бір құдайым біледі, — ашық сілтеді. Бұл өзі өз болып түйеге мінгендей халық алдында біреуге көріне шүйілген шығар. «Төрехан жай келген жоқ. Дәуде болса осы жолы Жандыбаевтың кулнаршасын шығаруға келді. Қой, осы жерде аймандай етіп, ана көрсоқырлардың көзін ашып бетімді білдірейін» деп манадан шиыршық атқан Шекербек бірден осылай ақтарылды. Жұрт дуылдап кетті.

— Паһ, шіркін, тауып айтты! Жандыбаев шөміншесе сен шектеп төккесің.

— Онда да өз өңешіңе, Күркіреуіктің ашық аузындай өңешіңе құйылған!

— Ұялмай қалай сөйлейді ей!

— Тоқтат сөзді! Бізге былшыл емес, іс керек! — Көп арадай шулады.

— Е, кәпірәтивке бастық болып, жілігіне қайта май жүгірген соң, не демесің!

Шекербек сөйлегенде қопақтап, кей тұста басын изеп құптағанын аңғартқан Төрехан ілезде басыла қалды. «Мұнысы несі, есі бар кісі бітіп тұрған, бір совхоз ғана емес, бір аудан, облысқа дейін ауыз толтырып айтып, қаншама жаңалық, ұйымшылдық деп таныған тоғанды сөз ете ме? Ой, мынау таза күйгелек, ұрдажық болыпты ғой. Бір адам сөзін сөйлеп қостамайтынын біле тұра, көп алдында ақымақ болып, көнтің қадірлісі, жазықсыз жанның жағасынан алғанның қай жағы бұл! Дәл өзі», — деп Шекербекті іштей сөгіп отыр. «Ұят болды-ау! Ал, мына арыз-шағымдары да осындай берекесіз бірдеңе болса, мұның шотын шабамын деп өзім масқара болмайы. Төке, оны да ойла! Әрі-беріден соң осы жиналысқа келіп несі бар. Сөз құған адам болайын дегені ме? Ермегі бар. Білдей бір мекемені иеленді. Соның көсегесін көгерте бермей ме? Ей, ессіздік-ай, осыған ақыл айтып жүрген өзіме де обал жоқ!» Оның ойына Бақыт Батыровичтің мына ішкі іштер қызметкері екеуін оңашалап айтқан сөзі оралды. Әр сөзін салмақтап, екшеп сойлейтін кісі ұғып, есінде сақтасын дей ме, айтарын кітаптан оқығандай теріп отыр.

«Аудандық комитет сіздерді арнайы жіберіп отыр. «Майқоңырда» жақсы істер баршылық. Соны бастама, өнеге тұтар шаралар да аз емес. Әйткенмен домалағы бар, басқасы бар шағым да үздіксіз жазылып жатқан жер. Мәселені халық өзі шешетін болуы керек. Еңбекшінің көзінен таса ештеме болмайды. Халық көзі айна! Хатшының әр сөзін ішінен қайталаған Төрехан Маханович «мәселені халық өзі шешетін болуы керек» деген пікірге маталды да қалды. «Қалай түсіну керек? Онда біздің мұнда келіп не кереміміз бар еді. Жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарына жіберіп тексертіп алмай ма? Және адам тағдыры ойыншық емес. Осында Шилжан есімді біреудің аты көбірек аталған. Оған байланысты, — деп хатшы аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлеріне, — жәйтке тереңірек зер салыңыз. Ал, егер Жандыбаевтың ол кісіге — осы жерде біраз үзіліс жасаған ол көзін кеңірек ашып ойлы қалыпта, — жасаған қиянаты анықталса, уақытты оздырмаңыздар», — дегені құлағына қайта келді. Бү не сөз? Уақытты оздырмағанда не істеу керек. Егер анықтала қалса...» дейді. «Апырау, хатшының бұл қай айласы, мені мұнда еш күмәнсіз әдейі жіберді. Ұдайы бес жыл басқарған елің. Кімнің кім екенін жақсы білесің дегені сөзсіз. Әрине, бір жағы сынаулы да. Әлде осы бықсыма шағымда сенің қатысың жоқ па деп отыр ма? Бү кісінің көзінен қалыс таса не бар. Әттегене, таянбайтын адамға таянып, соқтық-

пайтын жерге соқтығып, ойхой, көң дүние-ай, сәні де тарылтып болдым-ау! Осы шатақтан құтылсам ба, енді қайтып мұндай сұмдықтың шенін баспаспын-ау! Көгермегір Шекербек, Шығыр нелерің бар еді осынша шағымданатын, Болмай жатып Жандыбаев не бүлдіре қойды...» Бү шағымдарды әйда, не болса да осы көптің алдына салып жіберейін. Халық өзі шешсін. Сонда «қой да аман, қасқыр да тоқ» маған ыстық-суығы бәрі бір емес пе! Қай жеңгені менікі. Осы кезде Шекербекке көзі түсін, бір түрлі жеркенің, жүрегі айшып сала берді. Әлдене көңіліне түйткіл оралды да: «Иә, қай жеңгені менікі» деп ойын қорытты.

Сапар бес минут үзіліс жариялаған, оны Төрехан оңашалай берді.

— Біз жәй келгіміз жоқ. Көп шағым бар. Соны қазір ашық оқып беремін. Халық не дер екен.

— Тексермейсіз бе?

— Жоқ, халық өзі айтсын. Бәрі төрт көзі түгел. Ақты ақ, қараны қара деуге батылы жетпей ме? Жетеді, өрине!

— Түсінбедім, — деді Сапар. — Тексеріп былай көзбе көз сөйлесіле мәселе бұлтақсыз, ашық айтылады. Бар гәп сонда. Шағым иесімен кездесіп алдын-ала пікірлескеніңіз жөн емес не еді.

— Оны да ойлаң едім. Әйткенмен, тексерудің осы тәсілі дұрыс шешімге апаратын бір төте жол боп көрінді. Екі арызда ғана шағымданушының аты-жөні ашық көрсетілген. Басқалары — домалақ.

— Өзіңіз білесіз. Тексеретін сіздер, — деді Сапар Төреханның ойын әлі де айқын түсіне алмай. Әйтеуір, мәселенің ақиқатына жетсеңіз бопты да.

— Жетеміз, — деді Төрехан.

Партком хатшысымен қысқа ғана осылайша тілдескен аудандық агро-өнеркәсіптік бірлестіктің төрағасы іске шұғыл кірісіп кеткен. Оның басында бір ғана ой «мені Бақыт Батырович мұнда бекерге жібере салған жоқ. Соңымнан бақылап, бұқпантайлап қайтеу» екен деп қарап тұрған ащы сұқ көздің бары сөзсіз. Ендеше, менің қателесуіме еш жол жоқ. Болғанды болған, болмағанды болмаған деп, әркімнің күнәсі мен сауабын саралап салмақтап ашып, нақты шешімді сол кісінің өз еркіне тастауым керек. Өз басым өзіме қымбат. Кімнің шашбауын көтерем. Таянып кетсем, құрдым боп жұтатын осы елге келгім-ақ жоқ еді. Жанымды қойды ма, Батыров! Бұл елдің бар жағдайын кімнің кім екенін білмеймін бе? Мына Шекербек бастаған топтың көкейінде не бар, нені көксейді, ендігі мақсаты не, мен үшін құпия ма? Бірақ көзсіз көбелектей олардың ырқына кетсем, отқа түсетінім де ақиқат. Сондықтан Төрехан-еке, дәл осы жерде басыңа жұмыс істет. Ақылға сал. Адасар жерің бұл емес! Халықтың Жандыбаевты дүниені өзгертуші құдырет санаған түрі бар. Соған сенеді. Әбден елігін алған. Ал, көптің сеніміне ие болған адамды сүріңдіруге қаншама күш керекін білсең

керек-ті. Байқайсың ба, мына отырғандар бір кездегі сен көрген, иіс алмас, айтқаныңа «құп!» деп тарта беретін сиқаттағы жандар ма! Өзгерген. Сүт еміп, қара құлақ болған құлындай тулап, өртеңге шыққан шалғындай жапырылар емес. Байқа! Мұндайда бетің бар, жүзің бар демеі өзіңе дүрсе қоя беретін бой-бермес адуындықта табылады. Әсіресе, қазіргі қайта құру екпіні...» осы ойдағы ол сырты ұстала-ұстала ақ жемі шығын тоза бастаған үлкен былғары папканы ашып ішінен мұқият бүктелген арыз-шағымды алып шықты. Бір совхоздың бас көтерер адамы партияда бары, партияда жоғы бар директордың шаруашылық есебін тыңдауға келген жұртшылыққа маңғаз кеудесін керіп, такаппар назарын аударды ол. Жоғарылап қызметі өсіп кеткен бұрынғы директор, ел ішінде «ой-хой, кең дүние» атанған жігіт ағасын аяқ астында не күлен соққанын кім білсін өзінен-өзі қысылып беті дуылдап қызара қалды. Тосаңсып жатырқаған бейтаныс жандай көптің бетіне жаутаңдап аз кідірді. «Бұл не дер екен» дей ме бұған қас қақпай қарап қалған көпшілік те оны қимылсыз бағып қапты. Бір кезде осы көптің алдында суырыла шығып, жорғадай тайшалық кесіле сөйлейтін жігіт тамсанып, таңдайына тас жабысқандай қипақтап орамал суырып аузын сүртінді. Тамағын кенең, желкесі құрысқандай мойнын толғап:

— Сәлематсыздар ма? Гапу етіңіздер, сіздердің алдарыңызға дәл мұндай мәселемен келемін деп үш ұйықтасам ойыма алған емес едім. Жағдай осылай болды. — Торехан Маханович өзінің қысылып тұрғанын жасырмады. Ағынан жарылған сыңай танытты. Басын көтеріп, көпті шолғанда қабағын қарс жауып жауатын бұлттай түнерген Шекербекпен көзі ұшыраса кетті. «Бүлдірдің, неге ақылдаспадың, оңбаған!» дейтін сияқты. Кімнің қазір не ойлап, не демек болып отырғанымен мұның не жұмысы бар. Ақиқат аңғарғаны дәл қазір бұған жылы шырай танытқан тірі жан жоғы. Едәуір тойпаңдап айтары өзіне құбыжық, сұмдық боп көрінгендей, енді терлей жөнелген ол — лажым жоқ, басқаша түсіне көрмеңіздер. Бұл шағымдарды алдымен астыртын құпиялап тексеруді дұрыс көрмедім. Оны жазушы да, шағымданушыны айтам, — деп денесі орнында бар ма дегендей ырғала қозғалып — кінәлі дейтін кісісі де осы өз ортала-рыңызда отыр. Сондықтан бүгінгі жариялылық заманында сіздерден жасырып бұндайды бүгін қалуға ешкімге ерік берілмесе керек. Солайда мына шағымды оқып шығайын, — деп ағызып оқи жөнелді. Екі бет шағымды оқып шыққанда өзі де оттан шыққандай күреңітің кетті. Қандай түйсіктің қамалағаны белгісіз тұла бойы дуылдап, ине шабақтағандай ашып қоя берді. Бұған дейін сан оқып, әбден танысқан, жатқа білетін фактілері көз алдында сұйылып, түкке тұрғысыз бірдеңе болып бара жатты. Кешегі директор, бүгінгі аудандағы ауыл шаруашылығымен айналысып отырған тұғырлы лауазым иесі өзінен-өзі шөгіп, көптің мысы басты ма, бода-бода. Аяқ астында әбігері шықты. Соны байқады ма:

— Шағымды жазған кім?
— Аты-жөні бар ма?
— Кімге тиіседі-ей, мынау?!
— Енді-енді есің жиған елге тағы бір бүлік келгені ме?
— Бұл тағы қай масқарасы! Жаланың қай жағы?
— Сұмдық екен! Манадан сілтідей тұнған көп дуылдан жөнелді.

— Оу, мынау деген құлақ естіп, көз көрмеген ұятсыздық қой! — біреуді біреу кимелеп сөз жарысы басталып кетті. Төрехан жабыла шөкелеген тастан қорғанып жасқанғандай екі қолын көтеріп тұрып қапты. Ашылған аузын жия алмай аңтарылған.

— Жолдастар, сәл тынышталыңыздар! — Сапар дауыстай тұрды орнынан. — Қазір бәрі анықталады. Төрехан Маханович уақыт кетірмей және өсек-аяң, орынсыз бос дабыра етек алып, жұртшылықтың санасын уламасын, халық мұндай мәселені өзі шешсін деп сіздердің алдарыңызға бәрін жайып салды. Міне, ортамызда о кісімен бірге келген заң қызметкері де бар. Солайда сабыр сақтаңыздар, — деп басу айтты.

— Шағымның авторы да осында отыр, — деп залға жалтақтап қараған Төрехан:

— Жасырын емес, ендігі сөзді — дей беріп еді арт жақтан біреу:

— Ашық сот қой мынау, — деп қалды.

— Е, сол ашығы болсыншы, — деді елендей оңды-солын тінте қарап таңданған Сағымбай — біз де кімнің кім екенін білейік.

— Сот болса, алдымен тергеуі болмаушы ма еді, — деп ыңыранды Шекербек.

— Дабырламаңыздар. Бұл мәселені өздеріңіз шешесіздер. Бос сөзге уақыт жоқ, — деп шегелей сөйлеген Төреханға.

— Әлгі арыз иесі қайда, шықсын да! — деді манадан түйіліп отырған Байтік бес тал сақалымен алысып.

— Қане, Әшір Сауытов жолдас, былай қарай келе қойыңыз, — деп қолындағы қағаздарын қобырата көтерді тағы Төрехан. Көптің орта тұсында отырған ол жердің жарығы болса сіңіп кетердей бұғып, басы салбырап тұрғанын алған. Былайша да сары кісі мыс самауырдай боп өртеніп отыр. Астыңғы ернін тістеп, түнере түскен.

— Сауытов жолдас, былай көптің алдына шығып, шағымыңызды бекітіңіз. Мәселе Жандыбаев төңірегінде болып тұр, — деп Төрехан ойын нақтылай түсті, Әшір қозғала қоймады.

— Менде ұсыныс бар, — деді сәл дабыра басыла бергенде Сағат — беталысы бұл өзі бұрын-соңды естіп те, көріп те, біліп те істес болмаған соны тексеріс болмақ. Солайда мұнда сөйлеушілердің сөзі жазылып, шешімі де саралансын. Әр сөз қағазға түссін.

— Дұп-дұрыс!

— Өте қажет.

— Келешекке де, бүгінге де нұсқа болсын!

— Келісеміз бе, жолдастар, — деп Сапар көпшілікке қарады.

Жиналыс бірауыздан мақұл дескен. Осы сәтте екі адам — Алыпбек пен Әшір дүниенің бар ауыртпалығын көтергендей қысылды. Ойда жоқта, болмағанды болды деп мұны жұрт алдында бедел-абыройдан жұрдай еткен көп кінә, қылмысты айып Алыпбекке төбесінен жай түскеннен кем тимеді. Ойы неше саққа жүгірді. Әшір оған қолына от алып, құба жонға өрт салып жүгіріп бара жатқан ессіз, ақылынан адасқан жандай көрінді. Есін білің, оң-солын таныған тіршілігінде мұндай сұмдықты басынан кешіп пе! Құлағына арадай ызындап ың-жың естілген әлгі шағымдардағы көп сөз, көп айтыпты бұл қайдан тапты. Мұндай сорақылық көзсіз қиянатқа баратындай бұл жігітке қандай қиянатым болды. «Осының бәрі аудан басшыларының құлағына жетсе...» деп бір күйін, бір суынған ол — әрине, жетті. Әйтпесе мына Төрехан Маханович өз бетімен келмесе керек еді. Бақыт Батыровичтен ұят болды-ау! Бір емес, екі емес. Аңадағы Бөкірдің фельетоны анау! Әлі ысылып, пісіп жетілмеген шикі өкпе екен-ау! Көптің талғамы, таңдауы дегеннің де қателестіргені ме! — деп күйінген шығар о кісі де, — деп маңдайынан төрі бұрқырап жаны езіле қиналды. «Апыр-ау, мен не жаздым. Бар кінәм елге жақсылық іздегенім бе? Жар құлағым жастық көрмей, түң ұйқымды төрт бөліп, қайтсем «Майқоңыр» ауылы даңқты, көрікті, байлығы тасыған жан-жақты мәдениетті кемелді ел болады дегеннен басқа не жаздым. Қайтсем, ел сенімін ақтаймын. Бірді екі етемін. Халықтың көңілінен шығамын. Партия алдында азаматтық, коммунистік адал борышымды өтеймін дегеннен басқа менде не ой бар еді. Ең болмаса мына Төрехан тәрізді лауазым қызығын да көргем жоқ. Әлде қиянат, озбырлық дейтін көзге көрінбей бұқпантайлап келін бас салатын нәле осылай келуші ме еді?» Оның ойын:

— Сауытов жолдас, мына халықты бекерге ұстамаңыз, қане сөйлеңіз, — деген Махановтың дауысы бөлді. Алыпбек опың жүзіне ықыласын аудара қарады. Әшірдің өңі мың құбылды. Онсыз да шикіл сары жігіт отқа балқыған мыс түске ешіп албырап тұр.

— Мен ештеме білмеймін, — деп күңк етті Әшір. Басын да көтермеді.

— Білмегені несі! Жазғанын ұмытқаны ма, сөйле! — десе біреу:

— Ой, мынау не деп тұр, — деп күйзелді Шекербек.

— Сонда шағымды ауданда жатып мен жаздым ба? — деп әр жерден оқыс шыққан дауысқа бір езуімен күлген Төрехан таңырқай жауап қатты.

— Әрине, сен жаздың! Қолыңмен жазбасаң да ақыл-кеңесіңді бердің, жөн сілтедің! — деп киіп-жаратын жар соғар әдетімен бүйірден Сәрсен қойып қалды. Сапар орнынан тұрып, қолын көтеріп, төртінше шақырып:

— Жолдастар, орындарыңызда отырып, сөзбен шөкелеуді қойыңыздар. Азамат тағдыры жайлы сөз болып отырғанын естен шығармаңыздар. Сөйлегісі келгендер көзекпен сөз алып, айтатынын

былай шығыш айтсын, — деді. Төрехан да әлгі сөзден басына қамшы тиген шабан жылқыдай жалтақтап қалды да:

— Ақыл-кеңес берген, жөн сілтеген мен дейсіз бе? — деп қолындағы арыз-шағымды көтеріп — міне, міне, — деп сасқалақтады. Әшір оған оқты көзіп қадады. Көпшілік ошарыла үршіп кеп, енді аң-таң тосырқай қарап қалған дала тағысындай мойындарын созған қалпы қыбыр етпей қапты. Манадан іштей өзін-өзі жеп «масқара болдым-ау! Мұнан да өлгенім жақсы еді. Әй, Мәрзия, сен бе сен кісіні пышақсыз бауыздайсың ғой» деп енді зайыбына қарады Әшір. Дәл қазір қолына түссе тірідей жеп қойтын хал кешкен. Көзіне көзі түскен Мәрзия қабағын қағып «сөйле, айт!» деп ымдады. Шекербек те, Қаныбек те бұған тігіле қапты. Мана «ой, мынау!» деп шалт үнін көтерген күйі мұны ішіп-жеп «әй, осы ит бүлдірмесе нетті» деп қыпылдап отырған Шекербек ақырын ыңыранды. Иығы ұйығандай Қаныбек қозғалақтап оң қолын көтеріп, — мына қол иықта тұрғанда, егер ойымнан шықпасаң тірі жүремің деме» деген сыңайда қабағынан зіл төгіп жұдырығын төмен түсірді.

— Әй, Әшір, бір қауым ел аузына қарап отыр. Не бұл тілі байланған жайдай, сөйле! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Бірақ, шыбындай жаның бар, арың бар жігітсің. Оны ел біледі. Әйтеуір, жарқыным, шындығыңды айт! — деді Сағымбай тынышы кетіп, көңілі едәуір орта түскен үнмен.

— Иә, сөйле! — деді Бәйткі.

— Арыз жазғанда пәледей, жауап берерде кенедей. Не тұрыс бұл! — деп Боранбай шықты.

— Мен ешкімнің үстінен әсіресе, Жандыбаев туралы ештеме жазғам жоқ! — деді. Әшір бұршақ-бұршақ маңдай терін жеңімен сұртты.

— Оттапсың! — деді Қаныбек жәй отыра алмай. Оған көзінің оты жарқ етіп атыла қараған Әшір:

— Әй, Қаныбек, Шекербек! — деп енді бар денесімен бұрыла адырайың, — осындай масқараны ұйымдастырған сендер емес пе едіңдер! Не үшін мен мына ел алдында рәсуа болам! Менің не жазығым бар? Алыпбек маған не жазды? — Енді беті ашылып алған ол бірыңғай түзеліп алды да — мені еріксіз осындай сұмдыққа апарған мына отырғандар — Шекербек, Шығыр, Қаныбектер. Енді оздері жауап берер. Ал, әділдік, шындық айт десеңіздер, — ол жан-жағына жауаңдай көз тігіп — мені Алыпбек буындырды, тағы Шілжанды қуып жүріп сабады. Содан ол қашып құтылды. Өлітірісі белгісіз дегендердің бәрі жалған, жала! Ал, Жәмилә пеше жайлы өсекті таратқан әйелдер. Оны мен көргем жоқ. Бір сөзбен айтсам, бұл өтірік шағым — деген ол. — Жалақор керек болса, алдарыңда міне, Шекербек, Қаныбек! — деді, түтігін демін зорға алып.

— Е, бәсе, Әшірден мұндай жала шықпаса керек еді-ау, деп манадан басын көтермей отырған Бекен өңсесін түзеді.

— Маған бірауыз сөз беріңізші, — деп Бөкір тұрды. Тұрарын тұрса да, тосаңсып, сәл кідірді. Мен Әшір сияқты айтқанымнан танбаймын. Осы шағымда көрсетілген совхоздың байырғы механизаторларын қысқартып шаруашылықтың бүкіл қозғаушы күші саналған қыруар техниканы қане, біреуің өтірік дені — деп, көпшілікке тесіле қарап алып — өздерің жөндеп, заводтан жаңа шыққандай өткен, сол машина-тракторларды өзінің көңіл жақын, сыбайлас, пікірлес, жемтіктес, тілеуқорларына таратып пайдалануға беріп, социалистік шаруашылықтың іргесін шайқалтып, жеке адамдардың баюына жол ашып, капитализмді Майқоңырда қайта дамытқан Жандыбаев емей мен бе? Неге бүгін тілдерің байланып қалды? Айтыңдар, сөйлеңдер. Жариялылық заманы бәрін айт, ашық айт деп отыр. Әрине, жіліктің майлы басы қолына тигендер сөйлемейді. Олар қайта сүттей ұйыған елді астан-кестен бұлдірген Жандыбаевты қолдайды, — деп көптің аңысын байқағысы келген ол тағы бір сілкіне қарады да — мұндай ұрда жық, өзім білем дейтін өркеуде жаннан бәрі шығады. Жәмила шешей мен Шілжанға да ондай қиянаттың, ал Әшірге жасалған озбырлықтың болғанына өзім сенем. Әр нәрсенің қисынына сену керек. Оу, ағайындар — осы алдарыңда тұрған жоғары білімді пәленбай жылғы тәжірибем бар мына мені қанша уақыт қаңғытты. Өне, атыңнан айналайын, жариялылық сөзімді сөйлеп, көңігі қызыметіме әрең деп қолым зордың күшімен жетті. Ендеше мұндай әпербақан бюрократ басшымен қолда бар байлықтың бәрі түгел құрып бітпей тұрғанда, есеп айырысқан дұрыс деп білем, — деп бір-ақ түйді ол.

— Не деп тұрсың сен, — деген Жәмила орнынан шаптыға көтерілді. Есеп айырысқанды дұрыс көрем дедің бе? Қане, есептесейік. Жал қайдасың, бармысың? Балта! Есеп-шотыңды ал қолыңа! Сен қаға бер, мен айта берейін. — Ананың қабағы қатып, қасы діріл қағыпты. Көпті барлап — әй, осы елдің қос қариясы, — деп Бәйтік пен Бекенді өзіне қаратып — Теке көз, кесе, неғып тілдерің байланып отыр. Адамдық пен адалдықтың жағасынан алдырып шыбын жанын шырқыратып қоймақсындар ма? Сапар, Сағат, Ақат сендерге жол болсын! Енді жаулығым желпілдеп менің сөйлеуім қалып па еді. Жа-р-райды! Аянатын ештемем жоқ. Әділдік үшін, елімнің игілігі үшін бәріне барам. Райком бар, обком бар, партия бәрін көріп отыр. — Әй, «ойхой, кең дүние» атанған азаматым, бәрін аздырып, тоздырып, ел мойнына үш миллион сом қарыз мінгізіп қызметің жоғарылап кетіп ең. Енді неменеге бүгін мұнда келіп, түк көрмегендей ескі қордаңа от қойып отырсың бықсытып! Тексеруші болсаң сен де жаз плокнотыңа. Жазып отыр. Алыпбектің қылмысын мен-ақ айтып берейін. О, халайық, ақ ниет зердеңе, адалдық ұялаған санаңа сен де жаз! Бар пәле алым-берімнен басталған жоқ па? — Жаулығын түзеп, қобырай көрінген шашын жинап самайын сипалап, көпке шатынай көз тікті, — Маханов бес

жыл бойғы директор, алым-бөрімге де келмей, Шекербөкке жасатқан жоқ па?

— Жә, екеуі бір кісі емес пе, тек аты бөлек!

— Иә, дәл солай — әр жерден сөзін бөлгендерге аз кідірген Жәмилә — егер Жандыбаев совхоздың малын санап, машина, тракторын тексеріп қысқасы, ортада не бар, не жоғын көзімен көріп, қолымен ұстап ендігі жерде шаруашылыққа жауапкер мен демесе, бұл сұмдық тумас еді. «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры» деген осы! Бұл жерде нақты аты, жөні кім екені белгісіз Шілжан атанып кеткен бейбақыт азаматтың есімі аталды. Шағымда оның өлітірісіне күмән келтірілген. Сол күні Жандыбаевтан әлесі боп таяқ жеген ол бүкіл елдің көзінше тұра қашып көзден ғайып болыпты. Шағым иесі оны құба жонда өлдіге санайды. Ал, әлсе оған басты кінәлі — Алыпбек Жандыбаев дейді. Егер, мәселенің шындығын іздесек, сол Шілжанды өлі болса сүйегін, тірі болса өзін табу керек. Мына арызды жазғандар оны енді тірі табылмайды деген нық сенім аңғартады. Адалдық айтуға біздің қолымызда айғақ тағы жоқ. Рас, оның бүкіл қабылдау комиссиясына өз қолымен берін кеткен күнделігі дей ме, естелігі дей ме қалың қара дәптері өзірше ешбір тексерушінің назарына іліккен жоқ. Тек еміс-еміс ұзын сарын олай деп жазыпты, былай деп кетіпті деген алып-қашпа даңғаза сөз ғана! — Жәмилә кәсіле сөйлеп кеңге сілтеп барады. Мелиса бала, — деп аудандың ішкі істер бөлімі қызметкеріне тігіліп — сол Шілжанды табатын сен! Ең болмаса сүйегін тапшы, шырағым. Неткен жұмбақ жан ол, бар құния сонда жатыр, анықтау қажет, — деді.

— Ол бір топ жемқорлардың малайы, малын бағып, қолына су құйып жүрген жігіті емес пе! — деп барқырады тағы Сәрсен.

— Оны мен білмеймін Сәрсен шырағым, бекерге құр қасық ауыз жыртарың емеспін. Мен пәлен істедім дейтін Шілжанды тапқанда ғана шешілер жұмбаққа мені әурелеме! Енді Алыпбектің «қылмысына» келейін, ол ең алдымен осы совхозды күл-қоқыс күйе, қордадан тазартты. Елді сүліктей сорған, ақ май аузынан аққан қоғамға берерінен алары көп бір топ алаяқтардың бетін аймаңдай қылды. Шаруашылық есепке көшіп, әркімге сіңірген еңбегіне ғана, онда да түпкі нәтиже нақты тапқан табысқа байланысты еңбек ақы төлеуге кең жол ашты. Одан кім зиян шекті; Оу, жұртым, өзің айтшы, — деген ол назарын залға тағы бұрды. Қарт ананың көзі жайнап, жүзі сұрлана қалған. Сұраулы пішінінде ызғар бар.

— Өмірі алмағанды алдық!

— Еңбегіміз жанды!

— Көсегесі көгерсін Алыпбектің! — Көп шулап кетті. Жәмилә әлгіден де шоқтығын көтерсе — сол еңбегің жанғанының айғағы емес пе мойындағы, мойындағы емес не, шаруашылықты тұралаққан үш миллион қарызың өтелді. Совхозың байыса, сен де бай, кедейленсе сен де кедей болатыныңа көзің жетті. Өнімді еңбек

етсең, мол табысқа ие болатыныңа сенімің молайды. Міне совхозбен бірге сен де молшылыққа жетіп келесің. Соның арқасында мемлекет алдындағы қарызың да өтелді, оның сыртында, сол табысыңның есебінен Күркіреуік бөгеті, қаншама мал қора, тұрғын үй қабырғасын көтерді. Өз игілігіңе айналды. Бүкіл келешегіміз ауыл жастары еңсемізді көтеріп, жаңа бастама, соны сөрпінен ел өміріне тың қуат, іскер күш кеп араласты. Жаңа қарқын, еңбек дабылың қақты, — соны ұйымдастырған кім? Жаңдыбаев! Терезеге жалт қарап әне, сонау алып бөгеттің оң иығын ала қабырғасын көтеріп келе жатқан ферма орталығына көз жүгіртші. Ертеңгі сәулетті ел тұрағы ол. Әне, Жаңдыбаевтың дұшпаны көрмей отырған жан «түршіктірер қылмысы!» — Зал еңсеріпте солай көз тігіп, қатты екпінмен келіп тосқауылға іркілген селдей саябырлай қалды. Қарт аныңң қарлығы шыққан дауысына көппен бірге терезеге еліге қараған Төрехан көктен түскен бейтаныс дүниеге тап болғандай күй кешті. Жәмиленің жарықшақтана шыққан дауысы құлағында жаңғырығып, мұны да, тыңдаған көпті де сілтідей тұндырды. Көз алды бұлдырап көкжиегі теңіздей толқыған далаға неге телміргенін өзі білген жоқ. Бар ойы: «Апыр-ау, не көріп, не естіп отырмын?» — деген сауалға тірелген. Берер жауабы да, айтар тың шешімі де жоқ. Тығырыққа тірелін, ауада қалқып қалған дәрменсіз халде аңтарылды. Бес жыл ортасында еңбек еткен ел, осынша қысқа мерзім ішінде танымастай өзгеше мінез, жаңа көзқарас талғам, таныммен өзін қайта салмақтап, өткеніңе есеп бер, бүгінгіні таны деп тап-жылтпай жауап күтетіндей көрінді. «Бұл өмір не болып барады. Алжыған кемпірге дейін қақшаңдап алдыңды кескестей ме, енді! Мұнда мен түсінбеген осынша уақытқа дейін пайымдап ұқпаған сыр болғаны ма! Сел боп ағып, тасқып боп тулап, жолыңдағының бәрін қарап қылдар не құдырет бұл! Жо...жоқ!» Маңдайын тіреп есеңгіреген халде көзін қайта ашты. Іштей өзімен-өзі болып, төңірегіндегі бұрқыраған уытты сөзге қайта құлақ түрген оны:

— О, жұртым, мұндай етекпен тартатын жаптым жала, жақтым күйеге құрбандыққа берер ар-намысымыз жоқ! Жалақор, күншілдер қалайда жазасын тартсын! Кім болса да кешірім болмайды, — деген ана ширыға барып орнына отырды.

— Су жүрген жерге шөп шығады. Өсек жүрген жерден өрт шығады, — деп бес тал сақалына жармасқан қолын енді жоғары көтерген Бәйтік. — Мұншалық насырға шапқан ұятсыздықты Әшір шырағым сепен күткен жоқ. Әкеңді де, шешенді де көрдім. Бір тоға, зиянсыз өмір кешкен момың жандар еді. «Ал, сеп? — Маңдайың маңдай терің қайта-қайта сүртіп, орамалы қолыңан түспей тұрған Әшір жан дауысы шығып:

— Әкетай-ау, ағатай-ау, жан аламысыз менен. Мен дайынмын жап беруге. Осы масқараны жасағандарды жаңа айтпадым ба? — деп күңірене тізерлеп отыра кетті. Кемсеңдеп басын төмен іді.

— Ой, мынау жігіт басымен қайтеді-ей! — дегенге басын жалт көтерген ол.

— Жұртым-ау, менде енді не қасиет, не адамдық қалды? Бет-аузы, жүйкесі тозды ма, әлде қысылғандығы ма жыбырлап — оңбаған арамниетті сұмпайылардың қолжаулығы болдым. Ар-абыройдан айрылдым...

— Қалайша мұндай масқараға баратындай есіңнен танып қалдың? — деп шүйілді өзін-өзі іске алғысыз еткен Әшірге ақырған Бәйтiк.

— Жанымды қойды ма, мыналар! Біреуі жүрегімді суырып, біреуі қуырдақтай қуырып, біреуі аспанды аядай, жерді тақиядай алақанында ойнатып есімді алып кетті. Ауданда, облыста біздікі. Бәріне өзіміз жауап береміз. Домалақ арыз тексерілмейді. Тек сенің атың пәміләң ғана тұрады. Сәнен ешкім ештеме сұрамайды. Ал, сұрай қалса, өзіміз жауап береміз демеді ме? Енді кеп...

— Е, ашық ауызым, жөнің енді белгілі болды, — деп налып, қинала қарады оған Бәйтiк.

— Аудан, облыс қолдарында болатындай олардың сепгені кім екенін білмедің бе? Айтпады ма? — деп айқай салды тракторист Бақыт.

— Айтты, — деп миңгірледі Әшір.

— Кім екен? Езбелтектемей аташы атын.

— Иә, естік.

— Неткен мықтылар? — Әшір тойпаңдап мына сауалдар басына сойыл боп тигендей төменшіктеп кетті.

— Оу, халқың аузыңа қарап тұр. Мұндай қырсықтың, ел берекесін алатын, бірлікке іріткі салатын кесірдің алдын алып, бетін шиедей ету керек емес пе! Бірақ біреудің обалын көтерме, шындық айт, — деді Бәйтiк Әшірді өкшелеп. Бұл сұрақ Әшірге оңай тимеді. Жалғыз жаны жар жағалап құрдымға құлардай қысылып, аяғын зорға басып еңсесін көтерді ол:

— Мендей бақытсыз, санасыз жанды несіне қуғындай бердіңіз, Бәке. Менің осы тартқам жазам аз ба?

— Бұл аз саған. Сені туған анасын тілдеген арсыз баладай отқа қақтаса дауа! — деп дауыстады біреу.

— Отқа мені емес, осы Маханов бастаған Шекербек, Қаныбектерді қасқырларды қақтаңдар. Мән осылардың алдау-арбауына түстім, — деді әлі таусылғандай демін зордың күшімен алған Әшір — мен де анасына тіл тигізген арамза ұл болдым, — Жігіт солқылдап жылап жіберді.

— Тек, борық неме екенсің-ау! Сүнегінде оты бар азаматқа көзінен жас шығару — өлім! Тоқтат! — деп дауысына бар қайратын жиған Бәйтiк айқай салды. Зал іші бір сәтке сап тынған. Қарттың қаһарлы үнінен қаймыға ма, әлде арты не, немен тынар екен деп аңысын аңди ма, әйтеуір тым-тырыс. Әркім өзімен өзі болып кеткен. Жарым жасын жерге жасағандай Төреханның құр сұлдері,

ез-ез үгетіліп, ел бетіне қарай алмай қалды. Тілі байланған. «Бәсе, осындай бір сұмдықтың боларын сезгендей тұл бойым бекер қалтырамаған екен. Әй, Шекербек-ай, бұдан да сен өліп, ақ жауып арулап қойғаным жақсы еді-ау! Мұның артында не қалды. Жазған шағымның өзіңе лағнет үкімі, халық қарғысы болды, міне!» Ақ сұр жүзіңде сөл қалмаған Төрехан тамсана берді. Ешкімнің бетіне тіктеп қарай алмай, қиналған ол әзірейілдей өзіне тап-тап берген Сәрсенге не айтарын білмей дағдарған түрі бар. «Не дермін. Не уәж, не дәлел айтармын. Бекер-ақ келген екем. Құрып қалғыр осы елде нем бар еді. Ерте ме кеш пе, бір сұмдықтың болатынын сезбеуімді ме едім. Біз тұрғанда саспа, бізден асын иық көрсетер бұл елде ешкім жоқ» дейтін. Шекербек мынандай болды. «Көпшілік дегенде желдеген саяқ жылқы тәрізді емес пе? Бір беттен алса оны тоқтату қашан оңай болып еді. Бірақ, бұ жерде үнсіз қалу кейбір кереауыз, ойсыз, тек сөз баққан пәле қуған санасыз жандардың қолына тағдырыңды берумен бірдей. Әне, «мылжау», «К-700» атайған Сәрсенді көрші бүгін! Жәмілә кемпірге қарашы! Өзегіңе от салған жоқ па. Пәлен жыл тасығанда бетіме тік қарап көрмеген Әшірдің сайрауын қалай түсінерсің. Отқа қақта! — дейді. Түсші солардың қолына, дүлей, арсыз, ойсыз, ақылсыз, ұрдажық күшпен саған тіл берместен құрдымға бір-ақ батырсын. Еңсесін көтеріп жан-жағына тімтіне қарап:

«Адыр-ау, осынша елден бір тірі жанның ұят болар, бекерге қызмет адамына шабуыл жасамайық. Осындай шиеленіскен дауды егер өз басы қатысты болса тексеріп, ақты қарасын анықтау үшін, қағына заң орнынан кісі ертіп келмес еді ғой дейтін бір жанның табылмағаны ма?

Ал, Шекербек, саған жол болсын. Дәл осы жерде сөйлемесең, мына көптің алдында өзіңді-өзің қорғамасаң, мәселенің насырға шабатынын көрмей отырмысың!» Оның басы төмен салбырап, мойнына су кеткен қалпын анық байқаған Төреханның шыдамы үзілді.

— Қане, жолдастар, сәл сабыр сақтаңыздар. Төрехан Махановичке сөз беріледі, — деді Сапар. Жібектей созылып, манағыдай емес, бойып бекітіп көп алдына қайта беттеген ол, қоңыр көйлекке жарасқан ақ галстугын қостюмінің жағасын түзеп, тамағын кенеп өткір жанарып күлім қаға жайдарылана тікті көпке. Бүніл залды көз алдына сиғызып, көн уақыт көріспей сағынышпен келген сыңайдағы көңіл шуағын ашық ықылас, жылы ілтипатымен жеткізді.

— Иә, үлкен-кіші қадірлі тумалар! Менің атыма бағышталып әлгіде айтылған сын, тіпті кінә көп жайда болған, орын алған кемшілікті тап басты. Орынды — сын! Бүгін міне мәңгейі себеппен үлкен мәслихаттарыңызға дөп келіп, баршаңызбен дидаласқаным өзімді бақытты санаймын, — деп маймаңдай тілінің майын сорғалата жөнелді ол. Көпшілік мына жылы сөзге тәнті болды ма едәуір қозғалақтан іште жүгінген баладай түйткілді ыдырата түскендей

бұған шырайлана қалған. Еңбектөріңізге, қазіргі қайта құру, жариялылық, демократия мол табыс, жаңа өрлеу, бұдан да биік мәртебе, абырой, атақ әкеле берсін! — деп бір тыныс қайырған төраға шешіліп сөйлөп кетті — «Майқоңыр» елі атағың жер жарды. Қайта құру кезеңінің оза шапқан, шылауың шаң қаппас жүйрігі, жеделдету тұлпары атапдыңыздар. Іске сәт! Жұртты тағы бір сілкіндіріп, өзі де езу тартып мәз болды да:

— Сіздердің табыстарыңыз мені де көкке көтереді. Мен де мақтанам. Осындай елім бар, даңқты жерім бар деп айдарымнап жөл еседі, — деп осы сөзім қандай ықпал әсер етті екеп дегендей қара көзі күлдіре төңкерді де — әрине ел іші — ақыл, ойдың өрісі деп тегіп айтылмаған. Ел болғасын телісі де, тентегі де болады. Мына бір — деп өзі де жиіркене көтеріп — арыз-шағымды жазғандар, қасиетті ел атына, оның қадірлісіне, азаматына баттатып кір жағыпты. Оғап көз жетті. Ұят! Ұят екен. — Тағы да көңің көкейіндегі дітін тап басқан ол — мұндай ессіздік кімнің аяғына оралған шұбар жылан екенін арыз жазғандар түсіне ме екен? Ойлады ма екен? Жоқ! Мұның аты мұқалмас шабытпен еңбек көрігін қыздырған осынау сіздерді сыйламағандық. Ондай көрінер көзге жасалған озбыр, ұятсыз қиянатқа жол жоқ! Қане, осы шағымдағы Жандыбаевқа тағылған кізәнің мынасы рас, ақиқат деп қайсың айта аласың! Ә, ә, үндемейсіздер! Өйткені жалған! Жала! Жұрт дүркіреп ду етіп басылды. «Сөзім көпшіліктің көкейін жарды-ау. Е, бәсе, осылай болса керек еді ғой» деп Маханов бірсыпыра жеңілденіп, марқайып қалды. Мана Маханов мінбеге шыққаннан тақымына ине кіргендей тыпыршып орнында қозғалақтаған Шөкербек мың құбылды. «Қап, мынаның қорлығын-ай! Тапқан екенсің жалған, жаланы!» Өзіме де сол керек. Сен үшін жауап беріп, сен үшін ақ тер көк тер боп шыж-быжым шығып, сорым қайнап, ақыры астымдағы тақтан, басымдағы бақтан айрылдым. Сондағы жеткізген ұшпағың осы ма! Сенің екі жүзді, мұндай қиын қыстау сәтте сатып кететін сұмдығыңды білгенде ме, бәлем, баяғыда көзіңе көк шыбын үймелететін едім. Әттең, дүние өтті кетті! Саспа, сонда да, жыланды үш кесе де, кесірткедей халі бар дегенді есіңе түсірермін. Саспа, Маханов! Білгем, түсінгем. Мені қеңе көрме! Аңада Бақыт Батыровичтің алдында естігем; сенің кім екеніңді», — деп кіжінді.

— Бұл шаруашылықта өріс алған жаңашылдық, қайта оркендеген еңбек жемісі бүкіл ауданды, облысты дүр сілкінтті. Жаңа Мамыров жолдас өте қате пікір айтты. Күркіреуік бөгетіне жұмсалған ақша қаражатын бос шығын десе ол, ал Бәкір Дүйсеков өзінің өмірден біржола қол үзген солақай мамап екенін тағы көрсетті. Ондай керітартпа, еңсені түсіретін, ілгері басқан аяқты кері кетіріп, өскелең игілікті іске зиянынан басқа берері жоқ ескі сарындыларға араларыңызда орын болуға тиісті, емес! Терехан елді кешегі өзінің жаны бір достарын біржола көпшілік алдында аяусыз сынға алды.

— Е, бәсе, осылай болса керек еді ғой! Жаңа түзелді. Рахмет саған Төрехан! — деп көтермеледі оны Сәрсен. Оның бірақ бұл қолпаштауы қай қолпаштау екенін Төрехан да, басқа да түсінген жоқ. «Мынау ит әбден сағымды сындырын, жер ғып кетті-ау!» деп үһілеген Шекербек — өзіңше осы жәреукеден айла-шарғы түлкі бұлтағынды халық көрмейді дейсің, ә? Бұл баяғы ел емес. Сенің ашылған етегіңді қымтап, шотыңды шабатын ессіздер емес. Енді біржола көрмеске бекінді. Өз отыңды өзің көсе! Қалай маздатар екенсің! — деп бойын жиган ол.

— Уәй, Маханов жолдас, бәрін тақтайдай тегістеп бетіне сыр жағып жатсың. Оныға уәжді де өзің тауыпсың! Арыз жазған Әшір қарабет боқты. Болсын! Пікір плюрализмі дегенде де ұмытпа! Ал, соның бәрі солай дегенде де Шілжан тағдырын қайтеміз! — деді орнынан тұрмай Шекербек. Сәл мына сөзге аңтарыла қалған Төрехан ойына кенет бірдеңе оралғандай:

— Иә, басын ашып алайықшы, Жандыбаевтың сол Шілжанды таяққа жыққанын көрген кім? Кім бар сол жерде? — деп көпке қарады.

— Мен, мен бармын, — деді Бәкір.

— Тағы қайсың болдың? — деп шүйілді Төрехан жиналыс тізгінін қолына алып. Ешкім қозғала қоймады.

— Онда — деген Төрехан, — ондай сұмдықтың болмағанын анықтайтын кім бар?

— Осы біз түс көрін отырмыз ба? — деп бастады сөзін Жал. Мына Шығырдың ауылында, алым-берім комиссиясы алдында, өз басынан кешкен нелер көрметті жазған күнделігін мына Жандыбаевке қолынан тапсырған сол жұмбақ жанды қайсың көрмедің. Шекербек, Сағат, Ахат, Шығыр, Бәкір бар емессіңдер ме? Бұл не жұмбақ? Бүгін кеп оны Жандыбаев сабап қуып жіберді. Ол өліп қапты деген ойдан шығарылған ертегіні сөз деп бас қатырамыз. Ол — тірі, тек оны табу, іздеу керек! Ал, мәселенің шындығы керек болса, осындай қаңқу өтірік арқылы кейбір Шекербекке тілеуқор, елдегі оң өзгеріске қарсылар өскелең бетбұрысқа кесел келтіру үшін ойдан шығарылған өтірік бұл! — деді күйін-пісін.

— Мен де аң-таңмын. Егер Шілжан төңірегін түрте берсек, талай қылмыстың беті ашылар еді. Ал, сабады деген тіпті болмаған жәйт, — деді Ақат Жалды қостап. Бұдан кейін көп созбалақтамай көптің беталысын түйіндеп:

— Мына шағым есек-аянда бір ауыз шындық жоқ! — деген Төреханның дауысы саққылдап шықты. — Бәрі жалған. Қане, осы тұжырымды мақұлдағандарыңыз қолдарыңызды көтеріңіздер. Бұл — нақты қортынды. Жұрт жабыла қолдарын көтерді. Осындай қаулы жазылсын, — деп отыруға беттеген оған Жәнібек:

— Төрехан Маханович, бір ауыз ғана айтылмай көңілге тұнған түйткіл қалды. Ақты ақ, қараны қара деу — әділдік парызы. Арыздағы әрбір айып-кіне атылған оқ. Ол бір ғана Алыпбек Жанды-

баевты емес, ізгі жаны бар азаматтың бәрін жаралады. Ал, жараны емдеу — залды көзімен тінте аралаған ол — білгір дәрігердің міндеті. Мұндай сұмдықтың келешекте болмауы үшін Әшірге сұрақ қойсам ұлықсат па?

— Ұлықсат! — Жәнібектің түсі суып:

— Әшір, сені Жандыбаев қалай буындырды, соңы айтшы.

— Жо, жо, айтпаңыз буындırмақ түгілі бетіме тік қараған адам емес.

— Ендеше, осы арызды кім жазды? — Едәуір күмілжіп, не айтарын білмеген баладай жаутақтай:

— Мен. Мен жаздым, — деді тұтығып.

— Сені ешкім буындырмаса неге жазасың?

— Жанымды қойды ма?

— Кім қоймады жаныңды. Аташы атын. Адам ба, әзірейіл ме?

— Ойырай, енді Жәкем-ай, әңкір-мүңкір болдың-ау!

— Ондай сұмдық болған жоқ, Әшеке. Тек әділдік алдында жанымды жегідей жеген ақиқатқа жеткім бар, білгім бар.

— Болмадың-ау, мейлі шындық үшін өлсем, өліп кетейін, — Әшір залға тағы да көзін кең ашып қарады. Ең бірінші осы масқараны зорлап күшпен жаздырған анау отырған өз інің Қаныбек.

— Жағың қарыссын! — деп айқайлап жіберді юл. — Пәленің екі көзі жоқ деген осы! — нар бурадай бақырды.

— Сөзді бөлмеңіздер, — деген Сапар тізе бүкпей тұр.

— Екінші өз әйелім — Мәрзия. Бәрінің ақылшысы Шекербек! Айттым ғой мана.

— Әй, Әшір, олсең расында жөніңмен өл! — Шекербек атып тұрды. — Не пәлең бұл!

— Жанымды жеп болмадыңдар мені пәлекет еткілерің келеді, ә? Әшір ашынайын деді. Ауданда «ойхой кең дүние» тұрғанда облыста... Ол бүгежектеп, кірпігін тез-тез қағып — оның несі деп ойына түсіре алмай, әйтеуір дөкей несі еді жақыны тұрғанда деп, ой енді осы жалақор арызды жазған түнде гүлдеткендерің өтірік пе? «Ойхой кең дүние»сі — осы сіз емессіз бе? — деген Әшір Төрехан Махановқа жауабыңды өзің бер дегендей есікке беттеді. Оған ешкім қайда барасың демеді.

— Е, мәселенің беті енді ашылды міне, міне, — деп Сәрсен қайта қозды. — Төрехан Маханович, иә, арызды жаздырушы өзің болдың. Бәсе, Әшірдің албарына сиятын сияқты емес еді-ау! Бес жылғы бүлігің аздай, есін жаңа жиган елге алыста жұмсақ былқылдақ креслода жатып-ап іріткі салайын дедің, ә! Екі қолын бірдей көтерген Төрехан анық қысылды. Халық алдында айыпкер орындығына қалай отырғанын сезбей де қалғандай, Мәселе аяқ астында ұшыға жөнелді.

— Қисыны жаңа келді.

— Біреуге арқа сүйемесе, әрине мұндай сөз бекер айтыла ма!

— Пәленің басы мына кісі дей ме? — деп дуылдасқан көпке;

— Өлмесең ести береді екенсің, тірінің жақсысына да, жаманына да куә бола береді екенсің, — деп ешкімнен сөз сұрамаған Бәйтік — «өсер елдің баласы, бірін-бірі батыр дейді» деуші еді ұлкендер. Сол мінезді көре алмай қалдым да, осы? — Бес тал сақалын тұтақтап, — сөз бақпай, бақастанбай, адамдық іздейік халайық! Бәрінің беті ашылды. Көрінді. Осымен тыным болсын. Сөзі құрысын! — деді қариялық танытып.

— Пәлі! Абызым-ау, сүрінбеске сүрінгенің не? Жауырды жаба тоқы дегенің бе? Арам шәпті тамырымен жұлмаса, қайта қаулап кететінін білмеуші ме едіңіз, — деп қалды басын төмен салбыратып, манадан арты не болар екен деп үнсіз отырған Сағымбай.

— Дұрыс айтады Сақаң, — деп қостады оны Байтас. Мезгілсіз шақырған тауықты жұлмақ керек.

— Баяғыдан бұл кісінің әдеті осы емес пе, біреудің ажарына, беделіне қарап маймаңдай қалатын. Не болса да бүгін бәрі айтылып шешілсінші. Не пәле, ылғи бітеу жара! — деп Бақыт қосылды кеп. Зал іші базардағыдай гуілдесіп жөнелді. Біреуді біреу тыңдар емес. Байлау жоқ даңғаз. Алыпбек көтерілді.

— Жолдастар, бүгін сіздердің алдарыңызда есеп беріп, оң бағыт алған өскелең ісімізді ілгері өрбiтуге кейін тартқан олқылықты анықтап, оны болдырмаудың жаңа шараларын белгілеуден басқа өзiмде бөтен ниет жоқ едi. Бүгiнге дейiн қол жеткен игiлiктi көбiңiз сөз еттiңiздер, оған тоқталмаймын. Кемшiлiктiң де аты аталды. Бәрiңiзден де маған Дәуреннiң сөзi ұнады. Мойындамасқа лажым жоқ. Бәрi орынды. Жастар тiлегi, талабы iспен бекiтiлуде. Олар расын айтса, бiрнеше бесжылдық менен озып, алға кетiптi. Ой — ақылдың жетекшiсi. Әрине, ақылсыз ой жоқ, бiрiнiң бiрi ұйтқысы. Менiң өтiнерiм, әрине көншiлiк қолдайды деп сенем, сөзден iске көшейiк. Бәрiңiзге аян бүгiнгi арыздағы маған тағылған айыпта бiр мысқал шындық жоқ. Бiрақ соған қарамастан мен соны ұйымдастырған жолдастарға ешбiр өкпе-назым, кегiм жоғын айтқым келедi. Тек ендiгi жерде тiлерiм, ұйымдасып, бiр ауыздан сөз, бiр жеңнен қол шығарып, елiмiзде етек алған, Ұлы дүбiрлi табысты еңбектiң сағын көтерейiк! Қане, жолдастар, сөзден iске! — деп тоқтады ол. Мана дау-дамай нелер аңы-тұңы сөздер айтылып, өзiнiң жанын шабақтап талай жерде жазықсыз жәбiр шеккен Алыпбек сан рет мұз боп ерiп, тоң боп қатып ақыры iштей «Бiр отың басында отырып, тайынша көзденүден не шығады. Ал, жарайды жалақор деп ел алдында, заң алдында масқаралап рәсуа еткенде, мүйiз шыға ма? Одан халыққа келер пайда бар ма? Әрине, жоқ! Ендеше, ел басшысы екенсiң, ұсақ-түйекке, сөзге үйiр болма! Халық кiмдi және ненi жақтайды. Сенен сұрамайды. Нақты берекелi iстей бағалайды. Солайда Алыпбек, адал еңбегiңе, әдiлдiкке жүгiн! — деген шешiмге келген.

— Ой, көсегең көгерсiң, — деп теке көзi ойнап шұбатыла тұрды Бекен. Талай мәжiлiс мәслихатта бола жүрiп, осы бүгiнгiдей

ширықдасам керек. Алыпбек, сені ел басшылығына бекер ұсынбағаным енді көзім жетті. Рахмет, саған. Қара жердей салмақты, қара жердей кең болмай ел басшысы бола алмайсың! Әлгі сөздерің жанымды тебірентті. Дұрыс! Бір ауылдың азаматы сөз қумас болар. Әшірімді қатты қинадыңдар. Одан шықпайтын сөз ол!

— Осы Бекен-ақ біле беретін сәуегей болып алды-ау! — деп қыжыртты мұны тобықтан қағып Қаныбек тыныш отыра алмай. Әбден түтігіш күйің, зорға отыр. Оның сөзін анық естіген Бекен адырая қарады да — мені сәуегей етін жүрген сенің жексұрын ісің. Сен шамасы өзіңнен басқаның бәрін ессің, парықсыз көресің. Сенікі түйенің үстінде келе жатып, жаяуға бұқ дегеннің кері. Қане, қай ісіңде адалдық бар, айтшы бүгін. Әбден шек-қарнымызды тазартып алайық, — деп қадала түсті.

— Мен неңді бүлдірдім. Қит етсе, жау көргендей аттаңдап шыға келесің. «Майқоңырда» менен басқа қаскөйің бар ма?

— Әй, Қаныбек, қытығыма тиме! — Қарт морт сынуға бет бұрды.

— О, жеген-ау, осыдан басқада қытық жоқ. Беке, Беке дегенге елiре берме. Кім көрінгеннің айқайшысы болуың жетті, — мына сөз Бекеннің шабына шаншу боп қадалды.

— Қара бет Қаныбек, жетті сенің бүлігің. Түн жамылып қасқыр боп ұлың, күндіз ит болып үріп, бір ауылды сарсаңға салып біттің. Халық бүгін елдігін жасап ішінен тынып «құрысыншы, итпен ит болып қайтеміз, өз қолымызды өзіміз кеспейік» деп кешірім жасап отырғанын неге білмейсің. Егер, халық қарғаса ендігі мекеніңнің қамау абақты екенін білмей отырмысың! Тоқтат сөзді! Мына елден мына Әшір құсап кешірім сұра! — деп айқай салды Бекен.

— Ұре бер! Бекен үрді деп Қаныбек аттан жығылайып деп жатыр. Қарттың сақал, мұрты тікірейіп, теке көзі жарқ-жұрқ от алып, аңтарыла тоқтады.

— Не дейді мынау? Жансыз ба едің! Арсыз ба едің! Ұялы бөрі екеніңді білдіргің келді ме? Тілдедің бе? Мұны ашық айқас, бітіспеске бел буғаның-ау! Ал, кел! Мен дайын, — деген ол көпке не дейсіндер, естідіңдер ғой деген рәуште қарап тұр. Зал тым-тырыс. Ұлы дауыл алдындағы мұхит тәрізді. Бәрі де демін ішіне тартып, тұнжырай қалыпты. «Не болып кетті? Не түлен тұртті мұны? Төрт қабырғасы құздап бірінен соң бірі құлаған үйдей боп жасырар түктің қалмағаны ма? Неткен ойсыз, санасыз жаңдар еді бұл! Өзі тұтана алмай тұрған өртке тиіп несі бар еді. Әй, жолдасы әлсізді жау алады, уәжі жоқты дау алады деген осы шығар, — деп Төрехан тілін тістеп қалшып қапты. Тақтай еденді тық-тық басып трибунаға беттеген Айгүлге жаудырай қараған Бекеннің көзіне жас лықсып келді, бірақ өмірі жасып, мұқап көрмеген кәрі оны қайта сорғызып, буынын бекітті. Не дер екен деген ойда түнере түсті.

— «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен

без», — депті үлкендер. Дәл осы сәтте бой сақтаудан гөрі ойымдағыны айтып арылып қалуды қаладым. Әкесі атасының жағасынан алып жатса, — қыздың дауысы дірілден, қиналғаны бірден аңғарылды. Одан туган балаға не жорық! — деп көбіңіздің түңілетіндеріңізді ақиқат түсінем. Бірақ ешбір лажым, осылайша, яғни сіздердің алдарыңызға шықпауға басқа рет болмай қиналдым. Бұдан кейін туған әкем де менен ат құйрығын біржола кесер.

— Тоқтат сөзді! — Қаныбек бетінің түгі тікireйіп орнынан атып тұрды. Элемтапырақ бейнесі адам жұтатын әбжылайдай өзгеріп кеткен — отыр былай! Елді түзейтін осы елдің еркегі бітіп, енді қыз, қатыны қалды ма? Кім үшін өртеніп тұрсың! Отыр дегенде отыр! — Қалш-қалш етті. Қазіргі түрі өлер-тірілеріне қарайтын есті пендеге ұқсамайды. Айгүл селк етіп, бойын оқыс дауыстап шошына жиын:

— Әке, тірлігімде бетіңізге қарсы келмеспін деуші едім. Бірақ адамдық борыштың әкеден де биік тұратындығы еркімді билеп кетті. Неге, халықтың алдында бекерге дауыс көтересіз? Сәл сабыр сақтаңыз, — деп аз іркіліп, көпке назарын жықты.

— Жоқ, сөйлемейсің, сөйлеме! Қызының тосын ел күтпеген жәйтке бел бұғанын, бітіспес сыңайын анық түйген Қаныбек әлгіденде өртеніп, онсызда қоңыр түсі күйедей күйіп, «Бұдан да мынадай екіталай шақта өз баламнан мінеу сөз естігенше өлгенім артық. Бүйтіп тіршілік еткенім құрысын. Қарашы, айнымаған шешесі ғой. Бетің күйгір бір беттесе болған ба еді ол! Мына қақбас үшін бар күлмәнімді ашқалы тұр-ау! Қап, енді қайттім? — деп ішінен жанған Қаныбек ытырынып ілгері оза берді. Мына түрі недеп болса тайынар еместей. Дошы ашу жеңген. Төрт көзі түгел бір совхоздың бар бас көтерері, одан қалды ауданнан келген арнаулы уәкіл, жетекші басшылардың бірінен қымсынар, қаймығар, ұялар, әдеп сақтар түрі жоқ. — Адал туган перзентім болсаң былай жайыңа отыр! Тоқтал! Жұрттың сендей қызы — дауысы күндей күркіреген ол — әлі ұйқысын да ашқан жоқ!

— Қателесесіз, папа! Сіздің әкелік борышыңыздан ел борышы әлденеше батпан ауырлап кетті. Қараңызшы артыңызға! Қайда тұрсыз! — қыздың өткір дауысы жігерлі шықты.

— Тыңдамайсың ба? Мен не дедім!?

— Қанеке, Қаныбек! Берденов! — Сапардың дауысы біртүрлі жалынышты естілді. Сізге не болған? — деп қарсы келе берді. Нойыс жаратылған, өзімшіл жаннан оқыс өрескелдік те күткен еді ол. Мана алдыңғы орындардың біріне жайғасқан ішкі істер бөлімінің қызметкері Қаныбекке ызғар шапа:

— Қандай адамсыз, Берденов, өзі? Отырыңыз! — деп алара ақырды. Қаныбек оған жалт қарап қалшыып тұрып қалды. Не ілгері, не кейін жүре алмады. Төреханнан бастап Бекен, Айгүл, Сапар, Қаныбек ішкі істер қызметі өкілі бәрі-бәрі аяқтарынан тік

тұр. Жаутаң-жаутаң біріне-бірі көз тігіп, шошына қалысқан. Өзара аңдыса қалысқан тәрізді.

— Иә, папа, сіз қорамсадап суырылған жебедей атылып кеп тұрсыз. Қазіргі көңіл-күйіңізді мен де, ел де түсінеді. Қайталаймын, осынау ел бетіне қараңызшы, не деп отыр! Сіз не деп тұрсыз? Мен не демекпін?

— Маған ешкімнің не дегені, сенің дегеніңнен ауыр тимейді. Сөйлеме деген соң, сөйлеме! — Бой-бойы шығып, жан тері төгілген Қаныбек қызына қинала тіл қатты. Үнінде, «басқа өлтірсе де сен өлтірме» деген мезгеу бар.

— Жоқ, папа, мен сіздің балаңыз болып елімнен, заманымнан бөліне алмаймын! Қараңызшы, ел мұраты, арманы үшін, қолынан күрегі мен балғасын, мәстеркесін тастамай, шопан таяғы мен жылқы құрығын сүйрете келген мына халайық қымбат па, сіз қымбат па! — Айгүл әкесінің бетіне тұңғыш рет кектене ыза боп қараған еді. Ішіп-жеп, бетіне қаны құйылып өртене қалды.

— Жә, — Айгүлдің сөзін бөлген қарт — бақытың ашылсын, балам! Халқың риза! Қыз туса сендей тусын! Тәңірім, жүрегіңдегі адалдық, адамдық, отын өшіре көрмесін! Бұл менің, дастархан басындағы емес, бүкіл, елімнің алдында берген ақ батам болсын! Отыра ғой! — деп Айгүлді Бекен ілгері сөйлетпей орнына отырғызды да. — Бәрежелді, осындай перзент тәрбиелеген заманыма мың рақмет! Не тілесем, не мұң — мұддығым болса орындалатынына енді еш күмәнім жоқ. Ұрпағым бар екен, ұрпағым! — деген Бекен жайдарылана күлді. Әлгі сәттегі ашу-ызадан із де қалмаған. Болмашыға қуанған бала мінезбен көпке серпіле бойын тіктеп алды да:

— Бұл менің, жаңа айттым, осында жасқа келгенше қаншама бас қосуларда бола жүріп мән-мағына, мазмұны жағынан теңдесі жоқ тамаша мәслихатты бірінші көруім шығар. Кәдімгі ағынан жарылып, барын бүкпей ортаға салған деген де осы! Совхоз басшысының да есебі солай болды. Не істейміз, келешек не береді, бәрі айтылды. Жоспарланды. Көзге көрінді. Дәл сондай, не кесапат, кесірдің де — қабағын түйіп, шаншу қадалғандай — не сұмдығы әшкереленді. Ел бетіне қарағысыз той та табылды. Ұяттың үстінде арысздықтың астында шіріген шіріндіні де көрдік. Бәрінен тілерім — өрелі іске кең жол ашылсын. Береке бірлік болсын!

— Пах, пах! Осылай бітімшілік айтарыңызды білгем. Ел берекесін кетіріп, тақыр басқа айдар тағып, жазықсыз жанымызды жәбірлеп, елдігімізді қорлаған жалақор халық дәулетін емін-еркін еміп, ілгері басқан аяқты кері кетіргендерді етегіңізбен қымтай қалғыңыз келеді, ә! Оныңыз болмайды! Өлмегенді өлтіріп, ақылдыны есінен тандырып, бетпақ ұятсыздығы — шектен асқандар жазасыз кетуге тиіс емес. Мен осы мәселеге Төрехан Махановтың тік тұрып жауап беруін талап етемін, — деп бұғағы бүлкілдеп Сәрсен атып тұрды.

— Жә, жә! Бояушы, бояушы дегенге сақалын бояпты демей, — деп едірейді Бекен.

— Жетер! Бассыз елдей! — деп Бәйтiк шықты.

— Не, бұл ақымақты батыр десең, бөркі қара қазандай болады деп, қорымасты қорып, оңбайтынды ел тұтқандарың, түте! Кім еді олар, көрдік бүгін — деп Жәмилә айқай салды. Екеуің ақсақалдық сөзіңді айттың. Жетті! Шешімін халық өзі біледі! — Жұрт еріген қорғасындай толқыды. Сәрсеннің сөзі Төреханның өкпесіне оқтай қадалды. Демін зордың күшімен алып, Алыпбек пен Сапарға жау-дірей қарады да:

— Жолдастар, бұл өзі үлкен ғибрат алатын үйретері көп бас қосу болды. Көңілде айтылмай қалған пікір бар деп ойламаймын. Бәрі ортаға түсті. Көп мәселе сараланды — «не деп құтылармын. Бұлардың бетін қайда бұра алармын. Өткір, алмас пышақтай қиып түскелі тұрған ел назары мынау! Қап!» — деп ішінен күңіреңе түскен ол — осындай өздеріңізге оқылған шағым, жалған арызды, ұйымдастырып ел берекесін кетірушілер міндетті түрде айыпталуы керек.

— Оу, сүйей салмаңыз! Жазасын айтыңыз, — деді біреу.

— Оны енді, міне алдарыңызда отыр заң орны тексереді. Ал, әлгі-і, аты кім еді, иә, Шілжан мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Оны түптемей таппай қоймаймыз, — деген Төреханға тағы Сәрсен:

— Қоғамдық малды ішіп-жеп байығандарға не шара?

— Оны да тергеу ашады, — деді байсалды-салмақты үнге ауысқан агроөнеркәсіптік бірлестіктің төрағасы.

— Е, е... баяғы ұзынсонар, кең тұсау болды ғой...

— Жо-жоқ жолдастар, бұл мәселемен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бақыт Батыровичтің өзі айналысып отыр. Менің ол кісінің бақылауындағы іске араласуым қиындау, — деп жалт бұрылды Төрехан. «Несіне созбақтап сөзді көбейте берем», — деп ойын өзінше жүйелеген ол аудан басшысына сілтеп көпшіліктің қатерінен сытылып шыға берді. Халықтың қанағаттанбағандығы, аудандық аграрлық өнеркәсіптік бірлестіктің бастығына өкпелі ойсыраған сенім, балтадан жалтарған дөңбектей сырғанақ жылтыр сөздер Сапарды еріксіз тұрғызды. Дағдылы қос аумас байсалды мінезді жанның қиналғанын кім көрген. Тұрарын тұрып, көпшілікке жаудырап, айтарын ұмытқан кісіше тамсанып кідіріп қалды.

— Бұл өзі, — деп, сөзін безбендеп өлшеп жатқандай жұтынып, — әбден дүңкіп келіп асқынар алдында жарылған, еріксіз ірің атқан жара! Бірақ, біздің бүгінгі салт-әдет ғұрпымызға соншалық жат, әлеуметтік тұрмыстық ортамыз қарғыс айтатын жиіркенішті кесірлі көрініс. Мен солай түсінем! Барлық еңбек адамы да солай түсінеді. Мен коммунист, кешегі осы совхоздың басшысының бірі Шекербек Мамыров жолдасқа түсінбей қалдым,

— Не түсінбейтіні бар? Менің не құпиям бар еді? Мені үкіметке қарсы астыртын ұйым ашты деп пе ең? Айтылса орын алған кемшілік, төзгісіз қылмыс айтылыпты. Жалған болса, жазған кісі өз жауабын тартпай ма? Неге қазымырланып, бұ жерде баяғыда елген Мамырдың құлағын шулата бересің? Әдейі менің басымды оққа байлағың келсе, оныңды ашық айт. Мына ел өзі туды, өзі өсірді, өзі өшірем, жоқ етем десе мен қолыңдамын. Бірақ табиғат мені күнде өлтіруге жаратпаған, өлім біреу болса керек, — деп оның сөзін киіп кеткен Шекербек қалшылдап кетті. Сапар аңтарылып қалған.

— Ой, мұнымен не сауда, не тәжіке! Ұялмай мөнтендейді бүгін көп. «Ел өзі туды, өзі өсірді, өзі өшіре ме!» Иә, сөн бұған дейін елім бар деп келіп пе ең! Астың, тастың, мына отырған, әкесі өлгенді де естіреді Төрехан, ана отырған Шығыр, Қаныбек не істемедіңдер. Жалғанды жалпағынан бастың. Енді сол қылығыңа жауап беру орнына дүниені шулатып, отырғаң түрің мынау! — Сәрсен буынып мойын тамыры білеу-білеу боп, сенің жазаңды сот беру керек. Сот! Со-о! — деді.

— Сәке, бұ не, мәдениетке қашан үйренеміз, сәл сабыр сақтаудың болмағаны ма? — Сапар пұшәйман бола қарады.

— Жолдас партком, мені бәткерде қылмаңыз. Мен еңбек адамымын. Қылмысым жоқ. Ал, қылмыскерді қорғауға, бүгін халық алдында масқара болған Шекербекті қорғауға сізге партия ерік бермейді. Ендеше менің аузымды қақпаңыз, — деді шаптығып өзеуреген Сәрсен.

— Сөзіңіз дұрыс. Бір қортындыға келмейміз бе?

— Ал келсек ше? — Сапар тосылып, байырғы асықпайтын дағдысымен залға күлімдей көз тікті.

— Жаңа совхозымыздың басшысы Алыпбек Жандыбаев іргелі, саиқалы ойын ашып айтты. «Шаш ал десе, бас ал» деген жоқ. Оған қосымша ауыл еңбекшілері күнде құрметпен ақыл-кеңесін тыңдап, өрге бастырар игілікті қадамымызды айқындап белгілеп, көптің ұйтқысы болып, партия мен үкіметіміздің саясатын жүзеге асыруда абырой-беделге ие болған ақылшылар кеңесі атынан оның төрағасы Бекен қария сөйлеп ризашылығын білдірді. Бұл — бір. Екінші, қоғамға, халыққа елеулі зиян келтірген кім болса да, лауазымына қарамастан заң жүзінде тиісті жазасын тартуға тиіс. Бірақ оның сол заңсыз іс-әрекеті дәлелденуі керек емес пе? Әркім өз ісіндегі қателігіне басымен жауап береді. Оу, жолдастар, бәріңіз оқыдыңыз, ол жөнінде өртүрлі жағымды, жағымсыз сөздер де қашты. Аудандық газет Б. Дүйсековтың сөзін сөйледі, Жандыбаевты кінәлады. Ал, Жандыбаев содан қандай қортынды шығарды. Біріншіден, Дүйсеков бас инженерлік жұмысына қайта тағайындалды. Кінәсіз қызметінен босатылып бос жүрген үш айына тиесілі жалақысын алды. Ол, әрине риза! Жәй ғана бір мысал: Бірақ сол азаматтың заң тілімен айтқанда «кінәсіз, жұмыссыз» бос жүрген

күндеріне ақшаны кім төледі? Оны Жандыбаев өз қалтасынан жанынан төледі. Ол сонда: «Менің Дүйсековты жұмыстан шығарғаным совхоз жауапты емес. Мен кінәлімін. Сондықтан оның алатын еңбек ақысын мен өзім төлеймін. Әркім өзінің қателігінен үйренуі керек. Сүрінсең, жығылатыныңды біл! — деді. Осында кейбір жігіттер совхоздан төлейік дегенге Жандыбаев конді ме, көнбеді. Мұның аты — қоғамдық мүддеге адалдық, ар тазалығы. Ендеше, жолдастар, бүгінгі дау-дамайы мол әңгімеге бәріміз де азаматтық борыш тұрғысынап қарайық. Әлі де ойланайық. Асығыстың алды жар, арты өкініш! — деді Сапар сөзді қорытып.

— Міне, сөз атасы! Тағылым үлгі алар ой! — деп қопақтады Бәйгік.

Осылайша «Майқоңыр» совхозының директоры Алыпбек Жандыбаевтың есебіне арналған ашық жиналыстың соңы үлкен пікір таласына, зілі мол, әңгімемен аяқталды. Көп мәселенің беті ашылды. Талайдан бері пыш-пыш ұзақ сонар, бықсыма өсек-аяң боп, кейбіреулерді есек дәме, кек алу сияқты өшпенділікке итермелеген жел сөздің төркіні де табылды. Бірақ, соншалық бәтуа айтылған, ел намысы сияқты асыл қасиетті қызғыштай қорыған ақ пейілге тасадан тас лақтырар ниеттің отына су құйылған жоқ еді. «Қап көрермін, — деп Шекербек, — Иә, әлі де алда күн бар. Бар сенген, ең түбірлі, тындырған әйгілі жұмысың Күркіреуік болса, оны да су түскен күні көрерміз» деп Қаныбек қанын ішіне тартып шықты сол күні. Тараған көптің соңынан шұбалаңдап шыққан Шығыр:

«Айгүл! — деп тоқтатты да — Бір ауыз айтар сырым бар. Жалам емес, имандай ақиқатым. Мені жек көріп жиіркенсең де осыны айтуды адамдық борышым санадым. Өз өкең Қаныбек су түскен күні Күркіреуік тоғанын су бұзып кетті деп аттырып жіберу үшін динамит әкелін сақтап отыр. Ендігі жерде мен сол бөгетті көзіңіз қаранығындай сақтайтын күзетшінің бірі болам. Мұныма сен! — деген. Бұл астыртын хабар қыз бойын мұздатып жіберді. Күркіреуік тоғанына сол күннен бастап Шығыр күзетші болып еді. Қанша қатыгез болса да өкесін мұндай қасіретті сұмдыққа бара қояды деп ойламайтын Айгүл бүкіл тағатынан айрылды. Содан да болар неше түрлі ой тоғанын басынан кешкен қыз өзін қоярға жер таппады. Не сұрапыл кесапат боп, азап болып жанын жеген мына суық сөз ақыл-есін алып бара жатқандайда еді. Енді қайтпек?! Қалайша болатын апатты жасырып, естін-біліп тұрып ел үмітін талқан етпек! Жоқ! Ондай оңасыздық мұның қанына жат, өкініш, мәңгілік соққы! Әлдеқалай сөз деуге тағы дәті жол бермеді. Кім білген, егер солай бола қалса, лағнат қарғысы мұның мойнында емес пе! «Шықа, бұл құлақ естір сөз емес! Халықпен ойнауға ешкімнің де құқы жоқ. Байқаңыз, жаңсақ басып араңдатпаңыз!» дегенде: «Жаныммен, басыммен, арыммен, адамдығыммен сендірем, иындық! Жалған болса, өзімді құрбан етуге дайынмын» деп бір жола сендіре сөйлеген. Лажы қалмады. Шегінер жер жоқ. Күні

Көшпә елдің маңдай тері төгілген ырзық сабасы Күркіреуік тоғанына адам аузы бармайтын қаскөйлектің дайындалып жатқанын сол күні совхоз партия комитеті хатшысы мен директорына жазбаша хабарлады. «Адамдық арыма табынып, Майқоңыр елінің ар-намысына рухани күш-қуатымды сарқа жұмсайтыным аңт еткен мен осы ақ қағаз бетіне туған әкемнің қара ниетін ашық жазып отырмын. Мен қазір сіздерге өзін отқа жаққан ессіз пенде тәрізді көрінуім де мүмкін. Өйткені, өз әкесіне кешірілмес қылмыс тағып, басқаға жария етуден асқан не бар?! Лажым жоқ, халық — мәңгіге ұласқан ұрпақтың ең бас батағәйі. Ендеше, оның мүддесі, мұрат, мақсатына кереғар дүниенің бәрін қарғыс атуы керек!»

Сапар да Алыпбек те бұл хабарды оқып шықты. Тіс жарып, бір-е-бірі жақ ашпады. Екеуі енді кең кабинеттің ішінде ерсілік-қарсылы теңселіп жүріп кетті. Ой сарсаңы сенделтіп жіберді бұларды.

— Көзі жетпеген, ақылы салмақтамаған неғайбылға оны қимаймын. Бір ақиқатқа тап болған болды ол, — деді көп үнсіздіктен кейін Сапар:

— Әрине, менің де ойым сол, — деді Алыпбек.

— Сонда не істеу керек? — деп тарқатпақ болды түйткілді Сапар.

— Қайдан білді екен. Анықтайық.

— Дұрыс...

Бұл сұмдықты Шығырды оңашалап Алыпбек, Сапар, Айгүл тағы бір талқылады. «Заң орнына хабарлау керек пе?» деген ұсынысқа Алыпбек те, Сапар да қарсы болды. Бүкіл ауданды шулатпайық деп келісті. Бірақ тоғанға күндіз-түні күзет, бөгеттің ұзына бойына электр жарығы қойылатын етті. Солай болды да. Бас күзетке Шығыр белгіленді.

Совхоз әкімшілігі ресми бұйрық жазып Сәрсен Бақбергенов бастаған тағы бір топ құрды. Оның құрамында Алыпбек, Сапар, Сағат, Ақат, Айгүл де бар. Әйтеуір, көктемгі су тасқыны басталар шақта бөгет басы сақ күзетке алынуы керек. Үлкен сақтық осылай ұйымдасып, ауызға алып болмас қараниеттің жолын кірпік қақпай тосып қалды. «Апырау, егер солай бола қалғанда, бұл нағыз ессіз, жаулық емес пе? Өз ата-анасына қол жұмсағаннан мұның не айырмасы бар?» дей береді. Сапар да, Алыпбек те — расында «адам аласы ішінде, мал аласы сыртында деген осы шығар», — деп ширығады екеуі де. Не десін!..

— Не бітіріп келдіңдер, өрт сөндіргендей ұнжырғаларың түсіп? — деген әйелінің бетіне Шекербек адырай қарады. Ләм демеді. Жарылатын шикандай талаураң, тұншығып томен қарады.

— Не бітіруші едік! Әуелден-ақ қисыны кеткен шаруа емес пе, — деп суырыла сөйлеген Мәрзия өргене жаздап — «сенген қойым сен болсаң, күйсегеніңді ұрайын», — деген екен бір байғұс. Дәл сол. «Ойхой, кең дүние» көрінін келіп қораға өрт салған асалаң-

дай адың-бұдың баяғы өзіміз жолдаған Әшірдің арызын көптің алдында оқып, бәрінің астын үстіне шығарды.

— Сонда не дейді? Ең болмаса, былай тексеріп, өздеріңе бағыт та сілтемеді ме?

— Сен де сұрамасты сұрап, онсыз да құр сұлдері отырған бізді неге қинай бересің. Бармайсың ба мана, өз құлағыңмен естіп, бар құмарың тарқап қайтатын! — деді Мәрзия шаптығып.

— Кемдерің мен болдым ба, сонда!

— Оу, оу, ақ жеңеше, өмірде сирек кездесетін ақжолтай екеніңізді естен шығармаңыз. Егер сіз барғанда ма, — деп қолпаштай сөйлеген Қаныбектің сөзін бөліп Сапура:

— Не болар еді? Мені көре салып үрке жөнелер ме еді жұрт? Әлде алдияр тақсырлап құлдық ұрар ма еді.

— Үйіңіздің мына төрінде талай шалқайып жатып оң қолыңыздан қазы-қарта, жал-жаяны езуін кере асан, шылқып, емін-еркін ішіп, дүниедегі бар ұжмақты қолыңызға қондыратын Төрехан Маханович қанша қарабет болса да сіздің дидарыңызды көріп тұрып ауыз аша алмас еді, — деді Қаныбек Сапураның шамына тиіп:

— Бетім-ау, не дейін саған. Мына түйедей ағаңды көрмеген ол мені неғылсын, — деді бетін жырттып.

— Сонда да. Бет көрсе жүз ұялады дегенім ғой, — деп Қаныбек қадала түсті.

— Ол да көгермес, опасыздың оңғанын көргем жоқ! — деп үстіндегі халатының түймесін салып, ойына бірдеңе түсіп кеткендей аяқ асты шыж-быж бола қалды. Іші удай ашып, күйіп-пісті.

— Алғаның ас болмағыр, әгізінде екі болмасын! — деп қолын көтеріп — мына қолыммен екі мыңнан, ойбай-ай, арамға шыққан дүние ме еді, үш рет пәшкісі ашылмаған көкала қағазды ұстатып ем! — Оның дауысы шаңқылдан. — Мына байқұс бір жағынан азамат кісі, арқа сүйері мықты. Жолдас болсаң жақсымен бол. Азамат басыммен жағымпазданғандай болармын мен. Сен бере бер. Түбі зияны тимейді, — деп қапыда қалдырды ғой. Болмаса...

— Әй, не қоянды ақтарып отырсың сен! Тоқтат сөзді, — деп Шекербек басын көтерді. Анау-мынауға дауыс көтере қоймайтын, кісінің бұлан-талан болғанын, әсіресе Сапураға бұлайша ақырғанын бірінші көрген Мәрзия жапақтап:

— Шеке, Шеке, сабыр! Сабыр етіңізші. Құрысын, болары болды. Бекерге қан қысымыңыз көтеріліп кетіп, — деді де — мына мен де жаным шықпай отырмын ғой, — деп өз басындағы азасын сездіріп басу айтқан болды.

— Сенің де сөзің құрысын! — деп барқ етті. Мына түрінде Шекербек ешкімнің көңіліне, ажарына қарайтын емес. Артына келгенді теуіп, алдына келгенді тістеп, төңірегіне бүйідей тигелі түйілген. Мәрзияның көзі ұшқын ата алара қарады оған. «Мынау не дейді, ей!? Менің жазығым не? Осының тілегін тілеп, сойылын соғып, өтірігін шындай, ақсағын тыңдай етіп, не істемедім. Сон-

дағы тапқаным «сенің де сөзің құрысын» болды ма? Алқымына ашты тығылды. Одан әрі шыдамы тозған ол:

— Шеке, байқап сөйле! Мен қойныңда жатқан Сапура емеспін. «Сөзің құрысын!» Бұ не сөз? Осы бүгінге дейін сөзім түгілі аузымнан шыққан қақырығым да алтын болып келіп еді. Мен сенің жемтіктесің — Төрехан Маханов емеспін. Қылатыныңды соған қыл! Ит ашуын тырнадан алады дегенің бе? — Әйел жеп жіберердей төсілді кеп.

— Маған ешкімнің керегі жоқ, — деді анау.

— Ә, ә, әбден боларын болдырып, бояуын сіндіріп, сау басқа бар пәленді салып болдың ба? Мұныңды білгенде, қап! — деп Мәрзия біржола түңілгенін жасырмай. — Сен үшін қойнымдағы байды да жалған арыз жазуға еріксіз қол-аяғын матап көндірші едім. Бүгін оны да бишара еттің!

— Ой, сен өзі басқа шауып барасың ғой, Мәрзия! Ойлан, әйелдік істеме! Ол сұмырай түгілі сенің өзіңді де ана дүниеден осы дүниеге әкелген, адам еткен кім екенін біл! Аш көзіңді! — деп Шекербек анық ашуға бет бұрды. Бетпақ әйелді тұқыртып бетін қайырып алмақ.

— Пішту, тарғақ! Шекербегі жоқ ел қырылып жатыр деген! Осының бәрін, бір тайпа, сүттей ұйып отырған елді бұлдіріп отырғаныңды, мен ғана емес, аудан, облыс, бүкіл қазақ сахарасы біледі.

— Не дейсің ей, сен? — Шекербек орнынан қопарыла көтерілді. Қара тұяғына дейін күйіп өртені қозғалды.

— Сөйдеймін, отірік деші! Жүрген жеріңде тірі пендеге көрсеткен адамдың бар ма? Бар істейтінің бұзықтық, бас пайдаң, қарақан басыңның қамы! — Әйелдің сөзі Шекербектің сүйегінен өтіп барады. Қаймығар түрі жоқ. «Ой, өздері бір сілкілессінші» деп үндемей отырған Қаныбек Шекербекті бағып қалды. Тұра бас салса да ұстағысы жоқ.

— Әй, елден қалмаған сайқал, бетсіз, арсыз, көргенсіз не деп німге сідігіңді шашып отырсың, ә? — деп Сапура білегін сыбанып Мәрзияны-бас салды кеп. Әйел мен әйелдің ұстасқанын кім көрген. Екеуі шаптан алысып қалды. Қаныбек кеп олай-бұлай қолдарын жазған болып жатыр. «Е, бір қызығын көрейін» деп іштей зымиян ойға барған ол — Сапураның қолын босатып жіберді. Қолының босауы мұң екен Сапура Мәрзияның бетіне аюдай тырнақты салып, аямастан осып-осып отті.

— Мә, мә! Елден қалмаған жезөкше!

— Ойбай, Ойбай, жібер қолымды құдайдан безген Қаныбек! Талтүсте қолымды ұстап сабатып масқарамды шығардың-ау! Көгермегір Қаныбек, — деп оның тегеурінді матауынан босай салып, барын сала ұмтылған долы Мәрзия қас қағымда Сапураны шалқасынан түсіріп, кеудесіне мініп алды. Әлгі әлгі ме, арпалыса жүріп бұрымын білегіне орап алған ол Сапураның құлағындағы алтын

сырғаны жұлып, бет-аузын өскелең тырнағымен айғыздап тіліп-тіліп, қанын судай ағызды да еңтігіп орнынан атып тұрып:

— Етегіңе қай заманда намаз оқып жүр едің сен! Сенің істемегенің жоғын ел білмейді деп пе едің. «Ойхой, көң дүниенің» ыстаанын жуып, шөлкесін піскен өзін күң, байын құл еткен арсыз! Содан көрген бүгінгі масқараңның қарымтасын менен қайтармақ болсаң кел, қане! Мен дайын, — деп төпсінді. Түтіп жіберейін! Денесі ауыр, етжеңді Сапура жөшпелдемеде жығылған жерінен тұра алмай, ызаға булығып, сыңсып жылап жіберді. Орнынан түтігіп қопарыла тұрса да Шекербек тас мүсіндей боп қозғалмай қалған. «Қап! Бұдан да өлгенім артық еді-ау! Бекер тиістім-ау, «қатынға жуыма қаласы, балаға жуыма бәлесі жұғады», — дегеннің өзі болды», — деп күйінді.

— Міне, шыбын қонбаған айдай бетіме, өшпес таңба салдың! Ал, Мамырдың алааяғы өз обалың өзіңе, мен аудандық партия комитетіне, Бақыт Батыровичке бір-ақ тарттым. Айтпады деме, Қаныбек, сенің де кім екеніңді, қандай сұмпайы жан екеніңді ақиқат таныдым! Екі қаншықты таластырып қызығын көрдің. «Шоқ-шоқ!» деп ішіңнен масайрап тұрғаныңды да білем. Екеуіңнің де, айқайлап айтам елге, екеуіңнің де жаның менің жан қалтамда!

— Қалқам, Мөркен, не болды саған, қой бекерге байбаламдамай. Менің жазығым екеуіңді ажыратқаным ба? Аулақ, пәленді! — деп Қаныбек маймаң қақты.

— Көрсетемін пәлені! Еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін күндіз-түні тілегі үстіңде, жаны астында болған Күркірөуікті қалай аттыратыныңды, қанша динамит әкеліп, қайда тыққаныңды да білем. Ал, сол қара жүрек арам ниетіңді елге жаятын мына мені қане, олтірші! Өлтір! — деген долы әйел Қаныбектің алдына жүгіріп барды. Бар дауысымен ойбайға басты келіп, Қаныбектің зәресі ұшып, аузына не түсіп, не айтып жүргенін өзі де білмей:

— Жаным, Мәрзия! Мәкен! Сәл сабыр етші. Құлың, құрбаның болайын! Мына масқараңды тоқтатшы. Дауысың не деген аңы еді! Естіген елден ұят! — деп құшақтай қалбақ қақты.

Қаны сорғалап удай ашыған бетін алақанымен басып, басындағы орамалын жұлып ап жарасын сүртіп, өксігін баса алмаған әйел Қаныбектің кеудесінен бір итеріп ботадай боздап шыға жөнелді. Енді қайтып бұларды көрместей боп түйіліп шықты. Жанын қоярға жер таппай, зыр қағып жетті үйіне.

...Мана жиналыстан жер болып, өзі өз болғалы көрмеген, естімеген не кесапат жан жеген азаптан соң үйіне өрттен қашқан тауықтай таса-тасамен жүгіре басып жеткен Әшір төсегіне етпеттей құлаған. Ештеме ойламауға тырысты. Ара талағандай. Өлгідегі көптің бұған қасқыр көргендей анталап, тұс-тұстан тігілген көзі кіршік қағар емес. Найзадай қадалып, «бұл не сұмдығың, арамаз тұған пенде ме едің?» деп езеурей түсетін тәрзеді. «Қайтейін!» Ол аһ ұрып, шерменде күй кешті. «Бәрін бұлдірген Мәрзия, сенсің.

Сен болмасаң мұндай масқараға тап болар ма едім! Енді қанша адамдық қасиетім қалды? Туған елі қарғап, кесек атқан деген осы емес пе?!» Өзін қоярға жер таппай қысылған жігіт «қайран әкешешем-ай, артымда ұрпағым, түтін түтетерім қалды деп, аттандыңдар-ау, о дүниеге! Әке, ұлың сорлы болды! Ессіз болды! Не істермін, енді! Әшір үйін басына көтеріп күңіренді кеп. Өзін қоярға жер таппай аунақшып, Мәрзия-ай, сен! Сен ғой түбіме жеткен! — деп тілін тістеумен жатқан.

Үйге сыңсып кірген Мәрзияның даусынан атып тұрды. Көрдей қараңғы үйге жарқ еткізіп ішам жақты. Өз көзіне өзі сенбеген Әшір тұрған орнынан қозғала алмай қалтиды да қалды.

— Ойбай-й, Әшекем сорладық қой! Сорладық! Қор болдық қой. Қор болдық. Қор болдым ғой. Сені, кең дүниені тарылтып, айдай бетті айыртып, өлмегенде нем қалды, — деп зарлап қоя берген әйеліне атылатын жолбарыстай тігіле қарады. Айтарға сөз таппай, тілі күрмеліп мелшиіп тұр. Айтақырға түскен тырманың ізіндей у тырнақтың жосылта салған орнынан шып-шып шыққан қан көрінді. Орамалымен сұрткен сайын қайта тешіп, жіпсін шығады беттен. Бүкіл тіршілігі тұл болғандай мына азалы дауыс Әшірдің шыбынын қайта шырқыратты. Ашыну, күйіну, ыза мен кекке өртену, қиянаттың шоғына кую дегеннің не екенін өмірі білмейтін жанның торыққанын кім көрген. Оның көз алдында жайсаң өмір аяқ астыңда алас-құлас жанып бара жатты. Дүние емес, осы сәтте оның бүкіл тәні өртеніп бара жатты.

→ Әй, — бұл сөздің аузынан қалай шыққанын пайымдаған да жоқ — ендігі жердегі тірліктің құны бір тиын! Адаммын дейтін менде бет жоқ! Мен өліп құтылмасам бұл масқарадан қашып тығылар жер бетінде алақандай орын бар ма?! Жоқ! Ал, сен өз тағдырыңды өзің шеш! Менен қайыр күтпе! — деді есікке беттеп. Өлгі әлгі ме, алапат бір, басқа сұрапыл түрге енген Мәрзия аяқ астыңда құбылып Әшірге тұра жүгірді. Келе сап бас салып:

— Бірге өлем! Бірге! Бар өмірім сенің алақаңыңда! Міне, қылша мойным талша! Ендігі ерік сенде! Бізді кім осындай ел бетіне қарағысыз етсе, олардан кек алмай ит өлімінде кетпеймін. Кетірмеймін. Болары болып, бояуы сіңген масқараның жазықсыз құрбаны болмай тұрып, өзімді туған елдің әділ сотына тапсырам. Сені ақтаймын! Ақтаймын! Халық естімеген, білмейтін не жасырын сұмдықтың бетін айқара тіліп, ел ғана емес, адамдық, ар алдында масқара етемін! Әшкенім-ау, кешір мені кеш! — деп жігіттің шау-жайына жармаса берді. Әйелдің ащы дауысы жүйкесін тілгілеп жіберді ме, селт етіп, бойын жиған ол:

— Оларға сенің күшің жетпейді. Істерін істеді. Болары болды. Ендігің әшейін, бос далбаса! Жолымды кеспе! — деп Мәрзияны итермелеген еді.

— Сен білмейтін сыр көп! Сәл сабаңа түс! Өзіңді қор, басқаны зор көрме! Сол кесірлі, не қиянат арамдыққа бізді құрбан

еткен Шекербек те, Қаныбек те мына менің алақанымда, — деп шеңгелін жазған әйелдің қолынаң қан жұққан ақ орамалы, сусып аяқ астына түсе берді. Әйелінің алақанына Әшірдің назары еріксіз ауған еді. Айғыз-айғыз қызыл ала қан сатпақ-сатпақ қата қалыпты. Әдейі өсіріп, бояп күтін ұстайтын тырнақтарының көбесіне сірнедей боп қатыпты қан. «Сорлымын! Сорлы екем! Қайдан кез болдым. Бейбақ басым-ай! Адам емес жыртқыш па еді?!» деп іштей күйініп тіксіне қараған Әшір:

— Ой, сен қандай қасірет едің?! Не айтып тұрсың? Тағы мен көрмеген нең қалып еді, — дей берді. Үйден Әшір шығып кетсе, ойлаған ойран болардай қыстығып оның бетіне жаутаң-жаутаң қинала қараған әйел есіктің тұтқасын ұстап, қарсы алдына асығыс кеш тұрды.

— Бар қасіретті екеуіміз ғана көтеріп кетсек, дүниеден өкінішті өттім де! Ел басына түсер зұлымдықтың алдын ал одан да! Әне, күнәнің жуылар, арыңның тазарар жері сол! Мәрзия жаңағыдай емес, үні бекіп, дауысын қатайта көтерді. Сол — ендігі мұратым!

— Мәрзия! — Әшірдің жан дауысы шықты. Өз атын толық атағанында естігені осы шығар. Әйел шыдай алмады.

— Әшкен! Жаным! сәл сабыр, сабаңа түспі! Майқоңыр халқы алдында арыңды ақ жібектей жуып тазартып алмасам атым өпсін! Адамзат арының қарғысына ұшырайын, олай етпесем! — деді. Әшір аң-таң. Онсыз да сөзге олақ, ойындағысын тауысып айта алмайтын жігіт тілі байланған жандай Мәрзияның бетіне жаутаң қағып тұрып қалды. — Тіршілігімдегі жалғыз тілегім, осы бір сөзімді ғана тыңда. Сонан соң не істеймін десең де жаныммен ұлықсатымды берейін, — деп оны қолынан тартып, еріксіз әкеп отырғызған.

Әшірдің тынысы тарылды. Не естіп, не тыңдап отырғанын да пайымдай алмай зәре-құты қашып, екі қолын төбесіне қойып, дүниені тәркі етіп, тіршіліктен баз кешіп безін кеткісі де келді. «Адамның ойына келмес неткен қатыгез зұлымдық еді. Өзіне-өзі пышақ ұру деген, бәлкі, осы шығар. Халыққа тас ату, ел мұратына бұдан өткен опасыздық болар ма, сірә?» — деп жаны күйіп тебіренген ол:

— Бұ сұмдықты кім істемек? Қалай? Қашан? — деп айқайлай тұрды орнынан.

— Күркіреуікке су келген күнгі, түн! Аттыратын дәрі Қаныбектің ескі қорасында, — деген Мәрзия одан әрі сұрама, — деді талықшып бара жатқандай.

— Қап! Бәлем-ай! Өздерінше қапы қалдырмақ екен де! Олары бола қоймас! Құлақ естіп, көз көрмеген дейтін осы арамза ой совхоз әкімшілігіне де жеткен. Екі жағы да аңдушы да, сақтанушы да кірпік қақпай сол бөгетке су келетін күнді асыға күтісіп қалып еді. Ауыздарында «иә, сәт!» Кімді-кім жеңеді деген сөз ғана.

СЕҢ БҰЗЫЛҒАНДА

1

Күркіреуік басында атойлап жанған электр шамдары көз қарықтырып, сәуле шашып тұр. Айнала төңіректі тұмшалаған қараңғылық аспанмен астасып биіктен төнген меңіреу жарқабақ төрізді. Түн түнек боп, түнеріп қарауытып көрінеді. Түн шіркіннің қанша өнтелеп таянайын десе де, өзінен өктем сәуле нұрынан жасқанып, шегіншептеп қалған түрі бар. Қазір қара түн жарық сәулемен шарпысып текетірес аңдысқа түскен. Бөгет үстінде екі адам ерсілік қарсылы тыным таппай жүр. Оның бірі — Айгүл, екіншісі — Шығыр. Әсіресе, жас баладай аяғын тыпың-тыпың басқан Шығыр қолды-аяққа тұрар емес. Тығыншықтай денесін қорғасын құйған сақадай пиырып зыр қағады. Екі көзі далада. Сонау қарауытқан тұңғыық төңірегіне үңіле көз тігеді. Не жақсылық, жамандықты сол бір беймәлім көрдей зіл сақтаған марғау тұстан күтетін төрізді. Әбден ширығып, «аһа!» десе тұра қапысыз бас салардай сақ. Тастай боп бекініп алған. Өне ол қалт тұра қалды. Құлағын тосып, тың тыңдап, асығыс ілгері жүгіре жөнелді. Түннің бұл ортасы ауған шақ. Аспандағы қою бұлт іргесі сөгілер емес. Біс басқан түндік сияқты. Ай әлі туған жоқ.

— Айгүл! Тасқын! Судың алды буырқана сарқырап, төгіліп келеді! Міне, міне! — деп қауқалақтап дегбірі таусыла бөгет бауырына өнтелей жүгірді Шығыр. Айгүл де асығыс басып солай бет бұрған. Түнгі шам жарығында шымырлап, ілгері бұлықсып, екпіндеген тасқын су құла ма, әлде тортасы бетіне шыққан еріген сарымай түстес пе, әйтеуір қар аралас жентектелген, мұз кесектерін лықсыта келді. Қаншама замандар осы мезгілде арыны атырапты дүр сілкілтіп, атойлап ұран салатын тасқын «бұ не болды» дегендей үнсіз сыбырға көшіп тың тыңдап иіріле дөңгеленді. Бұрқ-бұрқ «ей, неменеге тоқтай қалдыңдар!» деп асығыс жеткен ақжал сең арқалаған адуын толқындар да жарқабаққа соғып аптығын басып, төңірекке бой созатын сияқты. Аласапырын үдей түскен. Үстін-үстін үре-сүре әуен күшейіп, бірін-бірі кимелеген сең ба, байланған қар ма, сықырлай жетіп, сығылыса қысылып биікке өрмелей берді. Толқын үстіне толқын шығып, иегін көтеріп алдын кес-кестеген «не тегеуірін» деп аптыға ұмтылысады алға.

— Апырай, аброй болып, әйтеуір... — деп уайымын сыртқа шығарған Шығыр тіл қатты.

— Судың өсуі де тез-ау! — деді оның ойын түсінген Айгүл.

— Міз бақпай тұрып қалса... — дейді тағы Шығыр көкейін ашпай.

— Байқайсыз ба, Шығыр аға, судың қанаты жайылып барады. Бөгеттің кейін шірегені шығар...

— Әрине, әрине, — ол енді қызған жезтабақтай боп таудың иығына асыла көтерілген толық айдың нұрына шомылған тасқынға сұқтана қалды. Өзі жер басқалы бұрын-соңды көрмеген құбылысы. Сорғалап тогілгенай сәулесіне жарқ-жүрқ бауырын көрсеткен қоғала балықтай ойнаған ағыстар жарыса келіп, бөгет алқымындағы шұңғыма құрдымға сүңгіп кетіп жатқандай. Қарқын күшінің бар салмағын осы тұсқа ұрып жатқанын қарашы, — деп пәленбай тонна цемент қоспалы темір бетонмен бекітілген бөгеттің ертедегі су орып өткен ескі нобайына қарай береді. Жүрегі қобалжи ма, сүйегі шымыр-шымыр ете қалғаны. Тасқын үдей түсіп, үрей шақыратын сияқты. Азынап жел, ұйытқып құйын ойнап тұратын кезауыз қазір «дымың ішінде болсын, әліптің артын күт» дейтіндей апай төсін керіп, «қане, келсең кел! Жекпе-жек! Жекпе-жек!» деп тау бауырынай ұрандап аттан салған ұлы дүрмекке кеудесін тосып қалынты. Қабақ шытып, қас қағар емес. Қараптан қарап тұрып қуыстана қалғаны. «Бұ су қайда кетіп жатыр? Тасқын түрі мынау... Әлде жер астынан бір ақау тауып орып кетіп жатқан шығар масқара қып» деп тұла бойы түршіккен Шығыр бөгеттің сыртқы іргесін жағалап жүгіре жөнелді.

— Шығыр аға, қайда кеттіңіз? — деген Айгүлдің айқайына:

— Қазі-і-ір! — деген ол окнесін қолына алып «Ұятсыздар-ай, халықтың бетін қалай көремін дейді екен. Ел үміт артқан береке мен несібе дариясын бұзып жібергенде...» Шығыр демі таусылғандай тыныс ала алмай, түншығып барып өзіне-өзі келді. «Беті аулақ! Басқа келмесін. Кеудемде жаным тұрғанда ол сұмдығың, Шекербек, іске аспайды, асырмаймын!.. Жеттің түбіме! Ел-жұрт алдында өлтірмеген нең қалды». Көкірегі удай ашып, алқынып қайта жетті Айгүлге.

— Былқ етер емес! — деді демін зорға алып.

— Нені айтасыз? — деді ештемеге түсіпбеген қыз.

— Бөгетті айтам, бөгетті...

— Неге былқ етсіп! Анау-мынауға дес берсе, бөгет боп қайтеді. Басқа бір апат соқпаса, сан тасқынға тотеп береді әлі, — деді сенімді жауап қатқан Айгүл.

— Е, әйтеуір...

Дәл осы сағатта Шекербек Қаныбектің үйінде еді. Екеуіне бірде ет асып, бірде қуырдақпен шай берген Жанғанна да көз ілген жоқ. Әр қадамын есеппен басатып, өзім білемі басқадан биік тұратын өркөкірек, жұмбақ жапның осы шаңырақтың түндігін серпіп ашықалы жалғыз, оңашаланып келуі шығар. Және түн жамылып келіп отыр. Жай келген жоқ. Құпиясыз жүре ме бұл? — деп түйген Жанған-

ша іштей. Содан да Қаныбектің қас-қабағын қақтырмай лыпып қонақ тәрбиесін риясыз атқарып бақты. Екеуі едәуір уақыт іштей ұғысқан жандардай екі шөлмекті үнсіз отырып, жәй ғана стакан бүйірін тигізіп ішің тауысты. Қос жастықты қолтығына жұмарлай басқан Шекербек көзін жұмып-ашып ыңыранып қана қозғалған болады. Қаныбек бетінің ұшына ұйысқан қалың түкті шымшып тарап, бар тіршіліктен бейхабар хал кешкен сыңайда о да қисайған.

Әйелінің сырын жақсы білетін Қаныбек со жолы туған ағасы Жәнібек артында уәделескендей Айгүлі келгенде «өліміңе бейбіт-мін! Қолыңнан екі келсе бірін аяма! Айтып өлем! Сенің істемеген нең қалды» деп туған ағасы мен көзінің қарашығы Айгүлінің алдында мұның шегінің қырындысына дейін ақтарған да осы отырған Жанға. «Отсыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады» дейтінді өмірі жадынан шығарып көрмеген Шекербек әйел алдында қайдан сөйлесін! Мұнда неге келгенін сыртымен-ақ ұғындырып отыр. Қаныбек те оның ойын жазбай таныған. Иә, сонда да әбден екшеп болат арқанды шарт кесетін сәт сағатты күмәнсіз етер құдай үдесі керек. Оны кім атқарады. Қазір үзігі, түндік киіз атаулы сыпырылып шиі, бау-шуы ма, кереге, уығы ма, аңғал-саңғалы шығып айдалада иесіз қалған үйдің сүйегіндей жел құзаған екі мұңлық ішінен күңіреніп отыр. «Кім бар қастарында? Кім қалды?» Екеуінің де маңдай тіреген сауалы осы.

— Қанекел! — Шекербек көзін шала жұмып, басын тағы төмен түсірді. Жапандағы жалғыз түп теректей өзің ғана арқа сүйерімің. Сенің көлеңкең, — деп жұтынды, — сенің көлеңкең — сая-бағым болар деп сенем. Әдейі бір сырласқалы келдім. Бейсеубет, жүрер жас емеспіз. Мына қайта құруың, расында да қайта құртты. Партияң анау. Бір кезде Ленин құрған партияның да беделі айрандай төгілді. Онда құт та, бақ та қалмауға айналды. Әрине, сол үшін... Өзімнің осы партияға не үшін кіргенімді көміл білем ғой. Ол күн келмекке кеткен шығар... Кетті!.. Енді мен сол партия қатарынан өз еркіммен шығуды қаладым. Мені бұл елден қостаушы табылар табылмас, бірақ Алыпбектер тұрған партияда ендігі жерде болғым жоқ.

— Не дейсіз? Рас айтасыз ба? — деп Жанғанша қадала кетті. Үрейлене шошына тіксінді.

— Естіп отырған жоқсың ба? — Қаныбек әйеліне атыла қарады.

— Масқара ғой, — деп қалды тағы өзін тежей алмаған әйел.

— Масқара емес, ерлік! Әй, Шекем-ай! Неғайбылға баспаушы едің ғой. Осының сырын ұқтыршы маған, — деген Қаныбек әйеліне бәрі көзін тігіп — бұл әйел араласар сөз емес, жайыңа отыр, — деді гүр етіп.

— Естіген құлақта не жазық бар, — деген Жанғаншаға Шекербек түсін жылытып:

— Есті. Есті. Бұ заманда даладағы бұтаға дейін әлемде не болып жатыр деп бас көтерген жоқ па?! Оның бер жағында... —

деп әдетінше тамағына қырыл үйіріліп Қаныбекке — еліңнен береке кетерде ешкің маңырап есігіңнен ұзамайды демей ме? Әйтпесе. — деп тағы бір тосылып алды. Мына тұспалымен Жанғаншаны жасқап тастағансыды. Қасының екі арасы түйіліп, іле танауы желпілдеп кеп күлді де: — Менің әрекетімнен Жанға кісі түңілетін масқара көрді. Оның несі масқара, кәне, өзінді не шошымты, айта қойшы? — деді үніне зіл түйіп. Қаныбек те зейін аудара қарады әйеліне. Жанғанша ойланып жатпады. Оны тосын батылдық билен алды ма:

— Басқасып қойғапда Отанымыздың күні кеше қасқа мен жайсаңы сонау майданда, ажалмен арпалыста жүріп Ленин партиясының қатарына кіріп, қыршын өмірін қиғанын талай оқып едім. Кинода көрдік. Содан ба, Партия мен халық егіз деп ұғушы едім. Сол партиядан мына заманда ат тоның ала қашуды масқара демеске болар ма? Түсінбедім, — деді.

— Өзім кірдім, енді өзім шықтым, — деген Шекербек «әйел алдында неменеге мөңтеңдеп сөзге қонақ беріп отырмын. Осыным не» деп түсін суыта қалды да:

— Жанға, сен оңай түсінетін бір ғана мысал айтайын, зейін қойшы. Байқайсың ба? Басы сонау, елуінші жылдарда басталған көп даңғаз, айдай әлемге жария ұлы күрес кіммен екенің білші, — басын көтеріп әйелге ежірейе қарап — тек өлілерме! — деді. Тірі адаммен жекпе-жекке шықса, не болмақ! Мына, мені түңілдірген бар сұмдық осында. Тіпті Сталин жау қолына түскен баласын да арашаламады емес пе! Неге! Ол үшін баласы басқа Кеңес жауыңгерінен артық емес еді. Ол бәрін бірдей көрді. Міне, сондай адаммен, е, айта берсең, ұлы Ленинге де тіл тігізіп жатқан жоқ па? Ендеше, ондай партияның қатарында болғым жоқ.

— Жарайды, солай деңіз. Алыпбектің жазығы не?

— Оның жазығы ма, сол партияның саясатын қолдауы.

— Партияның саясаты — халықтың мүддесі болса ше?

— Бос сөз?!

— Ол атқарған бүгіпгі пақты істі де жоққа шығарамысыз?

— Көзге ғана! Ақыры түк болмайды.

— Әлгі «тобеңді күн шалса қасыңнан шықпаймын, бұл торласа маңайыңды баспаймын» дейтін болмасаңыз болды да! — деп Жанғанша ойын тереңдете түскен.

— Болды! Саған келген сөз жоқ! — деп барқ ете қалды Қаныбек. Мына аз сөз қағыстан жүйкелеп қалғандай Шекербек орпынан тұруға оңтайланды. Қаныбекке қарағыштай берді.

— Оу, түп ортасынап ауып кетті. Ауылыңыз да едәуір жер. Ертең-ақ қайтарсыз, — деп жалшылдаған Қаныбекке:

— Жоқ, мен жүрем. Қазіргі кезде далада саяқ өскен жетім жидедей ертең көзге... — деп ойын әрі тарқатпай, — аладағы шаруа мезгілі де, — деді үні жасығандай.

— Білем. Соның өзі сәті түссе, дер шағы», — деп Қаныбек те мөңтең қақты.

— Маған орындаушыны айт. Атын ата!

— ?

Екеуі де сұраулы пішінде біріне-бірі таңырқай қарап сәл-пәл отырып қалды. Нартәуекел мен сөйте қояйын дейтін көзсіз батырлыққа қайсысы да баса алар емес. Мүлгіп отырып-отырып, Шекербек:

— Өттегене, бәрін қолдан бердік-ау! — деп күйзелді. Немі берді, не айтты Қаныбек қана түсінеді деп түйген...

— Екеуіңіз де Майқоқыр елінің есімі дардай белгілі азаматтарысыздар. Бір масқарадан соң, бір масқараға ұрына беріп не керек, — деп іштей ширекан әйел түспалмен ойындағысын белінен бір-ақ басты. «Не болса да айтып өтейін, қайтер екен» деп бекінген. Мына сөзге Шекербек дүр сілкінді.

— Уай, Қаныбек, мен сенің қатыныңның уәжін, немесе билігін естігелі келгем жоқ. Ақыл айтатын бұ жерде кім еді бұл маған? — деп талағынан жарылды. — Неғып ұнжырғаң түсіп мойның салбырап кетті. Бір күн өлсек, бір күн тірілсек еттіде! — деді. Дауысы қатқалп шықты. Бізә бұды ыны.

— Арындамас бұрын алдын болжа! Отқа салған күлшең күйіп бара жатқандай, көсеуге ұмтылып, — деді Қаныбек.

— Күйіп барады күлшем. Тау басына түнерген бұлт жай жасылын ойнатқалы неше күн! — деп еңсесін тағы көтерді Шекең. Қадала қарап, қанын ішіне тартқан Қаныбек те: — жә, бір жеті болар! — деді.

— Е, бәсе, түзеші бетіңді, — деп орнынан қопарыла көтеріліп, көрзі етігінің қонышын қамшысымен шарт соқты. — Тау қопарып, тас күйдірген қапысыз қимыл керек, — деді есіктен шыға бере.

Шекербекті аттандырған Қаныбек үйге кешігіп оралды. Күйбең қағып есік алдында жүріп алды. Бірақ жәй келмеді, аяқ астынан көтерілген құйындай тулап кірді үйге.

— Әй, осы мен саған қанша айтам, қанша ескертем. Еркектің ісінде әйелдің не қатысы бар. Меші жөндейтін сен бе? — деп тарпа бас салды.

— Адамды билейтін ерлі-байлылық емес шығар. Әркімнің басында ар билігі, адамдық, сана билігі, одан туып дамитын ізгілік дейтін құдырет бар. Сол билесін кімде де! — деді ерінің бетіне қарап кірпік қақпай қалған Жанғанша.

— Ә-ә, сен өзі ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін данышпаным болдым деші. Оу, алдияр, ханшам, онда, қане, қай аяғымнан бастап жүріп, жер басайын. Қалай қарай жүрейін. Сілтемі құбыланды!

— Құбылама саған керегі! Сілтеймін! Құрт ана динамитіңді! Көм апарып құмның шағылына, халықтың еңбегін еш ететін тажалыңды! Бүкіл ел бетіңе түкіргелі, қарғағалы, етек-жеңін түріп,

сөнімен әлгі опасызыңнап кез алмағалы не заман! — Әйелдің түн қараңғылығын оскылаған ащы дауысы Қаныбектің иманын қасым қылды. Өзінен басқа, Шекербектен басқа білмейді дейтін құпиясы жария болды. «Бұл қайдан біледі, ә? Кім екеп жәрия еткен?» — деп аяқ астында астан-кестені шығып, маңдайынан ащы тері бұрқ еткен Қаныбек Шығырмен, Әшірмен ұстасып кетті. «Солар әрине, солар. Сатқындар, менің динамит әкелгенімді жеткізген екен. Ал, мынаған айтқан сөзсіз қызы. Сөзсіз — сол! Қап! Енді қайттім. Әлгіге уәде беріп, әбден сендіріп жіберіп едім. Екі сөйлеген болдымау! Шіркін, ерім-ай, енді біржола түңіліп, безіп кететін болдыңау! Қалай, қайтпін талтүсте айға шапқан арыстандай мерт болам. Өзімді-өзім қалай бауыздаймын, ә?» Қаныбек қатты күйзелді. «Бұ заман не болып барады». Аранға түскен арыстандай айнала төңбекшіді. Төр алдына жатып еді көзі ілінбей қойды. «Қайда барсаң алдыңнан құпияң мен мұңдалаған не керемет бұл, ә?» Қанеке, бір күн туышып, бір күн өліпін дейтін наркескен алмастай күн кешіп тұрғанымызды ұмытпайық. Қай дәуірде де күрессіз келген бақытты естіген емеспін. Өз қолымнан келіп тұрғанда өзіңнен аяғаным жоқ. Ішкенің алдыңда, қалғаны артыңда болды. Енді міне, бақай-шүкей бала-шаға жағадан алып, дария ортасындағы қайықтан тымақтай атып тастап кеткенін көзің корді. Дос жаны бір кеудеде болатыны рас болса, сол кеуденді ащы! Азамат едің. Шығыр да Әшір де өздерінің шілдің қиы екенін көрсетті. Ал, сенің жөнің, өзім үшін бір төңір жаратқан пендеге қасиеттілігін осы жолы көрсетсінші. — Ойындағысын сарқып айтқандағысы. «Шіркін, дүние-ай, байтақ даламда Күркіреуіктің арылдаған үнін естісем арманым болмас еді, қапы қалма, сең бұзылды!» деген Шекербектің үні Қаныбектің құлағынан кетпей қойды. Қай жамбасына аунаса, қарсы алдында «дос жаны бір емес па?» деп сүзіле қарап, бұдан көз алмай тесіледі де отырады. Жанғаншамен бір төсекте жатпай төр алдына құлай салғаны қандай жақсы болған. Дөңбекшүмен ол таң атырды.

2

Малды құмының құла шағылынан әрең көтерілген айдың қызыл табағы Күркіреуік айдынына сәулесін сорғалата төкті. Биік-биік нар өркеш құм «ал болмадың ғой, көзің талғанша армансыз қарашы бір» дегендей маужырап жайбарақат қалынта бөгіп жатыр. Әлгідегі күлгін, қызалаң нұр бірте-бірте күмістей жарқырап, кең айдындың төріне ақжолым ағыс боп жылжып құбыла қозғалады. Алып айдын сүттей ұйыған. Ай сәулесіне тамылжып жетіқат көктен мөлдіреген жанарға ақ маңдайын тосып, бар тағаты үзілгендей жайыла тұныпты. Болмашы ғана діріл бар бетінде. Ол да іркіліп, төңірегінен ұялыс тапқандай жарқыл қақпайды. Бөгеле, имене

қозғалады. Сөз тасыған өсекшідей, міне бір дүркін жел үрлеп соғып өтті. Судыратып құрақ басын жапыра жөнелген ескек жел екпіні ме, бөгетке соғылған толқын жарқабақты шөп-шөп сүйіп, сылқ-сылқ күліп алды.

Бөгет басында жарқырап жанған электр шамдары қас қақпай шапжағайлап мен мұңдалап тұр. Көктегі жапырлаған жұлдыздар жердегі сәулеге көзің қысып күміс шегедей жалт-жұлт. Айдан ба, әлде самаладай жайнаған Ильич нұрынан ұялшақтай ма, жұлдыздар Алыпбектің көзіне комескі тартып, әрі, қарауытқан аспан күмбезіне сіңіп бара жатқан тәрізденіп те кетті. Әлгіде ғана жерге тамыш кеткелі нақ маңдай алдында шоқтай боп күліп тұрған жалғыз жұлдызды айнала іздегені. Шынымен көз жазып қалғаны ма! Сөйтіп тұрып, жүрегі жиі-жиі соғып, кеуде тұсы суылдап мұздап қоя бергені. «Мен не жаздым? Соншама ат-тоныш ала қашатындай, қай қылығымнан шошды екен? Тәңірім-ау, не болды? — деп аспанда айналасына ақ толпы нұрын шашқан айға өзінің қалай табынғанын да аңғарған жоқ. Екі алақанын жайып, көкке шалқалай қарап қалған...

Күндіз күлкі, түнде ұйқы қашқан, таңмен атып, күнмен батып, түрегеп жүрін, атүсті қалғып, әу деп бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарған Күркіреуік бөгеті құрылысы тұсындағы халық шабыты бұл күнде ұланасыр қуанышқа ұласқан. Кімді көрсен де, жаны жаз, көңілі дария. Осыдан аз жылдар бұрынғы қара құрым ыс басқап «Майқоңыр» ауылы көк балақ, жеміс-жидек, жүзім, алма өскен көкөніс бағына айналған. Әр үйдің маңайы түрлі-түсті кілем төселгендей, жасыл жапырақтан жасау жинап мен мұңдалайды. Соған орай ауа да жұпар тұнып, көшелер тазалығымен көз тартады.

Биылғы көктемнің ағыл-тегіл жауын-шашыны даланың ажарын кіргізіп кетті. Оның үстіне қаншама дәуірлер азынаған желдің дарбазасы атанған кезауыз енді Күркіреуік бөгеті болып айдыны күн көзін қарықтырып, толқыны бүлкіл қағып жатқаны анау! Жердің де желіні бар деген рас болғаны ма, әлде жер-ананың көзге көріпбес қантамыры бар ма, шет-шетіне көз жетпес кең жазық көк барқыт шапанын жамылып шыға келді. Далаға қараған кісі көзіп ала алмас. Содан ба, халық мерейі мұхиттай толқып, дариядай тасыды. Береке ту көтеріп, ырыс, молшылық боп «Майқоңыр» жеріне жаңа өмір қанатын емін-еркін жая берді.

Селолық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Ақат түрегеп сөйлеп тұр.

— Көп жұмыс атқарылды. Жақсы нәтижелерге қол жетті. Әсіресе, жемшөп тапшылығынан оның молшылығына жету — бүгінгі орасан табысымыз, мал өнімі, малшылар тұрмысындағы бүгінгі мәдени ағарту шаралары, жаңа құрылыстар, ауыл жастарының игілікті бастамалары, — деп алдындағы қағазына көзілдірігін киіп еңкейе берген оны:

— Ақат, көп айттың, жеріне жеткізіп түсіпдірдің. Оның бәрі қол жеткен табысымыз. Енді атқарылар шараны ата! — Тотелей қосылған Бекен — тоқмейілісін ештеме жоқ, — деп шаптай түсті.

— Дұрыс айтады бұ кісі. Сөзден ертең атқарылар нақты істі ажыратыңыз, — деп Сағат қилікті.

— Сәл шыдасаңыздар, — деген Ақат аң-таң кідіре түсті де, — атқарылар іс аз ба? Бірақ не атқарылмақ болса да, адам мүддесіне бағындырылуы керек. Басқа іске қосылған құрылыс, мәдени ағарту шараларын айтпай-ақ асхана, наубайхана, бала бақшаның пайдалануға берілгенінен халықтың мерейі өсіп қана қойған жоқ, омірге қозғарасы өзгерді. Ауылымызға жаңалық қана келген жоқ, жаңа тұрмыс, өмір салты, соған лайық қоғамдық қарым-қатынас қалыптасты.

— Түу, бұ кісі лекция оқып кетті, — деп тыпыршыды Сағат тағы.

— Ойпыр-ай, былай енді болғанды болған деуге болмай ма? — деп аңтарылды сөзге сараңдау Ақат.

— Сөзден іске! — деп басып төмен түсірді Бәйтік.

— Онда совхоз әкімшілігінің мынадай жоспарын талқылауды ұсынамын, — деп тамағын кенеген Ақат дауысын созып оқи жөнелді. Бірінші, осы жазда, Боранбайдың жылқы фермасына салынған комплекстегі іскер қарқынды әдісті қолданып, мал емдеу профилактикасын тоғыт, қырқым сияқты шараларды механикаландырылған тәсілмен жүзеге асыратын, алаң құрылысы аяқталатын болсын. Екінші, Альшбек Жандыбаев жолдас жатса-тұрса айта беретін өзіміздің Майқоңыр қорығын ұйымдастыру сәті туды. Оның бұры кепілі бәріңізге мәлім — Күркіреуік бөгеті...

— Міне, ісі! Егер, Жандыбаев жолдастың ұсыныстарын, иә, — деп жан-жағына тікте қарайтын әдетімен алаңдаған Сағат — қиялдарына, — деп күліп алып — құлақ асып, қолдайтын болсақ сөз жоқ ырысқа бөленеміз. Соның ішінде менің көкейіме қонақтап, ойымды он саққа жүгіртетін салмақтысы өзімізде ет комбинатын салу жоспары.

— Ет комбинатын? — деп сөзге араласты Бауыржан Бабақов соны пікірге елеңдей қалып.

— Иә!

— Күш жете ме? Ол өзі — деп көңілі сенімсіздік пе, әйтеуір бір түйткілді аңғартқандай.

— Қаржы жетін жатса, — деп күңкілдеді Бекен.

— О, Бекен аға, — деп сөз сұрамастан Жал атып тұрып, — миллиондар бар бізде, қайда жұмсаймыз. Тек пайда әкелсін. Еттің өзіндік құны бір сом отыз тиын, жүніңіз тегінге жақын емес пе? Өне, ақша көзі, сілтей беріңіз, — деді.

— Міне, міне! Еңсемізді көтерші. Жоқ, жоқ! — деп таңдайды тақылдатпай, — деп Бәйтік қостады. Бәрі дауылдасып кетті.

— Бұл егер жүзеге аса қалса ма, молшылықтың қайнар көзі

осы екен демейтін шаруа басшысы да болмайтын озат пікір, — деп қостап сөйледі Сапар. Алыпбек қас қақпай тыңдап, әр сөйлеушінің сөзін қалта дәптеріне түртіп отыр. Сапарға күле қарады.

— Менің айтпағым да осы. Мемлекетке ет керек. Егер, — деп жалғастырды ойын Сағат, — қайнаған ыстықта жермен, кейде қыруар жанар-жағар май шығыны, адам, техника күші сарп болып жеткізілетін малдың сонау қаладағы ет комбинатында апталап тұрып, жуадай солып арықтап салмағын жолатынын есептесек бұл ұсынысты ойланбай бүгінгі шешімге енгізуді талап етем. Өне, ісі! — деп тоқтады.

— Мына ұсыныстарына жаным семірді. Тамаша! Екінші Май-қоңыр қорығы — дейді, ә? Қандай әдемі сөз! Бәйтік тұрды орнынан. Жер азып барады. Әй, оның да жаны бар. Шыбынын шырқырата беруге құдайдан ұялайық. Со жарықтығымының көсегесі көгерсе енді көгереді деп отырмыз. Оны ағыл-тегіл жемшөп қорының өз топырағымызда молаюынан көрдім. Ендігі сенерім — Күркіреуік. Кешеге дейін бір келі сабанды жер шеті қияннан тасығанымыз өлсек естен кетер ме?! Малды мен Кенттің де демалар күні тусыншы. Босатшы арқасын. Сосын мал емдеу, қырқын алаңы, қазір бәрің сөз еткен ет комбинаты деген игіліктерді ауыздарыңа алғандарың азаматтық, тапқырлық екен. Оның несі жалған? Қолымыздан жөнелткен салмағы 60—70 келі тартатын қойымыз елуге жетпей талай торықтық. Сол жақта бір құрдым бар. Онан да өзіміз сойып, еттей берсек, нақты етті үкімет алатын шығар.

— Алады, — деді біреуі.

— Ендеше не сөз бұл! Шешім қабылдансын! Салайық комбинатты!

— Пәтуа осы ғой? — деп көтерілді Ақат.

— Осы! — дәсті атқару комитетіне қатысушылар.

— Маған бірауыз сөз, — деп қолын көтерді Айгүл.

— Жаңа Бауыржан аға екеуіміз күн тәртібіндегі мәселе тәңірегінде пікірлесіп, өзімізше ортақ ойға тоқырап едік. Ол тағы да мектеп бітіруші ауыл жастарының бастамасы, — бәрі Айгүлге қарай қалыпты. Қыз жанары лап-лап жалын атып, екі беті албырап қызара түскен. Көпті жастардың бастамасына иландыра сөйлеп шешіліп жетті. Алыпбекке от жанарын тігіп күлімсірей қарап өтті де — сол жастарды Афанасий Сергеевич пен Дәуреннің қарамағына жіберсек — деді. — Өзі де сұранып тұрған абыройлы келешегі мол құбылыстар екен деп қостады Бауыржан — өте дұрыс болар еді. Мәселе бірауыздан осылай шешілген. Селолық Кеңес атқару комитеті мүшелері ұлы ниетпен тарасқан. Осы шешім ауыл ішіне тағы да шаттық боп, келешек игіліктің көрінісі боп қанат қаққан еді.

Дәл сол күнгі қыз қуанышында шек жоқ еді. Көзкөсір шатық баурады оны. Қайда барса да алдынан маңдайы жарқырап шапағат мейірім шашу шашып, адалдық ақ ниет боп күле қарсы алды. Биылғы жайлаудың да ырысы тасып тұрған шағы екен. Бұған дейін қалыптасқан дағды бойынша мәдени-тұрмыстық қызмет шараларын атқаруға шопан ауылдарын аралап барған сауда, клуб, кітапхана, денсаулық сақтау жүйелері қызметкерлері дарқан дала төрінде өздері де бір жасады. Өзгені де мәре-сәре еткен. Байтақ атырап құйқылжытып, неше түрлі күй, оркестрі ойнаған сахна төрі сияқты. Дала шетсіз-шөксіз театр боп көрінді қыз көзіне. Бір кездегі қаңбақ ұшып, құйын кезген шол қазір күлімдеген сағымы теңіздей толқыған, көк майсасы тусыраған, топырағынан майы көңірсенген құт мекенге айналған. Күркіреуік бөгетіне ақ төсін сипатқан алып айдын кейін серпіліп жылға-жылға сай жағалап, тамыр қуып құлазыған өңірге бұқпантайлап жасырынбақ ойнаған қыздардай бой жазыпты. Ойдым-ойдым біріне-бірі озектесіп жалғасқан қара сулар алыстан күнге шағылысын қақтаған ақ күмістей сәуле шашады. Ықылым замандарда онда да сусындық қар түскен шақта ғана, ықтыңсыз бүлі мидай жазыққа нартәуекел деп айдаса жаудікі; ысқырса желдікі дейтін ұзынаяқ жылқы тұяғы тимесе, соңғы ғасырда жан баспаған шол енді қызыл ала гүл кестелі жасауын жайып тастапты. Шөп атаулыдан шықпағаны жоқ шығар. Әсіресе қызыл балақ изен, үкісі бұлғақтаған ақ селеу, кең өрістің жұпары жусан жапырағын емін-ермін жайыпты. Арасы айқай жетіндей таяқ тастам қатарласа қонған шопан ауылдары жайлаудың, тың жайлауының, сөнін кіргізіп жіберген. Ақ шағаладай үйлер жұмыртқадай боп жазық далада көгілдір шымылдықтай сағымға жұтылып, көкке іліне қалады. Асты-үсті үлбіреген сағым — жібек керілген киіз үйлер ауада қалқып, доптай діріл қағады. Егіз үй көрінген. Тез-ақ жетті. Тереңозекті қуалай ағып келіп, ауыл қотанындай ойнағға мөлдірей тұнған қара судың екі жағына қарама-қарсы қонған екі үй бірі — Жәнібек, екіншісі Бекендікі боп шықты. Екі үйдің орта тұсында, әй дейтін жерде құлын желісі тартылған. Сүтке тойған құлындар әлі жапырылып үлгермеген көк балаусалы қонашаның сызды салқын табанында қыбырсыз жатыр. Қаба жалы күдірейген кер төбел айғыр басын көлеңкеге беріп желі басында жусап тұр. Он-он бес шамалы іріп уақты жылқы үйездеп, суға түсіп, құйрықтарын шипындатып бастарын шұлғып, ұйлыға қалған. Ит үргесін бе, Ғазиза жүгіре шықты үйден. Сонодайдан:

— Мама-а! — деп құшағына құлай жүгірген Айгүлді бауырына қыса түсіп, емірене сүйген ананың жүзі балбұл жанды.

— Жаным-ау, жарығым-ау, — деп аймалап кетті. Айгүл де енді байқады. Қыстағыдай емес, Ғазиза тіпті көріктеніп кетіпті. «Таза ауа, соны қоныс, кең өріс жаққан екен» деп ойлады оған ұрлана

қоз тастаған қыз. Ана тұстан етегін шұбатып, Тазагүл де асып-сасып жүгіре басып, бері беттеді. Ілезде оқана ауыл, әлгіде ғана тым-тырыс құлаққа ұрған тападай боп отырған сахарадағы екі үй ақар-шақар думанға толды да кетті.

— Айкам екен ғой, балаларым екен ғой, — деп қызыл иегін көрсете күлген қарт ана да бәріш кезек-кезек бауырына басып, сүйіп шықты. Клуб қызметкерлері басқалар тізе бүкпей жатып, магнитофон құлағын ашып, музыка қойып жіберген. «Сарыжайлау» байтақ өңірді шалқытып барады. Атақты күй жеттім бе, жетпедім бе дегендей құйрығып шапшып еркелей шапқылаған құлындай дала төсін дүбірге толтыра жөнелді.

— Ой, көсегелерің көгерсін. Тәңір тілеулеріңді берсін. Осының бәрі, қандай шаттық, қандай бақыт көрсек те сендердің арқаларың, — деп ағынап жарыла сөйлеген Тазагүл ақтарылып жатыр.

— Қоныстарыңыз құтты болсын! — десе бұлар.

— Айтқандарың келсін! Ұжмақ, бұл ұжмақ! Жасым жетпіске келгелі көрген рақатым болды деп нағаны өкең де аузынан суы құрып, бір жасап қалды, — дейді Айгүлге қарап.

Өз әкеңді көрсең, — деп Айгүлге күле түсіп сөзге араласқан Ғазиза озінше мез. Тазагүлге қарап — апа, биенің сауыны асып барады. Желіні дертіп ныдай алмаған шығар, әне өздері желіге беттеді. Сауып алып, біраз алаңсыз отырайықшы, — деді қолына конегін ала беріп. Дала тұрмысына әбден үйреніп, етепе болған Ғазиза өткен жылдардағыдай емес өзі мәтіби бесаспап болып алыпты. Аяғында дала киімі кебіс, мәсі, үстінде белі қынамалы барқыт қамзол, басында гүлді бір тартар орамал.

Айгүл өзі анам деп туған шешесі Жанғаншадан бір кем көрмейтін әкесінің жалғыз ағасы Жәнібектің жұбайы Ғазизаның сыртқы көрінісіне ғана емес, мінезіндегі өзгерістерге, қимыл қозғалысына таң-тамаша қалып отыр.

Осыдан аттай ұш-ақ жыл бұрын мойнына бұғалық түскен шу асаудай жанын қоярға жер таппай, өзінен өзгенің бәрінен безіп, шыбыны шырқырап, мына қазір өзі ұжмақ деп отырған ырыс тасыған даланы талақ еткен әйел қалай жан танымастай өзгерген. Сол дөңгелете қырықтырып, бұйралатып қойған қап-қара шапшы, уылжыған ерніне төгілте жаққан далабы далап. Қоңыраудай сылдыраған қоңыр үні де бір өзгермеген. Қаладан осы қазір ғана келіп, аяғындағы биік өкше туфлин шешіп кебіс мәсі, барқыт қамзол кие салып, бұларды қарсы алған тәрізді. Сәл жел қақты қара торы жүзінің тотығы ғана. Рас қып-қызыл бояудан шыққан өткір қандауырдың ұшындай көрінетін тырнақтары қазір жоқ. Бар өзгерісі сол сияқты.

Екі емшегі жер сызған қырдың қос қызыл сиыры жер-дүниені көшіріп мәңірей жетті үй қасына. «О, о, келіп қапты ғой! Нәдірдің жайбасарындай жер-әлемді күңдірентпей келсеңдерші — құрда-сының әйелін есіне алып әзілдей, — ауылда қонақ бар демейсіндер-

ау! Ұят-ай! Міне, міне, — деп екі сиырдың алдына екі шара қоспа жем тосты. Үлкен сырлы тұтқалы қоңыр шелекті ала салып, ақ желеңін иығына ілген ол сиырдың бауырына отырып, салалы емшектерді күрпілдетіп сауып жатыр. Саусақтары пианиноның клавиштарын басқандай әр емшекті басқан сайын пор-пор әуен естіледі. Кешкі қоңыр салқын ауа, үп еткен жел, ызың еткен шыбынсыз тұна қалған. Жалаң, бірыңғай мал мен қарбалас шақтағы адам дыбысы ғана. Береке ырысы тасыған байтақ баласына еміренген анадай көрініп кетті Айгүлге. Көңілі де тасып жүре берді.

Түн. Мақпал түн. Желсіз тымық аспан. Әлем шырағы түгел жанған. Жымың қаққан жұлдыздар жарқ-жүрқ шытырадай сәуле шашып, төгіліп кеткелі тұр. Ай сынығы күміс тағадай. Әй, дейтіп қол созым көкте ілініп қалған. Бәрі-бәрі сонау құсжолы дейтін ақ айран төгілгендей ұбақ-шұбақ көмескі жұлдыз шұбырындысына дейін аспанның осы бұрышына жинала қалған тәрізді. Тек осы жерге үңіле қарап, осы жерге қызықтай қадалғандай боп та кетті Айгүлге.

Күмбірлеген күй тулап, байтақ дала әнге толып барады. «Қыз Жібек» фильмі экранға сияр емес. Жасауы жарасқан, салықалы бар көркімен де, көрінісімен де көзді арбап, көңілді тасытқан көш... Көрікті жігіт, үкілі тақия, сәукелелі, шолпысы сылдыр қаққан сырғалы келіншек ат үстінде мәре-сәре...

— Паһ, шіркін, — деп қалды экраннан көз алмай құндыздай шалғынды жұмсақ жерге текемет, оның үстіне қалыңдатып көрпе төсетіп, құсжастыққа жантайған Бекен қария.

— Әне біреуісі, Тазагүл жеңешемнің жас кезіне ұқсап кетті-ау, шамасы, — деп қағытты Байтас.

— Ағаның өзі де Төлеген емес пе? — деп күлді Сағымбай. Сейіт бастады ма, бәрі қосыла күліп кетті. Жастардың дуылдап күлген шамына тиді ме, Бекен басын көтеріп жап-жағына қарады. Бірдеңе дегісі бар.

— Сендер немді білер едіңдер, — Тазагүл сөзге араласты. Онан да ең болмаса кінәдағыны көріп, көз қанықтырыңдар. Әне, ата-баба мына байтақ далада қалай көшіп, қонып, рақат өмір сүріп, қызық тамаша көрген. Жер қандай, ел қандай, жігіт қандай, қыз қандай! — деді.

— Түгі түскен тулақтай тозған далада туып, шаң жұтып, түтінге қақалып, тас басып, табанына тікен кірген немелер емес пе? — деп теке көзі айдың сәулесіне ойнай қалған қарт, — ненің қадірін білер еді, — десе:

— Шіркін-ау, десеңші, балалар күлсе, білмей күледі, ал сенікі не? — деп Байтасқа қараған Тазагүл — есіңді жисаң енді жиган шығарсың. Бұдан бұрынғы күнің белгілі еді ғой. Мына кінә өткендегі ата-баба жайлаған, өмір көшкен, қызық көрген дала осындай, қыз жігіттері мынадай болған деп отыр саған. Алыпбекжанның арқасында шұға төселгендей жайлауға қонып, малың да, жа-

ның да рақатқа батқасын есің шығайын деген екен. Сабыр, сабыр, тасыма жегіт тасыма!» — деп тоқтады.

— Жеңеше-ау, елді сізді Қыз — Жібек, көкемізді Төлеген дегенге де кінәлі көресіз бе? — деп Сағымбай тәптіштеді.

— Ол екеуіндей болған адамда армап бар ма? — деді күрсінген Бекең.

— Оу, ағатай-ау, өзі өкініш бар ғой үңізде, — деп Байтас та кеңк-кең күле көтерілді.

— Өкініш емес, көкейімде мәңгілік өшпейтін алау тұтанды мына кінәні көріп. Өмір деген сол! — Қарт шопанның дауысы түн түндігін қақырата шықты.

Айгүл қарияның бетіне бар зейінін аударып бұрыла қарады. «Иә, көкейімде мәңгілік өшпейтін алау тұтанды» дейді, ә? Кемпірі анау «Алыпбекжанның арқасында шұға төселгендей жайлауға қонып, жаның рақатқа батқасын, есің шығайын деген екен» деп азаматтың еткен еңбегін асқақ әндей көтерген». Қыз қиялы шартарапқа шалқып қорғасындай еріді. Өзімен өзі тоңірегінде не болып жатқаны, қазір оның назарынан тыс қалды. Клуб меңгерушісі қыздың Мақпал Жүнісоваға елікттей, белгілі ақын Көкімбек Салықовтың сөзіне жазылған «Бір ауыз сөз» енін орындағанда ғана сөл елеңдей қалса да көз алдында бүршік атып, алақаныл жазған гүлдей бір сұлу дүние бүкіл аңсарын билеп алды. Шөліркеп аңызға ұрынғандай, таңдайы құрғақсы ма, бүкіл бойы салдырап езіліп кетті. Бар тіршіліктен бөліп оңашалаған тәтті сезім, ыстық құшақ тапжылтар түрі жоқ. «Жаным сүйіктім» деп үзіліп, ыстық от демі бетін шаршып, аймалап барады. Бар әл-дәрмені бітіп, күш-қуаты сарқылып, ауа жетпейтіндей тынысы да әлсіреп, өзін тосыннан кеп билеп алған, бейәдеп күшке тегеуірінін шақырып қарсылық етейін десе де, тал бойынан қауқар таба алар емес. Өзгеше, бітімі басқа, бұған дейін сезінбеген сөл қозғалса шайқалып ақтарылып төгілер, беймаза бір жұмбақ күш мұны біржола меңдеп алған. Содан ба, тәңір алдында тұрғандай еркінен айрылып сұлық қалған. Енді міне, өзін бауырына тартқан өктем күш гүлге қонған көбелек қанатындай майда, зілсіз жұмсақтық боп мұның өрніне жабысты кеп. Тәттілік, жанды еріткен шуақ па, әлде не, мұны біржола билеп ырқына бағындырып, тал шыбықтай бұралған майысқақ денесін иіп барады. Өзінің тынысының тарылып, демін де ала алмай, енді болмаса үзіліп кетер сәтке ақиқат жеткенін сезгендей санасы жарқ етіп, сәуле шашқаны. Алыпбек аймалап тұр. Оның да қара торы жүзі алабуртың, кірпігі жанарын жауып, өліп-тірілгендей күйіп-жанған. Құба жон айдала... Айгүлдің санасынан сол жолдағы осы көрініс қайта тірілді. Бұл түннің ортасы ауған, таң алды, тауық шақырар мезгіл еді. Жайлау даласы — үстінде жұлдыздары жымың қаққан аспан. Ай батысқа ауып ұзап кетіпті. Мөлт-мөлт жаудыраған сансыз жұлдыздар ғана «Айгүл-ау, неге ұйықтамайсың» дегендей шүпірлеп қадалады бұған. Таңғы салқын самал аялаған

қыз денесін әлсіз діріл билеп, жұпары аңқығап жайлау түні осы сиқырлы күшінен босатар емес. Шалқалай жатқан қыз оң жамбасына ауван түсті. Жаңа ғана ойына оралған шым-шытырық сурет қайта қолбеңдеді. Енді Алыпбектің өткір қара көзі болып, мұны ішіп жең барады. Бүкіл тылсым нұры соның жанарына тұнып қалғандай іңкәрлық, тек өзіне деген басқаға беймәлім сыр боп шақырады мұны. Тілсіз-ақ бәрін ұқтырып, жүрегің лүп-лүп тулатып жібергенін қарашы. «Қыз Жібек те Төлегенін осылай сағынған шығар-ау!» Ұят-ай, мен не деп кеттім? — Қыз шоқ басқандай, әлде біреу сөзімді естіп қоймады ма дегендей басын жастықтан жұлып алып, жан-жағына тікте қарады. Бәрі ұйқыда. Тек өзі ғана ойдан ой қуалап елестен елес көріп, жаны толқып отыр. Аузын ашса, «Алыпбек, Алыбым» деп дуыстап жіберердей жан дүниесі астан-кестеңі шыққаны тағы. Бәрі өзімнен! Өзім кінәлімін! Оның жазығы не? Алтын басын иіп, өзегі өртенген. Оған ең болмаса бір ауыз жылы сөз де айтпадым. Айта да алмадым. Түйсіксіз кеште, тілеіз мылқау болған да өзім. Сонда менің, менің алдымда... Одан әрі оның ойлауға шамасы келмеді. Аласапыран дауыл көтерілгендей кезалды тұнып жүре берді. «Иә, сонда мен... Неге тілсіз қалдым? Қыз құланиектенің келе жатқан түн туырлығына сүзіле қарады. «Сөйдегем! Туған елім алдында маңдай терімді бұршақ-бұршақ төгіп, адал еңбегім арқылы, халық алғысын алмай өмір, сенің шуағыңа ұмтылмаспын! Осынау, байтақ дала түлеп, ел ырысқа келгенде мен де бұршік жарармын! «Бұл менің сондағы сертім еді. Оны неге айттым? Дәл сонда еді-ау! Мен тасқа шыққан гүлмін дегенім де! Рас, рас!.. Папам-ай, арыңды неге былғадың екен...»

Айгүл көзін жұмып, жайбарақат қана тыныстап жатты. Құлағына Бәйіктің дауысы келді. Мана жайлаудағы шопандар өзара қауқылдасып, қызу әңгімеге беріліп кеткенде мұның оз құлағымен естігені бұл. Қашанда біреумен сөйлесе қалса, оң қолы бестал сақалына жармаса қалатын Бәйтекең сол әдетімен Бекенге күле қарап отырып:

— Сен, теке көз, сұңғыласың ғой, не байқадың осында келгенді? — деген.

— Е, не байқаушы едім, сенің бестал сақалың бір жаққа кетер деймін бе, жоғалатын ештеме жоқ, — деп екі нығын қысқан.

— Әй, тәңір алғыр сақалды қоя тұр. Шаруа жайын айтшы, мына балалардың да мерейі өсіп қалсын.

— Айта бер, сенен артық білерім шамалы, — деп тойпаңдаған Бекенге:

— Айтсам айтайын. Бірақ бір пәлеге қалдырма!

— Осыған дейін Бекен басыңды жарып, көзіңді шығарса, айтшы қане!

— Жо-жо!

— Ендеше былшылды қойып, әлгі мерей өсіретін өсетінді айт!

Бәйтік тамағын кенеп аз отырды. Жаутақ-жаутақ баладай құрдасының бетіне шүйіліп:

— Менің осы жасқа келгенше бірге өскен, бір жылғы туған досым, сенің жарты ғасыр бойы бағып келе жатқан қой түлігі екеуіңнің тойдым дегеніңді, кекірігің азғанын пенде болып естігенім де, көргенім де осы! Бекеннің көзі шарасынан шығып барады. Сақал, мұрты діріл қағып, малдасын құрып отырған ол шарт жүгінің алды. Екі қарттың әңгімесін тыңдап отырғандар не болар екен дегендей үрпиісе қалған.

— Әй, бізді бір жалмауыз көргендегің бе бұл?

— Басқаша, — дей берген Бәйтікке оқты көзіп қадап:

— Қателестің көсем! Алдар көсені ешкім сөзден жеңбеген деген бар еді. Мойныңды астыңа алған жерің осы шығар. Ысқырып атқан киіктің обалы жоқ. Өз обалың өзіңе. Алдымен өзіме келейін. Сен ғой мені нысапсыз, мешкей, құрдым көреді екенсің. Сонда ол сұмдығың менің қай жерімде жатыр соны айтшы! Мына халық оз құлағымен естисін, — Бәйтік күле берді. Құрдасының шамына мықтап тиіп, әдейі тулатып отыр.

— Бәке-ау, — деген Сағымбай Бәйтікке, осы Бекеңнің сізден тамақсау еместігіне бәріміз де куәлік ете аламыз. Бір екі рет қарбытып асағаны болмаса, бұ жарықтық бір шек, ұзаққа жүгіретін қызыл алтайы түлкі сияқты ғой, — деді. Бәйтік тыржың ете қалды. Тыныш отыр дегені. Бетіне жап қаратпайтын шайнау қарттарға не десіп, бәрі үнсіз отырысып, тыңдаған.

— Егер, ей, қу Көсе, сенің білгің келсе, мен сен сияқты ішіндегің тап деп мешійін отырып алмаймын. Сенің шек-қарыныңды кім аршып, қолын былғап отырады. Ондайыңды өзің айтып, өзің тап. Ал, маған келсең, пірім жария, айтарымды айқайлап айтып, нысанамды көпке көрсетем! Соным үшін не ауылдың, не ауданның айналайың, жариялылық, демократия дейтін күн келгенше біреуіне жақпадым. Көптің көкейіндегісін талап еттім, ит мініп, ирек қамшылаған мешеулікті талап еттім. Өтірік деңі!

— Мұның шындық енді, — деді шырқытыра бергісі келмей Бекенді сабасына түссін деген Бәйтік.

— Онда неменеді мені ағаш атқа мінгізіп отырсың?

— Батыр-ау, бойыңдағы қасиетіңді айтсақ та сөкетті боламыз ба?

— Қасиетіңнің бар болғаны — өмірі тоймайтыным болса, онда жетіскен екем.

— Міне, осы ғой өзін-өзі танымайтын кесір мінез — Бәйтік түссін мұздатып, байсалды дауыспен:

— Әй, бадырақ — дауысы барқырай көтерілген ол — мен мына сенімен алдыңдағы түліктің сырын тап басып айтқаным да айтыпты болдым ба? Өзің-ақ айтшы, осы жайлауға қонғанша, Күркіреуік бөгеті жарты дүниені жарқыратып, толқыны тулаған жойқын суды ұстап, шағаласын шаңқылдатып, қоңыр қазын айдынында қаңқыл-

датқанша қоңілдің бір жадыраған күн болдыма?! Жоқ, Мұны бір де. Екінші, «қанша жыл қой соңында жүріп, таңның атысы, күннің батысы осы жаңуардың өрісте аузының бір дамыл таңқанып көрмедім. Ойшырмай, мұндай тоймайтын түлік болады екен-ау!» дегенді өз аузыңнан талай естіген кісімің. Өтірік деші — Бекен үнсіз қалды. — Ә, басың салбырады ма? Мойындаған шығарсың!

— Қу көсе, ұттың! Бақылдығыңды, бір ұртың адал, бір ұртың арам екенін де дәлелдедің. Рас, соңғы сөзіңде тәптімін, — деген Бекен ойына бірдеңе түскендей шоқтығы көтеріліп — өрістің оты шүйгіндігі ме, әлде шөбі құнарлы ма, тегі ертелей өрісімен зыр қағып жүгіре жөпелетін отар, дөңгелене байырқалай жайылады қазір. Кигіздей ұйысқан, қарға тұяқ, ақ бас жоңышқа жапырақты май жусан, қызыл сирақ изеп, бидай бас, былқылдақ ақ буын, көде, шашақты боз таңдайын жұлып әйтеуір тез тілін ойып тастай ма, ілезде тойып, мелжөңден қалады. Батыр-ау, ұзақты күн жайылып, бүйірі бір шығып көрмеген бұл жарықтыққа не айтайын. Түс болмай жатып, манаурап ұйқысы келген баладай бұлғақтап ойдым-ойдым бөлініп, иіріле бастайды. Оған көнетін Бекен бе, айқайды басып үркіте қуам. Жатуға ерін бермей түртпектей берем. Оныма да көнбейді, лажсыз «жарайды, ендеше деп бүгін түсте ауылға жақындатып тастап Тазағұлдің шайына келдім.

— Жалғыз сіздің отарыңыз ғана емес, нағашы-еке! Менің де жайым дәл сондай, — деп қостады Жәнібек. Бұған дейін қой жарықтықты жүгіріп отайтын мал шығар деп келгем. Сөйтсем, тарам-тарам ақ табан із, неше жылғы түгі түскен тулақтай шаңы бораған даладан аузына толар ештеме таппай зыр қағады екен. Міне, қалай осы соны жайлауға келдік арқан бойы ұзайтын емес. Ауылдан шыға жер емшегің емгендей қыбыр етпейді, — деді.

— Ой, мың болғыр Жәнібекжаңым-ай, мұратыңа жет! Мына нағашың қой жаңа мені текекозін адырайтып жең жіберердей болып еді. Арқасы бар адамдай орнынан атып тұрып, маған ақшынып еді, әйтеуір балалардап ұялған шығар тізесін бүкті. Менің жүрегімдегі айтпағымды сен шештің. Ал, нағашың ба, қой мұны — деп еңсесін көтере күлді Бәйтік.

— Бәрімізді де тамсандырып, ойландырып тастаған жоқсыз ба? Сіздіңше Бекең мен о кісінің алдындағы қойдан тойымсыз бұ дүниеде тіршілік иесі жоқ сияқты. Көз алдымызда тойымсыз мешкей болды да шықты. Қайта Бекен шыдамды екен, — деп жымысқы әзілімен шымшып өтті Байтас.

— Әй, қойыңдар, бос сөзді. Осы бәрімізді, алдымыздағы тілі жоқ малға дейін арқа-жарқа еткен кім, кімдер, енді соған келетіңіз. Мына Бәйтіктің ел мерейі деп меңзеп отырғаны не? — деді Бекен дауысын көтеріп, бәрін өзіне қаратып. — Үндемейсіңдер, ә? Мына көсесің мені түртпектеп отырғаны да сол.

— Жә, соған келейікші — манадан әліптің артып бағып, екі

қарттың бетіне кезек қарап отырған Серік қойшы да сөз бастап — бекерге дауырыға бермей, — деді.

— Өзімнің көзім жеткен бір ақиқат мынау — деп төтеден сөзге қосылған Жәнібек кимелеп:

— Бұған дейін әр саулықтан бір қозы берші деп жалынып, оның шөшшек қаққан ауызына қарап, қайда қай жерге жайып тойындырамы деп келсек, енді жағдай басқаша. Жері байдың елі бай деген осы. Өрісің кеңіп еді, пейілің де кеңіді. Малың да жаның да жадырады. Содан болар «рахат саған». Керегің қозы ма, ет пе, жүн бе? Ал! — деп түр алдымыздағы отар. Биылғы туған қозыңды қарашы алдымен қазір, семіздіктен ырғалып, майдан баса алмай қалған жоқ па? Таңның атысы, күннің батысы шаң жұтып, ыңыршағы айналып, өкпе ме, сарыбуын ба, айналма ма, неше түрлі пәле құзғанадан құтылған қой түлігі әр күні тоғыттан шыққандай орнына дүр сілкініп өрмей ме?

— Міне, міне, тап бастың көкейімді!

— Шопан ата ғой, мына Жәнібек!

— Әй, өзің қоймен тілдесетін шығарсың, — деп Жәнібекті көтермелеп кеткен көпті:

— Сабыр, сабыр, шуламай сөзге қонақ бөріңдер!

Ал, енді тоқетеріпе тоқтайықшы — Бекен текекөзіп кеңірек ашып, жан-жағына ойлы қоз тастады. Бәйтекең әлгіде балалардың да мерейі өссін деген тұспал айтты. Соны ұғып саралап алайықшы!

— Біз бұл күнде ұранға шыққан ел болдық. Жақсы атағымыз Сарыарқаның кең жазығынан Алатау, Алтай, Атырауға жетті. Сонау Мәскеуге барды. Алматы қол соқты. Мына қу көсе маған осындай даңқың шыққанда, берекелі, ырысты, дәулетті ел болғанда неғыш жарылып кетпей отырсың. Не айтсаң, айтқаныңның бәрі болды. Сенде тойым жоқ. Қой қандай мешкей болса, сеп де сондай нысапсызсың дегісі келеді, — Жайшылықта да әр сөзің жеріне жеткізгенше шүйкедей созып өзім болдым демей тоқтамайтын қарт ұзақ ойын түйе алмай қойды. — Әй, қариям, мен нысапсыз емеспін, бірақ қолжеткенге тоқмейілісітінің де, мен емес. Әлгі Юрий Көгарин жұмыр жерді бір оралып келді деп адамзат ғарышқа ұшуды тоқтатқан жоқ! Әне, Айға, Шолпанға ұшып барады. Ендеше, ауылымыздың жас құрақтай жайпаған жас қайраты, ұрпағым ду қол соғып өмірге өзі әкелген бүгінгі үрдіс табысты еңбектің ілгері жалғаса беретініне сенімім күн сәулесіндей ыстық! Сенім — жеңіс, ырыс болды. Бір ауыздан сөз, бір жеңіп шыққан қол қыдыр бош келді еліме!

— Оу, тым мақтанып кеттіңіз, — деді Байтас көп сөйлеп бара жатқан Бекенді тоқтатпақ болып.

— Ой, не дейді мынау?! Неге сөйлемеймін, сөйлеймін. Мақтанамын, — қарт қызып кетті. «Ата көрген оқ жонады, ана көрген тон пішеді» дегенді де көзім көрді. Міне, осы отырған, мына жайлаудағы елге, осы бүгінгі бақытты, шат өмірді, не киейін, не ішейін

дегізбей не керегіңді ең аргысы ән-жыр, қызық-тамашаға дейін төріңе әкеліп, жар құлағы жастық көрмей, жатсаң төсек, тұрсаң жастық болып жүрген мынандай ұрпағымың қызығына қуанбағанда, қайда қуанам. Бұл ұлы өмірдің алғашқы бастауы! — Ол саңқаулы үнге көшіп, — ойхуй, кең дүние!» сияқты ішін кетер, жеп кетер Шекербектерді көрмеп пе едіңдер! Өз ұрпағың, өз азаматың Алыпбек, Сапарлар тізгін алып еді қолына, ұшпаққа шықтың!» Бекеннің дауысы түнгі ауада биіктей берді. Ду-ду өзара таласып, ел мерейі көтерілген еңбектің абыройы сөз болғап тұста, өзін қоярға жер таппай қуаныш құшағында отырған Айгүлдің миы кенет зырк ете қалғандай, денесі мұздап қоя бергені. «Ойхой, кең дүние!» сияқты ішіп кетер, жеп кетер Шекербектер» деген сөз қыздың көрікті ойын құйып соққандай ірітіп жіберді. Шіркін-ай, қайран папам-ай, көппен көрер ұлы тойдан жырылып қалғаның-ау! Не мінез бұл?! Қатарыңа қарамағаның ба? Мамамды, Мақсұтыңды да, мына мені де аямағаның ба? Халық бетіне тіке бір қараңызшы, не дейді ел, тыңдаңызшы. Ел қайда бара жатыр, ал сіз? «Ойхой, кең дүние!» Шекербегің анау... Баяғы бір тұяқ кесті шыыр, мақтасы шашылған ескі шананның өңіріндей далаға жалғыз ұй қалған түріңе қарашы. Не болдыңыз енді... У жұтқандай көкірегі ұдай ашып кетті. Нағашы атасының қоңыр дауысы асқақтап, әруақтанып тыңдаушыларын ұйытып тастаған. «Өз азаматың Алыпбек, Сапар...» Қыз жүрегі тағы шымырлап жиілеп соғып, көңілге бір ыстық арайлап, бойы балқып, рақат сезім боп баурай жөнелді. Жанын жадыратқан қиялындағы ләззәт шуағы ақ жібектей жайылып, бүкіл шығысты шапағына бөлеген таң нұрына ұласты кеп.

Қыз түрегелді. Нырдай болып қотанда қыбырсыз қалған Жәнібектің отарына қарады. Сонау шеттен мекіреніп, сілкініп тұрған боз саулық орын ауыстырып қайта жатты. Төңірек мүлгіп, әлі ұйқысын аша есінеп жатқандай. Бозала таңда рақат құшағынан оянып, ән салған бозторғайдың, шілденің жан тербеген әуені құбыла шығады. Уыздай ұйыған таң шапағымен бірге бір сағыныш оны оңашалай берді тағы. Балбыратып алып барады. Бақыт па, сөр ма, бейнет пе, рақат па, ләззәт па, у ма оны тергеп-тексеріп ұшығына жете алар ма! Еркінен тыс көзге көріпбеген аңсар билеп кетті оны. Әпшақ таң, жанды жадыратқан ақ пейіл боп төгіліп келеді. Қыз жаны шағала боп қалықтай ұша жөнелген кең дала, күн шығар сәт, ақ шуақ, бұған дейін ұшыраспаған іңкәрлық өзегін жарып, жанын әлдилеп, «қасиеттімің, жанымсың, ұшпағымсың» деп үздіге аймалады кеп. Бүкіл тылсым тынысы бар ыстығын ана мейірімімен мұның бетіне шашып, ақтарыла құйылды. Көз алдынан Алыпбектің бейнесі кетпей қойды. Көзін жұмса болды қарсы алдында отырады, ащса ғайып болады. «Бұ не керемет! Мені елес басқаны ма?» Қыз ойы сабыңдай бұзылды кеп. Сан саққа жүгірген қиялы оны жер бетіне сиғызар емес. Бір шаттық кернеп алған. Қазір өзін қоярға жер таппай көкбұйра балаусалы, бетегелі, жусанды жұпар

аңқытқан, берекесі тасыған байтақ далаға алақайлап жүгіре жөнелісі келіп, делебесі қозды. Бар даусымен «әлемде, жер бетінде менен бақытты жан жоқ», — деп айқай салғысы келеді. Көкірегін жайлаған қуаныш көктемдегі өзінің көз алдында бүкіл атырапты дүрілдетіп, жойқын екпінмен тасыған Күркіреуіктің суындай шалқып бой берер емес...

Бейбіт күн жарқырап алаулай шықты. Бекен мен Жәнібек малшы қауымға тән дағдымен күннен бұрын тұрып, аттарын жемдеп, суарып, шай-суын ішіп, отарларын өргізіп шаруа бабына кіріскен. Астындағы аяңшыл қаракерін сипай қамшылай Жәнібектің үйіне беттеген Бекен ат үстінен:

— Айгүл! А, Айгүл, — деп мұны шақырып алды да:

— Алыпбекке менің мына өтінішім сәлемімді айта бар, қарағым. Бұл тілегімді ені етпесін. Егер, иә, егер, — дауысы қатқыл шыққан ол — бүгінгі қолымыз жеткен азды-көпті игілікті әлі де көбейтем, жетілдірем десе, қайталап айтам, көбейтемін десе, бұдан былай жайлауға машина, трактормен қатынасты тоқтатсын. Бұрын да айтқам, әр істің өз құралы бар. Сөзді де адам тілімен айтпай ма? Мыымен ойламай ма? Түйе үстінен сирақ ұйткізбесін. Жердегі шаруаны жердегі құралмен атқарсын. Артыңа қарашы — қарт ат үстінен темір жолдың қос табанындай көкірім бетегелі атыраптың шүйгінін тіле жапырып жосылып ауылға кеп тоқтаған көшегі бұлардың ізіне түксе қарады. — Мына із келесі жылға дейін өшер ме? Бетке тиген қамшының ұшы бұл! Өз бесігіңді өзің қадірле ұрпақ! Туған жеріңді көзіңнің қарашығындай қорға! Келешекке жасаудай жайнатып қалдыр! — деген ол мұның аң-таң болған түріне көңіл жықтастан кетіп отырды. «Қызық кісі. Енді немен жүру керек, жер баспа дегені ме» Айгүл Бекеннің соңынан көпке дейін көз алмай қалды. «Балалардың мерейі өссін, бәрін айт!» деген Бәйтіктің сөзі құлағына қайта шалынды. «Бұрын әр саулықтан бір қозы бер деп сұрап алсақ енді өзі қанша аласың дейді деп өз әкесі Жәнібек тұр. Қыздың көз-алды мыңғырған төрт түлікке толып жүре берді. Майқоңыр даласы мал, жас төл әуеніне маңыраған қозы, лақ, кісінеген құлын, мөңіреген бұзау ма, боздаған бота ма, мың-мың жөңкілген киіктей өріп барады. Ойы-қыры — өріс, көк майсалы атырап шалғыны толқыған екпе шөп, бірғалған дақыл боп көкжиегіне ұласып кетті. Күркіреуік айдыны жарқырап ақ төсін керіп, аққуы жүзген құс базарына айналған. Бұлтсыз аспаннан ақ сәулесін тамылжыта төккен күннің алтын табағы осы өңірден жанарын ала алмай күле қарап қалғандай. Оның жаны кенет өз кеудесіне сыймай жұдырықтай жүрегі тулап жүре берді. Бойын билеген шаттық туған ауылы, туған жерінің бақыты, ырыс, несібесі, тасыған табыс беріке боп кетті. Ақсақалды Бекен, Бәйтіктер, Алыпбек, Сапар, Ақаттар асығыс ілгері жүгіре басып барады. Афанасий Сергеевичке ілесе өзінше бірдеңені дауыстай сөйлеген Дәурен сәл кейіндеп қалып бара жатқан Мақсұт, Боран, Сырғаларға

қолын сермеп, олар адымдарын көре басып, ентелеп жетті. Бәрінің өкпе тұсынан Сәрсеннің Әшірге бұйыра дауыстаған үні құлағына анық естілді...

Айгүл өзін әлемдегі ең бақытты жан сезінді. Өзін қоярға жер таппай «өнді бірер жыл ғана, менің туған жерім Майқоңыр жер жүзі танымал атақты ел мекені болады. Ол сөзсіз. Адамы бақытты болмай, жері даңқты болмайды». Осындай судай тасыған көңілде ол Бекеннің өтініш сәлемін Алыпбекке салтанатпен жеткізген. Жігіт те қыз бетіне жәудірей көз тікті. Екі бөті қызыл гүлдей албырап, отты көзінің ағы — ақ, қарасы — қара жақұттай ойнап, нәзік сағыныш па, әлде еріксіз сыртқа серпіліп шыққан сезім сәулесі ме, Алыпбекке жалт-жұлт нұр төгіп, алаулатып жіберді. Ол Айгүлдің күмістей сыңғырлаған үнінен тылсымның бар қызығын көргендей рақат тауып сөйлей берсе дегендей одан көз алмай, орнынан өзінің қалай тұрып кеткенін де сезбей қалған. Тік тұрған бойы балдай шұбатылған тәтті сезім құшағына енген. Ол қыздың жанарында лап-лап жанған шаттық сәулесіне сүңгін, үзіліп тұр. Қыз да ерекше шат көңілде. Бүкіл дүние қазір ол үшін кілкіп тұрған мейірім, шынайы ізгілік, адамдық бақыт, ырысқа толған. «Адамның қолынан келмейтін ештеме жоқ. Бәрі адамның өз қолында. Бақытты да, сорды да жасаушы адамның өзі». Осы түйін оны билеп, асқақтатып жіберді. Сол сеніммен келген қызды оңаша отырған жігіт те иманы тасып, жаны жылы ағыс боп қарсы алып еді. Қыз жеткізген хабарды қас қақпай, бар ділімен тыңдады.

— Түсіндім, — басын еріксіз шұлғыды. Ол кісі келешектің қамқоры, әрі қиялгері, бүгінгінің жанашыры. Содан да байтақ даланың бір бұтасы орынсыз сынбаса, адал еңбек еткен бір пенденің қабағы шытылмаса Бекеннің мұратына жеткені, — үні толққан Алыпбек — ол өмірге ғашық адам, — бойында алып-ұшқан ойын тосын жеткен жігіттік бағылдықы биледі ме, — Айқа, Айқа, мені тыңдашы жаным, — деп қыз иығына қолын артты. Кенет қыз жүрегі де атқақтап, кеудесіне симай кеткен. Алыпбекті жаңа көргендей мелдірей тігіле қапты.

— Мен саған... Мен саған... ға-ғашықпын! — деді тұтқырланып зорға естілді. Қыздың кірпігі қағылмай қалған. Екеуінің де көз алдары тұманытып жүре берді. Әлде біреуі оқыс қозғалса, аттай тулаған жүректері ауыздарынан шығып кетердей қыбырсыз, үнсіз демдерін зорға алып тұр. Тек сәуле төккен қарақат көздер бірін-бірі ішіп-жеп дәрменсіз хал кешкен. Осы тұрғандарында қан атаулы ұйып, әл-қуаттары таусылған тәрізді. Екі жанар, екі ынтық жүрек бірін-бірі қайсысы бұрын жауап берер екен дегендей аңдысып қалған. «Не дер екен» деген жігіт үміті үзілердей күйде. Ал, «мен не естіп тұрмын, не деп тұрсың» дей ме қыз қанатын қомдаған ұша жөнелер тотыдай үрке қарап аң-таң. Піскен шиедей жұқа еріндері уылжып, сәл ғана ашылып, бейкүнә сәби суретіне түскен. Қыз шыдамы бұрын үзілді.

— Мен.. Мен.. ше? — деді әр сөзін бөліп-бөліп, көкейін толық аша алмаған қыз. Айтайын дегені тіліне толық оралмай ойы іріп шықты. Тұтқиыл жай оғындай атылған жалғыз ауыз сөз ақыл-есін матап, қыз санасын сағымдай бұлдыратып жіберді. Алыпбекке де қыздың сұраулы үні екіұшты жетті. Ұстараның жүзінде ойнаған тағатсыз сезім қас қағымда мың құбылды. Бүк пе, шік пе? Қалай түсінер? «Мен ше?» дейді. «Мен де саған ғашықпын дегені ме..» деп от пен судың арасында тұрғандай жігіт өзін қоярға жер таппай аңасурды көп.

— Мені аясаңшы, Айка! Мен сені сүйем, — деп ағынан жарылды ол. Қызды бауырына тарта берді. Сағағынан үзілген гүл шоғындай қыз денесі де оның құшағына қарсылықсыз жығылған. Минет пе, секонт пе, осы қас қағым сәтте жылдар бойы сезімді кіреукелеп келген махаббат шымылдығы екі жастың алдында осылай айқара ашылып еді. Екі ерін, бал татыған сезім бөп қалай жабысқанын кім білген. Тік тұрып ұйып қапты. Бейне бір табиғат ана өзі құя салған мәңгілік сезім мен сүйіспеншілік, пәктік көрінісі тәрізді. Өліп-тіріліп, күйіп-жанған өт лап-лап жанып тұр. Осы кезде телефон безілдеп қоя бергені. Үстін-үстін шарылдап кетті. Ұйқыдан оянғандай әдепкіде көп трубканың қайсысын ұстарын білмей сасқалақтаған жігіт тапты-ау, әйтеуір.

— Ало, — өзіне таныс қоңыр дауыс, тәптіштеп мән-жайды айттып жатпады. — Құттықтаймын, Алыпбек Жандыбаевич, қуанышын құтты болсын! Әрқашан осындай мұратыңа жете беруіңе тілектесмін. «Аныр-ау, бұ кісінің теледидары бар ма еді, бәрін көріп отырғаны ма?» — деп іштей толқып, не дерін білмей тосыла қалған Алыпбек анық састы. «Кабинетіңде махаббат мәселесін де шешіп тастадың-ау» десе, таза олгенім-ау деп те қысылды. Ойы он саққа, жүгіріп, өбігерлене қалды. Жаутақтап Айгүлге қарай берді. Өзі «ұлкен кісі» атап кеткен Бақыт Батырович телефонда әлі сөйлеп отыр. Бір сөзін естіп, бір сөзін естімей бұл отыр. «Сенің совхозың республика озаты атанды», — дегенде ғана күрсіне демін зордың күшімен алды-ау. Сонда барып:

— Бақыт Батырович сүйіншіңізге көп рақмет! Сеніміңізді ақтауға бар азаматтық күш-жігерімізді жұмсай береміз, — деген. Манадан мұның әр сөзін қалт жібермей бағып, алаңдап шала мас халде отырған Айгүлге қуанышын жеткізген директор, — екі қуаныш, екі бақыт бір күнде келді. Екеуміздің сүйіспеншілігімізде, еліміздің жақсы атағы республикамызға әйгілі болған даңқты күнде ашылды, — деп қыздың қолын қысып, сәмбі талдай майысқан оны бауырыңа лықсытып тарта бергенде:

— Сүйінші, Алека! — деп есікті айқара ашқан Сапар мен Сағат дабырласа кіре берді. Мыналар ұрлықтарының үстінен түскендей Алыпбек те, Айгүл де өрттей қызарып кетті. Сол құшақтары қауыша түскен қалпы бұлтара алмай:

— Рахмет! Рахмет! — деген бұларға екі жігіт қосарланып:

— Республика жеңімпазы атандық! Жаңа радио соңғы хабар оқыды, — деген олар қыз бен жігітке күле қарап қалды да:

— Той! Бұл ірі той! Той! — деп көзек-көзек олардың қолдарын қысты — сасқаны ма, ұялғаны ма, қызарақтай күлген бұларда:

— Той, той! — дей берді. Енді бір сәт бәрі дуылдасып кетті.

— Шопандар ауылына, жайлаудағы елге хабар берейік!

— Жылқы фермасына.

— Ірі-қаралы ауылға да! Бүкіл елге!

— Оу, Алыпбек Жандыбаевич, бұ жолы қимылдаймыз, — деді Сапар әдетінше әр сөзіне мағына жиып.

— Аянбайсыз! Тиян санағанды қойыңыз, — деді Сағат.

— Қолдан келсе, — деген оның сөзін кимелей Сағат. — Көзге көрінген, аты төрткүл дүниеге танылған бақыттыңызды, қуаныштыңыздың атын атап-атап, барлық салт-дәстүрмен айтулы той жасайсыз, — деді кесіп-пішіп.

— Мен келістім, — деді Алыпбек бар дауысымен. Бәрі қол алысқан.

«Екі қуаныш бір келді. Бұдан артық не тілерім бар», — Алыпбек жанымен толқыды. Оның көз алдында бүкіл әлем тек сүйіспеншілік шынайы махаббат, ізгілік боп елестеді. Құшағы жетсе Майқоңыр өңірін ғана емес, жұмыр жерді бауырына басып аймақтар еді. «Әттең дүние, тым байтақсың, кімнің құшағы жеткен сенің аймағыңа!». Ол өзімен өзі сырласып кетті. Көгілжім жібектей сағымға кілкіген атырапқа қарап «жайнай бер, байтақ далам, қиыншылық сеңі бұзылды. Сеңің бетіңде енді кіл бақыт, жайдары өмір бап табады. Адамдар бақыты ол, адамдар махаббаты ол! — деді кеудесін кері дем алған директор.

4

Өкше ізі Күркіреуіктен шыға шапқан жалғыз аттыға тігіле қарады бәрі. Онсыз да құйғытып барын салып, бауырын жазған жануарға үстін-үстін қамшы ұрғанына қарағанда тегін шабуыл емесіті де айқын еді. Әлгіде ғана соңғы хабардан соң бірінен бірі сүйінші сұрап жадырай қалған ауыл басшылары тым көңілді болатын. Сол шат-шадыман елдің ойы-қырын қуанышқа бөлеген хабардың алақайлаған жаршысындай кең даланы дүбірге толтырып, соңында шаң шұбалтқан шапқын совхоз орталығына бар екнінімен ене бергенде күдір-күтір қара жердің қабырғасы сынғандай күшті дүмпу маңайды солқылдатып жіберді. Бұрын-соңды бұл атырапта естілмеген зор дыбыс ашық бұлтсыз аспанды қақыратардай күшті қуатпен кеп жетті бұларға. Жігіттер біріне-бірі қарап елеңдесе қалды. Бұларға беймәлім талай жерді солқылдатқан дүмпу жаңғырығы бір сәт құлақтарында тұнып қалғандай да болып кетті.

— Өргенді-еә! Өлді...! — деп бар дауысымен жер-дүниені күңі-

рентіп жетті ауылға. Есі шығып, ақылын жоғалтқан түрі бар. Совхоз конторына тасырлатып шапқан бойы жетіп, атынан домалай түсті Шығыр. Бетінен қаны қашып, сөйлеуге шамасы келмей екі иығынан демін зорға алған ол:

— Бітті! Өлді! Жанып кетті! — деуге шамасы келді.

— Не болды?

— Өлгенің не?

— Жанғаны несі? Не жанды? — Сауал жауып кетті оған. Бәрі үрпийсе қалды.

— Қан...Қа...ны...бе-ек жаныш...

— Оу, не деп тұрсың? Адамша сөйлеші былай, — деп ақырып жіберді мына бас-аяғы жоқ тосын хабардан шошына қалған Алыпбек. Өзіне бітпеген мінез.

— Не дейсіз? — Айгүлдің шыр-пыры шығып, оның алдына жүгіріп барды.

— Сол... сол-а-ай! Боп-боз, түрі әлем таиырақ, көргенінен зәре құты қашып шошынған Шығыр әрқайсысына болған іске өзі кінәлі жандай жаутақ-жаутақ қарай береді. Оның осы хабарды жеткізгеннен өзге айтары да жоқ-тын.

Бір совхозды дүр сілкінткен, ойда жоқта талайдың жағасын ұстатып, тәубасын жаңалатқан бөтен оқиға былай болған. Беттеген бағытынан қайтуды өлім көретін Қаныбек биыл да тоғыз жолдың торабы — бір жағы болыстық қала, екінші жағы республиканың оңтүстігі, одан әрі Ташкент пен байланысып жатады дейтін күре тамыр тас жолға ұрымтал жылдағы оңаша жайлайтын құдығына қонам деп айтып қалды да, өз сөзін қайтып жұта алмай, ескі қонысына жалғыз үй көшіп қонған. «У іпсең руыңмен» деген бар. Жұқпалы ауыруымыз бардай жұдырықтай қыз — үшеуден үшеу неменеге елден шеттей береміз. Құдайдың құлы боп, біз де елмен бірге болайық. Жаңа жайлау, жаңа ғырыс деп ел көшіп жатыр» деп Жанғанша қанша жалынса да Қаныбек мойын бұрмады. Өз дегенін істеген. Көктемгі қар суы, жауын-шашынмен іле көктеген дала — көрі қоныс шілденің аңызғағы мен аптабында тез шаңытып, жайылымының берекесі де тез қашты. Жер ананың да жер асты тамыры бола ма, Күркіреуік бөгеті сонау таулы аймақтың шалғайындағы құлан жортпас шөлейтті ғана емес, төменгі еңістегі жазықты да жасаңғыратып жіберген. Келіп кеткен мал мамандары биылғы соны жайлауды қанша мақтаса да әлдеқалай іш есебі болатын Қанекең тапжылмай-ақ келе жатты. Оның үстіне қаладан келе жатып, өрісте әдейілеп кеп жолыққан Шекербектің де ықпалы аз болмаса керек.

— Қанеке, — деп байырғы әдетінше ыңырана бастаған сөзін бірден өрбітіп өкетпей, созбалақтап мұның бетіне байырқалай қарап отырып-отырып, ойлағанын айтсам ба, айтпасам ба деген кісіше сыздап, ақыры шешілген ол — бұған дейін сөзге келіп, бет жұрттықан жеріміз жоқ еді. Сыйласып келдік, бұл қамшының са-

бындай өмірден солай-ақ етерміз. Табаны тесілген кедей де, мыңды айдап, көкірігі ааған бай да, алтын төж киіп таққа отырған патша да, есек мініп ықылаған қайыршы да пәниден көз жұмған. Кім келіп, кім кетпейді дейсің, жарық күн сәулесіне. Соның бәрінде өмір шалқарында мен мұндалап сағы сынбай тұратын бір-ақ нәрсе — қалмаған көңіл ғана дейді екен бұрынғылар. Сол әзірше осы екеу-міздің арамызда бар, — Шекербектің сөзі Қаныбекті тұйыққа тіреді ме, қозғалақтап кетті. «Әй, қусың-ау, тасалап кеп қашағанға бұғалық тастайтын әккілігіңді істегің келіп отыр-ау! Рас, рас, сенің сол айтқаныңды орындай алмадым. Орындамаймын дегем жоқ, қолымнан келмеді, — деп ойлаған оның ойын тап басқан ол. — Білем, білем, ол үшін сен несіне кіналайын. Қолыңнан келмеді. Жалғызсың! Менің де ықтыным болмады. Өған қысылма! Ендігі жерде басты қатерге тіге бермей, не болса да ақымдап, айламен, ақылмен істеген жөн, — деп бір тоқтаған. «Не дер екен, сайрап сөйлей бермей мұны да тыңдайын» деген Шекең машинаның кабинасынан ала түскен қара сөмкенің аузын сыр еткізіп ашқан. Ащылы-тұщылы жеміс-жидегі аралас бірталай дәм-тұзын шығарды. Бәрінің ортасына билік айтатын осы дегендей «Қазақстан коньягін» қоқайтты. Екі стакан алып, әдейі салып жүре ме, сүлгі суырып іші-тысын әбден сұртті. Қаныбектің бетіне күле қарап:

— Құдайдан басқа куә жоқ, шешіліп отырайықшы бір, әдейі келдім: Сені мына қой жарықтық бір қадам ұзатып жіберер ме, қане денсаулық үшін, — деп сөйлеп отырып, стакандарды кеуделете құйған ол иығын көтере түйістірді. Ләм деместен қағып жіберді екеуі де. Ішін күйдіріп етті ме, көпке дейін көзін ашпай, бір кескен шұжықты мұрнына апарып іскелеп отырып қалған Шекербек — саған менің жаным ашымағанда, кімнің жаны ашыр. Жұқпалы ауруы бардай бүкіл елден аластап, жалғыз үй құдайдың жонына шошайтып қойғанын көрмей, білмей жүргем жоқ. Қолынан келгендердің қонышынан басқаны да. Саспа бірақ. Әр нәрсеге бір зауал, зауал келеді.

— Өзім ғой, — деді күңк етіп Қаныбек, демін еңгі ғана алып.

— Өзің болсаң дұрыс істегенсің, — ұстараның жүзіндей толқып аяқ астында басқа қырына ауысқан ол — құдай жалғыз, сен жалғыз, — енді Қаныбекті алыстан орағытып, ішіне кіре берді.

— Сен әрентаға көштің, ө?

— Иә!

— Міне тамаңа! Өзің ғана бәріне иесің. Көзін сығырайта күліп, сенен бай болмайды енді ешкім. Тиісті жоспарлы қозысын, жунін бер де артығын заулат! Ештеме ұқпаған кісіше Шекербектің ойын сарыққысы келген Қаныбек:

— Қайда, қалай заулатам, — деп қалды. Ойында өзін көптен күпті ғып жүрген бір қиялы қылаң етіп.

— Былай, — деп әлде біреуден жасқаңғандай көзін қысты анау.

- Ашып айта берсеңші, екеуден екеу-ақ емеспіз бе? — деген бұған.

— Ала тақия... кеңкілдеп күле берді Шекен. — Керек десең бар отарыңды қонарып алады.

— Апыр-ай, ә? Бірақ, оншалық...

— Әй, Қаныбек, сен сасатың түк те жоқ. Совхоздың қойы баламста не бәрі жетпіс бес сом, соңғы жылдары одан арзанға түсті деп жүр.

— Қазір отыз-қырық сомның шамасы:

— Міне, міне, ақша! Сат шетінен. Қиратқанда совхоз сол отыз-қырық сомын алады. Басқа не істейді саған.

— Соттамай ма?

— Туу, сен де сөз емесі сөз деп «соттамай ма?» Ал соттасын дейкі.

— Құрысыншы аты жаман. Бала-шағамнан ұят. Солардың бетіне салық қып, — деп тойпаңдады Қаныбек. Өзі өз болып бір от басы нәмысың қорғағаны осы шығар.

— Ей, ақымағым, бұл күнгі сот ақша! Ақша деген құдыреттің шешпейтіні жоқ. Ең алдымен бір қап ақшаң болсыншы, сосынғысы оңай. Қызыл алтайы түлкінді бөрікпен соғып аламыз. Қаныбекті ойлаңдырып тастады. «Осыған дейінгім де бойыма құт. Дүниенің түбіне кім жеткен», — деп бір түйсік шаужайлап көлденеңдеп отырған оны. «Байыдым дейтін шығарсың. Қолыңдағы барың бір сермеуге келмейді» деп тағы танжылтпай тастады Шекен.

— Сонда, — деп сұраулы қарады оған Қаныбек.

— Отарыңды көрдім. Шетінен пышаққа жарайды екен. Әрқайсысы ең кемі үш жүзді ұрып тұр — Қаныбектің іші қылп ете қалды. Табиғатында дүниеқоңыз жан көп ырғасып жатқысы келмей басын изеген... Одан әрі Шекербек те сөзді езбелтектемеді. Күй табағының екінші бетін аударып. — Ал, Қанеке, ана шаруаны келесі көктемге қалдыр. Күркіреуік ең болмаса бір жасқа толсын. Жұрттың өсегі, сезігі де ұмыт болсыншы. Бірақ, дәріңді, — түсінің отырмысың дегендей жұтыңған боп, көзін сүзе қараған ол — тереңірек су тимейтін, көзден таса жерге тығып таста. Қайда екенің мен де білмейін, — деп тәптіштеген.

Күні бұрын келісім бар ма, арада бір апта өтпей Шекербектің атын атап екі-үш «Қамаз» жетіп еді. Бәрі тиелген. Қаныбектің де қалтасы едәуір қалыңдап қалған. Алтын басқан адамның табаны қыздаы деген бе, сол түні аяқ-қолы жерге тимеген Қаныбек қыстауына жетіп, ескі шом қораның белгілі жабындысына бар табысын «сен көрмесең мен көрмедім» деп тығып, бұрынғы жиған-тергенін қомақтап қайтқан. Бұған қайта-қайта «әйтеуір сақ бол. Біздің бар сенетін күшіміз сол ғана. Көзден таса болсын» деп айта берген динамитті де шомның іргесін үңгіп қазып, құрым кіргізге мұқият орап көміп еді. Түннің аты түн емес пе, бірақ сол аты шулы жарылғыштың пілте жібінің бір ұшының сыртқа шығып қалғанын

Қаныбек қайдан білсін. «Қап, бәлем сені ме, көрермін әлі. Төбеден бұлтыз аспаннан жай түсірермін-ау» деп Шекербектің сырты күліп, іші күдірейіп аттанғанынан ол бейхабар болатын. Енді міне...

— Не дейсіз сіз? — деуге ғана шамабы келген Айгүлдің көзі қарауытып, басы айналып жүре берді. «Өлді, жанды» деген екі ауыз сөз оның өкпесіне оқ боп қадалды ма, іші-бауыры қоларының лықсып көп аузына тығылды. Буын-буынынан әлі кетіп, жаны өртеніп, өмірі пенде болып басында болмаған дәрменсіздік күшқуатын сарқын барады. «Қайраң папам-ай» деп айтуға тілі күрмеліп, іші-бауырын жалын боп шарпыған әкеге деген өзгеше сүйіспеншілік пе, бала мейірімі ме, әлдебір құдырет оның жанын өзіп бара жатты. «Өлді, жанды!» Екі оқ боп тиді бұған. «Не болды! Жаным әкем, не болдың. Енді көрмей қалғаным ба?» Қыз жүрегі оқыс шаншып, бойы мұздап кетті. Кіріпті қағылмай қалған. Оның біресе лап етіп жанып өртеніп қалған, біресе осы қас қағымда қағаздай боп қуара ағарған түрінен әлгіден де денесіне күшті үрей пайда болған Шығыр қаққан қабықтай боп қатты да қалды. Бір сұмдықтың болғанын анық пайымдаған Алыпбек Сағатты машинаға жүгіртті. Ойы не болғанын барын өз көзімен көрмек. Үзік-үзік сөзден тосын оқиғаның қалай болғанына әлі ешкім түсінген жоқ. Ауылдың естияр адамы хабаршыны ортаға алған.

— Біз орталық маяға шөп түсіріп жатқамыз, — деп зордың күшімен көргенін әңгімелеген Шығыр сөйлеген сайын тұғыра береді. Көрген көз түгілі, естіген құлақ жанды түршіктіретін тосын сұмдық. Тайлап буылған өздері бидайбас атап кеткен көшпеліліктің көк мейек бумасын текшелеп биіктетіп, енді маяның төбесін шығарып жатқан Сәрсен:

— Анаң қараңдар, ойбай! От ұшып келеді! — дейді жердегі бұларға. Жаны шыға бақырып. Бәрі жалт қарайды. Қара жердің жонын осын ізінде будақ-будақ шаң көтерген бір құшақ қып-қызыл жалын лапылдап ағып келеді. Вет бағдары осылай. Көктен сорғалап құйылған құйрықты жұлдыз тәрізді. Шұбатыла ерген шаңнан қашып ұйытқып бірнеше мая шөп үйілген орталық алаңға қарай тік «Катюшадан» атылған от-ракета сияқты.

— Ойбай, мынау Апат! — деп биіктен доптай домалай түскен Сәрсен — Әшір, Бақыт, Шығыр... — деп айдайын салып шөпті өртегелі келеді мынау. Ал, ал, дайындалыңдар, — деп өзі де не істерін білмей, қолындағы айырын көтере далбақтап солай жүгіреді. Басқалар сасқалақтап аңтарылып қалады. Орталық алаңда шөп қабылдаушы Шығыр байлаулы тұрған атына мініп тұра келе жатқан бәдеге қарсы шаппай ма! Сөйткенше Күржіреуік тоғанының қырынан бір-ақ асқан құйрықты жалын ағып келген бойда күмп беріп айдынга қойып кетеді. Су бетінде лапылдап, толқыннан толқынға секіріп жанған от қана қалады. Бұ да жетеді. Бір батып, бір шығып жүрген адам. Жанталасқан ол су бетіне шықса, жалп етіп жалын көтеріліп, от болып толқынға мініп аға жөнеледі. Қайта

батып, қайта шықса әлгі көрініс қайталана береді. Бәрі көзді ашып жұмғандай сәтте болған бұл түсініксіз жұмбақтың шешуін күтпеген Шығыр шешінбестен суға қойып кетпей ме! Жанталасқан май тиген көсеудей жанған адамға кеп жетеді. Жанын қоярға жер таппаған ол бұған жыртқыш күшпен жармасады. Енді екеуі түпсіз тереңге бірге батады. Арпалысып жүріп қайта шығады. Киіміне су сіңген және өзі зілмәңдай ессіз пендемен су ішінде алысып, әлі құрып, «өлдім-ау деген шақта Сәрсен де жетеді көмекке. Екеу-леп сыртқа сүйреп алып шықса, қара құйқа боп күйіп-жанған Қаныбек! Талып кетеді.

— Қара құйқа боп күйіп-жанған Қаныбек?! — Манадан қыбыр етпей тыңдап тұрған ауыл адамдарының ішінен Жәмиләнің дауысы әнтек әрі сұраулы, әрі үрейлі шықты.

— Аһ, қара құйқа-а- деген Айгүлдің дауысы да үзіліп құлап бара жатты осы кез. Көз алдында оқ тиген аққудың көгілдіріндей боп былқ-сылқ ессіз халде құлаған түр-түсі өзгерген одан көз алмай Алыпбек телміре қалған. Анталап, қыбыр етпей, не бір ауыз тіл қатпай, не болар екен деген бар уайым, күмәнін ішіне бүккен ел де түнере түскен. Ләм деп жақ аша алар емес.

Әлгіде бірі машина, бірі телефон, бірі ауыл дәрігері деп қарбалас жүгірісіп кеткен Сапар, Сағат, Ақат оралмай жатыр. Не істерін білмей дағдарып, құшақтай көтерген қыздың бетіне жаулақтап тұрып қалған Алыпбек өзіне-өзі әлі келген жоқ. «Жаным қасиет-тім!» Сабыр етші! Ақылды едің ғой! — деп қана басқаға естілер-естілмес үн қатқан. Өзінің де сабыр тағаты таусылған түрі бар. Қызға деген оңштарлық сүйіспеншілігі қазір бүкіл ел көзіне жария болғанымен оның ісі жоқ. Күйіп-жанып өртеніп, махаббат жалынына бар пәрменімен өніп кеткен. Осы қалпы, мына күйінде Айгүлді көтеріп үйіне, өз үйіне қарай беттей берді. Қазіргі әрекетіне есеп берер емес. «Тірі пендеге сенің, сені мына шала есті, қасірет шоғына күйген халіңде көзімнен қалай таса етемін. Өзіңнің ендігі жердегі қуанышыңа да, қайғыңа да, бақытыңа да, сорыңа да ортақпын. Ал, Қанекен... «Жігіт өз үйінің алдына кеп тұрғанын бір-ақ аңғарды. Жаны күйіп, жүрегі қақырап кеткендей түйіле паншып «Неге өйтті, ә?» Өзінен өзі селк етіп, енді ғана есін жиган жандай алақтай қарады жан-жағына.

— Дәрігері қайда бұл елдің? — деді қатқыл үнмен.

— Міне келді.

— Ой, сен де бір, — деп көп ішінен жеки сөйлегенге:

— Жеткенім осы, — деп ақталған ауыл дәрігері құрақ ұшты.

Дәрігер көмек етті ме, әлден уақытта Айгүлдің ыңыраңа қинала шыққан үні естілді. Қыз қашан өзіне-өзі келіп, есін жиганша Алыпбек те оның қасынан қарыс басып шыға алмады. Ол ешкімнен қаймыққан да, ұялған да жоқ.

Бар ауыл сол түні ұйқы көрмеді. Аң-таң жұмбақ оқиғаны әрқилы топшылаған ел, бірді айтып, бірге кетіп жатты. Қаныбектің

мүшкіл халі, шала жансар ессіз, түссіз халі көп әңгіменің арқауы — әркім әртүрлі жорыды. Бірақ тап басып оның нақты себебін кім айтсын. Жіптің ұшын Жанғанша ғана ұстатқан.

— Жанға! Жанға! — деген оның ащы даусынан далаға жүгіріп шықтым. Шауып келген беті:

— Ойбай, біздің қыстау өртеніп жатыр. Онда не барың өзің білесің, — деп асығып-үсігіп, тағаты қалмаған ол мотоцикліне міне жөнелген. Басқа сұмдығынан бейхабармын. Ұзап бара жатып, «соның жұмысы!» дегенін анық естідім әйтеуір, — деген. Соңы кейін көп зерттеу, тексеруге ұласқан бұл аламан тасырлы өрт, жарылыс, күйген кісі жайлы мәселеге кінәлі із-түзсіз табылмай кеткен. Жұмбақ шешілмей қылмыс ашылмай қалған. Ақыры көп уақыт емханада жатқан Қаныбек мүгедек боп оралды.

Не болса да азаматтың тірі келгеніне ауыл адамдары ізгі ниет білдіріп, көңілін сұрасып қайтып жатты. Ауыл ақсақалдары Бекен, Бәйтк бастап, Алыпбек, Сапар, Ақат, Сағат болып бір топ әдейілеп Қаныбектің үйіне кіріп шыққан. Әкесінің кісі шошырлық түріне көзі түсіп кетсе болды солқылдап егіле жылаған Айгүлге Бекен:

— Уай, қарағым, ақылың бар еді ғой. Бұ не, өнбеске, орнына келмеске күйінгеннен не шығады. «Бұ да тәңірдің бір зауалы шығар» дегісі келіп барып, — бұйрығы шығар. Болғанға болаттай болыңдар! — деп басу айтқан. Басқа тірі жан тіс жармады. Ауылдан бері шыққан соң ғана мырс етіп оқыс мінез танытып күлген қарт: «Әй, енді Қаныбекті көрген адам өзі де отқа таянбас» деген. Оның осы сөзі кейін ел ішінде мақал боп ауыздан ауызға тарап кетті.

Бір тайпа елден Шекербек қана жұрттың ең соңынан жалғыз өзі келді Қаныбекке. Бұл күндерде тысқа шығуының азап машақаты көп жан ауыртқан күйіктің зардабынан айықпаған, оның үстіне қатты шошынудан жүрек қабы кеңіген, әлі де науқас жігіт төсегінен тұра қоймайтын. Кейде шырт ұйқыда жатып атып тұра жөнелетін елермеге де ұшыраған. Сол қиын шағында Жанғанша ғана есін жиғызатын. Табиғатында бірбет қыңыр жаратылған, тоңмойын жанды іштей «осы қалай болды» дейтін бір сауал жегідей жейтін. Ондайда «әй... и-и, ah-ha!» деп барқ етіп бақыра күрсініп, аунақшып кететін. Ояу кездерінде оңаша «ә, сені ме, сені тірідей шайнасам арманым болмас еді-ау» деп қанша кіжінді десеңізші. Сондай күндерінің бірінде:

— Ассалаумағалай-ко-ом! — деп дауыстап сәлем бере кірді Шекербек. Қыста иығынан түспейтін қара тұлышты бүркеніп теріс қарап жатқан Қаныбек оны дауысынан жазбай таныды. Бірақ қозғалған жоқ. Түймеқұлақ қыз: «Ата, ата, аға келді» дөп әкесін түрткілеп еді. Өлі денедей ол тапжыла қоймаған. «Менің қай бөтімді көргелі келдің?» деп ақыра тұрып, тақымына жұмарлап басар қол-аяғы қай бір сау... «Әттең дүние-ай, қор қылдың-ау!» — Іші алау-жалау боп кетті. Жаңа Шекербекке есік алдында жолыққан

Жанғанша қанша сияқтап, үйге кірме дегісі келсе де дәті шыдамды. Қыстау өртегенде бар дауысымен «Сонның жұмысы!» деген өрінің айқайын естіп тұрғандай боп та кеткен. Осы сәт, үйге жылдан кіргендей лажсыз соңынан өре көлген.

— Айгүлдің папасы-е! Басыңды көтер. Досың келіп отыр. Сені көрейін деп келді ғой, түр! — деген екіұшты не кекеткені, не шын көңілі өкені белгісіз үнмен. Сонда ғана Қаныбек басын көтеріп, қара тұлыты серпе тұрды.

Қолдасып сәлемдесуге ұмтыла берген Шекербек оның бетіне қараған күйі қатты да қалды. Апай төсін кере жайылған қос қанаты ұмсынған қолын жеткізе алмай ауа қармады. Өз көзіне өзі сәңбей кірнігін қаға берді. Шіріген картоптай қап-қара, бет-ауызы бырысып терісі айғыз-айғыз Қаныбектің көзі жіңісіп жұмылып кеткен. Езуінің еті жырттылып, тісі ақсып көрінеді. Екі бетінің ұшында құланның жалындай жалпылдап өңіне-айбат беріп тұратын түгі де жоқ. Өрт тиген шидің түбірі сияқты. Екі ұрты солып, жақ сүйегі аршылып қапты.

Қаныбек Шекербекке тесіле зәр шашып қарады. Миың шаққан ашу ыза боп буды оны. Алысарға дәрмен жоқ, бірақ ең соңғы ақтық айқас та осы! Сол күн зауалды күн, көз алдына орайды. Тал түс, қайнаған ыстық. Отарын өнді ғана ауылға беттеткен. Өмір бойғы жиган-тергенін тыққыштан бала-шаға, қойнындағы Жанғаншаға да көрсетпей сақтайтын қысқы қонысын жеті қырдың астында жүрсе де көз қиығынан таса өтпейтін бұл солай елеңдеп қарап қалып еді. Бұрқ етіп кеңет қыстауынан лаңылдаған өрт пе, құйын ба, нақты не екенін көзбен ажырата алмай дүрбісіне жармасқан. Қарсы алдында «Гая-53» автомашинасын құстай ұшырып өкше ізі қыстаудан шыққан Шекербек ағызып келеді. Оған өрі өрт. Қыстауы жанып жатыр. Сонда аза бойы тік тұрған ол ауылға қарай тұра шапқан... Мотоциклге қалай отырғаны өсінде қалмапты. Ұшын жеткен. Өзі інштей күптей боп көңіліне тоқ саап жүретін бар жиган-тергені қазыңасы тығылған шом өрт құшағына еніпті. Жанталасың, ақша тығылған тұстан арыстандай атылып кеп, қанша батырсының ұмтылса да жалын маңайлатпай қойды. Сонда да өлермендікпен от ішіне кірген. Енді байқады, күн өтпейді деп үстінен тастамайтын май сіңді көпейке лап бөрің жанын барады. Басындағы далбайына да от тиген. Атып шықты. Өртеніп барады. Олай-былай сөндірмек болған әрекетінен ештеме шығар болмады.

Енді қайтпек? Санасы отты сөндіретін — су, су дейді. Лапылдаған жалын тілі бүкіл денесін қамтып ала жөнелген сөтте суға, Күркіреуікке бір-ақ тартқан. Мана келгеннен жүрегі тоқылдап оталып тұрған мотоцикліне міне салып газды барынша басты кеп. Желмен құтырына тулаған от бірте-бірте бүкіл денесін шаршып, мотоцикл жер бетінде жалын боп ағып келеді. Санасында бір ғана «суға жетсем» деген ғана ой. Тәніндегі күш пен шыдамдылық неге болса да мәрт қимылдайтын тегеуіріді Күркіреуік бөгетінің жар

қабағынан жұлдыз боп ағып келген оны айдына бір-ақ атып жіберген. Одан әрі не болғанын күні бүгінге дейін есіне түсіре алмай-ақ қойды. Тіздеулі, жараған бурадай жігітін, өл бетіне қарайтын бет жоқ, оның шерменде күндері у жұтұмен өтіп жатты.

Барлық аабабының, орны толмас кетінің құныкері — мынау. Ел жұртқа масқаралап, сүйегіне өшпес таңба, шыбын жанына жазылмас қасірет әкелген сұмдық оқиға болғалы ең жанашыр ажалдан алып қалған дәрігерге де, аузын ашпай тіл қатпаған Қаныбектің дауысы кенет күндей күркіреп шықты. Жер дүниені басына көтеріп, ұйқыдан оянаған аюдай азынап қоя берді. Әкесінің тосын шыққан жат үнінен шырқырай шошыған кішкене қызы көзі алақандай боп шешесінің бауырына тығылды.

— Тарт арам қолыңды, ала аяқ! Жыртқыш! Ол мысық жылдамдықпен, — күйіне ішінде оғының бар жоғын басқалардың көзін ала беріп бір төксеріп қоятын, қосауыз мылтықты жұлып алды бас жағынан. Өртенгеннен кейін сіңірі тартылып жазылмай қалған оң тізесіне шөкелей отыра қап Шекербекке мылтығын көзене: — Қозғалма! Атамын! Қаныңды ішемін! Үстіндегі қара тұлштың иығынан жұлқи лақтырып өзіне қарай ұмтылған Қаныбек оған азу тісі ақсып атылып келе жатқан жабайы қабандай боп көріңді. Сұсы басып, есін алып барады. Мылтықтың қос ауызы жұтатын тажалдай төнген. Жон арқасынан мұздай тер бұрқ еткен оның зәре-құты ұшып, рухы күйіп, жаны шырқырап, тынысы тарылып жүре берді. Жаңа ғана алшандап кірген такабар жан табалдырық аттамай жатып, бір тарының қауызына сиып үлгерді.

— О-о-а-на! — Жат дыбыспен өгіздей өкірген өл. — Қа...Қа... Қан-е-е-е-ке-е! — Жалп етіп етпеттей құлады. Біржалақ-ыржалақ не күлкі емес, не жылаған емес өңі өзгеріп сала берді.

Мұндайды күтпеген, өңі түгілі түсінде көрмеген Жанғанша уялас күшіктей бірінің аузын бірі жалап жүрген күні кешегі екі досқа шошына состып қарап қалған. Жаны түршікті. Өз көзіне өзі сенерін де, сенбесін де білмей тұр. Бәрі көз алдында өтіп жатыр, бірақ «Атамын!» дегенде үрке қалған санасына «өледі-ау, өлтiреді-ау!» деген сезімін тілгілеген сұмдық оралды да:

— Әй, тоқтат, масқараңды! Отымның басына арам қандарыңды пашпаңдар! — деп шар ете түсті. Көзінің аласы жарқ ете түскен Қаныбек:

— Араласпа, аулақ! — деп тыйып тастады. Әлемтапырақ түрі шыыршық атқан. — Тү-үр! Көтер қолыңды! Шекербек қалш-қалш безгек тигендей үш-төрт ұмтылып кеудесін зордан тіктеді. — Өне, бұрышқа! Ашпа аузыңды! Мөрт болсаң ит құсап қыңсыламай өл!

— Не жаздым, не жаздым? — Шекербек аузынан сөзі іріп, қол-аяғы селкілдеп кетті. Ажал қарсы алдында тұр. Ол мылтықтың қос ауызы боп, ұмтылып әзірейлі бейнесінде қабағын қарс жапқан. Қас қағымда «қалай қолға түстім, неге келдім, қайтіп құтылармын»

деп күйзелген Шекербектің денесін сүмектеп тер жуып кетті. Буын-буынынан әл кетіп:

— Қанеке, бұ не сұмдығың, анамнан туғалы көрмеген, — деп дауысы дірілдеп — қолыңдамын не қылсаң да, жанымды қи, жанымды! — деді дүлей ашу үстіндегі Қаныбекке жалбарынып. Одан қазір рақым күтіп тұрған жоқ. «Ажал айдап келді, ажал...» Өрте-ніп тұр.

— Жан ба саған!? Зұлымдыққа зұлымдық! — Үні зілді шықты. Албастыдай басып барады. Сол түтіп тастардай қаһарлы күйінде: — уай, Шекербек, жи есіңді, бекіт буыныңды! Сенің тағдырыңды қазір шешемің. Қатын емес шығарсың. Еркек болсаң, мәрттігіңді көрсет. Өзіңді сот алдындамын деп сана!

— Қу-үп!

— Жалбақтама! Мөңтеңдейтін жер емес бұл! Жалван мөңтеңмен құтыламын деме! — Бойын билеген Шекербек өзін түпсіз терең тұңғиық тартып бара жатқандай бүгіліп кетті. Егер, бірауыз жалған сөз айтсаң, табанда тіл тартпайсың! Білдің бе?

— Қүп! Шындықты, тек болғанды, — үні шықпай қалды.

— Келістік. Бұл — саған құрылған ашық сот! — Қаныбек мылтығының шүріппесін қайырып, сол кезенген күйі — Бірінші, — деп тамағын тырнай кенеп алып «ойхой, кең дүниенің» заманында совхоздың табынын иіріп тұрып, екең Мамырдан қалған дәулеттей екі рет он бес, он бестен ту бие, ат саттың ба? — Шекербек үнеіз. Мен сенен сұрап тұрмын.

— Иә, — дауысы әрең естілді.

— Естіртін сөйле! Сыбырлағанды құдайдан басқа естімейді.

— Жалтарам деме. Құрық салын ұстап тұрған мына мен!

— И-и...

— Неге тұтығасың. Жыл сайынғы қос-қостан соғымыңа сойылған қара көктерді есептемей-ақ қояйын. Екінші, — Қаныбек нығыздалып ырғалып отырып, — Шілжан баққан, совхоздың есебінде жоқ отардан қанша бас сатылды. Бір бесжылдықта неше мыңға жетті? Шекербек сақардан шыққан сүйектей аппақ болып төмен қарады.

— Сөйле!

— Не айтайын...

— Істегеніңді, обыр өңешіңе түскенін айт. Шығыр екеуіңнің қанша ешкінің қой болғанын да ұмытпа!

— Рас, оның рас!

— Не рас? Атын ата! Арманда кетпей айтып өл. Мәрт өлім де — қасиетті!

— Солай болғанын айтып тұрған жоқсыз ба?

— Әй, екіжүзді қарабет, аярланба! Мені сіз демей-ақ қой! Үшінші, — дауысын созып өзінің бетіне жаутаңдаған Шекербекті тікте қарап Кент пен Малды құмының шұңқырына салынды деп ақша алынған салынбаған құрылыстар, малшы қыстақтары қанша? Қаныбекке санына біз тығып алғандай селк етіп жалт қарады.

Бірінші рет бар денесімен шоғына үрке қарағаны осы. «Мұны қайдан біледі» деген ұры сауал жанын күйдірін етті. Көзіне мылтықтың аузы кеңіп бара жатқандай үрей шақырды. Көзін тайдырып әкетті. Сол жегенінді, түйдек пайдады айт.

— Есімде жоқ.

— Түсір есіңе.

— Ұмыттым.

— Ұмытпайсың. Мынау есіңе түсіреді. — Мылтықты көздей қарады Қаныбек. — Мойында! Мұны ақтық демің таусыларда, төңір алдында берген күнәкәр пендесінің есебі деп ұқ!

Шекербектің көзі жыпылықтап кетті. «Апыр-ау, осы мен қайда тұрмын. Көрге кіргенде мұңкір, нәдкір тіршіліктегі күнәнді тексеріп жауап алады деуші еді. Бәлкі, мен өліп, о дүниеде тұрғам шығар». Оның санасы бұлдырап, есі ауытқып жүре берді.

— Азамат Мамыров! — Ол селк ете қалды. Мен сенен не сұрай тұрмын.

— Ақша...

— Ақша ғана емес, жегеніңнің, талан-таражға салғаныңның санын айт деп тұрмын, — манағы манағы ма, маңдайынан бұршақ-бұршақ тер домалады.

— Үш жүздің үстінде...

— Үш жүзің мың ба?

— Мың...

— Дұрыс. Сұл соңғы сауал. Шекербек бір тықырдың таянғанын сезгендей басын не қарады оған. Менің, мына менің, саған не жазығым бар? — Ол бұл сауалды көптен күтулі еді. Жатсаң жастығың, тұрсаң төсегің болдым. Жеймін десең — жемің, еңбегім тегін болды. Осым өтірік пе?! — ақыра сұрады.

— Р-рас!

— Сен үшін, не қылмысқа бармадым. «Өз құлқының үшін бәрі-не бардың» дегісі келсе де оны Шекербек айта алмады. Мылтықтан қорықты. Әлі де өмірден үміті бар ол Қаныбекті ширықтыра бергісі келмеді. Сені мұратыңа жеткізем деп қасқыр да болдым, пері де болдым, арызқой да болдым, -елден де бездім. Сондағы көрген опам осы ма? — Дауысы неткен ащы, қаһарлы еді.

— Қанеке, сенің ер-азаматтығыңа кім күмән келтірер. Өткенді қазып қайтесің. Қешір мені, — үні тарқатылған шүйкедей босан көз жасы сорғалай төгілді.

— Тәйт! Лағнет! Еркек басыңмен қатынша жылап! Опасыз, қаражүрек! Сендейлерге өмірде орын жоқ! — Қаныбек ағып сөйлеп кетті. Буынын бекіте алмай қозғалақтаған Шекербекке:

— Тік тұр! — деп айқайлап алып — адам болсаң, ағыңнан жарылшы! Менің қыстауыма неге орт қойдың? — деді.

— Төңірім-ау, осы ма еді ойран салған? Не деп кеттің? — деп Шекербекке шаншыла қарады Жанғанша.

— Осы! Осы мәнін тамағым! Сөйле, қанеке, — деп кіжіліп тұрды Қаныбек.

— Бір қателік...

— Жоқ! Ол қателік емес — қастандық! Сен қателескен адам емессің. Есепсіз аяқ басқаныңды көргем жоқ. Неге өрт жібердің. Шыбының кеудеңде тұрғанда айтып қал! — Өз аузынан айтқызып, мойындатып алмақ. — Сөйле!

— Пенделік болды!

— Себебін айт. Не үшін кісі өлімі, сурапылға бардың?

— Айгүлдің папасы-ау, осың не тәжіке! Бетсіз жаннан түйді! Құрысыңшы, кетсіңші. Енді не өнеді бұдан, — Жанғаиша ашына сөйледі. Үміт оты жылт еткендей ол әйелдің бетіне өзiле қарады.

— Босат, қолыңды жылғама, арам қанға! — деді әйел пөгелеп.

— Ө, ә, босату ма, жапы мұның енді жаһанамға барады. Алдымен шыңың айтқыраам, — деген Қаныбек. — Қане, сөйле деді.

— Өзіңнен болды, — деді ойына ұмытқаны түскендей теңселген Шекербек.

— Өрт салған сен, кішәлі мен? «Бүкіл өмір бойы жиган-тергенімді, бар зейнетімді жоқ еттің» деп Қаныбек айта алмады. Ыза буып, жап дауысы шықты.

— Болмадың-ау, Қанеке! Тірі пендеге әйтеуір, бір өлім. Зор болса өлтіресің, Болмаса азаматтық рақымың түсер. Өзіңді періште санай берме бекерге! Таста қолыңдағы көсеуіңді. Ажал аузында тілі байланбайтын пенде жоқ, — деп бір тосты Шекең.

— Е, сөйтіп, шешіл!

— Шешілсем, бұған дейін жанымыз бір емес пе еді? Сонау баутағарда қаңғытып жалғыз тастап кеттің. Жауыммен жең ұшынап жалғастың. Өтірік деңбі. Ішкен ант, айтысқан уәде, алысқан қол ұмыт қалды. Тағдыр шешілер сәтте Шығыр мен Әшірге бар құпияны айтып дұшпаныңды дәуірлетіп жібердің!

— Дұшпаның кім еді — Қаныбек бар зейінін тікті.

— Не құпиясы бар — Алыпбек! Бүгінгі ошағыз өмір!

— Оныңды білем. Басқаңды айт, — деп тұрмын.

— Оны да білесің,

— Ө, рақымсыз, өзімшіл пенде! Мен де шынымды айтайып. Бір тайша елдің маңдай тері төгілген, үміт тігері Күркіреуікті талқанда-сам, сенің ойыңнан шығады екем. Кім болам сонда? Халқымды қимадым. Сен кім, халқың кім?

— Уай, Қаныбек! Атнақ түгілі, асып қой! Манағы бойындағы үрәйден, қорқыныштан нартөуекел қайратқа мінген Шекербек мырс өтіп күлін — өлім деп бүгін өзегің өртене қалған екен. Мен де сені жақсы білемін. Саған ел де, жер де емес, ең алдымен құлқының, сосын болашақ күйеу балаң қымбат болды. Сол үшін сағылдың — көзі қып-қызыл боп қанталап қақпандағы қасқырдай шапшыла қарады.

— Күйеу балам кім? — Қаныбектің білмейтін мәселесі.

— Білмегенсіме, «мәшкәй қуығын асайдының» көрі болмасын. Майқоңырдың халқы ғана емес, бұтасына дейін білетін сыр ол. Күйеу балаң — Алыпбек!

— А, арамза сұмырай! Қаныбектің шыдамы морт үзілді — Алыпбек күйеу балам? Оттапсың! Азаматты бекерге күйдірме. Ол — ел басшысы, халық қадірлісі. Елім, жерім деп жаны жарғақ болып жүрген азаматқа тіл тигізбе! Ол еңбегімен туған жерінің адал азаматы атанды. Ал, сен қара ниетіңмен халық қарғысын алдың! Сен құныңды алып болдың. Айтулы қылмыскерсің. Менің үкімім — өлім! Жағнет саған! Иманыңды үйіре бер. Тіршілікте өзі істеген зұлымдығын мойындап, өкініп алу де — мәрттік. Орның тамұқ, алдың от, артың күл! Мылтық түрс-түрс атылып кетті.

— Аһ! — Жан ұшқан дауыс қоса шықты.

— Ойбай-ай, ойбай, жасамаған сұмдығың осы еді. Құрыдың ғой, құрттың ғой, масқара болдың ғой. — Жантаншаның зар илеген үніне кішкене қыздың шарылы қосылды. Дәрісі көп пе, құлақты тундырып кетті. Үй-ішін көк түтін басып, дәрі иісі бұрқырады. Мылтығын қыса ұстаған Қаныбек үйіліп өлі отыр. «Қош, жарық дүние! Қайран өмір-ай!» деген мұршасы да келмеген Шекербек, өлген-ақ шығармын» деп күрс құлаған. Оқ тиіп құлады ма, үрейден құлады ма, өзі де пайымдамаған. Көгала түтін астынан көзін ашты. Тірі. Ештемесі кетпенті. «Опасыз оңбаған біткен жерің осы шығар. Итге ит өлімі» деп тісін шықыр-шықыр қайраған Қаныбек нартәуекел, сен үшін не көрсем де арманым жоқ» — деген. Выйнда өзіне белгісіз майда діріл бар. Енді міне оның көзі алақандай болды. Өз көзіне өзі сенбей, кірпігін қаға берді «өлген» Шекербегі:

— «Қайран ерім-ай, бауырым-ай, досыңды сыраттың қыл көпірінен өткізіп сынадың-ау! Қанша өкпелесе де, өлімге қалай қияр екен деп едім, — деп өзіне өмірене ұмтыла берді.

«Сұмдық-ай, бұ не ғажап! О, бетсіз, сенің екі жаның бар ма еді», — деген Қаныбек бар пәрменімен қақ маңдайың осы шығар деп қосауыздың дүмімен шірене ұрып кеп жіберді. Қап!..

Дүлей соққыдан шалқасынан түсіп, жанұшырды ма, атып тұрған Шекербек атқылап қан шұбыра жөнелген маңдайын алақанымен басып аяғына әлтек-тәлтек сүрініп сүйретіле шығып бара жатты. Маңдайын ұстаған саусақтарының арасынан шұбыра аққан қан омырауын жуып машинасына күшпен зорға мінген. Есі ауып, көзі бұлдыраған оған дүние теңселіп аударылып жүре берді.. «Қап!» деп өкініш буындырған Қаныбек те орнынан шоңкеріліп тұра алмай қалды. Қанша күн жанын жегідей жеген ыза, кек зая, бос кетті. Жауы әне кетіп барады. Енді өзінің тірі болып көрегі не?! Өкініш, от құрсау, жалын тілі боп тәнін күйдіре жөнелді. «Әттегене, құр дәрі, құр дәрі.. — дей берді. Дәл сондағыдай от қапшықтың ішіне қалай енгенін ол білген жоқ. Өзегі ертеңді көп. Жаны күйзелгені сонша, өкіріп жылап жіберді. Көз алдын жалын шарпыды. Денесін

дуылдата күйдірген от тілі арасында ма, әлде қайда будақ-будақ жана жөнелген ақша... елу сомдық, жүз сомдықтар...

Туу сыртынан қатты беймәлім құдырет тарпып жіберді ме, кенет күтір-күтір дүнеі қақ жарылып, аспан айналып төбесіне құлап бара жатты. Етпеттей құлап діріл қаққан денесін жия алмаған Қаныбек өлі жандай үнсіз қалды...

Жақында ғана орылған жоңышқалық табан былқылдап жатыр. Бетіне майы шыққан қара топырақты далалық шық-шылаумен жіпсіз көрінеді көзге. Ақшағырмақ күздің ауасы да маужырап желсіз тымық. Соған орай маң дала күн шуағына керіле түскен. Абырдабыр көптің үні кеңістікке асқақ тарап барады. Бір совхоздың ғана емес, бір ауданның қызыққа келген адамы қаншама десеңізші мұнда. Бөрі де маз-мәйрам. Ауыздарында күлкі, жарасымды өзіл. Той әуені, музыка байтақ жазыққа сыймай шалқып шықты. Астындағы ақ бурылды жайтақтатып бастырып Сағат көптің ортасында тұрған Алыпбек пен Сапарға кеп:

— Уақыт өтіп барады. Бастамаймыз ба? — деді.

— Енді бір сағат шыдайық, — деген оларға:

— Ол екеуінің әдеті емес пе, өбден бабына келмей қозғала қоймайтын, — деп қабағын шытты Сағат, — үлкен кісіден ұят болды, — деді. — Үлкен кісісі — Бақыт Батырович.

— Асықпа, келер мойнын созып Күркіреуіктің биігінен аса қараған Алыпбек — құрмет иесі солар, той иесі солар. Ал, оларсыз қимылдап көр, — деді өзілдей күліп.

— Сәке-ау, әне келе жатыр! — деді баладай қуанған Сапар. Қоңыр белдің үстіне шоғырлана желе шыққан аттыларды нұсқап.

— Енді болмаса, — деген Сағат той алаңында алқызыл тулардың астында үлкен полотнада көрінген Бекеннің, Бәйтіктің, Жәмиләнің портреттеріне қолын сермей сілтеп, — әне тұр. Өздері болмаса, көздері деп тойды бастатып жіберейін деп едім, — деп жадырай риясыз солай қарады.

Екі қартқа жапырласа амандасты көп. Бекен де, Бәйтік те аттарынан түсе-түсе ілгеріледі. Бірден Батыровка беттеген. Қаптал шапан, құндыз бөрік киіп, екеуі де біріне-бірі жараса қалған. Күле қарады көпке.

— Ал, бастаңыз енді, — деді Сапар. Ақатқа қарап. Дауыс күшейткіш аппарат алдына барған Ақат:

— Құрметті халайық! — деп дауыстай ұлы мәртебелі еңбек тойының Майқоңыр елі даласындағы ұланасыр қуаныш шаттық думаны басталғанын хабарлап кетті. — Бұл еңбек тойы — еліміздің ардагер мақтандары, есімдері ел тарихында алтын әріппен жазылатын Бекен, Бәйтік, Жәмилә қарияларды құрметті еңбек демалы-

сына шығарып салу тойы! Біздің бақытымызға, міне, екі тойдың бүгін иашуы бірге иашылғалы тұр. Алғашқы құттықтау сөзді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бақыт Батыровичке беруге ұлықсат етіңіздер — деуі мұң екен, ду қол соғылып кетті. Ортаға бірер қадам басып ілгері жылжыған хатшыға көпшілік құлақ тұре қалды.

— Жолдастар, майқоңырлық қадірлі достар, құрметті қонақтар! — Хатшы сәл тыныс үзіп, аялы көзін көшке тігіп:

— Мұндай сәтте, толқымау мүмкін емес! Осы өңірден бастау алған жаңашылдық, өмірдегі қайта түлеу, ауданда ғана емес, облысымызда дүр сілкініс туғызғаны бүгінгі шындық! Үлкеннен бастап, жастар қозғалысын тудырған соны ізденістер — өне, сіздердің даңқтарыңыз қайда жатыр! Ол және қуанышты мерей-даңқ, абырой боп, ел атағы боп Сарыарқа даласын шаттыққа толтыра келсе, қалай толқымассыз. Тойларыңыз тойға ұлассын! Мәртебелеріңіз өсе берсін.

Күні бұрын дайындалған Айгүл бастаған ауыл жастары ерекше ыспадиярлық танытып кетті осы кез. «Еліміздің мақтанышы, жасампаз еңбектің шеберлері даңқы арта берсін!» деген жазу жазылған алқызыл лентаны той иелерінің кеудесін шоқтай жарқырата тағып жіберген. Алқақотан көптің орта кезінен арияйы олар үшін құрметті орындар да дайындалыпты. Үлкен қошемет, ыстық ілтипат құшағына бөлеп үш қарияны қаумалай әкеп сонда жайғастырған. Той иелерінің тұққан жүздеріне сүйсіне қараған Бақыт Батырович — халқымыздың қадірлі қариялары, — деп жүзін әлгіден де жылытып, сіздердің есімдеріңізге арнап, сүйіспеншілік сөз айтудан биік мәртебе бола қояр ма екен? Сіздер, көтерген даңқ туы, өне, бүкіл Сарыарқа даласын жайнатып тұр! Ол өздеріңізді туған халқымыздың мәңгілік құрметіне бөледі. Есімдеріңізді республика халқына танымал етті. Сіздерді осы мерейлі шаттық үстінде аудандық партия комитеті, аудандық кеңес атқару комитеті, аудан еңбекшілері атынан шын жүректен құрметті еңбек демалысына шығуларыңызбен құттықтап, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Мақтау грамотасын тапсыруға ұлықсат етіңіздер, — деп наградалар ұсынды. Осы сәтті тосып тұрған мектеп оқушылары үрлемелі аспаптарда ойналған асқақ музыка әуеніне ілесе көп, үш қарияны құшақ-құшақ гүл шоқтарымен көміп жіберді. Жұпар иісі бұрқыраған гүлдер шоғына көмілген қарттар нұр жайнап кеткен. «ра-а! ураа...!» деген дауыстар қол шапалақтауға ұласқан. Көптің шаттық, жүрек жарды ұлы қошеметін Бақыт Батырович күле қуаттап дауысын қайта көтерді де:

— Енді міне, сол халық мерейінің мақтанышының айғағы, қайта құруда қол жеткен үздік жетістіктеріңіз үшін «Майқоңыр» совхозына, оның еңбек коллективіне республика туын тапсыруға ұлықсат етіңіздер! Бұл ұлы еңбек жеңісі! Ел даңқы! — деді ол туды Алыпбектің қолына ұстатып жатып.

Сапардың, Ақаттың, Сағаттың, Айгүлдің қолдарын қысып, жарқырай күлді. Микрофон трубкасың қолына қайта алған Ақат:

Елбек тойына бағышталған жер-жерден келген құттықтауларды оқыды.

— Ой, мына бір мәшине де ағып келеді-ау! Кім де болса той қызығына асыққан кісідей, — көпті жалт қаратқан. Өне-міне дегенше көтерме жолда ағындаған «Волга» да той тобырына жетіп тоқтаған еді. Екі-үш жас шамасында баласы бар ерлі-зайыштылар түсті машинадан, оларға бірсыпыра жұрттың назары ауды. Той төрінде арнаулы орындықтарда отырған аудан басшысы, ауыл басшылары, қарттар, сырттан келген қонақтар да бейтаныс жолаушыларға аңтарыла қарап қалды. Көптің о шетінен біреу:

— Ей, мынау Шілжан ғой, — деп еді.

— Шілжан?..

— Шілжан дейді, — деген сыбыр бірден бірге ұласып, көпті аралап кетті. Ентелей кеп тоқтаған машинадан түскен кісі төңірегіне көз тоқтатып аз кідірді. Шофер машинадан екі чемодан түсірді. Әйелі онымен қолма қол есеп айырысып, қош айтысқан. Сәл ыңғайсызданғандай жан-жағына тосырқай қараған олар көпке беттеген. Алыпбек атып тұрды.

— Ассалаумағалайко-ом!..

— Әлико — екеуінің де дауысы көтеріңкі шықты.

— Апыр-ау, мынау, — деп орнынан Бекен шұбатыла тұрды. Ма-надан бері тізелес, жұп жазбай отырған Бәйтiк те, Бекен де ілесе қозғалды. Жәміле ана ғана ернің бір сымл еткізіп, өкіұдай «бұлары несі» деген сыңай таңытқан. Бірақ, мойнын созғаны болмаса тұрған жоқ — әлгі өліп қалған бейбақ па? Өлгені тірілін, өшкені жанды деген осы шығар — қасын көріп, төке көзін ежірейте тесіле қарап алып — Алыпбек! Оу, Алыпбек, құдай берді саған! Бұ дүниедегі бақытты жан сенсің! Сен екенсің! Тағы бір той жаса, мына халқыңа! — деп шұбырта сөйлей жөнелді. Жоғалғаның, өшкенің отыңның басына өзі келсе — қарт толқып кеп Шілжанды кең құшағына ала берді. Ақат, Сапар, Сағат бері орындарынан тік тұрған. Ауком хатшысы ауыл басшыларының бері бірдей көтеріле қозғалғанына таңдана қараса да, байсалды қалпын бұзған жоқ. Топ ортасында әлі аң-таң отырған Бәйтiкті көріп, елбек қағып кеп жолаушы:

— Ассалаума..., аға, — деп сәдем берген доңғелек жүзді, сарғыш қасты, көкшіл көзді жігітке Бақыт Батырович те зейін аударды. Жігіт те аң-таң.

— Бақытжан, хатшыны өзіне қаратып алған Бекен «Майқоңыр» жеріне бақыт қонын, қыдыр дарыды! Өлгеніміз тіріліп келді, міне! Талайдың арызы мен есегіне, жаласына себеп болып, бірде таяқ жең, бірде жоғалып, бірде өліп жүрген Шілжан есімді жігіт мына тұрған, — деді аузын аша қарқылдай күліп.

— Ә! — Хатшы бойын жинап, оқыс жалт қарады еған.

— Осы сол!

— Шілжанымыз бұл! — десті тұрғандар. Бірақ одан әрі қасының арасы сөз түйіле қалған Бақыт Батырович сөз тұрғиді. Мұнша көптің ортасында, аяқ астында өзіне шаншыла қараған жұрт назарынан қысылды ма, Шілжан терлеп қоя берді. Баласы мен әйелі де оқшау қалған. «Шілжан» дейді. Мен Шілжанмын ба? Манадан ғайыптан түскен жандай көріп, өзін қоршап алған көпке қарап шықты.

— Ағалар, ауыл азаматтары! Той үстіне келіпшің. Тойларыңыз тойға ұлассын! — Ол аптыға сөйледі. Бәріңізді сағынып жақсы атағы, даңқы жер жарған еліме, басымнан бағым тайып, өмір тауқыметін кешкен азапты күндерім өткен жеріме әдейі келіп ем! Оның көңіл көзі сағымданып, жас толып бұлдырай қалды. Бірақ мен Шілжан емеспін. Менің ата-анам азан шақырып қойған есім — Болат, әкемнің аты — Балғынбай. Жігіттің ашық дауысы ширыға шықты.

— Болат болсаң, болат шығарсың! Ісің солай! — деді Бекен.

— Ой, ерім-ай!

— Жігіт-ақ екенсің! — деген қошеметке:

— Ер-азаматтың басынан не өтпейді! Өткенге салауат, бүгінгіге береке деңіздер, — деді. Осы кезде:

— Ат көп қалды! — деген дауыс естілген. Малды құмының қатқыл аталған қоңыр бұйрағтарынан ұбақ-шұбақ шанжағайлап шыға келген бөйге аттар көрінген. Алдында жеке келе жатқан боранның аяқ алысы бөлек. Одан әй дейтін жер екі ат үзеңгі қағысып, бірін-бірі жесіп келеді...

— Боранбайдың қарагері мынау!

— Бекеннің торысы емес пе?

— Ал екiнiң бiрi ақиқат Жәнібектің құлақасқасы... Жұрт у-ду! Біреу оны, біреу мұны айтқан елірме сөзден мезі болған Шығыр — жұрттың көзін ала беріп Шілжан — Болаттың бөгөрнайын қарап, жүрегі аузына тығылды. «Дәл өзі. Әбден оңалыпты. Баяғы түрі жоқ. Енді құрыдым-ау! Әй-и, Шекербек, жеттің түбіме! Жеттің! Не істермін енді. Бұл сайрайды ғой көрген-білгенім! Әрине!» Оның тоймен ісі болмай, қараптан қарап тұрып берекесі қашты. Өзімен-өзі болып кетті. «Шілжан келді!» деген суық хабар бірден бірге жағалап Шекербекке де жеткен. Денесі дір етіп, жүрегі мұздап қоя берген ол бірден сыр бермегенсіп өзін-өзі салмақты ұстаған. Бірақ бірте-бірте қобалжу күшейе түсті. «Не дейді, ей? Ол сұмырайдың мұнда несі қалып еді» деген өз сауалы ашық аспаннан жай түскендей әсер етті өзіне. Маңдайы жіпсіз терлеп қоя берді.

— Сен осы жерде тұра тұр. Мен қазір келем, — деп Сапураны тұрған жеріне шөбелеп, орнынан ыргала басып қозғалып еді. Жүрегі бар болғыр суылдап, буын-буыны дірілдеп кеткені. Көптің сыртымен көп қарап қалды Шекербек. Шілжанды Бекен мен Бәйтiк

мекеден келгендей орталарына алышты. Орта бойлы нәркес көзді ақ сур келіншектің бетіне күле қарап Жәмілә да мәз. Шілжан бұрынғы Шілжан емес, әбден толып, өзгерген. Әйелі де тойған қозыдай томпыған сүйкімді жан екен. Шөкербектің көзі бұлдырап кетті. Өз маңдайын ұстап мең-зең тұрып қалды. Дүние кіндігінен айналған диірмендей дөңгеленіп бара жатты. «Құрыған жерің осы ма еді! Не айтармын...»

Сол Қаныбектен соққы көргелі сәл кейісе болды басы айналып көзі бұлдырай мең-зең күй кешетін халге ұшыраған. Қазір Шілжанды көргеніне қосурей бола қалған ол әл-қуаты таусылғандай, мысықтабандап зеңіп жүре берді. Құлағына:

— Боранбайдың қаракері!

— Жәнібектің құлақасқасы! — деген дауыстар жеткенде ғана селк етіп, ұйқысынан шошыған жандай көзің ашты. «Біттім-ау!» болды бар айтқаны. Оның елдің қуаныш, шаттығымен ісі болған жоқ.

— Бақытжан! — дауысын көтеріп, ауком хатшысын өзіне қаратқан Бекен — өз алдында тағы бір айтайыншы — мына Бәйтекең, Жәмілә жеңгем үшеуміздің арманымыз жоқ! Мұрат биігіне көтеріліп, ел тідегі орындалған күннің куәсі болдық. Ел мен жердің бағы жанды. Ата-баба мұрагері — бүгінгі өнерлі жастар өмір тұтқасын қолына алды. Келешек дейтін бәйге күреңнің терін алып, жал-құйрығын сүзіп тақымына басты. Оны көзіміз көрді. Мың жасаған Ұлықпан әкім болып, біз отырмыз міне! Соның жетекшісі, бастаушысы мына өзің, Сапар, Алыпбек, Сағат, Айгүлдер жасай беріңдер!

— Аумин! — деді Жәмілә.

— Үлкенін қадірлеген, жерін қадірлеген ел азбайды деген бар. — Бәйтік қосылды сөзге. Соның куәсі болдық. Сонау Айгүл, Дәурендер, Сырға, Борандар осы даланың ертеңгі бәйтерегі емес пе! «Майқоңыр» Сарыарқаның төсіндегі молшылық ырзығының алғашқы тасқын көзі! Ол енді бүкіл Отандық мұхит береkesіне ұласады. Бақыттарың жансын, азаматтар, — деп тоқтады ол.

— Ал, Сәрсен, Бақыт, Боранбай, Әшпір не? — деп дауыстаған Жәмілә — эне, бел шешін елім-жерім деп үн көтерген Жәнібекті неге атамайсыңдар! Бүкіл «Майқоңыр» жеріне келген алғашқы бастама иесі сол! Бір кезде қой, қойшы дегеннен үрке қашатындар енді ол кәсіпті мәртебе санаса қалай мақтанбассың! Көшті емес, көш бастаушыны айтыңдар! Құрмет иесі солар.

— Жән, — деді Бекен.

— Тауып айтты, — деді Ақат.

— Рахмет ағалар! — Бақыт Батырович қозғалақтап, — ұлы өмірді жасампаздықты мақтан тұтады ұрпақтарыңыз. «Ата көрген, оқ жонады, ана көрген тон пішеді» деген халық даналығы осы болар, — деді.

Ұланасыр той тамашасы сол күні ұзаққа созылды. Совхоздың Мәдениет үйіндегі би қызығы өз алдына. Көкпар тартқан қалың тобыр көң жазықта күн батқанша оғыр-шоғыр бұлттай жеңкіліп додаға түсіп жатты. Бүкіл дала ұлы дүбірге толып, асқақ ән мен күй күмбірлеп тылсым шаттығы таси берді.

Бірінші кітаптың соңы



МАЗМҰНЫ

1. Тартыс	5
2. Шырғаланда	62
3. Оң нышан	117
4. Сең бұзылғанда	176

Албаз Қаражігітов

МАЙҚОҢЫР

Редакторы М. Жармұхамедов

Суретшісі В. М. Емельянов

Теруге 10.03.93. жіберілді. Басуға 12.05.93 қол қойылды. Пішімі 60×84^{1/16}. Газет қағазы. Есепке алынатын баспа табағы 13,5. Тиражы 10000 дана. Заказ № 133. Келісім баға.

Кітап Алматы облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің «Газет» баспасында дайындалды.

Алматы облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің Ұйғыр аудандық баспаханасы, 483470, Шоңжы селосы, Алматы көшесі, 71-үй.